

***АЙБЕК ҚАЛИЕВ***

## **Топжарған**

**(Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығы)**

**ҚАРАҒАНДЫ  
2013 Ж.**

УДК 821.512.122

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ-26

**Қостанай облысы, Арқалық қалалық әкімшілігі  
«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша басылып шығарылды**

*«Торғай кітапханасы» сериясы*

**Идея авторы – Берік Әбдіғалиұлы**

**Ақылдастар алқасы:**

**Есланбек Мәметекөв-төраға**

**Шөптібай Байділдин**

**Кәки Ақан**

**Орекен Алмат**

**Жұмағали Өмірбек**

**Қонысбай Ағуанов**

**Мұрат Жүнісұлы**

**Айбек Қалиев**

**Қ-26                   Топжарған: (Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылығы // Қалиев А.К. – Қарағанды, Экожан ӨК., 2013 ж., 423 бет.**

**ISBN**

Бұл еңбекте Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармашылық ғұмырбаяндары мен өлең-жыр, айтыс, дастан сияқты әдеби мұралары жинақталған.

Кітап көпшілік оқырманға, жыр-сүйер қауымға арналған

**ISBN**

УДК 821.512.122

ББК 83.3 (5Қаз)

**©Қалиев А.К., 2013**

## Алғысөз

Қазақ поэзиясының дамып, жоғарғы деңгейге жетуі, эстетикалық арнасының кеңі түсуі, біріншіден, халқымыздың туа бітті поэтикалық-шығармашылық қабілеттілігінде жатса, екіншіден, бай эпостық-батырлық, ғашықтық жырларынан нәр алуында, үшіншіден, ақындық мектептерінің молдығына байланысты екендігі талас тудырмайтын шындық. Шығыста Хакім Абайдың ақындық мектебі, батыс өлкесіндегі жыраулық-ақындық мектеп, алмас қылыштай жарқылдаған өткір Шернияз, Қашаған, Махамбет дәстүрі, Қызылорда, Арал бойындағы сыр сүлейлері, оңтүстіктегі жыршы-жырау, термешілер мектебі, Сарыарқаның әнші-композитор, лирик ақындар мектебі, Жетісудағы суырыпсалма айтыскер ақындар мектебі тағы басқа... әрқайсысы түпсіз терең бір-бір мұхит.

Торғай торабында ақындық мектеп болғанын белгілі сыншы, ғалым Есмағанбет Ысмайлов «Ақындар» деген кітабында атап көрсетіп « бастауыш, орта, жоғары дәрежелі мектеп емес, мұның оқу үйренуінің ерекшеліктері бар», - дейді. Ол ерекшелік – өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың шығармаларын жатқа білу, оларды ұстаз тұтып, жанынан өлең шығару, оны домбыраға қосып айтуды үйрету. Айтыстарға қатысып, ақындық өнерін шындау.

Торғай ақындық мектебі жайында кейін Назарбек Бектемісовтің «Ахмет ұшқан алтын ұя», Серікбай Оспанұлының «Ахмет өскен ақындық орта», Айбек Қалиевтің «Торғай ақындарының дәстүрлі поэзиясы» кітаптары жарық көрді.

Торғай ақындық мектебі Уақ Жұмабай Шалабайұлынан бастау алады. Оның өлеңдері жігерлі, ақпа-төкпе, эпитет, метафораға бай:

Қанатын қаға алмаса сұңқар дарын,  
Менің де өлең-жырдан бұлтарғаным.  
Ағайын бала мінер көк тайынды  
Бәйгеге білмей қостың тұлпар барын.  
Шаманды, көлемінді байқа, балам,  
Жөн болар шалабынды шайқамаған.  
Өлеңші ата көріп бата берген,  
Бір қонып кеткенің жөн қайта маған.  
Кеудемде дауылды өлең ұясы бар,  
Сендейлер шыға алмайтын қиясы жар.  
Төбемде қаз бауыр бұлт әлі де тұр,  
Шамдансам, жыр нөсерін құя салар...

«Сұңқар дарын, бұлтарғаным, тұлпар барын», «Байқа балам, шайқамаған, қайта маған», «Ұясы бар, қиясы жар, құя салар» деген төрт буынды ұйқастары мен « Сұңқар дарын», «Бала мінер көк тай», «Өлең ұясы», «Жыр нөсері» сияқты теңеулері қандай керемет?! Ақын әр сөзге қанат бітіріп, құбылтып, ерекше ажарландырып жібереді. Ұйқастары өз-өзінен құйылып, шиыршық атып тұр, жұп-жұмыр. Еріксіз телінген бірде-бір басы артық сөз жоқ. Поэзия мен музыканың егіздігін осы өлеңнен байқауға болады. Шымыр ұйқаспен әдіптеліп, буын, бунақ саны сақталынып жазылған ырғақты өлең ыңылдап әнге қоссаң алып жөнелгелі тұр. Жұмабай ақын Қостанай облысы, Жанкелдин ауданындағы бұрынғы Тосын болысының № 5 ауылында 1838 жылы туып, 1929 жылы қайтыс болған.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің бірі Сейдахмет ақын. Сейдахмет Бейсенұлы әрі ақын, әрі тапқыр-шешен, темірден түйін түйген ұста, құралайды көзге атқан мерген аңшы, әрі сықақшы, қалжыңқой адам болған. Оны көбіне – көп Торғай бойы қазақтары «Таңат Сейдахмет» деп атаған. Таңат – ақын руының аты. Ұзын қыпшақтың Кеделі атасына жатады.

Оқуға он жасымда талап еттім,  
Баланы бұрын түскен қуып жеттім.  
Жыр, қисса- өлең кітап оқымауды  
Басыма зор уайым қайғы тұттым.  
Аз ұйықтап, аз тағам жеп ыждағаттап,

Жанымды ізденіспен ренжіттім.  
Ойнақтап, ортекедей ойын салған  
Алаңсыз, армансыз күн қайда кеттің?  
Талпыныс, талаптылық қасиетті  
Өзіме айнымастай тірек еттім.

Сол ұмтылыстың, оқу-білімнің әрі табиғат берген дарынының арқасында оның аты бозбала шағында-ақ Торғай, Қостанай бойына тез тарап, өлең- жырларын ел жатқа айтатын дәрежеге жетеді. Оған ақынның:

Он үште топқа түстім айғайладым,  
Жас күнде албырт қиял байқай ма алдын?  
Шоқ болып жүрегіне барып түстім,  
Жамылып шен-шекпенін шалқайғанның, -

деген жолдары да айғақ болғандай.

Назарбек Бектемісов «Ахмет ұшқан алтын ұя» деп аталатын кітабында Сейдахмет жайында айта келіп, ақынның 1851 жылы туып, 1914 жылы өзі туып- өскен Аманкелді ауданының Қайыңды кеңшарының Қызылжұлдыз атты бөлімшесінде қайтыс болғанын айтады. Ақынның туып-өскен жері дұрыс көрсетілгенмен, туған жылы мен қайтыс болған жылында жансақтық кеткен. Өйткені ақынның басына қойылған құлпытаста: «Ұзын қыпшақ, Кедел руы, Тілеулі тайпасы, Сейдахмет Бейсенұлы, 69 жаста, Әлхамду лиллаһи раббил ғаламин Асхади әжмағин 1912» деген жазу бар. Сонда 1843 жылы туған болады ғой.

Сейдахмет Бейсенұлының «Сейіт-Ахмет деген жігіттің үйіне түсірмеген құрбысына айтқаны», «Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі» деген өлеңдері Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясына» енген.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде мысалға келтірілуі Сейдахмет өлеңдерінің Ыбырай Алтынсарин құрастырған хрестоматияға енуі, оның осал ақын болмағанын да, Торғай ақындық мектебі өкілдерінің ішінде өлеңі алғаш баспа бетін көрген ақын екенін де аңғартады.

Есенжол Жанұзақұлы 1845 жылы Торғайдың Аққұм болысында дүниеге келген. Ахметпен ауылдас, Абаймен құрдас.

Ол Ахметке өлең арнап, оның болашағының зор екенін сол кездің өзінде-ақ әдемі айтып кеткен:

Елетпей көкөрімдей балғындығын,

Танытқан таңғажайып алғырлығын.

Әдейі Ахметке өлең арнап,

Қолыма домбырамды алдым бүгін.

Өлеңі бұғалыққа бағынбаған,

Толқындай бұйраланып ағындаған.

Ақыннан Жұмабайдай фатиха алды,

Құранның шындығындай дарынды адам.

Бақ қонды оннан жаңа асқанында,

Асарсың өнердің сан асқарын да.

Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен

Жұлдыз боп қазағымның аспанында!

Неткен көрегендік! Бұл өлең Ахметтің “Маса”, “Қырық мысал”, “Тіл құралы” шықпаған заманда туған. Одан бері қаншама өзгерістер – қуғын-сүргін болды. Ахмет “халық жауы” атанып атылып кетті. Заман өзгерді, заң өзгерді. Еліміз егемендігін алғаннан кейін Ахмет атамыз қайта тіріліп, арамызға оралды. Енді Ахметтің “Жұлдыз боп қазағымның аспанында” тұрғаны да рас! “Ақын-періште” дегенге енді қалай сенбессің?!

Өлең құрылысына көз жүгіртіңізші, Қазақтың он бір буынды қара өлеңі. Буын, ырғақ, бунақ өлшемдерінің бәрі сақталған. Ақын еркін көсіледі, айтайын дегенін ешбір қиналмай жеткізе алған. Төрт буынды түбірлі ұйқастары да өлең сәнін келтіріп, сыңғырлап тұр. Түсініксіз, басы артық сөз де жоқ. Тіпті кеше ғана жазылған, әлі сиясы кеппеген дүниедей. “Танытқан таңғажайып алғырлығын”, “Әдейі Ахметке өлең арнап”, “Зейінді, зердесінің ұясы”, “Басына баянды етіп ұя салар”, “Өлеңі бұғалыққа бағынбаған”, “Асарсың өнердің сан асқарын да” деген жолдардағы дыбыс қайталаулары да /аллитерация, ассонанс/ сәтті шыққан. Өрнекті, мәнді өлең жеңіл оқылады, жаттауға да оңай.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің бірі Құбаша Шалбайұлы 1880 жылы Торғайдың бесінші ауылында, Тосын болысында туып-өскен. Ахмет Байтұрсынов Арғын тайпасының Үмбетей деген атасынан тараса, Құбаша осы Шақшақтың немересі Қошқарұлы (Шақшақұлы деп те жазып жүр – С.О.) Жәнібектің Дәуітбай деген баласынан тарайды.

Құбашаның Торғай ақындық мектебінің көшбасшысы Жұмабай ақынға еліктейтіні, Жұмабайша сөз саптап, Жұмабайша көсіліп, қанатын кеңге жаятыны әр өлеңінен көрініс береді.

Құбашаның Жәнібекке жақындығын айтып өттік. Ақынның осы Жәнібек атасының ерлігіне арнап жазған поэмасы бар. Поэmanın тілі көркем, өте әдемі жазылған, Жәнібек жайындағы аңыз-әңгімелерді сөйлеткенде мүдірмейді, құрғақ баяндамай, суреттей, айшықтай, әсерлей көсіледі.

Қиыннан қиыстырған ұйқастар мен жолдар, өлеңнің ішкі иірімі бір-бірімен қабысып, оп-оңай жасалғандай, өз-өзінен құйылып қағазға түсе қалғандай болып көрінеді. Мазмұн мен өлеңнің ішкі, сыртқы сұлулығы да бірдей, айқын, әсерлі, әсем.

Құбаша ақын 1952 жылы қайтыс болған. Қабірі Жанкелдин ауданының «Шилі» ауылындағы «Сасықсор» деген елді мекенінде. Басына белгі орнатылған.

Әбіқай заманында қызық адам,

Келгенде сөз кезегі қысылмаған.

Күңіреніп өз үйінде өлең жазған,

Ұйқасы балталаса бұзылмаған,-

деп, Сырбай Мәуленов жырға қосқан Әбіқай – Әбіқай Нұртазаұлы 1871 жылы осы Торғай бойында, Тосын құмында туған. Ес біліп, етек жапқан шағында медреседе екі жыл оқып, молдадан сабақ алады. Хат таниды. Бірақ:

Кедейлік деген шіркін тарықтырар,

Аяздай аза бойды қарып тұрар.

Күрмеуге келмейтұғын қысқа жіптей

Қайтарып қайратыңды, шалықтырар,-

деп, ақынның өзі жырлағандай, әрі қарай оқуына кедейлік қолбайлау болады.

Ақынның алғашқы өлеңдері жәдігөй-жағымпаздар мен қарапайым халыққа зорлық-зомбылық көрсеткендерге арналады. Олардың әділетсіз істерін әшкерелеп, әпербақан мінездерін әжуалайды, келемеж-келекеге айналдырады.

Өлеңді өнер деп білген Әбіқай да өлеңнің әр жолына, әр бунағына мән беріп, әр сөзіне жауапты қараған. Өлеңнің көркемдігі жағынан өз тұстастарының біразынан озық болғаны байқалады. Ол, әсіресе, өлеңнің әуезділігіне айрықша назар аударған.

“Жақсы өлеңнің жұртқа жаяр жаршысы да, аршысы да - әдемі ән ғой, - деп жазады ақын “Өлең туралы ойлар” деп аталатын қара сөзінде. – Қазақ үшін әні жоқ өлең – сәні жоқ сауда мүлкі тәрізді. Шіркін, өлеңді өнер деп ұғар ұрпақты көрсем! Өлеңнің сараң жолдарындағы сан қилы тәтті де, ащы ойларды таразыға тартар азамат бесікте ме екен, әлде есікте ме екен? Өлеңді мәпелер, өлеңнің өз бағасын әперер өрен туса екен!”.

Азамат ақын осылайша сыр толғап, тебірене армандайды. Үнемі ізденіп, тамаша талантын ұштай түскен ол бірде Абай өлеңдерімен жолығысқанда, таң-тамаша қалып:

Өмірде кез болған-ды талай ақын,  
Солардың бәрінен де Абай ақын!  
Жаттадым жыр ақынын, Сыр ақынын,  
Болмақшы бірақ сенен қалай жақын?!  
Кәусардай шыққан алыс бал бұлақтан,  
Жанымды жадыраттың қалғып жатқан.  
Ойымды өнер таптым деген менің  
Аңғарға кеттің алып тар жұмақтан.  
Кетпеске бір жолыңды ұмыт тастап,  
Оқимын таңға дейін ымырт бастап.

Сөз қуып сүрен болған мен сорлыны

Кетті ғой сен келген соң үміт тастап...,-

деп жазады. Өлең шынайы да, шымыр, көркем жазылған. “Бал бұлақтан – тар жұмақтан – қалғып жатқан” сияқты төрт буынды түбірлі ұйқастары мен өлеңнің ішкі иірімдері, дыбыс үндестіктері қандай әдемі! Өлең мінсіз құйылған. Бірақ сонда да Әбіқай Абай өлеңдерін оқығаннан кейін: “Елуге келгенше есіміз кірмепті,- деп өзін кінәлай жазады. – Абай өлеңдерін оқыдым. Егер дүниеде Абайдай алымды да шалымды ақын барын білсем, қолыма қалам ұстамаған болар едім. Ендігі тірлікте өзім жетер, сөзім жетер жерге Абай өлеңдерінің шыны мен сырын уағыздай алсам, өзімді армансызбын дер едім. Абай - өлең тәңірісі екен. Біздікі – пендешілік. Енді менен өлең күтпеңдер...”

Неткен мәрттік?! Абайдың ақындық қуатын, ұлылығын қалай дөп басып жеткізе айтқан. Ахмет Абайды “Қазақтың бас ақыны” деп бағаласа, Әбіқай “Абай - өлең тәңірісі” дейді. Ұлылықты мойындаудың өзі ұлылық емес пе?!

Торғай ақындық мектебінің бір өкілі Мәтібай Сарбасұлы 1843 жылы Қостанай қаласының маңындағы Ақмешіт деген жерде дүниеге келген. Алайда кейін аталары Торғай бойына көшіп келіп, Сарықопа, Тоқтас қопасы, Жайнақ қопасы деген жерлерді мекендейді. Мәтібайдың бүкіл саналы ғұмыры сол жерлерде өткен. “Дүниеде мендей сорлы ақын бар ма, баспаға бір ауыз сөз берілмеген” деп ақын Әсет Найманбаев айтқандай, Мәтібай өлеңдері көзі тірісінде баспа бетін көрмеген.

Мәтібай молдадан оқып сауатын ашқан. Алайда өлеңді жазып шығармай, ауызша, суырып салып айтады екен. Оның “Жалғыз атым жоғалды”, “Ел аралау сапарым”, “Қыздың қарсы сөйлеуі”, “Байларға” деген ұзақ толғаулары, Торғайдағы 1916 жылдың дүрбелеңіне байланысты жазылған өлеңдері бір кездері ел аузында көп айтылатын. Ақын ешкімнің атақ-мансабына, дәрежесіне қарамай, батыл сынап, іштегісін ақтарып тастайды екен. Айтылған сөз ауыздан-ауызға тез тарап, ел жаттап айтып жүретін болған. Сондықтан да Мәтібайдан ел қаймығып оның алдын кесе бермейтін көрінеді.

Ақынның “Бисараға” деген өлеңін оқып көрейікші:

Бисара, би емессің би дейтұғын,  
Сені жұрт кара табан құл дейтұғын.  
Түбінде бір шатағың болмаса егер,  
Жай адам асқа өкпелеп жүрмейтұғын.

Қой айдап қорасымен асқа бардың,  
Бұл күнде алпыс үш жасқа бардың.  
Сиырсың тірсегіне жүре тышқан,  
Біріне ұқсамайсың басқа малдың!

“Сиырсың тірсегіне жүре тышқан” дегендегі теңеуі тың да уытты. Осы екі шумақтан-ақ оның өткір тілді ақын болғанын аңғаруға болады.



## Сықаққойлығы жағынан Мәтібай Сейдахмет ақынмен үндес.

Әбіқай Нұртазиннің бел баласы Ахметхан Әбіқайұлы ақын да, жыршы да, атбегі де аңшы да, сал да, сері де, құралайды көзден атқан мерген де болатын. Өңгіме айтса, жанығып, жүзі жайнай түсіп, таңдарды таңға жалғайтын. Әр айтқанын қимылмен көрсетіп, қолдары тыным алмайтын.

Ахаң талаптыға сөзімен қанат бітіріп, таланттыны қадір тұтатын. Нұрхан ақынның баласы Мәлікзада қайтыс болғанда азалы жиында:

Еңбекші жұртым, ел, халқым,  
Елеулі еткен ел салтын,  
Тұрғысында сақтаған,  
Қағидалы ер қалпын.  
Қуаныш келсе қуанған,  
Шаттыққа жүзін суарған.  
Ауырлық келсе адамға,  
Бүгіліп белі, бұрылған.  
Тағдырлы жұмыс кез болса,  
Ақылмен шешіп, жұбанған.  
Айрылып тұрмыз біз қазір  
Шыңға біткен шынардан  
Жан-жақты туған жан еді,  
Шын асылдан құралған, –

деп емірене тебіренгені есімізде. Осы шумақтағы «Шаттыққа жүзін суарған» деген жол бұрын-соңды ешкім қолданбаған, ақын ғана айтар бейнелі сөз!

Одан әрі Ахаң Мәлікзаданың он бір жасынан өнер жолына түскенін, қолына домбыра алса, бармағынан бал тамызып, күй тартқанын, талай айтыстарға қатысып, жүлдегер атанғанын жыр етті.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің-жырларындағы басты ерекшелік – өлең әуезділігі.

Қайсысының шығармаларын оқысаңыз да буын, бунақ – ырғақ өзгермейтіні, “балталасаң бұзылмайтын, көкейіңнен сызылмайтын” (Әбіқай) мәнділігі, сәнділігі, түбірлі ұйқаспен жазатындықтары бірден жан баурайды. Дыбыс үндестігіне (аллитерация, ассонанс) баса көңіл бөледі. Бұл айтары бар өлеңді онан сайын ажарландырып, қуатына көрік қосады. Олардың кез келген өлеңін домбыраға қосып, әуенмен айтуға болады.

Торғай ақындық мектебі өкілдерінің өлеңдерінде батырлар жыры азаматтық поэзияға тән ортақ тәсілдердің бірі – есімшенің –ған формасы өлең жолдарының аяғында суреттемелік-анықтауыштық, сипаттамалық-баяндауыштық түрде де, өлең жолдарының ішінде таза суреттемелік-анықтауыштық қызметте де келіп, есімшелі тіркес формасын жасауы үлгісінде де жиі кездеседі.

“Өлең түріне қарай әр бунақтың шумақ ішінде таңдамалы да, талғамалы да орны бар.

Таңдамалы орны берілмесе, өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең

жорғағынан жаңылады. Бунақтың таңдамалы орны тармақ аяғында болады. Талғамалы орны тармақтың басы немесе ортасында болады. Тармақтың аяғында ылғи үш буынды бунақ келіп отыратын керек иә ылғи төрт буынды бунақ келіп отыратын керек”, – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, өлең ырғағы – бунақ саны, оның таңдамалы, талғамалы орны бұзылмайды. Бәрі де түбірлі төрт буынды шымыр ұйқаспен жазған. Айтайын деген ойлары айқын, қай-қайсысы да кесіп, кесек сөйлейді, кібіртік, “бөтен сөзбен былғанғаны” (Абай) жоқ. Өлеңнің сыртқы сұлулығына да көңіл бөлген: “Шалабыңды шайқамаған”, “Шеншекпенін шалқайғанның”, “Торғайдың көтерген соң төрт ақыны”, “Кер ауыздан кесір сөзді”, “өлеңді өлтірер деп” деген сияқты дыбыс үндестігіне құрылған тармақтар таңдай қақтырмай қоймайды.

Сол тұстағы Торғай ақындарының көбісі шұбыртпалы ұйқасты қолданған.

Әбіқайдың бір ауыз өлеңіндегі “Жаяулық, жалаңаштық” (жж), “Айдың көлде аққу едік” (аа), “Барлықты барымталар...” (бб), “Талғамай табылғанды” (тт), Аяп ақын шумағындағы “Кетіп жүр кедейліктен байға кегім” (ккк), “Айтпаймын, айтқанымнан қайтқан емен, Аяпқа болсын ку,, - айғақ елім” (аааа), Сейдахметтің “Алданар арам дүние...” (аа), т.б. сияқты ажарлау тәсілдері өлеңді әсерлі де ете түскен. Сондай-ақ Әбіқайдың “Жаялық, жалаңаштық, тамақ аштық”, Аяп ақынның “Айтпаймын, айтқанымнан қайтқан емен”, Сейдахметтің “Біреудің ары, залым, малын ұрлап” деген тармақтарындағы ішкі ұйқастары да өлең әрін ашып тұр.

Бұл айтылған ерекшеліктер тек қана Торғай ақындық мектебінің өкілдеріне ғана тән деп айтудан аулақпыз. Мұндай көркемдік белгілер жалпы қазақ ақындары өлеңдерінде жиі ұшырасады. Сондай-ақ мұнымыз олар халық ауыз әдебиетінің алтын қазынасынан Шығыс, Батыс, орыс, тағы да басқа озық ақындық үлгілерден үйренбеді, өздерінше ғана жазды дегендік те емес. Біздің ойымыз Торғай ақындық мектебінің ерекшеліктерін айту ғана.

Оны қолдарыңыздағы кітапқа енген өлең-жырлар айқындай түсері анық.

**Серікбай Оспанұлы,  
ақын, Қостанай мемлекеттік  
педагогикалық институтының  
профессоры**

***УАҚ ЖҰМАБАЙ ШАЛАБАЙҰЛЫ***  
***(1838-1922)***

Торғай өңіріндегі өзіндік дәстүр ерекшеліктері бар ақындық мектептің қайнар көзі – Уақ Жұмабай ақын. Халық ақыны Омар Шипин: “Торғайда түндігі түрілмей, есігі ашылмай ақындықтың ақ ордасы тұр. Ол қойнауы қалың ақындықтың ақуыз мектебі. Ол мектепті

ашушы – киелі сөздің атбайлары Уақ Жұмабай деген ақын. Өзі 1922 жылы қайтыс болды. Мен талай рет іздеп барып, сөзін, өлеңін тыңдаған адаммын. Бір кереметі айтыста болсын, жай шығарма өлеңде болсын, көз алдыға жанды дүниені алып келеді. Көкірегіннің аңғары кең” [3, 13 б.], – дейді. Ал, халық ақыны Нұрхан Ахметбеков Уақ Жұмабай ақын туралы былай дейді: “Жұмабай қолы хат білмейтін, оқымаған ақын. “Қарадан шыққан жүйрікпін – сүйсінбеймін теңесті, көңілім сүйген тұлпармын – келесі жалпақ кеңесті”, – дейді ол. – “Жұмабай домбырамен суырып салатын шапшаң қимылды ақын” [8].

“Ахмет Байтұрсынов түлеп ұшқан Торғай ақындық мектебі осы Уақ Жұмабайдан бастау алады. Оның өлеңдері жігерлі, ақпа-төкпе, эпитет, метафораға бай, тегеурінді келеді”, – деген Н. Бектемісовтің пікірі де [3, 7 б.] өте орынды.

Уақ Жұмабай Шалабайұлы Торғай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Тосын болысының № 5 ауылында 1838 жылы дүниеге келген. Ақын шығармаларынан осы күнге жеткені Нұрғали деген жас ақынмен айтысындағы ел аузында сақталып қалған бір-екі ауыз шумақтары және Нұржан Наушабаевпен айтысы ғана. Уақ Жұмабайдың Нұрғалимен айтысы халық ақыны Нұрхан Ахметбеков арқылы жетсе, Нұржанмен айтысын және осы Нұржанмен хат арқылы айтысқан жұмбақ айтысын филология ғылымдарының кандидаты С. Оспанов Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорынан тауып “Қостанай таңы” газетінде жариялады. Басқа шығармалары іздестірілуде.

Осы үш айтысының өзінен-ақ Уақ Жұмабайдың ақындық қуатының мол, өлеңдерінің көркемдігі құнды екендігін аңғаруға болады. Сөзіміздің дәлелі ретінде Нұрғалимен айтысынан үзінді келтіріп көрелік.

Уақ Жұмабай 71 жасқа келіп, қартайған шағында Жағалбайлы еліне бір асқа барады. Сол аста Жағалбайлы елі Нұрғали атты жас ақынын Жұмабайға айдап салады. Нұрғали айтысты Жұмабайдың перзентсіздігін, кәрілігін бетіне басып, тиісе бастайды:

Мен өзім осы күнде жас ақынмын,  
Мен өзім жас та болсам бас ақынмын.  
Егер де домбыра ұстап, денем қызса,  
Қарт ақын Жүкеңдерді басатынмын.  
Жүмеке, айтысарлық шамаң бар ма?  
Мен жүйрік – жеткізбейтін шабандарға.  
Өз басың тіресуге жарамасаң,  
Тең келер таралғыға балаң бар ма?

Сонда Жұмабай тұрып:

Қанатын қаға алмаса сұңқар дарын,  
Менің де өлең-жырдан бұлтарғаным.  
Ағайын бала мінер көк тайыңды,  
Бәйгеге білмей қостың тұлпар барын, -

деп Жағалбайлы елінің үлкендеріне қаратып сөз бастайды. Содан соң Нұрғалиға бұрылып:

Шаманды, көлемінді байқа балам,  
Жөн болар шалабыңды шайқамаған.  
Өлеңші ата келіп бата берген.  
Бір қонып кеткенің жөн қайта маған.  
Кеудемде дауылды өлең ұясы бар,  
Сендейлер шыға алмайтын қиясы – жар.  
Төбемде қаз бауыр бұлт әлі де тұр,  
Шамдансам жыр нөсерін құя салар...

... Бүгін мен көрсетейін көресінді,  
Шығарып жұрт алдында өлесінді.  
Кімсің сен, қайдан шықтың, қай ақынсың,  
Өлеңге билік айтар төре-сынды, –

деп бір қайырып алып, Нұрғали тосылып, үндемегеннен кейін әрі қарай 7-8 буынды жыр үлгісімен төкпелете жөнеледі:

... Сөз сөйледім жасымнан,  
Кетпей жүр қайғы басымнан.  
Кәміл пірім қайдасың,  
17 жаста қосылған.  
Қарсыласпай қалам ба,  
Бар екен дұшпан басынған.  
Түйін қабақ тас түлек  
Қалыңнан қасқыр іледі.  
Түрікпеннің наркескен  
Бауырдай тасты тіледі.  
Оза шауып бәйгі алдым,  
Бұл қай жақта жүр еді,  
Нұрғали атты жас бала  
Сөз мәнісін білмеді.  
71-дегі кәрі шал,  
Маған да не деп күлгені, –

дей келіп, ұзақ айтысты былай аяқтайды:

... Токта, бала, көзіңді аш,  
Жігіттікке болмас мас.  
Байлық-жарлылық білдірмес,  
Бұтқа біткен екі тас.  
Аз бен көпті байқатпас,  
Жиырма бесте қызба жас.  
Дәу қарағай құласа,  
Баялышпен тең болмас.  
Ақсұңқардың баласы  
Құладың құсқа жем болмас.  
Қудың өті болмаса,  
Қарғаның өті ем болмас.  
Қартаймақ түгіл өлсем де,  
Молам сенен кем болмас!

Поэзияның сәні де, нәрі де тіл. Бұл – аксиома. Өлең сөздің тегі – бейнелі сөйлеу. Ақындықтың хас биігі – “ақындарша ойлау” – бейнелі ойлау, дүниені образбен көру, құбылыстың поэтикалық рухы мен таңбаларын нәзіктікпен түсіну. Сылдыр сөз – сурет емес, кескінді зергерлікпен тiнiн тұтастырған зерделi ой [9, 94 б.]. Байқап отырғанымыздай, Уақ Жұмабай өлеңінде кестелi сурет те, зерделi ой да бар. Екеуi тұтас келiп, ақынның суреткерлiк шеберлiгi мен оның ақындық құлашының кең екенiн танытады. Жалпы қазақ поэзиясында сұңқар, тұлпар сөздерiнiң әбден таптаурын болған тұрақты тропқа айналғаны белгiлi. Қазiргi әдебиеттану тiлiмен айтсақ, бұл сөздер әлдеқашан өз алдына поэтикалық таңбаларға (“теория знаков”) айналған. Алайда, Жұмабай бұл сөздердi басқаша ұғымда қолданады. Мәселен, сұңқар сөзiн дарын сөзiмен тiркестiрiп, зат есiмдi анықтауыштық

мағынада қолданып әдемі троп жасаса, тұлпар сөзін тай сөзімен салыстырмалы түрде пайдаланып, қарсылас ақын мен өзінің ара салмағын көрсетуде ұтымды пайдаланады. “Шамасын байқау”, “Шалабын шайқамау” сияқты тұрақты сөз тіркестері мен “дауылды өлең ұясы”, “түйін қабақ тастүлек” сияқты эпитеттер мен троптар өлеңнің көркемдік жағын ғана көркейтіп тұрған жоқ, ақынның айтар ойымен ұштасып шебер жасалған өлеңнің бағасын биіктетіп тұр. Ал, қазіргі поэзиямызда да, айтыс ақындары өлеңдерінде де жиі қолданылып жүрген “қаз бауыр бұлт”, “жыр нәсері” секілді тіркестердің тамыры тереңде жатқандығын біз Жұмабай өлеңіндегі қолданысынан аңғарып отырмыз.

“Түрікпеннің наркескен, бауырдай тасты тіледі”, – деген жолдағы алғашқы тіркестің екінші компонентіндегі тәуелдік формасының түсіп қалып қолданылуы, “Қыз Жібек” жырындағы “Базарбайдың Төлеген” деген тіркесті еске түсіреді. Сөз тіркесінің бұлайша қолданылуы қазақ әдебиетінде көбіне еліміздің батыс өңіріндегі ақындық мектептерге тән:

... Сәрсенбінің сәтті күн,  
Шаттанып шағбан айында...  
(Қалнияз) [10,56 б.].

... Маңғыстаудың үш түбек,  
Қонысым қиғаш ауысты-ай...  
(Аралбай) [10, 200 б.].

... Айтпасыма қоя ма,  
Алланың берген жорғалық...  
(Өмір) [10, 226 б.].

Уақ Жұмабай ақын өлеңіндегі сөз тіркесінің бұлай қолданылуы батыс өңірі мен Торғай өңірі ақындық мектептерінің арасындағы өзара әдеби байланыс әсерінен болса керек. Торғай ақындары мен батыс өңірі ақындарының шығармашылығындағы мұндай ұқсастықтар өте жиі ұшырасып отырады. Бұл Торғай өлкесінің Сарыарқа мен батыс аймақтың шекарасында орналасуының, Торғай мен Ақтөбе аймақтарының ежелден құдандалы, ауылы аралас, қойы қоралас, төсекте басы, төскейде малы бірге, ас пен тойы бір-бірінсіз өтпейтін ел болуының ықпалынан екені даусыз.

Уақ Жұмабайдың сөздері көркем болуымен қатар, ойлылығымен де құнды. Кәрілігі мен баласыздығын бетіне басқан Нұрғалиға қайтарған жауабында Жұмабайдың ақындық шеберлігі терме түрінде айтылған жырдың мәнділігімен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Жұмабай стиліне бір-біріне қарама-қайшы ұғымдарды салыстыра отырып ой айту тән. Мысалы: кәрілік пен жастықты бейнелі түрде дәу қарағай мен баялыш, ақсұңқар мен құладың, қарға мен аққу ұғымдарымен алмастыра отырып, философиялық толғам-терме ретінде ойлы да дәйекті уәж айтады.

“Кәміл пірім қайдасың, 17 жаста қосылған”, – деп айтуына қарағанда Жұмабай ақын өлеңді ерте бастағанға ұқсайды. Жұмабай ақынның өз сөздерінде де, ел аузында да Жұмабайға 17 жасында “Өлеңші ата” аянмен бата берген деген аңыз бар. Мұндай құбылыс қазақ ақындарының көбінде кездеседі. Мәселен, Сүйінбайдың “Жолбарысы”, Кемпірбайдың “Көк ала үйрегі” т.б.

Халық ақындарының ақындық туралы ұғым, әдеттері әр түрлі, бір-біріне қарама қарсы қайшылықты көзқараспен айтылған. Мәселен, ақындықты түсінде көріп қабылдау, ақындықты батамен алу, ақындық ұрпақ, тұқым қуалап қону, үйренумен, еңбекпен ақын болу сияқты. Қазақтың бұрын-соңғы ақын жыраулары қалай ақын болдың дегенде айтатын жауаптарының негізгі осы төрт түрлі ұғымға, әдетке айналып соқпай кетпейді.

Бірталай ақындар ақындықты киелі, әруақты, бір жат сырлы қасиет деп түсінеді. Әрбір өнердің белгілі бір иірі, қолдаушысы, иесі болады деген көне дәуірдегі шамандық дін

ұғымының қалдығы кейбір ақындардың ақындық жөніндегі түсініктерінде осы күнге дейін сақталып келген.

Ақындардың айтуына қарағанда, ақын болар кезде түс көргіш болады, шошып оянып, мазасы кетеді, ол түсінде белгісіз ақсақалды қарияны көреді немесе ертеде өткен, атын білетін, яки, сол өзінің еліне мәлім атақты ақын келіп, аян беріп домбырасын ұсынады, не белгісіз қария, не әлгі белгілі ақын, мұны мазалап ақындыққа шақыра береді [1, 74 б.].

Атеизмге негізделген кеңестік идеология заманында өмір сүрген ғалым Е. Ысмайылов мұндай құбылысты шаманизмнің қалдықтарына тығыз байланысты материалистік дүние тануға қайшы ескі идеалистік көзқарастары деп бағалағанымен, қазіргі замандағы әр түрлі құпия құбылыстардың сырлары ашыла бастаған жаңалықтар уақытында ақындық “кие” құбылысының да құпия сыры ашылады деп сенеміз.

17 жасында “Өлеңші ата” аян берген Жұмабай ақынның бізге жеткен әдеби мұрасы қартайған шағындағы айтыс өлеңдері ғана. Әбден толысып, ақындық қуатының дер шағында айтылған бұл өлеңдердің көркемдік құндылығы мен шеберлігі ақынның бұған дейін ұзақ ақындық өсіп-жетілу, даму жолынан өткендігін аңғартады.

Уақ Жұмабай ақынның тағы бір сөз сайысы әйгілі Нұржан Наушабайұлымен болған айтыс. Қазақ әдебиеті тарихында діни-ағартушылық бағыттағы өлең-назымдарымен “Сегіз сері” дастанымен және жұмбақ айтыстарымен белгілі Нұржан Наушабайұлы Қостанай өңірінде өмір сүрген. Нұржан ақындығымен бірге жаурыны жерге тимеген палуан, бал бармақ күйші, жезтаңдай әнші болғандығын ағартушы Ыбырай Алтынсаринге қатысты әңгімелерден білеміз.

Бұл айтыс 1908 жылы Қарақыпшақ Жасыбай ауылында болған екен. Сол ауылда қыдырып жүрген Жұмабай ақын Нұржанмен кездеседі. Қаумалаған Нұржанның руластары кеу-кеулеп екеуін айтыстырады. Ел-жұртын арқаланған Нұржан өз руын, өзін мақтай келіп, Жұмабайдың кәрілігін тілге тиек ете отырып сөзін былайша аяқтайды:

... Мен тек айыл жүйрікпін,  
Алты бассам таусылар,  
Алты айшылық өктемім.  
Ит өлген жерге айдай бер,  
Жалғар жалқау көк перім.  
Мағырып пен Машырықтың,  
Арасына жеткенше,  
Сыр беремін деп пе едім?!  
Арғын-қыпшақ жиылса,  
Мен тұрғанда сөйлейтін,  
Бар ма, қазақ, жоқ теңім?!  
Домбырасын қолтықтап,  
Қутындаған шалың кім,  
Түрінбей келген шекпенін?!

Сонда Жұмабай сөз бастайды:

Сөз сөйледім жасымнан,  
Кетпей жүр қайғы басымнан.  
Кәміл пірім қайдасың  
17 жаста қосылған...

Бұл жерде назарға аларлық бір жайт, Жұмабай ақынның айтысты осы шумақпен бастайтындығы. Бұл қазақ ақындарына тән аруақ, кие шақыру дәстүрінен туындаған болса керек. Яғни, бұл жерде Сүйінбайдың құлағын ысқылауы, Нартайдың мұртын ширатуы секілді шабыт шақыру салтын еске ала кеткен орынды.



Халық ақындары суырып салып өлең айтарда әуелі домбырасын күйлеп, өзімен өзі, яки, өзінің домбырасымен кеңескендей, немесе, ақындық “аруағын” шақырғандай айғайлап, өзі, өзінің ақындығы туралы бірер ауыз сөз айтып серпіліп, бой жазып алады [1, 75 б.]. Жамбылдың: “Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай!” – дегені де осы дәстүрдің көрінісі.

“Кәміл пірін” шақырғаннан кейін Жұмабай ақын сөзін әрі қарай жалғайды.

... Тым озатын қол қысқа,  
Ақын болсаң жаз нұсқа.  
Түркістан, Сібір, Орынбор,  
Дабылым кетті алысқа.  
Құланиек күн шықпай  
Тоймаушы едім шабысқа.  
Сыр бермеге жоқ едім,  
Сілтеуші едім алысқа.  
Асыл ердің белгісі –  
Жанын қияр намысқа,  
Жамандықтың белгісі –  
Өзін-өзі мақтаған,  
Мақтаншақ жұртқа жақпаған,  
Осы айтқаным анық па?!  
Алып қашпа екенсің,  
Көбік ауыз қарыспа.  
Зорыққанын білмейтін,  
Құр құмарсың жарысқа.  
Айт дегенге арс етіп,  
Етегіме жабыспа!  
Сен бір сайтан көбелек,  
От алып түскен қамысқа.  
Құтырған төбет секілді,  
Әл жетпеспен алыспа!  
Менің атым – Жұмабай,  
Меніменен қағыспа!  
Меніменен қағыссаң,  
Ісің кетер шалысқа.  
Жер тағысы сен болсаң,  
Көк тағысы мен едім,  
Тырнағыңды салыспа, –

деп қарсыласының мысын басып, бейнелі тіркестер мен троптарды түйдегімен қолдана отырып көсіледі.

... Ойнашы шырақ теңіңмен,  
Ұшпайсың көкке көңліңмен.  
Майдандасып, кектескен  
Дұшпаның емен сенің мен.  
Орынсыз жерге ұрынбай,  
Сөйлесеңші жөніңмен  
Сөйлемесең жөніңмен,  
Мұзға түскен қаңбақтай,  
Ұшырармын деміммен.  
Сүйегің майда күл болар,  
Бір сипасам жеңіммен...

Суырып салынып айтылған осы өлеңнің өзі-ақ Жұмабай ақынның асқан дарын иесі екендігінен хабар бергендей. Жұмабай ақын айтыстарынан байқайтынымыз – оның әрбір өлеңі теңеу, эпитет, метонимия, метафора т.б. көркемдік бояуларға қаныққан, қанша уақыт өтсе де тозбайтын, тотықпайтын шымыр өлеңдер екендігі, осы күнгі дамыған айтыс өлеңдерімен салыстыра қарасақ та тұғырынан таймайтындығы. Табанда уәж тауып айту, тапқырлығы жағынан да деңгейі жоғары. Қай қырынан алып қарасақ та міні жоқ Жұмабай ақынның өлеңдерінің тағы бір ерекшелігі қисындылығы мен ойлылығы. Ол осы айтыста кәрілігін сынаған Нұржанға берген жауабында құрғақ сөзбен сытылып өте шықпай, өмірдің сан алуан қатпарына үңіліп, кәрілік пен жастыққа байланысты философиялық ойға толы қисынды жауап қайтарады.

... Адамның жақсы асылы,  
Кірсіз таза нәсілі.  
Орынсыз ғайып соқтықпас,  
Ақылының басымы.  
Көрінгенге шабысар,  
Ақылсыздың кәсібі.  
Халыққа мәлім емес пе,  
Кімнен кімнің басымы.  
Біреу жарлы, біреу бай,  
Біреу ауру, біреу сау,  
Мен бе істеген осыны?!  
Біреу тақта, біреу құл,  
Біреу жетім, біреу тұл.  
Адамзаттың асылы,  
Жоқтан бар боп тумай ма?!  
Қартаймай ма, тозбай ма?!  
Өлмей-жітпей, өзгермей,  
Соқтыменен жүретін,  
Шайтанның ба едің нәсілі.  
Жас қартайып, тозбай ма,  
Жарлы байып, оңбай ма,  
Батырға бір оқ кез келсе,  
Бәйшешектей солмай ма?!  
Алтын тақтан хан тайса,  
Қарашы бір күн болмай ма?!  
Бақыт деген бір қаңбақ,  
Бақыты жерге қонбай ма?!  
Бақыты кетсе желменен,  
Бетіне кетіп қалмай ма?! –

деп толғанған Жұмабай ақын өлеңдерінің әр жолы мақал немесе мәтел сияқты: “Адамның жақсы асылы – кірсіз таза нәсілі”, “Орынсыз ғайып соқтықпас – ақылының басымы, көрінгенге шабысар – ақылсыздың кәсібі”, “Жас қартайып тозбай ма, жарлы байып оңбай ма” немесе “Алтын тақтан хан тайса, қарашы болар”. Нұржан өлеңді жазып шығарады екен, Жұмабай ақынның сөзінен кейін қағаз-қаламын қолына ала берген Нұржанға Жұмабай:

Ай, Нұржан, Нұржан сөйлегін,  
Домбыранды қолға алып.  
Әкетейін деп пе едің,  
Ашуың келіп, долданып,

Бастырайын деп пе едің,  
Үкіміңді қолданып.  
Аттыға жаяу ергендей,  
Қағазыңды шимайлап,  
Не айтпақ едің зорланып.  
Күркірейін аспаннан,  
Жауатын бұлттай торланып,  
Ақын болсаң сөзге ұста,  
Гибрат, үлгі, жаз нұсқа,  
Қиялдан терең ойланып, –

деп суырып салма айтысқа шақырады. Айтыстың сәні әнде, мәні сөзде дей келіп, әрі қарай термелей жөнеледі.

Айтыспақ болсаң менімен,  
Домбыраңды ал толғанып.  
Жарасады айтысқан,  
Әнге басып ыңыранып.  
Саған тиген жан бар ма,  
Отырсың неге бұлданып?!  
Ақын болсаң қайтейін,  
Айтысып ақын жеңген жоқ.  
Батыр болсаң қайтейін,  
Көмек сұрай келгем жоқ.  
Молда болсаң қайтейін,  
Жансыз дала жапанда,  
Иман таппай өлгем жоқ.  
Бай болсаң, Нұржан, қайтейін,  
Қайырыңды көргем жоқ.  
Би болсаң, Нұржан, қайтейін,  
Құны кетіп атамның  
Еңбегі кетіп баламның,  
Жалалы болып немесе,  
Билігіңе көнгем жоқ.  
Кедей болсаң қайтейін,  
Құба шекпен үстімде,  
Қара шолақ астымда,  
Жан қалтамда бір сом жоқ,  
Өзімде жарып жүргем жоқ, –

деп Жұмабай төгіле жөнелгенде, Нұржан тоқтатып:

Еңкейіп еңбек етіп еккенімді,  
Пісіріп өзім ордым сепкенімді.  
Әлеумет, айып етіп аңыз қылма,  
Кішілік үлкен шалға еткенімді.  
Дарияның тасқынында кете бардым,  
Нұржаның қанжығаға бөктерілді.  
Аталы сөзге тұрмай ақымақтарша,  
Ағаменен болмайын жеккөрінді.  
Торқалы көгаланы көлденең тартып,  
Үстіне жауып мына шекпенімді.

Құдайым сөз байлығын берген екен,  
Жүкеңнің қасиеті көп көрінді.  
Көріп ем мұнан бұрын көп ақынды,  
Бәрі де қойып еді бет беруді.  
Қамалып, қашқанменен құтылмастай,  
Бөгеді бөгет салып өткелімді.

Жүмеке, сырттан сізге қанық едім,  
Келгеннен кескініңнен танып едім.  
Шамырқанбай шарбысын көрсетпес деп,  
Азырақ шаужайыңнан қағып едім.

Сыртыңнан екпініңді білуші едім,  
Құдай-ау, бір кез қыл деп тілеуші едім.  
Болғанда сіз – дария, біз – шұқанақ,  
Құмар боп ғазеліңе жүруші едім, –

деп сөзге тоқтап, жеңілгенін мойындап, шапан жауып, астындағы атын мінгізеді. Жұмабай ақын да Нұржанның атына қанық екен, оның бала кезінен бастап, елге еткен еңбегін тізбелей келіп:

... Сағынған ағаң мен болсам,  
Аңсаған інім сен болсаң,  
Шу дегенше тұсалып,  
Бұл не сөз деп ойладым,  
Нұржанжан несін сынайсың,  
Қамыт соғып қажыған  
Кәрі тарлан жорғаның.  
Шекпеніңді шен тұтып,  
Нұржанның берген сыйы деп,  
Әр жерге айта жүрейін,  
Қоржыныма жайлағын.  
Көгалаңды өзің мін  
Атыңды сыйлап, Нұржаным,  
Аруағыңа байладым.  
Ұлы шаң көрмей, терлемен,  
Асқар тау көрмей, өрлемен.  
Сені көріп есіме  
Түсіп кетті Нұржаным,  
Қайдағым мен жайдағым! –

деп батасын беріп, атын өзіне қайырыпты.

Жоғарыдағы Нұржанның: “Сыртыңнан екпініңді білуші едім, Құдай-ау, бір кез қыл деп тілеуші едім, болғанда сіз – дария, біз – шұқанақ, құмар боп ғазеліңе жүруші едім”, – деген сөзіне және Уақ Жұмабай ақынның өз өлеңіндегі:

... Құлан иек күн шықпай,  
Тоймаушы едім шабысқа.  
Түркістан, Сібір, Орынбор,  
Дабылым кетті алысқа! –

деген сөздерге қарап отырып заманында Жұмабай Шалабайұлы есімі қазаққа танымал ақын болған деп шамалаймыз. Бұл айтыс Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми

кітапханасында, қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Осы қолжазбада Жұмабай мен Нұржанның жоғарыда біз талдау жасаған айтысынан басқа, хат арқылы жұмбақтасып айтысқан жазба айтысы да бар екен. Қолжазба араб әрпімен жазылған, 11 беттен тұрады. Қазақстан Ғылым Академиясына 1945 жылы табыс етілген. Тапсырушының аты-жөні белгісіз. Аталған жұмбақ айтыстың тарихи құндылығы басым. 1916 жылы Нұржан ақын Қостанайдағы ақ патшаның “Маусым жарлығынан кейінгі зорлық-зобаланды жұмбақтап “Торғайдағы туғандарға” хат жазып жіберген екен. Осы жұмбақ-хаттың шешімін Жұмабай ақын табады:

Тобылдың биік көк жары –  
Қостанайдың қаласы,  
Қағынды деген сөз екен.  
Жалын шығып жарынан,  
Өртеніп жатқан кез екен.  
Ор бойында Орынбор  
Губернеміз сол екен.  
Онда қайғы мол екен.  
Қу карағай – ақ сақал,  
Ақ терегі – ақ патша,  
Старшын, бұлты – поп екен.  
Жанып жатқан жалпақ өрт –  
Сорлық қазақ елі екен.  
Жанып жатқан жас шырпы –  
Елдің балғын ұлы екен, -

деп қазақ елінің басына түскен қалың қасіреті, әскерге алынып жатқан қыршын жастардың қамын ойлап егіледі. “Маусым жарлығын” дүлей өртке теңейді.

... Өзін қапқан көк төбет –  
Өзінен шыққан зор екен.  
Қысы суық, жері отты –  
Патшаның зәрлі заңы екен.  
Матаулы қалған биесі –  
Сорлы болған ана екен.  
Өртенген елді меңгерген,  
Залым патша жау екен...

Осы жолдарды оқып отырып, көз алдыңызға зарлаған шалдар, аңыраған аналар, оларды зарлатып, аңыратып жүрген “өзімізден шыққан зорлар” – отаршыл ақ патшаның сойылын соғып жүрген болыс, ауылнай, старшындардың ұсқынсыз кейпі көрініс беріп, залым патша салған оттан өртенген барша қазақ даласының күйік исі қолқамызды қақпандай әсерде қаламыз.

... Торғайда қазақ топтанып,  
Хан сайлады деген соң,  
Патшаға қарсы тұруға,  
Бел байлады деген соң.  
Қолдан бала бермеуге,  
Көнбей жатыр деген соң.  
Айтқанына болыстың,  
Ермей жатыр деген соң.  
Сұрағанын патшаның  
Бермей жатыр деген соң.  
Бір Құдайға сыйынып,

Қарсыласпақ деген соң,  
Бір тілекке сыйынып,  
Қамшы баспақ деген соң,  
Сарала туы салбырап,  
Қырға шықты деген соң,  
Көтеріліп, ұлғайтып,  
Шыңға шықты деген соң.  
Ел түйініп бірбеткей  
Қонысқа шықты деген соң... –

деген жолдардан Кеңес заманында бүркемеленіп “Аманкелді көтерілісі” деп аталған, ал шындығында Әбдіғапар Жанбосынұлын хан сайлап, сары ала ту көтеріп отаршыл Ресейден бөлінбек болған Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісінің мазмұны мен мақсат-мүддесін тануға болады. Бұл – тарихшылар үшін аса құнды материал екені даусыз. Уақ Жұмабай шығарларының кеңес заманында жарыққа шықпауының тағы бір себебі осы болса керек.

Неге екені белгісіз, біздің жоғарыда талдап көрсеткен екі айтыс та, ешқандай айтыс жинақтарына енгізілмеген. Көркемдігі жағынан болсын, өлең құрылысы, уәж тауып айту жағы болсын, мазмұны мен мән-мағыналық қырынан алып қарағанда да Жұмабай ақын айтыстарының “Айтыс” жинақтарында жарияланып жүрген көп айтыстардан өресі биік, деңгейі жоғары.

Уақ Жұмабай Шалабайұлы Торғай ақындық мектебінің негізін салушы. Болашақта оның басқа да шығармалары табылып, жеке зерттеу нысанасы ретінде шығармашылығы зерттеліп, зерделеніп әдебиет тарихынан өз орнын алады деген сенемдеміз. Уақ Жұмабай ақыннан тәлім алған, соның шекпенінен шыққан Есенжол Жанұзақұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Құбаша Шалбайұлы, Әбіқай Нұртазаұлы, Иманқұлдың Әбдірахманы, Күдері Жолдыбайұлы, Қашқынбай Қазұлы сияқты ақындар Жұмабай ақынды қадір тұтып өткен. Мысалы Есенжол ақын:

... Айына бір соқпасам Жұмабайға,  
Қалам ғой Құдайға да, ұнамай да.  
Өлеңнің от қызуы тік көтеріп,  
Келеді ол көп ауруға құламай да, –

десе, Сейдахмет ақын Ахмет Байтұрсынұлына арналған өлеңінде:

... Өлеңі бұғалыққа бағынбаған,  
Толқындай бұйраланып ағындаған.  
Ақыннан Жұмабайдай Фатиха алды,  
Құранның шындығындай дарынды адам, –

деп дәріптеп, Ахметтің Жұмабай ақыннан бата алғандығын айтады. Ал, Е. Ысмайыловтың “Ақындар” атты монографиясында Қашқынбай Қазұлының сөзі берілген. Онда Қашқынбай ақын былай дейді: “Қайын жұртымда (әйелімнің әкесі) Шалабаев Жұмабай деген ірі ақын болды, өлең айтарда көзінен жас ағып, селкілдеп кетуші еді. Өлеңге құмарлығымды сезіп, өлерінде маған батасын беріп еді, сонан былай өлеңге еркін болып кеттім. Ол кісінің сөзі, ақындығы маған зор үлгі болды” [1, 83 б.].

“Қазақ әдебиеті” газетінің 1991 жылғы 3 санында қайталап басылған Нысанбай жыраудың “Кенесары – Наурызбай” дастанының алғысөзінде Е. Бекмаханов: “Қазақ ССР ҒА Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында Нысанбай жырының тағы екі варианты сақтаулы. Оның бірі – 1912 жылы Қазанда Жүсіпбек Шайхысламов бастырған нұсқа, екіншісін институт қызметкерлері Торғай облысында ақын Қашқынбай Қабаевтан

жазып алған”, – депті [11]. Мұнда Қашқынбай Қазұлының фамилиясын Қабаев деп қателескен. 1996 жылы жарық көрген “Тарихи жырлар” атты көп томдықтың “Кенесары–Наурызбай” жырына арналған томында жырдың Қашқынбай нұсқасы берілген. Осы жырдың түсініктемесінде Қашқынбай бұл жырды Жұмабай ақыннан үйренгені туралы айтылады [12].

Жұмабай Шалабайұлы Торғай ақындық мектебінің дәстүрін қалыптастырып, оның дамуына зор үлес қосқан, осы мектептің өзінен кейінгі өкілдеріне ұстаздық еткен ерекше тұлға.

### Уақ Жұмабайдың Нұрғалимен айтысы

Уақ Жұмабай 71 жасқа келіп, қартайған шағында Жағалбайлы еліне бір асқа барады. Сол аста Жағалбайлы елі Нұрғали атты жас ақынын Жұмабайға айдап салады. Нұрғали айтысты Жұмабайдың перзентсіздігін, кәрілігін бетіне басып, тиісе бастайды:

Мен өзім осы күнде жас ақынмын,  
Мен өзім жас та болсам бас ақынмын.  
Егер де домбыра ұстап, денем қызса,  
Қарт ақын Жүкеңдерді басатынмын.

Жүмеке, айтысарлық шамаң бар ма?  
Мен жүйрік – жеткізбейтін шабандарға.  
Өз басың тіресуге жарамасаң,  
Тең келер таралғыға балаң бар ма?

Сонда Жұмабай тұрып:

Қанатын қаға алмаса сұңқар дарын,  
Менің де өлең-жырдан бұлтарғаным.  
Ағайын бала мінер көк тайыңды,  
Бәйгеге білмей қостың тұлпар барын.

Шамаңды, көлеміңді байқа балам,  
Жөн болар шалабыңды шайқамаған.  
Өлеңші ата келіп бата берген.  
Бір қонып кеткенің жөн қайта маған.

Кеудемде дауылды өлең ұясы бар,  
Сендейлер шыға алмайтын қиясы – жар.  
Төбемде қаз бауыр бұлт әлі де тұр,  
Шамдансам жыр нөсерін құя салар.

Өлеңнің ордасы емес қосын алып,  
Жүрсің бе сайтан ертіп досың қалып.  
Шегіртке айғырындай шедірейтіп,  
Қай мықты ертіп жүрген қасына алып.

Бүгін мен көрсетейін көресіңді,  
Шығарып жұрт алдында өлесіңді.  
Кімсің сен, қайдан шықтың, қай ақынсың,  
Өлеңге билік айтар төре-сынды.

Жеңіп ал Әбішімді немеремді,

Ахмет жыр күмбезін теңер енді.  
Қиратып қабырғанды өлеңменен,  
Аударар шаңырағың керегенді, –

деп бір қайырып алып, Нұрғали тосылып, үндемегеннен кейін әрі қарай төкпелете жөнеледі:

Сөз сөйледім жасымнан,  
Кетпей жүр қайғы басымнан.  
Кәміл пірім қайдасың,  
17 жаста қосылған.  
Қарсыласпай қалам ба,  
Бар екен дұшпан басынған.

Түйін қабақ тас түлек  
Қалыңнан қасқыр іледі.  
Түрікпеннің наркескен  
Бауырдай тасты тіледі.  
Оза шауып бәйгі алдым,  
Бұл қай жақта жүр еді,  
Нұрғали атты жас бала  
Сөз мәнісін білмеді.  
71-дегі кәрі шал,  
Маған да не деп күлгені.

Атан түйең бар болса,  
Жүгінді артпа есекке.  
Тоқсан қарға ұшады,  
Бір тастаған кесекке.  
Өзімнен соңғы ақын деп,  
Қосушы едім есепке.  
Көзім тірі тұрғанда,  
Бұл сөзіңді есепте.  
Топқа айтарлық сөзің жоқ,  
Жастығыңды пеш етпе.

Тоқта, бала, көзіңді аш,  
Жігіттікке болмас мас.  
Байлық-жарлылық білдірмес,  
Бұтқа біткен екі тас.  
Аз бен көпті байқатпас,  
Жиырма бесте қызба жас.  
Дәу қарағай құласа,  
Баялышпен тең болмас.  
Ақсұңқардың баласы  
Құладың құсқа жем болмас.  
Қудың өті болмаса,  
Қарғаның өті ем болмас.  
Қартаймақ түгіл өлсем де,  
Молам сенен кем болмас!

**Уақ Жұмабайдың Нұржан Наушабаевпен айтысы**



**Нұржан:**

Мен тек айыл жүйрікпін,  
Алты бассам таусылар,  
Алты айшылық өктемім.  
Ит өлген жерге айдай бер,  
Жалғар жалқау көк перім.  
Мағырып пен Машырықтың,  
Арасына жеткенше,  
Сыр беремін деп пе едім?!  
Арғын-қыпшақ жиылса,  
Мен тұрғанда сөйлейтін,  
Бар ма, қазақ, жоқ теңім?!  
Домбырасын қолтықтап,  
Қутыңдаған шалың кім,  
Түрінбей келген шекпенін?!

**Жұмабай:**

Сөз сөйледім жасымнан,  
Кетпей жүр қайғы басымнан.  
Кәміл пірім қайдасың  
17 жаста қосылған.

Тым озатын қол қысқа,  
Ақын болсаң жаз нұсқа.  
Түркістан, Сібір, Орынбор,  
Дабылым кетті алысқа.  
Құланиек күн шықпай  
Тоймаушы едім шабысқа.  
Сыр бермеге жоқ едім,  
Сілтеуші едім алысқа.  
Асыл ердің белгісі –  
Жанын қияр намысқа,  
Жамандықтың белгісі –  
Өзін-өзі мақтаған,  
Мақтаншақ жұртқа жақпаған,  
Осы айтқаным анық па?!  
Алып қашпа екенсің,  
Көбік ауыз қарыспа.  
Зорыққанын білмейтін,  
Құр құмарсың жарысқа.  
Айт дегенге арс етіп,  
Етегіме жабыспа!  
Сен бір сайтан көбелек,  
От алып түскен қамысқа.  
Құтырған төбет секілді,  
Әл жетпеспен алыспа!  
Менің атым – Жұмабай,  
Меніменен қағыспа!  
Меніменен қағыссаң,  
Ісің кетер шалысқа.  
Жер тағысы сен болсаң,

Көк тағысы мен едім,  
Тырнағыңды салыспа!

Ойнашы шырақ теңіңмен,  
Ұшпайсың көкке көңліңмен.  
Майдандасып, кектескен  
Дұшпаның емен сенің мен.  
Орынсыз жерге ұрынбай,  
Сөйлесеңші жөніңмен  
Сөйлемесең жөніңмен,  
Мұзға түскен қаңбақтай,  
Ұшырармын деміммен.  
Сүйегің майда күл болар,  
Бір сипасам жеңіммен.

Адамның жақсы асылы,  
Кірсіз таза нәсілі.  
Орынсыз ғайып соқтықпас,  
Ақылының басымы.  
Көрінгенге шабысар,  
Ақылсыздың кәсібі.  
Халыққа мәлім емес пе,  
Кімнен кімнің басымы.  
Біреу жарлы, біреу бай,  
Біреу ауру, біреу сау,  
Мен бе істеген осыны?!  
Біреу тақта, біреу құл,  
Біреу жетім, біреу тұл.  
Адамзаттың асылы,  
Жоқтан бар боп тумай ма?!  
Қартаймай ма, тозбай ма?!  
Өлмей-жітпей, өзгермей,  
Соқтыменен жүретін,  
Шайтанның ба едің нәсілі.  
Жас қартайып, тозбай ма,  
Жарлы байып, оңбай ма,  
Батырға бір оқ кез келсе,  
Бәйшешектей солмай ма?!  
Алтын тақтан хан тайса,  
Қарашы бір күн болмай ма?!  
Бақыт деген бір қаңбақ,  
Бақыты жерге қонбай ма?!  
Бақыты кетсе желменен,  
Бетіне кетіп қалмай ма?!

Нұржан өлеңді жазып шығарады екен, Жұмабай ақынның сөзінен кейін қағаз-қаламын қолына ала берген Нұржанға Жұмабай:

Ай, Нұржан, Нұржан сөйлегін,  
Домбыраңды қолға алып.  
Әкетейін деп пе едің,  
Ашуың келіп, долданып,

Бастырайын деп пе едің,  
Үкімінді қолданып.  
Аттыға жаяу ергендей,  
Қағазыңды шимайлап,  
Не айтпақ едің зорланып.  
Күркірейін аспаннан,  
Жауатын бұлттай торланып,  
Ақын болсаң сөзге ұста,  
Гибрат, үлгі, жаз нұсқа,  
Қиялдан терең ойланып.  
Айтыспақ болсаң менімен,  
Домбыраңды ал толғанып.  
Жарасады айтысқан,  
Әнге басып ыңыранып.  
Саған тиген жан бар ма,  
Отырсың неге бұлданып?!

Ақын болсаң қайтейін,  
Айтысып ақын жеңген жоқ.  
Батыр болсаң қайтейін,  
Көмек сұрай келгем жоқ.  
Молда болсаң қайтейін,  
Жансыз дала жапанда,  
Иман таппай өлгем жоқ.  
Бай болсаң, Нұржан, қайтейін,  
Қайырыңды көргем жоқ.  
Би болсаң, Нұржан, қайтейін,  
Құны кетіп атамның  
Еңбегі кетіп баламның,  
Жалалы болып немесе,  
Билігіңе көнгем жоқ.  
Кедей болсаң қайтейін,  
Құба шекпен үстімде,  
Қара шолақ астымда,  
Жан қалтамда бір сом жоқ,  
Өзімде жарып жүргем жоқ, -

деп төгіле жөнелгенде, Нұржан тоқтатып:

Еңкейін еңбек етіп еккенімді,  
Пісіріп өзім ордым сепкенімді.  
Әлеумет, айып етіп аңыз қылма,  
Кішілік үлкен шалға еткенімді.  
Дарияның тасқынында кете бардым,  
Нұржаның қанжығаға бөктерілді.  
Аталы сөзге тұрмай ақымақтарша,  
Ағаменен болмайын жеккөрінді.  
Торқалы көгаланы көлденең тартып,  
Үстіне жауып мына шекпенімді.  
Құдайым сөз байлығын берген екен,  
Жүкеңнің қасиеті көп көрінді.  
Көріп ем мұнан бұрын көп ақынды,

Бәрі де қойып еді бет беруді.  
Қамалып, қашқанменен құтылмастай,  
Бөгеді бөгет салып өткелімді.

Жұмеке, сырттан сізге қанық едім,  
Келгеннен кескініңнен танып едім.  
Шамырқанбай шарбысын көрсетпес деп,  
Азырақ шаужайыңнан қағып едім.

Сыртыңнан екпініңді білуші едім,  
Құдай-ау, бір кез қыл деп тілеуші едім.  
Болғанда сіз – дария, біз – шұқанақ,  
Құмар боп ғазеліңе жүруші едім.

Жұмеке, айыбымды ұрдың бетке,  
Гибрат, мұныңды інің қабыл етті.  
Әурелеп босқа мені сөйлеттің деп,  
Жұмеке, өтінемін айып етпе! –

деп сөзге тоқтап, жеңілгенін мойындап, шапан жауып, астындағы атын мінгізеді. Жұмабай ақын да Нұржанның атына қанық екен, оның бала кезінен бастап, елге еткен еңбегін тізбелей келіп:

... Сағынған ағаң мен болсам,  
Аңсаған інім сен болсаң,  
Шу дегенше тұсалып,  
Бұл не сөз деп ойладым,  
Нұржанжан несін сынайсың,  
Қамыт соғып қажыған  
Кәрі тарлан жорғаның.  
Шекпеніңді шек тұтып,  
Нұржанның берген сыйы деп,  
Әр жерге айта жүрейін,  
Қоржыныма жайлағын  
Көгалыңды өзің мін  
Атыңды сыйлап, Нұржаным,  
Аруағыңа байладым.  
Ұлы шаң көрмей, терлемен,  
Асқар тау көрмей, өрлемен.  
Сені көріп есіме  
Түсіп кетті Нұржаным,  
Қайдағым мен жайдағым! -

деп батасын беріп, атын өзіне қайырыпты.

### **Уақ Жұмабай мен Нұржанның жазба айтысы**

Нұржан ақын Қостанайдағы ақ патшаның «Маусым жарлығынан» кейінгі зорлық-зобалаңды жұмбақтап «Торғайдағы туғандарға» хат жазып жіберген екен. Осы жұмбақ-хаттың шешімін Жұмабай ақын табады:

Тобылдың биік көк жары –  
Қостанайдың қаласы,  
Қағынды деген сөз екен.

Жалын шығып жарынан,  
Өртеніп жатқан кез екен.  
Ор бойында Орынбор  
Губернеміз сол екен.  
Онда қайғы мол екен.  
Қу қарағай – ақ сақал,  
Ақ терегі – ақ патша,  
Старшын, бұлты – поп екен.  
Жанып жатқан жалпақ өрт –  
Сорлық қазақ елі екен.  
Жанып жатқан жас шырпы –  
Елдің балғын ұлы екен.  
Өзін қақпан көк төбет –  
Өзінен шыққан зор екен.  
Қысы суық, жері отты –  
Патшаның зәрлі заңы екен.  
Матаулы қалған биесі –  
Сорлы болған ана екен.  
Өртенген елді меңгерген,  
Залым патша жау екен...

... Торғайда қазақ топтанып,  
Хан сайлады деген соң,  
Патшаға қарсы тұруға,  
Бел байлады деген соң.  
Қолдан бала бермеуге,  
Көнбей жатыр деген соң.  
Айтқанына болыстың,  
Ермей жатыр деген соң.  
Сұрағанын патшаның  
Бермей жатыр деген соң.  
Бір Құдайға сыйынып,  
Қарсыласпақ деген соң.  
Бір тілекке сыйынып,  
Қамшы баспақ деген соң.  
Сарпала туы салбырап,  
Қырға шықты деген соң,  
Көтеріліп, ұлғайтып,  
Шыңға шықты деген соң.  
Ел түйініп бірбеткей  
Қонысқа шықты деген соң...

Белгілі ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Оспанов Уақ Жұмабай ақынның тағы бір өлеңін Алматы қаласының тұрғыны 97 жастағы Мұқанов Смағұл деген ақсақалдың аузынан жазып алып, «Қостанай таңы» газетінің 2004 жылғы 19 мамырдағы номерінде жариялады.

Уақ Жұмабай Сыр өңіріне барған бір сапарында кіші жүз Алтын руының атақты байларының бірі Мәстек деген байдың үйіне түседі. Оны бай үйіне қондырмай, қуып шығады. Жүкең байдың қылығын бетіне басып, өлең шығарады. Бұл өлеңге қарсы жауап өлеңі жазылады, онда Торғайдың Есенгелді, Алтынсары деген байларының да қонақасы бермегендігі айтылады.

Есенгелді он мың қой біткен аса бай кісі болса, Алтынсары кәдімгі шынжыр балақ, шұбар төс, қазақ тарихында өзіндік орны бар батыр, би Шегеннің кенже баласы.

Алтынсары Жұмабайды шақыртып: «Ал, енді осыған бүкіл кіші жүздің баласы сусындайтындай жауап қайтар!»-дейді. Сондағы Жұмабай ақынның шығарған өлеңі:

Әркім де сиынады Алласына,  
Әйтiмбет хат жаздырған молдасына.  
Хат келдi хабарский Қармақшыдан,  
Болыстың Тосынский жорғасына.

Бұл хатқа жауап бермей болмайды жөн,  
Ауруға іздеп алған табылмайды ем.  
Өнерде өрен жүйрiк тұлпар едiм,  
Сөйлеймiн сөз сөйлесем жаңылмай мен.  
Қадiрлер Алтын, Жаппас, Бай баласы,  
Орынбор, Семейде жүр айналасы.  
Алтынның жақсысына сөз жазып ем,  
Бай Мәстек бермедi деп қонақасы.  
Бұл кезде халқың-тары, жорған-тауық,  
Жорғаңның жұрт үстiнде сыбағасы.

... Табылар iздегенi өлмегенге.  
Көп алтын аруағына бас ұрамын,  
Жұмысым жоқ татулық сүймегенде.

Рас па, «Мәстек–мырза» деген сөзiң,  
Мәстектiң «мырзалығын» көрдi көзiм.  
Мәстегiң жiбiмейтiн қатқан торсық,  
Алтын ед, исi шығып кеттi борсып.  
Үйiне барса қонақ қондырмайды,  
Түсе алмай жақсы адамдар жүргенi ұрсып.

Әуелден кiрiсiпсiз қиянатқа,  
Бiрталай өтiрiк сөз жазып хатқа.  
Қой сатып жәрмеңкеден аламын деп,  
Мырзаңыз Әйтiмбет бай мiнген атқа.  
Кездесiп бiр малайға жүрiп кеткен,  
Жолықпай Алтынсары деген қартқа.

Алтекең бәйгi бермес ол бiр жүйрiк,  
Қорғанбек, Дәуренбекпен қанат, күйрық.  
Баласы Арғын-Қыпшақ қол қусырар,  
Үйiнде жатып егер қылса бүйрық.

Жанымбет арғы атасы Мұса, Шеген,  
Олардай бар ма сенiң аумас кемең?!  
Ол дағы бiр құдайдың исi шығар,  
Асабас Әйтiмбеттен десең төмен.

Дәубайды бiлемiсiң сен бейшара,  
Ұрпағы ер Жәнiбек шыққан дара.  
Он төртте хакiм болып ел билеген,

Келеді бір сүрінбей жалғыз қара.

Үшеуі Қорғанбектің гауһар, жаһұт,  
Ішінен орта жүздің туған артық.  
Дұшпаны ерегескен қауіп етер,  
Алыстан алады деп еппен тартып.

Әбдібек бәрінен де сөзге жүйрік,  
Табылмас ол ауылдан кем мен кетік,  
Ахмет народный сот болып тұр,  
Барады кейінгілер одан да өтіп.  
Мысықтай жаурыныңды күдірейтпе,  
Таудағы арыстаннан талап етіп.

Қажыға тіл тигіздің қағба барған,  
Айналып байтолладан сабақ алған.  
Зиратын Мұхаммедтің көрген жан жоқ,  
Құл болсаң бір құдайға деме жаман.

Меккеге жете алмай жүр біздің қазақ,  
Байлары Мекке бармай тартар азап.  
Пейіштен иманды құл орын алар,  
Бар дейді имансызға жеті тозақ.  
Көңілім бұл сөзіңе ауырады,  
Мекке мен Мәдинаны қылдың мазақ.

Молдеке, осы сөзің болды қиын,  
Көп адам іздеп кетті-ау хақтың үйін.  
Құдайым, сабырменен берсе абырой,  
Тас иіп, шешіледі темір түйін.

Биыл да он бес кісім қағба кетті,  
Баруға әр пенденің күші жетті.  
Мойнынан бес парызын түсірмеген,  
Мақтайсың Мәстекпенен Әйімбетті.

Тілесей егер иман жаппар хақтан,  
Сауапты әулиелер іздеп тапқан.  
Қолына бір жаманның түссе гауһар,  
Бағасын білмей оның мысқа сатқан.  
Өзіңе осы өлеңің қанша лайық,  
Біреудің молдасы едің дәріс айтқан.

Молдеке, қатарыңнан тудың пысық,  
Басайын екпініңді жүрсең ісіп.  
Арқаға кімнің арын арлай кеп ең,  
Бауырың Сырда жатыр қара күшік.

Алааяқ бәйге бермес мен бір шұбар,  
Ежелден жігіт едің сөзге құмар.  
Бермесе Есенгелді бермегені,  
Алдыңа сараңдығың келген шығар.

Жорғамын жолға түсіп самғайтұғын,  
Бәйге аты серпініндей шалмайтұғын.  
Ежелден бәйгі бермес көкайылмын,  
Илеуге екі күнге болмайтұғын.  
Қырымнан көретұғын қыран құспын,  
Аң алмай, сірә жерге қонбайтұғын.  
Шабысым Көрғұлының кер атындай,  
Алдыма жүгірсе жан салмайтұғын.

Бұл сөзім көп ұзамай болсын қысқа,  
Арғыннан алатұғын әркім нұсқа.  
Иесі бұл қағаздың мен–Жұмабай,  
Тұрағым Торғайский облыста.

***СЕЙДАХМЕТ БЕЙСЕНҰЛЫ***  
***(1841-1914)***

Уақ Жұмабай ақыннан кейінгі Торғай дәстүрлі ақындық мектебін қалыптастырушылардың бірі ретінде Сейдахмет Бейсенұлының есімін ерекше атауға болады. Торғайдағы ақындық мектептің негізін салып, оның көркемдік дәстүрін дамытуды Сейдахмет ақын шығармашылығының да маңызы зор.



Ақын Сейдахмет Бейсенұлы 1841 жылы қазіргі Қостанай облысы, Арқалық ауданына қарасты Қайыңды ауылында дүниеге келіп, 1914 жылы қайтыс болған.

Сейдахмет ақын өлеңмен сурет салады. Образбен сөйлейді. Адам характерін жасауда ол өзі тұстас ақындардың қай-қайсымен де таралғысы тең түсіп отырады. Кейде Махамбетше, аузынан от шашырата үстем тап өкілдерін өкірте сынаса, бірде Шернияздай ащы сарказмды қолданады. Қолма-қол, ауызба-ауыз айтысқа келгенде Шөжедей тапқыр, Орынбайдай орнықты сөйлейді. Кейде Базар жыраудай төгіп-төгіп алып, өлеңнің әдемі топшылы түрін жасайды. Сондықтан болар Ахмет Байтұрсынұлы Сейдахмет ақынды жаттап өскен, дарынына тәнті боп бас игенге ұқсайды [3, 31 б.].

Торғай, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе өңірлеріне “Тағат Сейдахмет ақын” деген атпен белгілі Сейдахмет Бейсенұлының шығармалары Торғай ақындық мектебінің басқа өкілдеріне қарағанда, XIX ғасырдың өзінде баспа бетін көрген. Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясында” ақынның “Бір нашардың Әділ төреге айтқаны”, “Сейіт-Ахмет деген жігіттің ғашығына айтқаны” атты өлеңдері жарияланған. Осы жерде айта кетерлік тағы бір қызғылықты мәселе, жергілікті журналист Бөгетбай Әлмағамбетов “Торғай таңы” газетінде жарияланған “Тағат Сейдахмет ақын” атты мақаласында Сейдахмет пен Ыбырайдың төс түйістірген дос болғандығы, Ыбырай қайтыс болғаннан кейін, оның кіші қызы Шәрипаны Сейдахмет ақынның өз қолынан жасаулап ұзатқандығы туралы деректер келтіреді [13].

Сейдахмет ақынның есімі Ахмет Байтұрсынұлының ұлы Абай туралы жазған “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласында да ұшырасады. Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш” еңбегінде Сейдахметтің “Мінажат” өлеңі мен жоғарыда аталған, ғашық қызына арнаған өлеңін мысал ретінде пайдаланған [4].

Сейдахмет Бейсенұлының шығармашылығын зерттеумен Сабыр Шәріповтің де айналысқаны туралы дерек бар. “Лениншіл жас” газетінің 1969 жылғы 29 наурыздағы санында сол кездегі Гурьев мемлекеттік педагогика институтының орыс, қазақ және шетел әдебиеттері кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ермек Өтебаевтың “Жазушы папкасындағы жырлар” атты мақаласы жарияланған. Ғалым бұл мақаласында белгілі жазушы Сабыр Шәріповтің өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісімен шұғылдана жүріп, көптеген қосалқы жайттарға, тың табыс, өнімді “олжаға” кездескенін айтады. Мұнда автор бірқатар ақындар мен шешендер сөздерінің жиналғанын әңгімелей келіп, мақаласының үштен бірін Сейдахмет ақынға арнайды. “Сабыр Сейдахметтің біраз өлеңдерін жинаған. Тегінде ол Сейдахметті қағаз бетіне толығырақ түсіру арқылы оның талантын да тани білген сияқты”, – дей келіп, ғалым С. Шәріповтің деректеріне сүйене отырып, ақынның туған, өлген жылдарын жорамалмен көрсетіп, “Сейдахмет сыншыл, бұқарашыл реалистік әдебиет өкіліне жатады” – деп баға береді [14].

Академик Қажым Жұмалиевтің “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті” еңбегінде Ыбырай Алтынсариннің ықпалында болып, онан үлгі алған ақындар қатарында Сейдахмет ақынның есімі де ұшырасады: “Алтынсарин оқытудан, мектеп жұмысынан бос кезінде халық көпшілігімен қоян-қолтық араласып, асқан кішіпейілділікпен олардың мұң-мұқтажына көңіл бөлумен қатар халықтың жуан ортасынан шыққан талант иелері, ақын, әр алуан өнерпаздардың өсіп ілгерілеуіне көмек көрсетіп, жетекшілік еткен. Күдері, Ақмолда, Сейдахмет, Нұржан т.б. ақындардың теріс бағытын оңға түзеуге көп кеңес береді... Көп ақындар Ыбырайды өздерінің рухани басшысы деп білген. Сондықтан да олар Ыбырайдың іс-амалындағы бұқарашылдықты, ел қамын сөз етіп, жұрт пайдасын ойлап, ел ортасындағы дау-шар мәселесіне турашыл әділдігін өз өлең, жырларына арқау етіп алған. Мысалы Сейдахмет өзінің “Бір нашардың әділ төреге айтқан сөзі” деген ұзақ өлеңінде бай мен кедейдің арасындағы дауға төреші болған оқымысты қазақтың әділдігі жөнінде айтылады” [15, 224-225 б.].

Сейдахмет ақынның шығармашылығы мен өмірі туралы жергілікті журналистер Н. Бектемісов пен Б. Әлмағамбетов республикалық, облыстық, аудандық мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, шығармашылығына кеңінен тоқталған. Филология

ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын Серікбай Оспанов та “Қостанай таңы” газетінде жарияланған “Ахметтің өскен ортасы” атты зерттеу мақалаларының топтамасындағы бір бөлімді Сейдахмет ақынға арнаған [7].

Сейдахмет ақынның қолда бар өлеңдеріне қарағанда, өлеңді ерте бастағандығын аңғарамыз.

Он үште топқа түсіп айқайладым,  
Жас күнде албырт қиял байқай ма алдын.  
Шоқ болып жүрегіне барып түстім,  
Жамылып шен-шекпенін шалқайғанның, -

дейді ақын. Ақынның өлең жазуды ерте жастан бастауына оның ескіше сауаттылығы да оң ықпалын тигізген сыңайлы. Ол “Оқуға он жасымда талап еттім”, – деп басталатын өлеңінде он жасынан бастап талап еткендігін ғана емес білімнің, оқудың пайдасын жете түсінгендігін, ізденіс, талпынысы мен білімге деген құштарлығын дәл бейнелейді.

...Оқуға он жасымда талап еттім,  
Баланы бұрын түскен қуып жеттім.  
Жыр, қисса-өлең кітап оқымауды,  
Басыма зор уайым, қайғы тұттым.  
Аз ұйықтап, аз тағам жеп ыждағаттап,  
Жанымды ізденіспен ренжіттім,  
Ойнақтап Ортекедей ойын салған,  
Алаңсыз, армансыз күн, қайда кеттің?  
Талпыныс, талаптылық қасиетті,  
Өзіме айнымастай тірек еттім.

Бұл өлеңнен біз Сейдахмет ақынның өз заманындағы кейбір ақындар сияқты құр ақындық таланттың буына семірмей, оқып-біліп, үнемі ізденгендігін, сол арқылы ақындық талантын ұштай түскендігінің куәсі боламыз. “Жыр, қисса-өлең кітап оқымауды, басыма зор уайым, қайғы тұттым”, – деген жолдар ақынның шығыстық қисса-дастандармен, сол кезеңдерде жарық көрген шығармалармен таныс болғандығын аңғартады. Бұл қисса-дастандар Сейдахмет ақындығының қозғаушы күші, тәлімгер ақындық мектебі ретінде қызмет атқарғандығы даусыз. Осылайша ескіше сауат ашқан Сейдахмет кейіннен Көртоғай болысының жарлықпен бекітілген (указной) молдасы қызметін атқарады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығында өмір сүрген Сейдахмет ақын шығармашылығының негізгі тақырыбы – ақ патшаның билік жүйесіндегі әділетсіздік. Бұл дәуірдің қазақ елінің саяси, қоғамдық өмірінде елеулі ерекшелігі барлығын айттық. Қазақ жері, халқы Орынбор, Сібір, Астрахан, Түркістан губернияларына бөлшектеніп, аға сұлтандық жойылған бұл кезеңде қазақ халқының өз атауы түгілі “Қайсақ” қосымшасы да алынып тасталып, ресми түрде қорлық көрсетіліп, “қырғыз” атанған. Губерния, уездерде орыс әкімі тағайындалып, жергілікті халықтың өкілдеріне болыс, ауылнайлық сияқты төменгі қызметтер ғана қалған. Оның өзінде отаршыл Ресей өкіметі “бөліп ал да, билей бер” саясатын қолданып, ел ішін бір-бірін күндеу, жағымпаздық сияқты жағымсыз әрекеттерді әдейі туғызып отырған. Онсыз да бір-бірімен бақталас, араз, жанжалдасып бірікпей отырған елді тізгіндеп ұстау жеңіл. Отаршылдық бұл арамза саясат өзінің ұлы жемісін берді. Қазақ қауымының бірлігіне, оның жауынгерлік рухына үлкен нұқсан келтірді. Бір кезде Жоңғар басқыншыларына қарсы отандық соғыста күш жинап, соққы берген, ұлан байтақ жерін азат еткен, тіпті Қытай әскеріне де соққы беріп, Үрімжіні басып алған қазақ елі, орыстың қарапайым қара шекпендісінен қаймығатын болды. Өйткені үкімі күшті заң соның жағында еді. Тіпті азулы болыс, билердің өзі орыстың бұзақы бас

бұзарына ауыз аша алмайтын. Бұл дәуірдегі қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайының картинасы Абай шығармашылығында кеңінен көрініс тапқандығы мәлім.

Түп негізі отаршылдық саясатта жатқан қоғамдық-саяси өмірдегі әділетсіздікті қазақ ақын-жыршылары әртүрлі түсінді. Мысалы Дулат, Мұрат, Шортанбай сияқты “зар заман” ағымының өкілдері отаршылдық саясаттың сырын тереңнен аңдап Ресей өкіметінен көрсе, Торғай ақындары бұл жағдайдың себеп-салдарын халықтың алауыздығынан, бірлік пен татулықтың жоқтығынан іздеді. Бұған патша өкіметінің күнделікті жүргізіп отырған аяр үгіті мен сұрқия насихаты да әсер етті.

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік бұзылуы қазақтың өз кінәсі деген түсінік пен ұғым осылай қалыптасты. Қазақ халқы алауыз, күншіл, надан деген түсінік біздің заманымызда да жоғалған жоқ. Мұндай әдет пен мінез ұлтымызға отаршылдық саясатпен сіңгендігін қаперде ұстауға тиістіміз. Мұны ХІХ ғасырдағы қазақ зиялылары Шоқан, Ыбырай, Абай және басқа да көрегендеріміз сол кездің өзінде сезіп, біліп, елді бірлікке, игілікке, адамгершілікке шақырған. Олар орыс білімі арқылы өркениетті елдердің ғылымы мен өнеріне қадам басты. Қазақ халқы ислам дүниесінің ғылым-білімімен қатар, дүние жүзінің өркениетіне ұмтылды. ХІХ ғасыр бізге осындай екі жақты ерекшелігімен сараланады.

Халқымыздың ойы мен сана сезіміндегі осындай өзгерістерді өз көзімен көріп, түйсініп, сезіне білген Сейдахмет ақын оның жағымсыз жақтарын, өз шығармаларында қатты сынады. Күншілдік, өсек-өтірік, ұрлық, басараздық, қулық-сұмдыққа қарсы күресті. Қоғамдық өмірдегі осы көрініп тұрған мерездерді сылып тастауға бар күшін салды. Өзі сөзімен де, ісімен де елге үлгі-өнеге берді. Жамандықтан өзі безініп, жұртты да бездірді, жақсылыққа, адамгершілікке ұмтылды. Өз басы адалдық, әділдік жолына қызмет еткен адамдарды қолдап, өнеге етті. Олардың ісін уағыздап, үлгілі, өнегелі істерге шақырады. “Қай жерде жақсы көрсем жанап өттім” немесе “Халқымның жолдас болдым ағасына, Бой да емес өңір де емес жағасына” деген жолдар осыны айғақтайды.

Ақын шығармалары әділетсіз төрелер, парақор болыс, билер мен дүмше молдаларды ащы мысқылмен сынауға бағытталған. Ол осы тақырыптағы өлеңдерінде бірде:

...Теретін жамандықты мен бір тауық,  
Екі адам араз болса, қылдым сауық,  
Екі араз татуласты деп естісем,  
Қалады көшім тоқтап, жүгім ауып.  
Бір адам жамандықты таста десе,  
Тұрамын шабаланып, иттей қауып...

немесе:

Атаңыз Тілеуліге харам жаққан,  
Кем емес барлығы да мал мен бақтан.  
Баласы ұрлық қылған бәрі де бай,  
Құдайым бұл кәсіптен мені қаққан, –

деген өлеңінде және Әмір Әбдіғапардың екі жігіті ұрлап салған малын іздеп, Әбдіғапардан қорыққан екі шалдың Сейдахметке өтініп “малымызды әпер” дегенде ақынның жазып берген өлең-хатында:

Арғыннан мал іздеген келді екі шал,  
Мінген ат, киген киім, бірталай мал.  
Арамнан жиіркенбес інім едің,  
Өлтіріп екеуін де сен тонап ал! –

деп ащы сарказм мен иронияны қолданса, тағы бір өлеңінде заман шындығын, қоғам көрінісін былайша суреттейді:

Болыстар ауылнай мен ұры қолдап,  
Кедейді арзандатты, байды бұлдап.  
Ұрылар екі қара ұрлап келсе,  
Береді әкіміне бірін сомдап.  
Ұрыдан малым шықты деп естісе,  
Келеді мал иесі әкімге аңдап.  
Жалынып малымды әпер деп отырса,  
Ұрыны қашырады өздері ымдап.  
Бетін басып “тап” деген балаларша,  
Біреудің біреу отыр көзін алдап...

Ақын өзі өмір сүрген замандағы ұрлық, паракорлық, әділетсіздік, қазіргі тілмен айтқанда сыбайлас жемқорлық, коррупция сияқты кеселді әдеттерді аяусыз сынай отырып өз қоғамының картинасын панорамалық сипатта суреттеген:

... Пұл болса ешкім бақпас жолдасына,  
Алданар арам дүние олжасына.  
Біреудің ұры, залым малын ұрлап,  
Сұрасаң бәле солар өз басыңа.  
Парық жоқ бұл заманның адамында,  
Бірінің бірі нанбас алласына.  
Қарсы дау біреу айтса соны тыңдап,  
Бақса да адам көз жетті оңбасына  
Пақырды міскінменен партия ғып,  
Береді садақасын қолқасына.  
Бұл сөзі Сейдахмет өтірік пе,  
Рас па салдым көптің ортасына.

Сейдахмет ақынның өзі указной молдалық қызмет атқарған, имандылық жолын ұстанған, намазын қаза қылмай өткен, діни сауатты кісі болған. Сондықтан да ел арасындағы надан, дүмше, арамза молдалар ақынның ащы сынынан тыс қалмаған. Бірде зекет жинай келген бір молда Сейдахмет ақынның малы жоқтығын біле тұра, оның зекет беруін талап етеді. Шариғат заңы бойынша қырық ұсақ малдан бір тұяқ діни орын-мешітке тиесілі екен. Сонда Сейдахметтің молдаға айтқаны:

Мүждаһит жоғарыдан келді бізге,  
Мың-дағы тоғыз жүзінші осы күзде.  
Үш тасид бұрынғы өткен иманда жоқ,  
Мұны тұт, баяндайын көңіліңізге.

Жоқ парыз бұрын да жоқ бізге салсаң,  
Малым жоқ беретұғын сөзге нансаң.  
Ішкен, жеген тамағым сайда жатыр,  
Қырық нәжістен бір нәжіс зекет алсаң.

Ақын заманындағы әлеуметтік теңсіздікке көп көңіл бөледі. Елді әділеттілікке шақырып, бұқарашыл пиғылда болып, қалың бұқара мүддесін көздейді. Ел өмірінің күнделікті өмірін тақырып етіп жырлаған Сейдахмет ақын арнау өлеңдер, толғау, термелер, мысалдар, жұмбақ өлеңдер жазған. Сонымен бірге поэзияның көлемді жанры – дастанға да қалам тербеген. Жасынан шығыс әдебиетімен таныс болған Сейдахметтің “Мың бір түн”, “Тотынама” сюжеттеріне құрылған “Махрума” және “Өнерлі уәзір” атты екі дастаны бар. Жоғарыда талдап көрсеткен өлеңдерінің тақырыбы мен шығыстық сюжеттерге дастан жазуы

Сейдахметтің ұлы Абаймен рухтастығын танытқандай. Аталған “Махрума” дастанында жақсылыққа жамандық жасап, өзін өлімнен азат еткен әйелді қорлыққа салған опасызға лағынет айтылып, ажарлы, ақылды, адамға мейірімі мол әйелдің қиындықты жеңіп, еркіндікке жеткені суреттелсе, “Өнерлі уәзір” дастанында мұсылман діні тыйым салған суретшілік өнер уағыздалады. Мұнда ақын өнерді игеруді насихаттаған.

Ақын аталған шығармалардан басқа кедейлік, жоқшылық тақырыбына “Байлар мен Таңатар”, “Сейдахмет пен кедейлік”, “Өкініш” сияқты жырларын арнаса, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы “Біз көрдік талай жанның қиянатын” қоғам өміріне өз көзқарасын білдіретін “Айна” сияқты жырларын жазған.

Сейдахмет ақындығының бір қыры мысал жанрынан да көрінеді. Бізге ақынның “Түлкі мен сауысқан” атты мысалы. Мысалдың негізгі сюжеті Крыловтың “Қарға мен түлкі” атты мысалына ұқсас. Алайда, Сейдахмет мысалының ерекшелігі түлкіден алданған сауысқан кейіннен түлкіні алдап қасқырдың апанына бастап апарып, қасқырға жем қылады. Мұндағы идея – “біреуге қиянат жасама, өз басыңа келеді” немесе “біреуге ор қазба, өзің түсесің”, – деген тұжырым. Сондықтан да Сейдахмет мысалы Крылов мысалынан анағұрлым мәнді де мазмұнды шыққан.

Сейдахмет ақын өлеңді жазып шығарған. Сонымен бірге барша қазақ ақындары сияқты суырып-салма импровизаторлығы да басым. Ақынның бұл қыры кейбір қағысуларынан анық байқалады. Күлік деген досымен ренжісіп қалғанда айтқаны:

Иілмей тас болғаннан сынған жақсы,  
Қасыңа пәле келсе тынған жақсы.  
Мінгенше жамандармен алтын таққа,  
Жақсымен бірге түскен зындан жақсы.

Дос емес дос сыртынан мақтамаса,  
Бір-бірін жамандықтан сақтамаса.  
Болса да бүгін тату, ертең араз,  
Достығы бүгінгінің тап-тамаша, –

деген өлеңінде ақынның импровизаторлық қасиетімен бірге философиялық ойлылығы, өз заманындағы достықтың жалтармалығын, баянсыздығына деген ирония да жатыр.

Жоғарыда айтылған ойымызды қуаттайтын тағы бір мысал оның Алтыбас Ақмолда ақынның:

Қолыма ойландым да қалам алдым,  
Бейрұқсат жазасы көп алған малдың.  
Аулыңа су берем деп шақырып әкеп,  
Сейдеке, бір түйемді ұрлап қалдың, –

деген сөзіне қайтарған мына жауабы:

Өлеңге бейқұттығым түйе малдай,  
Қайтейін ашыққан соң түйенді алмай.  
Таңертең, ерте тұрып жібергенде,  
Асушы ед алты қырдан бірі қалмай.  
Бұрынғы өтіп кеткен балалығың,  
Жүр екен әлі күнге естен қалмай.

Бұл өлеңде Сейдахмет ақынның кедейлігі, бұрынғы өз өнерінің арқасында ешнәрседен тарықпай өткен дәуренін аңсау сезімі байқалады. Шынында да, Сейдахмет қартайған шағында таршылық, жоқшылық бейнетін көреді. Оның бұл кезде жазған өлеңдерінің

көпшілігі жоқшылық, кедейлік тақырыбына арналған. Ахмет Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш” еңбегінде жариялаған “Мінажат” өлеңінде:

Құдай-ау мен не жаздым бұл заманға?  
Қадірің болмайды екен жұртқа әманда.  
Ел-жұрттың қасиетті жолы қалып,  
Болмай жүр еш қадірім бір адамға.  
Секілді ай мен жұлдыз аспандағы,  
Қажетің түссе егер бір наданға.

Бұл күнде іздеп тапқан кетті достар,  
Сұрасқан хал-ахуал, көңіл қоштар.  
Деміндей айдаһардың тартқан достың,  
Бірі жоқ осы күнде қолмен ұстар, –

деп қартайып, кедейленген шағында қадірінің болмай, бар кезіндегі, бай кезіндегі “айдаһардың деміндей тартқан” достарының сырт айналғанына қынжылады. Қарынының ашқаны емес, қадірінің қашқанына жылайды.

“Шағында жігіттіктің қонды бақыт, Дамылсыз үсті-үстіне кірген олжа”, – деп жырлаған ақын сал-серілік құрған күндерін аңсап, кедейлік пен жоқшылыққа налиды:

... Қолдағы аз мал кетті, бала есалаң,  
Кез болдым алпыс үште қалың сорға.

Үйіме қонақ келсе анда-санда,  
Қолыма мал түспейді қамдасам да.  
Әйтеуір жоқшылықтың жолы қиын,  
Қатардан қара басым қалмасам да.

Ақын кедейлігінен ұялмайды, атақ-даңқына қанық, оны қадір тұтатын қонақ келгенде, қазақтың қонақжайлылық салтын жасай алмағандығына, жомарт қолды жоқтықтың байлағанына күйінеді. Күйінеді де өзін-өзі өлеңмен жұбатады:

Кейде жоқ таба наным, кейде дайын,  
Мен – борсық семіретін ұрған сайын.  
Ат шөпке, адам тояр ықыласқа,  
Болсаң да бөрі құрсақ, қылма уайым.

Ақын шығармашылығы идеясының өткірлігімен, тақырыбының тереңдігімен ғана емес, көркемдігімен де құнды. Оның образды ойлау қасиеті жұмбақ өлеңдерінен айқын көрінеді. Алтыбас Бекентай деген ақынға Сейдахмет ақын мынадай жұмбақ жасырады:

Құдайым мұндай өнер берген оған,  
Мәнзалын мекен еткен лайлаған.  
Бөрі мініп, ешкі ертіп бір сағым зат,  
Келеді есек өңгеріп, түйе айдаған.

Қарсыласы бұл жұмбақтың шешімін таба алмайды да, Сейдахмет жауабын өзі айтады:

Қоянның құлағы еді мысалы есек,  
Ерінін түйе ерніне қылдым есеп.  
Төрт аяғы бөрінің аяғындай,

Құйрығын ұялмаймыз ешкі десек.

Содан соң екінші жұмбағын жасырады:

Ағаңда толып жатыр әртүрлі өнер,  
Мұны шеш дана болсаң сөзге шебер.  
Бір тыным мұны тапсаң алар едің,  
Бір нәрсе судан туып, судан өлер.

Бұған қарсыласы былай жауап қайырады:

Сөз шықпас жан қиналмай ауыз беріктен,  
Таппасам бұл жұмбақты болады өкпең.  
Су құйып егін ексе, бітік дақыл,  
Қала ма бір күн соққан қыркүйектен.

Алайда оның бұл шешімі дұрыс болмай, Сейдахмет жұмбақтың шешімін өзі айтқан екен:

Бекентай жақсы айтасың мына кепті,  
Не дейін, айта берсем сөзім көп-ті.  
Судан туып, суда өлген тұз емес пе,  
Егінге неге салдың қыркүйекті?

Сейдахмет ақын қарасөзге де шешен, тапқыр. Оның айтқыштығы жөніндегі көптеген әңгімелер ел ішінде әлі күнге дейін айтылып келеді. Бұл әңгімелер біздің жұмысымыздың зерттеу аясына кірмесе де, бір жағы ақынның талантын әр қырынан таныту мақсатымен, екінші жағынан шешендік өнер де әдебиеттің бір саласы болғандықтан, тоқталып өткенді жөн көрдік. Ақынның тапқырлық сөздері көбіне кедейшілікке, жоқшылыққа байланысты болып келеді. Ақынның “Қолдағы аз мал кетті, бала есалаң, Тап болдым алпыс үште қалың сорға”, – дегеніндей, кенже баласы Әлімжан қыдырымпаз екен. Оның қыдырымпаздығы сондай, ауылдың жанынан өтіп бара жатып, кездескен адамнан “біздің үй аман ба”, – деп сұрайды екен. Сейдахмет ақынның “Біздің Әлімжан қайда баратынын өзі де білмейді”, – деген сөзі мәтелге айналып кеткен екен. Сол Әлімжан айлап қыдырып үйіне келгенде, алдындағы асқа көңілі толмай, “ет жоқ па”, – деп ренжіген екен. Сонда Сейдахмет: “Әлімжан-ау, ет қайдан болсын, келмейді деген сенің өзің биылдыққа үшінші рет келіп отырсың”, – деген екен.

Тағы бірде үйге келген қонақтар құрауыз аттанып бара жатқанда, Сейдахметтің бәйбішесі ұялғаннан:

- Шай-пай ішпедіңіздер ме, – деп қалады. Сонда Сейдахмет:

- Бәйбіше-ау, ерте айттың ғой, қонақтар әлі үйден шыққан жоқ, отырып қалса қайтесің, – депті.

Бірәлі деген бай жомарт адам екен. Осы кісі Сейдахметпен сыйлас болады. Бірде Сейдахмет ақынның үйінде көже ішіп отырып:

- Мал басқа бітеді,

Қына тасқа бітеді.

Байлық ішіп-жейтін ерге бітпей,

Ішіп-жемейтін насқа бітеді.

Құдайда да әділдік жоқ-ау. Көжені мынадай ғып дәмді ұстайтын Сейдекеңнің үйіне бір үйір жылқы берсе қайтеді екен, – дейді Бірәлі. Сонда Сейдахмет тұрып:

- Берем десең бір үйір жылқы өзіңде де бар ғой, Бірәліжан. Құдай бермеген бір үйір жылқыны өзің беріп, сол құдайдың өзін бір ұялтшы, – деген екен.

Сейдахметтің мұндай шешендік сөздері мен тапқырлықтары өте көп. Ол да жеке зерттеуді қажет ететін бөлек мәселе.

### Замана ағымы

Ахмет, бейшарасың сөзге жазған,  
Бола ма арық өзен қолмен қазған?  
Балпылдап қартайғанша сөз сөйлейсің,  
Көріксің сен бір ескі, көні тозған.  
Бұл заман қайсы заман, көзіңді сал,  
Бәйге аттан ерен жүйрік байтал озған.  
Егер де махаббатың түссе күңге,  
Біреудің қарқаралы артық қыздан.  
Қарасаң бұл дүниенің пендесіне  
Мал тәтті, туысқаның ащы тұздан.  
Бәрі де жақсылардың ұры қолдап,  
Қараға көп ант берді ақылсыздан.  
Қараға ант бермеген жан қалған жоқ.  
Азғындық алдық тілеп қолымыздан.

\*\*\*

Би, болыс, ауылнай мен ұры қолдап,  
Кедейді арзандатты, байды бұлдап.  
Көрінбей мың қарасы ұрлық қылып,  
Байлар да боғын езді – ау екі қолдап!  
Ұрылар екі қара ұрлап келсе,  
Хакімге береді екен бірін сомдап.  
Егер де малың шықты деп естісе,  
Келеді мал иесі хакімге аңдап.  
Ұрыдан малымды әпер деп отырса,  
Ұрыны қашырады өздері ымдап.  
Бір кісі қашты ұры деп хабар берсе:  
«Мықтармын, бәлем, сені, - дейді екен, - қап!»  
Бәрі де хакім жишіл бұзық болып,  
Байдан қайыр, бақырдан кетті – ау нисап!  
Бетін басып «тап» деген балаларша,  
Біреуді біреу отыр көзбен алдап.

\*\*\*

Деп ойла жауға ұмсынсаң, өлім жақын,  
Аз ғой деп дау қомсынсаң кетер хақың.  
Байлардан бір – бір семіз міне шапты,  
Штатта мен секілді әр қу тақым.  
Егескен партия боп полтерепке,  
Қазаққа бермесе екен мәслихатын.

Мал бітсе бір адамға көре алмадым,  
Жоқ болып, мұқтаж болса бере алмадым.  
Көңілім нені көрсе соған ауып,



Ауыспай бір қалыпта тұра алмадым.  
Біреуге жамандыққа көсемдік қып,  
Пайдамды біреу айтса, тіл алмадым.  
Біреудің бір жұмысы түссе екен деп,  
Секілді қызыл түлкі бұлаңдадым.  
Мал сойғым нашарларға келмесе де,  
Бұйрықсыз Хақтан нәрсе қыла алмадым.  
Құдайдың бергеніне қанағат қып,  
Ынсапқа шүкір етіп кіре алмадым.  
Өз көңілім биік таудан асқым келді,  
Тау түгіл, белеске де шыға алмадым.  
Меңзедім қайратымды арыстанға,  
Белдесіп көбелекті жыға алмадым.

\*\*\*

Теретін жамандықты мен бір тауық,  
Екі адам араз болса, құрдым сауық.  
Жамандық бейне мысал – ешкі қотыр,  
Қоямын қасып – қасып ауық – ауық.  
Іс келсе көңіліме бір жамандық  
Айтамын сөз қуғанға шыға шауып.  
Бір адам жамандықты таста десе,  
Тұрамын шабаланып, иттей қауып.  
Екі араз татуласты деп естісем,  
Қалады көшім тоқтап, жүгім ауып.  
Мұштаран көпке бірдей бір сөз болса,  
Адамын меншіктеген алар тауып.  
Бұл мінез сенде де бар, Сейдахмет,  
Кетпесін ешкім талап, жала жауып.

\*\*\*

Атамыз Тілеуліге харам жаққан,  
Көбісі ұрпағының соны баққан.  
Баласы ұрлық қылған бәрі де бай,  
Құдайым бұл кәсіптен мені қаққан.  
Солардан қақтықтырып алып шығып,  
Бір қалың кедейлікке қуып тыққан.  
Не түрлі күшім келген еттім талап,  
Белгі жоқ етегімде бірі жұққан.  
Адамға шайтан – лақпа таласы бар,  
Егер де сақтамаса бәлесі бар.  
Сақтауға Хақ тағалам әмір етсе,  
Қалса да тау астында қаласы бар.  
Кім ойлар қатарынан қаламын деп,  
Құдайдың өлшеп берген шамасы бар.  
Азбаған ел адамы жалғыз – жарым,  
Үй басы азған елдің ағасы бар.  
Кей адам үйде отырып орныға алмас,  
Артында сөз тиеген шанасы бар.  
Кейбіреу құйып берер шалабы жоқ,  
Аузында арақ құйған сабасы бар.

Сырты бар кейбіреудің айдан аппак,  
Ішінде сауысқандай аласы бар.  
Дүниеде Тақ Сүлеймен мұңсыз десең,  
Оның да перзент үшін санасы бар.  
Ас таппай қазанына тас қайнатқан,  
Ғалы аты Әбутәліп баласы бар.  
Біреудің ғашық болған ләззат шағы,  
Біреудің жазылмайтын жарасы бар.  
Терісі кей адамның тесілмейді,  
Ішінде қылыш, найза пәлесі бар.  
Байдан қайыр, бақырдан нысап кетіп,  
Әншейін мұсылмандық жорасы бар.  
Мұсаніп тәсініптей болмағанмен,  
Сөзінің Сейдахмет расы бар.

\*\*\*

Ақымақ өз білгенін жөн көреді,  
Бір бейнет ақылы кем өңгереді,  
Басында бір тиындық пайдасы жоқ,  
Біреуге мір оғындай тіл береді.  
Біреудің малы көп те, қайыры жоқ,  
Қызықты көрер көзге бұл көреді.  
Біреудің ұлы да жоқ, қызы да жоқ,  
Береке екеуіне құр береді.  
Кей байлық қызғалдақтың ғұмырындай,  
Біреудің ғұмырына шын береді.  
Дәулеттің Құдай берген қызығын көр,  
Бір өлсе дүниеге кім келеді?  
Момынның биік адам ақысын жеп,  
Дейтұғын бас адам жоқ теңгереді.  
Бейшара қолы жетпей ақысына,  
Кісідей әкесі өлген күңіренеді.

\*\*\*

Денсаулық қалды, бала қадірін біл,  
Кей адам өзі биік, ісі жеңіл.  
Кейбіреу ұрлық қылып, мал төлейді,  
Пайдасы біреудікі, содан түңіл.  
Кей адам аялының артын жалдап,  
Оны да қылды пайда бірнеше жыл.  
Пара жеп қорғаламақ болған хакім,  
Сөз айтпас жүйрік аттай бір қарашыл.

Сөзі бар кей адамның ащы тұздай,  
Көңілі кей адамның қатқан мұздай.  
Хақ берген кей адамның мінездері  
Жаңадан келіншек боп түскен қыздай.  
Таласып екі жақтан партияға,  
Бейшара шаруаны қылды созбай.  
Қаралай екі жақтан қағаздасып,  
Біріне – бірі талас, біреуі озбай.  
Екі нар арасында шыбын өлген

Секілді жүрді нашар жылап, боздай.  
Көрісіп үй басына жүретұғын,  
Баяғы қайда күнім мамыр қаздай?

Байлар да мақтанатын ақшасына,  
Бәйбіше мақтанатын боқшасына.  
Аузына насыбайын салып құмар,  
Олар да мақтанып жүр шақшасына.  
Азырақ сырты сұлу болса егер,  
Мақтанды қыз – келіншек нұсқасына.  
Өнер деп пышақ, шақпақ соққандар да  
От шашқан мақтанбай ма ұстасына.  
Құдасы бұрынғының малшы баптау,  
Өзінің қарамапты тұстасына.  
Бір күні бұл да дұшпан болады деп,  
Айтпайды ешкім сырын достасына.  
Рас па осы сөзім, өтірік пе,  
Мінекей, салдым көптің ортасына.

\*\*\*

Сыпайы бойын тартар мақтағаннан,  
Тапты екен қанша залал даттағаннан?  
Жақсылардан дәметіп бір қалмайды,  
Абайлап жан – жағынан қапталдаған.  
Айдынды әр уақытта көл азбайды.  
Артыңда қалған асыл сөз азбайды.  
Айтысқан бір – бірінің хатын күтіп,  
Шығысқан жолдасымен ер озбайды.  
Дос емес, досын сырттан жамандаса,  
Несі дос бір қатаны жаба алмаса?  
Тұлпарға топтан озған мәстек әуес,  
Қан түсіп аяғына шабандаса.  
«Жарайды, мырза жігіт, пәлі!» - дерсің,  
Нысана атқан оғы жоғалмаса.  
Дегенмен хан баласы жұрт мақтамас,  
Аяғын түзу басып жүре алмаса.  
Дегенмен қу қазанат неге керек,  
Шабылып, топқа түсіп сыналмаса.  
Қайырылып құс келеді қанаттауға  
Бұтақтап бала қайың жуандаса.  
Тазы да құмарланып түлкі шалмас,  
Құмайдан әуел баста туа алмаса.  
Адасып жаман бала қалар жолда,  
Өлген соң ата жолын қуа алмаса.  
Қараны көрінбеген болжау қиын,  
Белеске биік – биік шыға алмаса.  
Айтады ер деп халық оның несін,  
Жаяуға аттың басын бұра алмаса?  
Орнымен олжа салған қырандар бар,  
Жарасар қанша оны тұмарласа.  
Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,  
Шын болат иілгенмен саз болмайды.

Ит үрер жақсыға да, жаманға да,  
Сары алтын қалыбынан қозғалмайды.  
Тар жерде қолдың ұшын бермек түгіл,  
Жамандар басын бақса аз болмайды.  
Пиғылы жамандардың қараңғылық,  
Тұрса да шілде түсіп жаз болмайды.

### Сейдахмет ақынның өзінің жастық шағы туралы өлеңі

Әуелі туғаннан соң бірге жеттім,  
Еңбектеп екі жаста төрге жеттім.  
Үш пенен төрт жасымда тілім шығып,  
Шүлдірлеп, ата – анамды ермек еттім.

Бес жасқа келгенімде ойын білдім,  
Көңілді ойынменен тойындырдым.  
Алтыда балалармен асық атып,  
Ойыннан қалғанымды уайым қылдым.

Келгенде жеті жасқа айла білдім,  
Сегізде залал менен пайда білдім.  
Тоғызға толғанымда молда көрдім,  
Әкенің күшіменен зорға көндім.  
Үйреніп әліп, биді, әптиекті,  
Айналып келесі жыл онға келдім.

Оқуға он жасымда талап еттім,  
Баланы бұрын түскен қуып жеттім.  
Бір бала өзімменен қатарласса,  
Басыма зор уайым, қайғы тұттым.  
Айтса да жас бала деп бөтен қазақ,  
Телегей өзімді – өзім дара білдім.

Он үште араб көрдім, түркі танып,  
Үйрендім арманымды жаныма алып.  
Молламыз әр тараптан жол көрсетіп,  
Түсірді мұқтасарға алып барып.

Он төртте шарифатты араладым,  
Қолыма дәріс алып, шамаладым.  
Қарамай алды – артыма оқи бермей,  
Қолыма қағаз алып, қарайладым.

Жел кірді көңіліме он бесімде,  
Айдады еріксіз – ақ бел нәсібі.  
Бұл күнде ойлағанның бәрі қызық,  
Түседі істегенім енді есіме.

Он алты, он жетінің бәрі қатар,  
Жаманның қайда барса таңы атар.  
Елдегі мен тәуірмін дегендермен,  
Ат мініп, тізгін түйіп еттім сапар.

Он сегіз, он тоғыздың бәрі бірдей,  
Шегініп қалғаным жоқ топқа кірмей.  
Өзіммен заман құрбы сөз сөйлесе,  
Бәрі де қалушы еді бәйге көрмей.

Сонан соң келдім тағы жиырма жасқа,  
Көңілде еш нәрсе жоқ қыздан басқа.  
Жігітті сақал шыққан шал деуші едік,  
Айпырмай, бұл айтқаным келді басқа.

Артынан таяу келді жиырма бес,  
Жеткенде жиырма беске қалмайды ес.  
Тазыдай асыраған аузын ашып,  
Таң атса бозбалаға болмайды кеш.

Артынан келді жетіп жаңа өмір,  
Кетпейді көкіректен сонда да қыз.  
Құда – еке, иегінді тарт дегенде,  
Қадалды жүрегіме сонда бір мұз.

Ұйқы тоқта үйірілер отыз жеті,  
Көрінер ар жағынан қырықтың шеті.  
Ағалар, бұл дүниеде күліп – ойна,  
Жалғанның ойнап – күлмек ғанибеті.

Жігіттің орта жасы қырық болар,  
Қырықтың арысында парық қонар.  
Бұл кезде қатын менен балаң болар,  
Бір басың ортасында шарық болар.

Көреміз одан ассақ елу деген,  
Ой жоқ – ты жаста бұған келу деген.  
Алпыс бес ар жағында таяу келсе,  
Көңілге сонда түседі өлу деген.

Желкеңнен жетпіс келіп басып тұрар,  
Аялсыз жан бейістен асып тұрар.  
Қапастағы торғайдай көңілің де,  
Біле алмай не қыларын жасып тұрар.

Ой бар ма көрем деген сексен тіпті,  
Көрмейміз қарасақ та жеген етті.  
Ағалар, бұл сөзімді бекер деме,  
Бұрынғы жасағандар бәрі бітті.

**Сейдахметтің өз өміріне өкініш өлеңі**

Ойнақтап ортекедей жүрген күнім,  
Қызығын арам нәпсі көрген күнім.  
Өнер мен қызыл тілдің арқасында  
Соңымнан қыз – бозбала ерген күнім.  
Ақшадан қыпын ердің терген кезең,  
Түрлі мал келуші еді кезек – кезек.  
Қаншама дүние, пайда жиналғанмен  
Қу нәпсі толмақ түгіл, тоймайды өзек.  
Өнердің әрбіреуін шалықтата  
Кететін бала қайда, артын түзеп?  
Бір шақта әрбір іске болдық жорға,  
Сабыр мен рақым шыққан біздің қолға.  
Күніне үш теңгелік пайда келсе,  
Жабырқап оны да әрең алдық қолға.  
Қолдағы аз мал кетті, бала есалаң,  
Кездестім алпыс үште қалың сорға.  
Бір кезде қыли түспес қыран едік,  
Түскендей болып тұрмыз биік торға.  
Шағында жігіттіктің қонды бақыт,  
Бұл күнде ханнан кеткен алтын тақыт.  
Кезінде қыз – бозбала соңыма еріп,  
Жарқылдап домбыра алып жүрген уақыт.  
Бір күні үсті – үстіне түскен оба,  
Бұл кезде басымыздан өлді бақыт.  
Қолыма шай, пұл келсе қуанамын,  
Секілді қолға түспес бейне жақұт.  
Бір шақта әрбір іске болдық таныс,  
Не жақсы дегендермен сөйлей алып.  
Отыз бен жиырманың арасында  
Болушы еді қалың малдай әрбір табыс.  
Пақырың ұзақ – ұзақ күтуші еді,  
Қалса да неше ұстар атаң жарыс.  
Қайдасың шыққан атым арыстандай,  
Жау көрсе жағаласып қарысқандай.  
Желіккен жігіт көңілім, сен қайдасың,  
Аспанда ұшқан құспен жарысқандай?  
Жүгірткен қасиет орта табаным – ай,  
Қозғалмай көп мал өнген заманым – ай.  
Барасың барың кетіп, ұшпа бұлттай,  
Болмады саған қылар амалым – ай.  
Өлімнің өлшемі жоқ кезі болды,  
Жас жетті алпыс үшке саналып ай.  
Мен барып енді қайдан сый аламын.  
Мынау шал тамақ іздеп жүр дей ме деп,  
Жүруге аз жұмысқа ұяламын.  
Қолымнан тұрымтайдай түк келмейді,  
Алашқа ой мазасын шаға аламын.  
Байиды залымдықпен ұры нағып,  
Кетеді ішкен асы судай ағып.  
Аспас деп төрт адамның ізгілігін,  
Имамадар пәтуа қылып кеткен салт.

Біреуі әкі адам, оны кім жеңген,  
Біреуі шаруа байы, малын күткен.  
Біреуі тұр саудамның саудагерлік,  
Біреуі қолөнерді кәсіп еткен.  
Әкімнен екі даугер таппай сұрап,  
Мал қалыс, байлар беріс күнде бір ат.  
Бай сараң, әкім жымқыр деп айтады,  
Өз мінін көрген бар ма, біліп ұят?  
Сұрайды саудагерден қалай басын,  
Біледі ол қылықтың жарамасын.  
Ат сатып, атын майлап, азық жалдап,  
Жүр екен неге тастап ата – анасын?  
Ұстаның қанша жерге қолы жетер,  
Болса деп өз жанынан үміт етер.  
Әкелген көмір – темір, күмісі жоқ,  
Кетеді кінә қойып оған бекер.  
Бешпет – шалбар шығыпты қынамалы,  
Жігітке қатпа киім ұнамады.  
Сары жез самаурыны тағы шықты,  
Мәшине, шүмегі бар бұрамалы.  
Ыңқылдап бір баланың басы ауырса,  
Бөтен ем шайдан басқа сұрамады.  
Халықтың, бәрежелді, тапқан емі,  
Қалған ба ата – мұра жаққан емі?  
Бір мәстек, жалғыз сиыр ұйыла қалса,  
Асылы ойында жоқ малдың кемі.  
Кәсіп жоқ, береке жоқ осы кезде,  
Тозуға жақындады жұртың көбі.  
Қор болған бұл жалғанда алты нәрсе,  
Сенерсің алтауына көзің көрсе.  
Әуелі қор болғанның бірі – билік,  
Тұрады қанша ол да ақша берсе.  
Туралап жалғыз айтар әділдік жоқ,  
Жүгініп екі кісі қатар келсе.  
Қор болған екіншіде – сопы жолы,  
Бұл жолды ұстаушы еді ердің зоры.  
Алыптың атын ... надан ойы.  
Қорқамын бола ма деп оның соры.  
Сопылық Қап тауынан ауыр еді,  
Теп – тегіс жетіп кетті жұрттың жолы.  
Қор болған осыншама кермен шайы,  
Хан, төре шобыр еді мырза мен бай.  
Бұл күнде төрелер мен мырзалардай,  
Алдың шығып кетті пақыр, малай.  
Қор болған төртіншісі – кебіс, мәсі,  
Қарт руым киюші еді, толған жасы.  
Тақуа, ғалым, захит, ишандай – ақ,  
Оралар киіп кетті, аққа қасы.  
Қоймады онан алып қатын киім,  
Құрыды соныменен кеміп басы.  
Қор болған бесіншісі – сұлтан, төре,  
Көрген жан тұрушы еді, аяқ өре.

Бір адам сұлтанмын деп елге келсе,  
Ат беріп барушы еді жүзін көре.  
Хан туы жығылған соң шөгіп жатты,  
Қайранда қайрандаған болып кеме.  
Бұл күнде әр адамның жолында жүр  
Жібектің жетіміндей тозған көне.  
Қор болған алтыншысы – күрес, ақыл,  
Қазақ жүр рас сөзден болып қапыл.  
Адалдың ақ жолдасы деген мысал,  
Дүзу мұз арам түгіл хаққа мақұл.  
Жігітте ашамайың келсе тура, сойыл  
Болармыз ақыретте әлі – ақ пақыр.  
Бұл күнде шын асылдың бағасы жоқ,  
Жүйріктен мәстек озды тамаққа тоқ.  
Қартайды батырларым, ашу жайлап,  
Дұшпанға мылтық сілтеп, кезеген оқ.  
Аузына құс тістеген бүркіт – тағы,  
Басынан бақыт тайса, тарқайды топ.

### **Ғибрат**

Ізі бар ата мирас ел азбайды,  
Көзі бар айдын – шалқар көл азбайды.  
Жамағат мезгілімен пайдаланса,  
Көк майса, бетегелі бел азбайды.

Сақтаса, алтын түгіл жез азбайды,  
Бір қалған даналардан сөз азбайды.  
Бірлікпен, ынтымақпен еңбек қылып,  
Сыйласқан жолдасымен ер азбайды.

Патшасы әділ болса – ел азбайды,  
Баласы адал болса – кәрі азбайды.  
Өңгіме – туралықта, дұрыстықта,  
Ұстаса мұқияттап – бәрі азбайды.

### **Мінажат**

Құдай – ау, мен не жаздым бұл заманға?  
Қадірің болмайды екен жұртқа әманда.  
Ел – жұрттың қасиетті жолы қалып,  
Болмайды еш қадірім бір адамға.  
Секілді ай мен жұлдыз аспандағы,  
Қажетің түссе егер де бір наданға.

Үйіме келсе мейман анда – санда,  
Қолыма мал түспейді қамдасам да.  
Әйтеуір мұқтаждықтың жолы қиын,  
Қатардан қара басым қалмасам да.



Құдайы қонақ келсе ұяламын,  
Тілегім қабыл емес зарласам да.  
Бір күнде іздеп тапқан кетті достар,  
Сұрасқан хал – ахуал көңіл қоштар.  
Деміндей айдаһардың тартқан достың  
Бірі жоқ осы күні қолмен ұстар.  
Қатқан соң қабағына қар менен мұз  
Қалды ғой қараса алмай қыран құстар.

### **Дос емес досты сырттан жамандаса**

Дос емес досты сырттан жамандаса,  
Несі дос бір қатаны жаба алмаса?  
Тұлпарға топтан озған мәстек әуес,  
Қан түсіп аяғына шабандаса.

«Жарайды, асқан жігіт, пәлі!» - дерсің,  
Нысана атқан оғы жоғалмаса.  
Дегенмен хан баласы, жұрт мақтамас,  
Шабылып топқа түсіп сыналмаса.  
Қайырылып құсы келер қонақтауға,  
Бұтағы бала қайың жуандаса.  
Айтады ер деп халық оның несін,  
Жаяуға аттың басын бұра алмаса?  
Бола ма азамат деу кей жігітті  
Мүскінге көмек, жәрдем бере алмаса?  
Орнымен олжа салған қырандар бар,  
Жарасар қанша оны тұмарласа.

### **Ахметке арнау**

... Елетпей көкөрімдей балғындығын,  
Танытқан таңғажайып алғырлығын.  
Әдейі Ахметке өлең арнап,  
Қолыма домбырамды алдым бүгін.

Зейінді зердесінің ұясы бар,  
Құдайдың құт әкеліп құя салар.  
Ғылымның жан білмейтін құпиясы  
Басына баянды етіп ұя салар.

Өлеңді бұғалыққа бағынбаған,  
Толқындай бұйраланып ағындаған,  
Ақыннан Жұмабайдай фатиха алды,  
Құранның шындығындай дарынды адам.

Бақ қонды оннан жаңа асқаныңда,  
Асарсың өнердің сан асқарын да.  
Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен,  
Жұлдыз боп қазағымның аспаныңда.

## Көш, күлапсан, көш!

Біз келдік Күлапсанды көшірерге,  
Қарасын, Алла қосса, өшірерге.  
Күлапсан, бұл кісінің жарасы бар,  
Иншалла, сәтін салса дауасы бар.

Лұқман дертке шипа, дәру еткен,  
Құдайым оны өзіне жақын еткен.  
Иншалла, Күлапсан деп біз көшірсек,  
Бұл кісі шипа болар ғапылеттен.

Күлапсан, көшер болсаң қалаға көш,  
Құба жон, алыссынсаң далаға көш,  
Таппасаң одан жайлау, мен айтайын,  
Алмаған ата тілін балаға көш.

Күлапсан, көшер болсаң азбанға көш,  
Азбанды алдарқатқан жазғанға көш.  
Арасын екі ауылдың ушықтырып,  
Діні мен абыройдан азғанға көш.

Күлапсан, бола берме менімен қас,  
Берермін құр қуырып бидайдан ас.  
Таппасаң жанға жайлау, мен айтайын,  
Алдыңда Аябек тұр қойдан жуас.

Құрғаным Күлапсанға ала шатыр.  
Ішінде алпыс жасар бала жатыр.  
Күлапсан, көшпесіңе қоямыз ба,  
Көндіріп көшіреміз, қара да тұр.

Ауылы Нағызқанның шетте болар,  
Қонбаған шығар шетке текке бұлар.  
Бар да қон Нағызқанның қатынына,  
Сірә да соқпай кетсең өкпе қылар.

Одан көшсең – Жанқара жорға төре,  
Ол да осындай кез болсын сорға төре.  
Әр мүшесі көнектей жара болып,  
Шыға алмай, үйге сисін зорға төре.

Мұнан көшсең Нұрымбет, Маубасқа бар,  
Өсек пен қулық – сұмдық сөз басқарар.  
Еліктемей солықтап жүруші еді,  
Әлжан, Танаш бәріңді жолдас қылар.

Мұнан көшсең кер жалқау Баяу жатыр,  
Арада бір – ақ көң бар, таяу жатыр.  
Бар да кір іс – місің жоқ қойынына,  
Өзі де сені күтіп ояу жатыр.

Ал Жұма Жыланшықтың басында отыр,  
Таранып Балжан сұлу қасында отыр.  
Келеді деп сағынып тұрған шығар,  
Бар – дағы екеуіне асыл да отыр.

Күнсары қояр ма екен көшпесіңе,  
Жүзсең де терең судан өтпесіңе.  
Болса да үлкен – кіші әзіл құрдас,  
Бәрінен Ұмсын тәуір беттесуге.

### Түлкі мен сауысқан (Мысал)

Жерің жоқ, Сейдахмет, сөз тауысқан,  
Ойласаң ықыласың дос, нәпсің дұшпан.  
Айтайын мысал етіп, болсын үлгі,  
Егесін түлкі менен бір сауысқан.

Олжалы бір сауысқан болып жолы,  
Бағдарлап қонар жерін, оң мен солды.  
Тістеген ауызында жемтігі бар,  
Басына биік ағаш келіп қонды.

Сауысқан қона сала шоқып жатыр,  
Төменнен жетіп келді түлкі батыр.  
Жемтігін сауысқанның алдап жеуге,  
Сұм түлкі бір жамандық ойлады ақыр.

Шики ет пе аузындағы, піскен ет пе,  
Болмаса көшкен елден түскен ет пе?  
Қарным ашты, бір жемтік табар – ау деп  
Келіп ем сізден болып көп үмітті.

Бармаймын жүр десең де арық болса,  
Түлкілер бізден бұрын барып болса.  
Тұрса да қарным ашып уақытым жоқ,  
Солар – ақ бола берсін қарық болса.

Сауысқан ерінді де: «Арық», - деді.  
Аузынан еті түсіп қалыпты енді.  
Айласы түлкі сұмның, жерге түскен  
Аузына етті қағып салыпты енді.

Сол түлкі сауысқанның жеді ақысын,  
Таппаққа бұл да ойлады бір қапысын.  
Тағы да ұшып барып бір жемтіктен,  
Бір тілдің алып келді тең жартысын.

Сауысқан бара сала келген алып,  
Түлкі де келе жатыр көзін салып.

Жерлей ұшып түлкіден асып барып,  
Қияға ешкім шықпас қонды барып.

Түлкі айтты:

-Достым, маған тіліңнен бер,  
Бұл тілдің өлексесі қаншама жер?  
Алыс болса атым жоқ, жете алмаймын,  
Жақын болса адаспай жеткізе көр.

Сауысқан тілін тістеп алыпты енді,  
Бұл сөзіне құлағын салыпты енді.  
Бір жақын осы жерде жемтік бар деп,  
Қасқырдың үңгіріне алып келді.

Үңгірге кіріп келіп:

-Қасқыр, - дейді, -  
Бірталай тамақ келді, тақсыр, - дейді. –  
Сізге арнап бір түлкіні алып келдім,  
Тақсыр – ау, қапияда бастыр! – дейді.

Ақырын қасқыр келді аңдап басып,  
Жалт берді түлкі мырза асып – сасып.  
Айырылып құлақшеке бас теріден,  
Құтылған жалтарумен әрең қашып.

Құлақтан шеке тері түлкі айырылды,  
Қайласы қанатының тез қайырылды.  
Түстім деп сауысқанның алдауына,  
Қапа боп түлкі байғұс көп қайғырды.

Жамандық жамандыққа келген орай,  
Теңгерген мықты, осалды жаппар Құдай.  
Науқасын түлкі достың білейін деп,  
Келіпті сауысқан да көңілін сұрай.

-Науқасың жазылды ма, түлкі достым,  
Сәлде орап басыңызға молда бопсың.  
Жемтікке барасың ба бастағалы,  
Болғалы келіп едім басшы – қосшың.

Дос болмас адамзатқа амал – айла,  
Табылар аманыңда залал, пайда.  
Біреудің қанағатсыз хақын жесең,  
Әрқашан ұшырайсың осындайға.

#### **Сейдахметтің үйіне қонақ келгенде айтқаны**

Меймандар, сіздер жейтін сүйкімді ет жоқ,  
Сонда да түспе дейтін бізде бет жоқ.  
Жете алмай көпке шейін сағым қуып,  
Жолықты ақырында өзі дерт боп.

Бірәлі берем деді соғым бие,

Болмады ақырында сөзіне ие.  
Адамға Хақты қойып сенемін деп,  
Өзіме өз обалым, болдым кие.

Арғымақ деп жүргенім байтал шықты,  
Рахман деп жүргенім шайтан шықты.  
Жерінен үміт еткен соғым шықпай,  
Қапаға Сейдахмет бір тұншықты.

Меймандар, сендер жейтін бізде май жоқ,  
Сонда да түспендер деп айтар жай жоқ.  
Бірәлі берер малды бермей кетті,  
Соғым еді уағда еткен көңілге тоқ.

Байлар жүр сездірмеске сараңдығын,  
Түсінбес олар салған амалды кім?..  
Ерліктен екі сөйлеп айырылған соң,  
Еліңе мәлім болар жамандығың.

Кейде жоқ тапа наным, кейде дайын,  
Мен борсық өлмейтұғын ұрған сайын.  
Мал шөпке, адам тояр ықыласқа,  
Боларсың бөрі құрсақ, қылма уайым.  
Талпынып тарықсам да, еш назымды  
Бай менен көтермейді бір Құдайым.

### **Сейдахметтің кедейлікке айтқан назы**

Ақын:  
Кедейлік, сен келгелі он екі жыл,  
Сүрігің болды, кетер жолыңды біл.  
Қадірің қашатұғын мезгіл болды,  
Жолыңның жүретұғын жабдығын қыл.

Кедейлік:  
Еншілес кім жүрмейді бұра – тұра,  
Достым, кеңес айтайын, бермен қара:  
Әзірге кетем деген ойымда жоқ,  
Орныққалы келгенмін біратола.

Ақын:  
Рақмет, он екі жыл мені күттің,  
Ата – анам, інім – балам – бәрін жұттың.  
Қойдырмай ұсталыққа, сауда қыл деп,  
Қалдырып көп борышқа, ренжіттің.

Кедейлік:  
Қала ма он екі жыл қарасқаның,  
Жаптың ба бәрін маған қара аспанның?  
Сандықтағы сауданды менен көрме,  
Өзіңнің миың ашып, адасқаның.

Ақын:  
Сандықты қойдырдың да: «Өгіз жи, - деп, -  
Содан іш, содан же де, содан ки, - деп. –  
Мал сатсаң тағы тауар табылар», - деп,  
Алдың да ықтиярды, кеттің билеп.

Кедейлік:  
Мен бердім, осы жылы қоян алған,  
Отырып әркім қалды айдар малдан.  
Бермедің еркін билік, шамам осы,  
Қайтейін, менің күшім соған қалған.

### Кедейлік туралы

Дегесін әй, кедейлік, әй, кедейлік,  
Көңілі мені көрсе жай кедейлік.  
Дүниеде төрт кедейлік бар деуші еді,  
Құдай – ау, мендегісі қай кедейлік?!

Бірінші кедейлігің – бас болады,  
Екінші – ішетұғын ас болады.  
Үшінші – қатын менен қара қазан,  
Төртінші – мінетұғын ат болады.

Кедейлік, менде нең бар, көзімді ашпай,  
Көрсеттің жексұрын ғып қарындасқа.  
Қасымнан қысы – жазы бір қалмайсың,  
Көзтаныс таппадың ба менен басқа?!

### Ал, енді, Сейдахмет, қалам ұста!

Ал енді, Сейдахмет, қалам ұста,  
Шырақ шырын тәніңнің сөзін баста.  
Бұл дүние желіп, жортып өте шығар,  
Кейінгі келешекке қамын нұсқа.  
Жетіп тұр 49 – ға менің жасым,  
Түзелмей фитнәдән ығласым.  
Жаратқан әуел баста ғазиз етіп,  
Шірисің тар миғнатта ғазиз басым.  
Бір аз күн дүиеден һәмдән болып,  
Жан, тәннен айырыларсың, ah, жолдасым.  
Естіген түрлі сөзді сен, құлағым,  
Әр неден ғибрат алып ашқан бағын.  
Ғибрат сенен қанша алсам – дағы,  
Мысалы, ол бір ұқсас көрген сағым.  
Шірисің ләхәт шыра ғаріп болып,  
Дариға, жүрегімде қалды дағың.  
Раушан шамшырағым – екі көзім,  
Қараңғы сен болмасаң басқан ізім.  
Дүниеде қанша жүрсем жол табушы ем,  
Боларсың ләхәт шыра нешік көзім?

Нәрсеге жақсы – жаман қызықтырып,  
Дүниенің білдірмедің опасызын.  
Шығарған қажетімді екі қолым,  
Бір ишан сен болмасаң сауда солым.  
Дүниеде ең қажетім, керегім сен,  
Бет алсам қай тарапқа ашық жолым.  
Халық алса таусылмайтын кен секілді  
Серіктес ғұмырымда, сауда белім.  
Буыны мың теңгелік он саусағым,  
Сенімен неше түрлі мінген тағым.  
Кірген соң тар ләхәтқа ғаріп болып,  
Сыйыңды, аһ, дариға, бұлданбағын.  
Өмірің неше жылдай қырдан асып,  
Бұл күнде бұрынғыдан бағаң қашып.  
Іздеген талабыма жүрсем жеткен,  
Залалкер залым көрсем қашып кеткен.  
Тәнімнің бар қуаты екі аяғым,  
Дариға, айырыларсыз қан мен еттен.  
Аифаслу екі тесік ғазиз мұрын,  
Хош иіс нұр һауасан тартар шырын.  
Жақында тәнге зарар иіс болса,  
Тезлікпен білдіруші ең оның сырын...

### Қыз сипаты

...Сипатың перизаттың баласындай,  
Көп ойлап зарланамын шарасыздай.  
Өзіңмен қатар қызға көзім салсам,  
Араңыз жер мен көктің арасындай.  
Мақтауым жазғанменен таусылмайды,  
Өлкейек, Қабырғаның саласындай.  
Өзгеден бір омыртқаң артық екен  
Сыдыратіл, Мұндағанның ағашындай.

### Өсиет

...Адамның алда тұрған болашағын  
Болжайтын әрі соған жол ашатын –  
Ар, иман, тілім, дінім, салтым ғана,  
Байлық та онан асар жоқ аса тым.

Ісіне ағайын – жұрт, қайран қалам,  
Тірліктің жолын дұрыс айыра алмаған.  
Жер – Ана дән сепкенге нан береді,  
Нан – иман деп айтты ғой қайран бабам.

Өмір жоқ нан жоқ жерде, көрді көзім,  
Басуың қиын нансыз төрді де өзің.  
Ел болып отырықшы, егін екші,  
Осы айтар өсиетім – мөрлі сөзім.

## Тағы да кедейлік туралы

Бес ешкі біздің үйден лақтайды,  
Лақты қонақ келсе шыдатпайды.  
Бұл күнде лақ түгіл шұнақ та жоқ,  
Қонақты қатын – бала ұнатпайды.

Меймандар, соғым арық, қар кесек,  
Шошала ұнатпайды бара берсек.  
Аспаннан жауған қар да таусылады,  
Бір жерден күнде көсіп ала берсек.

## Хат жаздым хатта Қорған (Каттақорған?) қаласына

Хат жаздым хатта Қорған қаласына,  
Данышпан ақылыңның данасына.  
Хат жазып 5 – 6 ауыз жіберейін,  
Жәкеңнің Қоныс атты баласына.

Әкеңнен 7 жаста жетім қалдың,  
Келгенде 8 жасқа мектеп бардың.  
Бақытың күннен – күнге өрлей – өрлей,  
Түркістан уезінен пенсия алдың.

Шет жерде хакім болып жүремісің?  
Бедеу ат кекілік қылып мінемісің?  
Бұл жақта Арғын – Қыпшақ көп жұртың бар,  
Қоныс – ай, кім екеніңді білемісің?

Ғазизім, жаным төзбей жаздым хатты,  
Кетіретер залым дүние инабатты.  
Күндіз ойда, ұйықтасам түсімдесің,  
Түсінбей қылығыңа басым қатты.

Дегенде дұшпан төбем шымырлайды:  
«Ғазизің елін – жұртын пұлға сатты».  
Ғашықтық Жүсіп – Сыздық 40 жыл күйіп,  
Жанына Зылиханың қанша батты?

Одан да кем деменіз біздің ғашық,  
Кездесер күн болар ма мауқым басып?  
Егер де дертің болып дауа десе,  
Қанымды қияр едім бірер қасық.  
Көңілім қасіреті кетер сонда,  
Отырсаң жүз көрісіп амандасып.

Ғазизім, хат жазамын сағынғасын,



Ғашықтық өкпемді алып қабынғасын.  
Сыңары егізімнің екі – ау көзім,  
Қарары көңілімнің алынғасын.  
Көре алмай рахымыңды аһ ұрамын,  
Рахаты құмарымның тарылғасын.  
50 – ге машақатпен жетті жасым,  
Ішінде бақыт, дәулет сенің басың.  
Бақытың басыңда бір тұрған шақта  
Шақырар дос – дұшпанды піскен асың.  
Бас ауырып, балтырларың сыздаған күн  
Жаны ашып басың сүйер кім жолдасың?

Бақытың баста барда дұшпан да дос,  
Жем берген көп қарғаға бір қыран құс.  
Көпшілік хабарыңды күзетіп тұр,  
Көп емес басқа ағайын көңілден тыс.  
Етемін жоқты уайым, қайғырамын,  
Ажалға Хақ сұбықан берген тыныс.  
Ер көрмей тапты бала Мария анаң,  
Туғызған тастан түйе Хақ тағалам,  
Мал жимай Ғазірет Ғалы қалай өтті,  
Бар болса санаңызда ойлап қара.

Сүлейменді ол кісі қылды ғой дос,  
Көкке ұшты пері мініп миялы құс.  
Нақа сұлу тарихи күн туғанда,  
Алтын деген шынында болады мыс.  
Жүзігін Сүлейменнің пері әкетіп,  
40 күн патшалықтан қалдырды бос.  
Патшаның талай пері қызын құшты,  
Нәсілі зат топырақ болғаннан соң,  
Көкті мекен ете алмай жерге түсті.  
Айтайын бұрынғыдан өткен істі,  
Азырақ қылып болжау көрген түсті.  
Мертігіп бір жолбарыс жатыр еді,  
Түлкімен шағыл келіп көзге түсті...

### Нұртазаға хат

Нұртаза, сәлем жаздым інімізге,  
Қате айтсам, айып етпе мінімізге.  
Ертерек өлең – жырда кез болмадың,  
Ту алып тұлпа мінген кезімізде.

Мың тоғыз жүз алтыншы – алпыс төртте,  
Кез болдым ауырмай – ақ ауыр дертке.  
Бұрынғы біздің заман хош ауа еді,  
Кез болдым қар менен мұз жанған өртке.  
Жарқыным, әуес еттің қандай кеңес,  
Бұл заман біздің көрген заман емес.  
Айырылды бұрынғының әммесінен,

Болғасын ақыл аума, көздер көмес.  
Жас ұзын, ақыл – қайрат төмен кетіп,  
Жүретін дәуір қайда көлендетіп?  
Бәйгеден келіп жүрген кәрі тарландай,  
Біреу жазса қаламыз елең етіп.

Дұғай сәлем жазамын, Нұртаза ерім,  
Беймаза жасыңнан жоқ қылған жерің.  
Таранып түс қайтқанша, тойдан қалып,  
Болдым ба алпыс бесте жұмыскерің?

Дұғай сәлем жазамын Нұртазаға,  
Айтқан сөзге нанудан құр тазаға.  
Айтылған рас сөзге нана қойса,  
Бұрынғы қалыбынан жұрт аза ма?

Таранып сен отырсың тойдан қалып,  
Найзаны жау қайтқасын қолыңа алып.  
Алдымда бір шылапшын, қолда шыбық,  
Отырмын бұрынғының әнін салып.

Нансаңыз менің жасым алпыс бесте,  
Жастығының бәрі жоқ, келмейді еске.  
Бұл жерге келіп кетуге алыссынсаң,  
Ала бер Асан жанын қиып кешке.

Ауылы Жалдаманың басында отыр.  
Көңілі потребке тасында отыр.  
Бір сөздің нанымына жарайтұғын  
Өзі бір партияның басында отыр.

Қалды ма Асан байғұс жанын сатып,  
Бір сөзге нандыра алмай қара басып.  
Тағышының иті еді үріп шығар,  
Енді кімге нанасың онан асып?

Асанның иманына нанбадыңыз,  
Тышқақ лақ есебіне алмадыңыз.  
Кеншімбай, Кеңесбаймен бірі даяр,  
Келіп антын алуға қамданыңыз.

Кеңесбай байлау аттай арындаған,  
Иттігі тәуір жігіт арылмаған.  
Сұрасаң Кеншімбайдың сөз мақамын,  
Сиырдың сідігіндей сарылдаған.

Осының үшеуінің біріне нан,  
Алмаған үштің бірін не деген заң?  
Алмасаң үштің бірін инабатқа,  
Өз қамын да ойлар – ау өлмеген жан.

Қыпшақтың жұмыс қыл деп көксау шалын,

Сөз шығар ашулансам оттай жалын.  
Міндет қып осыншама қоймайтұғын,  
Бар ма еді бес қой, киім, берген малың?

Десеңші бір сөзіңе нанайын да,  
Көксауды жастай болған тонайын ба?  
Басына бір жұмыстың мінгеннен соң,  
Істемес екі жұмыс малайың да.

Нанбайсың айтқан сөзге үйде жатып,  
Той тарқап, қалған етті шиден татып.  
Нанбасаң Кеңесбайдың иманына,  
Алармын егіңе бір аунатып.

Бойында Жалдаманың Асан жатыр,  
Хақысын пақырлардың асап жатыр.  
Одан да қанағаты болмаған соң,  
Сулардан шабақ аулап қасапта тұр.

### **Айна**

Бейшара Сейдахмет, сөзге жазған,  
Бола ма арық өзен қолмен қазған?  
Балпылдап қартайғанша сөз сөйлейсің,  
Көріксің сен бір ескі, көні тозған.  
Бұл заман қайсы заман, көзінді сал,  
Бәйге аттан ерен жүйрік байтал озған.  
Егер де махаббатың түссе күңге,  
Біреудің қарт қатыны артық қыздан.  
Қарасаң бұл дүниенің пендесіне,  
Мал тәтті, туысқаның ащы тұздан.  
Бәрі де жақсылардың өре қолдап,  
Қараға көп ант берді ақылсыздан.  
Он тиынға он кісі куә сайлап,  
Ант оңай солды өзенде қатқан мұздан.  
Қараға ант бермеген жан қалмады,  
Құпия еш қалмады сырымыздан.  
Би, болыс, ауылнаймен өзі қолдап,  
Кедейді арзандатты, байды бұлдап.  
Көрінбей мың қарасы ұрлық қылып,  
Байлар да боғын ездi – ау екі қолдап.  
Ұрылар алты қара ұрлап келсе,  
Береді әкімдерге бірін сомдап.  
Егер де ұрлап келген малы шықса,  
Келеді мал иесі әңгіме арнап.  
Ұрыдан малымды әпер деп отырса,  
Ұрыны қашырады өздері ымдап.  
Ұрыға қас боп біреу хабар берсе:  
«Мықтармын, бәлем сені! – дейді екен, - қап!»  
Бәрі де жақсылардың отыр қолдап,  
Байдан қайыр, билерден кетті нысап.  
Бетін басып «тап» деген балаларша

Біреуді біреу отыр көзбен алдап.  
Деп ойла жауға ұмсынсаң өлім жақын,  
Аз ғой деп дау қомсынсаң кетер хақың.  
Байлардан бір семізді міне шабар,  
Сайлауға мен секілді әр құ тақым.  
Біреуі оған, біреуі бұған тартып,  
Айырылды қожайыннан бала – қатын.  
Қалады ауыл айнала ойбай салып,  
Қожайын ұстай алмай жамағатын.  
Біреуін ағайынның біреуі жеп,  
Дүниенің жұрт көрмеді рахатын.  
Ант пен ұрлық жайылып, күн қарайып,  
Пайғамбар көрсең еді жарақатын.  
Халық дұрыстығымен сайлады деп,  
Түсініп, ойлап жатыр жоғарғы әкім.  
Егескен партия мен белтеропке,  
Қазаққа бермесе екен мәслихатын.  
Мал бітсе бір адамға көре алмадым,  
Жұт болып, мұқтаж болса бере алмадым.  
Бір күні тойсам маған кім жолау деп,  
Ойыма кедейлікті бір алмадым.  
Біреудің бойындағы мінін көрмей,  
Өзімді жаман қылып жүре алмадым.  
Өз ойым биік таудан асқым келді,  
Тау түгіл белеске де шыға алмадым.  
Меңзедім қайратымды арыстанға,  
Белдесіп көбелекті жыға алмадым.  
Теруге жамандықты мен бір тауық,  
Екі адам араз болса, қылдым сауық.  
Жамандық бейне мисал ешкі қотыр,  
Тұрамын қасып – қасып, ауық – ауық.  
Іс келсе көңіліме бір жамандық  
Айтамын сөз қылғанға шыға шауып.  
Бір адам жамандықты таста десе,  
Тұрамын шабаланып, иттей қауып.  
Екі адам тату болды деп естісем,  
Қалады көшім тоқтап, жүгім ауып.  
Мүштерек көпке бірдей осы екен деп,  
Иесі меншіктеген алар тауып.  
Бұл мінез бар сенде де, Сейдахмет,  
Кетпесін әркім талап, жала жауып.  
Атамыз Тілеуліге харам жаққан,  
Көбісі әулетінің соны баққан.  
Солардан қақтықтырып алып шығып,  
Бір қалың кедейлікке қуып тыққан.  
Не түрлі күшім келген еттім талап,  
Белгі жоқ етегіме бірі жұққан.  
Адамға шайтан – лақпа таласы бар,  
Егер де сақтамаса бәлесі бар.  
Сақтауға Хақ тағалам әмір етсе,  
Қалса да тау астында қаласы бар.  
Кім ойлар қалайын деп қатарынан,

Құдайдың өлшеп берген шамасы бар.  
Кей адам үйде орнығып отыра алмас,  
Артында сөз тиеген шанасы бар.  
Кей жігіт құйып берер шалабы жоқ,  
Аузында арақ құйған сабасы бар.  
Терісі кей адамның тесілмейді,  
Ішінде қылыш, найза пәлесі бар.  
Сырты бар кейбіреудің айдан аппақ,  
Ішінде сауысқанның аласы бар.  
Дүниеде Тақ Сүлеймен мұңсыз десен,  
Оның да перзент үшін санасы бар.  
Ас таппай қазанына тас қайнатқан,  
Ғали атты Әбу Тәліп баласы бар.  
Азбаған ел адамы жалғыз – жарым,  
Үй басы азған елдің ағасы бар.  
Біреудің ғашық болған мағашоқы,  
Біреудің сол секілді қумасы бар.  
Байдан қайыр, бақырдан нысап кетіп,  
Әншейін мұсылмандық жорасы бар.  
Мұсаніп тәсініптей болмағанмен,  
Сөзінің Сейдахмет расы бар.  
Надан дос тамақ тойса бері беттер,  
Ортайса аз тамағы әрі беттер.  
Бар болса бар қадірсіз, жоғы пұлсыз,  
Пырылдап үйден – үйге ұшар кептер.  
Достар бар сол секілді құр қарақшы,  
Күнің жоқ олай болса аулақ кет дер.  
Жар тартып ішке достар жақындаса,  
Жамандар жұла қашып төңіректер.  
Ішің түтін, сыртыңнан бүтін болып,  
Кететін дұшпаныңа талай кектер.  
Кетер ме дүниеде көңіліңнен  
Көзің көріп, көңілің білген шектер.  
Дүниеде күншіл адам жынсыз бақсы,  
Мал қаппас құтырған ит онан жақсы.  
Ойлама мал біткенді керемет деп,  
Қайтеді ит мойнына гауһар тақса?  
Ойлаңыз керемет деп мына құлықты,  
Бақыр мен ғаріп, міскін, жетім бақса.  
Ізгілік Тәңірі нәсіп етпегендер,  
Бақырып оңалар ма қолмен қақса?  
Қалмады жөндер адам былай жүр деп,  
Адасып қонар жерден көбі лақса.  
Ойлап ем халықтың сырын бастағалы,  
Сөз емес біреуге арнап тастағалы.  
Айтуға пәленге деп мүмкін емес,  
Соқырды ұрып, сауларды жасқағалы.  
Байлар, хакім, ұрымен бәрі жолдас,  
Сондай дерт пайда болды ұстамалы.  
Баласы пәленшенің осындай деп,  
Жамандық баласына нұсқағалы.  
Көңілі халайықтың екі қабат,

Сырты ақ, іші қара тыстамалы.  
Әкімге мал тимесе мағлұм етер.  
Қонары әкімдердің болмаған соң,  
Ұры мен мал иесі өзі бітер.  
Әділдік тура тартып бермеген соң,  
Сайлайды біздің қазақ биді бекер.  
Сүтін де анасының ақтай алмас,  
Олардың партиямен есі кетер.  
Адамы бұл заманның сөйтіп азды,  
Өзіне жын – шайтанды қылып нөкер.  
Байлар да мақтанады ақшасына,  
Мастанар бәйбішелер боқшасына.  
Құдасы бұл заманның баймен болды,  
Өзінің қарамайды тұстасына.  
Азырақ беті сұлу, қызыл болса  
Мастанар қыз – келіншек нұсқасына.  
Аузына салып құмар насыбайды,  
О – дағы мақтанады шақшасына.  
Өнер деп пышақ, шақпақ соққандар да  
От шашқан мақтанбай ма ұстасына.  
Бұл заман шыныңды айтсаң бір нанбайды,  
Біреудің тым – ақ нанғыш қоспасына.  
Бұ – дағы бір күн дұшпан болар – ау деп,  
Айтпайды ішкі сырын достасына.  
Біреуге біреу нақақ пәле салып,  
Өмірдің қарамайды қысқасына.  
Амалдап мал жарлысы күн көреді,  
Бір бейнет ақыл жарлысы өңгереді.  
Басына бір тиындай пайдасы жоқ,  
Біреуге мағынасыз тіл береді.  
Біреудің ұлы да жоқ, қызы да жоқ,  
Біреуге берекесіз құл береді.  
Кей байлық қызғалдақтың өміріндей,  
Біреудің өміріне шын береді.  
Нәрсенің Құдай берген қызығын көр,  
Бір кетсек бұл дүниеге кім келеді?  
Нашардың биік адам ақысын жеп,  
Дейтұғын бас адам жоқ теңгереді.  
Бейшара ақысына қолы жетпей,  
Кісідей әкесі өлген күңіренеді.  
Денсаулық, Сейдахмет, қадірін біл,  
Кей адам көңілі биік, есі жеңіл.  
Күші бар кей адамның асқар белден,  
Солардың әр мінезі кішіпейіл.  
Кейбіреу ұрлық қылып мал төлейді,  
Пайдасы біреудікі, сонан түңіл.  
Кейбіреу мастанады ұры атына,  
Дауға жоқ бір – екі ауыз өзінде тіл.  
Билік жоқ бұл заманның адамында,  
Секілді әйелінің бәрі де тұл.  
Пара жеп қорғаламақ болған хакім,  
Сөз айтпас жүйрік аттай бір қарашыл.

Көңілі бар кей адамның қатқан мұздай,  
Тілі бар кей адамның ащы тұздай.  
Хақ берген кей адамның мінезі бар,  
Жаңадан келіншек боп түскен қыздай.  
Сайлауда екі жағы партия боп,  
Бейшара шаруаны қылды созбай.  
Қаралап бірін – бірі қағаздасып,  
Бірімен – бірі талас, біреуі озбай.  
Екі нар арасында шыбын өлген,  
Секілді нашар жүрер жылап, боздай.  
Бәрі де тірі жанның антқор болып,  
Қалмады бір тілекте адам азбай.  
Көрісіп үй басына жүретұғын  
Баяғы күнің қайда мамыр қаздай?  
Ағайын – туған азды, көріс қалды.  
Бәленше, бәрекелді, мықты – ақ десең,  
Ұмытты бұзықтыққа тырысқанды.  
Көп қуып қорқақтарды батыр қылды,  
Қылды ғой киік жолдас арыстанды.  
Басы адам ағайынды шағыстырып,  
Барымта, қызық көрді алысқанды.  
Заманның бас адамы болып қаннас,  
Таптырды туысқаннан бар дұшпанды.  
Қызылға үймелейді сауысқан да,  
Дәм берсең келіп жейді сырт дұшпан да.  
Егер де мінсе шайтан көңіліңе,  
Бір дұшпан болса керек туысқанда.  
Біреуі өлер десең ұрысқанда,  
Мәслихат таң қаласың құрысқанда.  
Өлімге бірін – бірі қиып салып,  
Өтірік жыласады табысқанда.  
Күні ертең бір – біріне пәле салып,  
Дуанға жол тартады жарысқанда.  
Нақақтан бір – біріне пәле салып,  
Қияды бірін – бірі арыстанға.  
Он тиынға он кісі куә салып,  
Сонан соң мырза болып келер жанға.  
Ант соғып бұл заманның адамдарын  
Қалмады ұқсас жері, сірә адамға.  
Бұл заман болмай кетті мақтауыма,  
Қоймады іште шыбын сақтауыма.  
Адамы бұл заманның болды бұзық,  
Болмаса Құдай себеп тоқтауына.  
Біреуге екі даугер қамшы тастап,  
Арам сөз қоспас еді ақ дауына.  
Ол сонда көппен тұра берер еді,  
Бұл күнде солар сыйды мақтауыма.  
Адамның ұрлық қылған бәрі жарлы,  
Салмады ешбір көзін жоқ – барына.  
Бас қосса жиылған көп ыбыр – жыбыр,  
Ауызы екі – екіден қыбыр – қыбыр.  
Байқасаң осыларды әбден тыңдап,

Бірі де таспық емес, сыбыр – сыбыр.  
Қызығы күннен – күнге сәулеттеніп  
Жолынан партияның болмайды ығыр.  
Хабары ал сайлаудың болар десе,  
Асындай әкесінің ұлы дүбір.  
Сырты бар халайықтың сүттен аппақ,  
Қарасаң іші, сірә, қара көмір.  
Болғанда келін айғыр, кемпір саяқ,  
Нашардың ақысын жеп соққан таяқ.  
Айнадай жердің жүзін бүтін көрген,  
Білгіші халықтың көңілін сұрамай – ақ.  
Баяғы айран ішіп күн көретін  
Шай – шай деп аңқып отыр шыдамай – ақ.  
Бұл заман іші түтін, сырты бүтін,  
Халайық жүрер өзін – өзі бояп.  
Пұл болса әркім бақпас жолдасына,  
Алданар арам дүние олжасына.  
Біреудің ұры, залым малын ұрлап,  
Сұраса пәле салар өз басына.  
Қарсы дау біреу айтса соны тыңдап,  
Басы адам көзім жетті оңбасына.  
Парқы жоқ бұл заманның адамының,  
Бірінің – бірі нанбас олласына.  
Байлардың бала оқытқан түрін қара,  
Зекетін саудалайды молдасына.  
Пақырды, міскінменен партия ғып,  
Береді садақасын қолқасына.  
Бұл сөзі Сейдахмет өтірік пе,  
Рас па, салдым көптің ортасына.  
Сыпайы бойын тартар мақтанғаннан,  
Тапты екен қанша залал сақтанғаннан?  
Қашанда жақсылардан ит қалмайды,  
Абалап жан – жағынан қапталдаған.  
Жігітке таза жолдас табу қиын,  
Сыйласып, бірін – бірі бағу қиын.  
Күніне жүз жақсылық қылса – дағы,  
Жаманға көрінбейді жалғыз бұйым.  
Иірімді әр уақытта көл азбайды,  
Қалынған қариядан жол азбайды.  
Айтысқан бір – бірінің назын күтіп,  
Шығысқан жолдасымен ер азбайды.  
Дос емес дос сыртынан жамандаса,  
Несі дос бір қатені жаба алмаса?  
Тұлпарға топтан озған мәстек әуес,  
Қан түсіп аяғына шабандаса.  
Бай, шешен, батыр мықты уақытында,  
Тоқталып дәуірінен қамалмаса.  
«Жарайды, мырза, мырза, бәлі!» дерсің,  
Нысана атқан оғы жоғалмаса.  
Қыран құс қар үстінен ілмек қиын,  
Қайырылып тұғырына қона алмаса.  
Дегенмен құр қазанат жұрт мақтамас,



Аяғын түзу басып жүре алмаса.  
Ер – тоқым қымтағанмен жасырынбас,  
Үлгілі шеберлермен қыналмаса.  
Дегенмен хан баласы жұрт мақтамас,  
Қайырылып бұқараға қарамаса,  
Кейбіреу бар досынан айырылады,  
Айырып ер қадірін біле алмаса.  
Солардан дұшпан түгіл дос та кетер,  
Кілт ашып, көңіл кірін жуа алмаса.  
Көңіліне бекзадалар қапа кірген,  
Қадырлас ағайыны жұбанбаса.  
Белгілі, қулар көлден кету қиын,  
Бұлағы таудан аққан суалмаса.  
Қайырылып құс қонады қонақтауға,  
Бұтақтап бала қайың жуандаса.  
Дегенмен құр құмарлан түлкі шалмас,  
Құмайдан әуел баста туа алмаса.  
Адасып жаман бала қалар жолда,  
Атаның тура жолын қуа алмаса.  
Қараны көрінбеген болжау қиын,  
Белеске биіктегі шыға алмаса.  
Екінші ерге жолдас болу қиын,  
Жеріңде уәделі тұра алмаса.  
Айтады ер деп халық оның несін,  
Жаяуға аттың басын бұра алмаса?  
Орнымен олжа салған қырандар бар,  
Жарасар қанша оны тұмарласа.  
Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,  
Шын болат илегенмен саз болмайды.  
Ит үрер жақсыға да, жаманға да,  
Сары алтын қалыбынан қозғалмайды.  
Айтпайды от басында кімдер билік,  
Асқан соң босағадан кез болмайды.  
Пиғылы жамандардың қараңғылық,  
Тұрса да шілде түсіп жаз болмайды.  
Тар жерде қолдап алып шығу түгіл,  
Жамандар басын күтсе аз болмайды.  
Құс ұшар жүйесімен аспандағы,  
Түріліп Хақ жаратып қосқандағы.  
Таласқан кез келгенде дұшпан жақсы,  
Опасыз нағыз жаман достан – дағы.  
Жақсының несібесін жаман күндер,  
Жақ өлшеп әуел баста шашқандағы.  
Бар болса сол секілді жаман ағаң,  
О – дағы бір белгілі дұшпан – дағы.  
Жақсы мен жайшылықта жаман бірдей,  
Мағлұмы таразыны басқандағы.  
Кейбіреу жүретұғын жөнін білмес,  
Саудасыз оны жақсы көзіне ілмес.  
Өтірік, ғайбат болса құрастырып,  
Халқы сол қатын өсек қарап жүрмес.  
Жақсының аты қашан сүрінед деп,

Құдайдан тілегі сол ұйқы көрмес.  
Кей сабаз от басында сөз сөйлейді,  
Ол күні еш адам жоқ оған теңдес.  
Құр кеуде көтергенмен ұзамайды,  
Үйдегі түздегімен тура келмес.  
Тиеді ер пайдасы сасқан жерде,  
Етегін ер жаңылып басқан жерде.  
Жаманға жазатайым ісің түссе,  
Қабысып қалады екен аспан жерге.  
Тар жерде қолдың ұшын берген ерді айт,  
Екінің бірі мырза тасқан жерде.  
Шапса да қанша бедеу, келер жүйрік,  
Болмайды кім дәмелі қосқан жерде?  
Ілдірмес сегіз қырлы ерлер келер,  
Қамалап қанша дұшпан тосқан жерде.  
Жамандар көре алмаған қылар өсек,  
Лайық заманында асқан ерге.  
Жаманның мыңы тұрмас қара пұлға,  
Жақсының бірі болар елге тұлға.  
Бағасы мың теңгелік асыл заттар,  
Барады арзан болып жылдан – жылға.  
Қалып тұр болыскейден күміс, алтын,  
Жіп базары қызып тұр жібек салқын.  
Жаманға дәулет бітсе «би» болады,  
Сөз білмей отырса да жалғыз тартым.  
Осыны әдет етсең жақындадың,  
Кетуге азып – тозып, қайран халқым.  
Он жабу жапсаң жетпес бір тұлпарға,  
Мың қарға залал етпес бір сұңқарға.  
Жаманға жазатайым ісің түссе,  
Жарамас ашылғаның бір жымтарға.  
Шықпайды қиқу салсаң қыр басына,  
Қоя бер от басында жүз жыртарға.  
Тең болған осы күнде ат пен есек,  
Наданның ғибадаты өтірік – өсек.  
Жаманның құтыратын күні туды,  
Аюдай күркіреді сенсің десек.  
Патшадан солар үшін тәртіп келсе,  
Жиылып атар едік сансыз кесек.

### Өнерлі уәзір

Бар ма өнер, Сейдахмет, сені табар,  
Соңғыға бұрынғыдан бұл бір хабар.  
Кешікпей бір хикаят сөйлеп қара,  
Келерде елу төртке жала жабар.

Сөйле деп «Тотынама» мақұлдап тұр,  
«Мені айт!» - деп бір уәзір қақылдап тұр.  
Кешікпей бір хикаят сөйлеп қара,  
Дігерлеп елу төртін жақындап тұр.

Бар екен Шын шаһарда бір падиша,  
Ол – Бағфор, салтанаты тым тамаша.  
Бар екен бір уәзірі сонша ерікті,  
Рұқсатсыз жүруші еді болса оңаша.

Болса да ұйқылы – ояу ықтиярлы,  
Ешкімнен сұрамайды жолығарды.  
Қанша жан, қанша ренжу болса – дағы  
Өзінің шаһабазынша шамалайды.

Данышпан, өзі ақылгөй, кеңеседі,  
Басқа адам ондай еркін емес еді.  
Мұрсатсыз қалауынша келер – кетер,  
Падиша оған «Мұның не?» демес еді.

Мән бермей бұрынғыдай бұл ісіне,  
Уәзір кіріп келді түн ішінде.  
Ұйқыдан оятқанға қатты ашулы,  
Патшасын көрген емес бұл пішінде.

Қолына шабайын деп қылыш алды,  
Патшаһи суық жүзбен назар салды.  
Жалынып падишаға үй деп, бүй деп,  
Жығылып аяғына әзер қалды.

-Бұл сізде не замандар болмаған іс,  
Болмаса не ғажайып көрдің бе түс?  
Өзіңіз рақым етіп шешпесеңіз,  
Бимағлұм бізге болды шамадан тыс.

-Түсімде қызын көрдім падишаның,  
Көркіне ғашық болдым көріп оның.  
Елестеп көз алдыма көрінгендей,  
Жүзінде болар ма екен дүнияның?

Пері ме, хор қызы ма, адамзат па,  
Оқа емес қапалықтан өлсем хақта.  
Аз уақыт жүзін көріп тоя алмадым,  
Айырылып ақыл – естен бір сағатта.

Дыбысың сенің келген ұйқымды ашты,  
Мәлике түсте көрген менен қашты.  
Көзде жоқ, көңілімде дап – дайын тұр,  
Ғажап па ашуменен кессем басты?

Мен төздім сен болған соң, жаның қалды,  
Жалғанда жоқ жамалы құтымды алды.  
Аз уақыт жүзін көріп тоя алмадым,  
Ішіме ғашықтықтың отын салды.

-Алдияр, - уәзір айтты, сөзіме ерсең,  
Рақым ғып өз жаныма рұқсат берсең,

Түсінде көрген қызды айтуменен  
Не болар тәуекел деп жазып көрсем?

Уәзір суретке өнерпаз – ды,  
Бейнелеп патша айтады, уәзір жазды.  
Патшаның сарай толған салтанаты,  
Жазылмай осылардан қалғаны аз – ды.

Қараңыз зейінменен ұсталыққа,  
Баһамы қалай жеткен нұсқалыққа?  
Түсінде падишаның көруімен,  
Құйғандай болып шықты бір қалыпқа.

Патшаның айтуымен істер байқап,  
Қаламын Хақ тағала келтірді тап.  
-Түсінде сен де қызды көріп пе ең? – деп,  
Падиша таңғалады басын шайқап.

Уәзір суретін алып кетті,  
Шаһарға, керуен келер барды шетке.  
Әйбаттап, бұрынғыдан ажарлы ғып,  
Суретін іліп, биік мұнара етті.  
Жай алды осы арадан тағамын деп,  
Адамнан туған болса табамын деп.  
Осыны падишаға тауып берсем,  
Артылып бұрынғыдан жағамын деп.

Шаһардан керуен көшіп, шұбырып тұр,  
Уәзір жан танымай түңіліп тұр.  
Бір жігіт керуеннен бұрылып кеп,  
Таңырқап суретіне үңіліп тұр.

Уәзір ол жігітті жанап өтті,  
Суретті таныды деп үміт етті.  
-Ей, жігіт, көшің кетті, адасарсың,  
Не жұмысың бар еді бұл суретте?!

Ол айтты:  
-Тұрғаныма қылма айып,  
Бұл жерге сурет емес бек лайық.  
Ұрым патшаның қызы еді бұл Мәлике,  
Мен соны танып тұрмын, о, ғажайып!

Патшаның қызы еді бұл, тұрмын танып,  
Мұнша әшкере болмаған ешкімге анық.  
Күн көрген терезеден ханша еді,  
Суреті келді мұнда қайдан ғайып?!

Уәзір таныды деп болады шат,  
Иншалла, қиялыммен таптым мұрат.  
Сұрайды ол жігіттен ахуалын:  
-Баянда, есітейін, бұл нешік зат?

-Ол қыздың, - жігіт айтты, - кеңесі көп,  
Әр патша хабар салған аламын деп.  
Еркектен бір себептен көңілі қайтып,  
Бұл күнде отыр ерге тимеймін деп.

Бір күн қыз бақшасында сайран еткен,  
Қасында кәнизактар оны күткен.  
Ерлі – жұпты екі тауық баққа кірді,  
Қасында балапаны соңынан ерткен.

Сол кезде бір от түсіп, бақша жанды,  
Шошынып екі тауық шығып қалды.  
Шыққасын балапаны еске түсіп,  
Анасы от ішіне қайтып барды.

Анасы күйіп кетті жанын қиып,  
Еркегі сыртта қалды мойнын иіп.  
Қыз сонда еркектерде опа жоқ деп,  
Балапанға тұрады іші күйіп.

Еркектер опасыз деп қайтты тауы,  
Көзінде, көңілінде еркек болды жауы.  
Аң демей, адам демей, хайуан демей,  
Еркектің тегіс күйді ауру – сауы.

Әр патша хабар салған ғапыл қалмай,  
Сөздерін ешбірінің қабыл алмай,  
Ер құлқы рақымсыз болады деп,  
Қыз отыр сол себепті ерге бармай.

Алдына патшасының келді уәзір:  
-Сүйінші, тақсыр! Қызды таптым ақыр.  
Қызы Ұрым патшаның бұл Мәлике,  
Бұл хабар бір саяқтан болды мәзір.

Патшаға естіп келіп айтты бәрін,  
Себебін ерден тоқтап тұрғанының.  
Есітіп қыздың ісін, күдер үзіп,  
Падиша тағы тартты ғашық зарын.

-Алдияр, - уәзір айтты, - мен барайын,  
Баһам ғып оның көңілін аңғарайын.  
Әйел боп адамзаттан туған болса,  
Хайламен оның көңілін аударайын.

Уәзір падишадан рұқсат алды,  
Жолдас боп айтқан жігіт бірге барды.  
Шаһарын хастан тана сайран етіп,  
Бір жерден пәтер жалдап, орын алды.

Патшаның үй бақшасын алып келді,

Қойнына тәсуірін салып келді.  
Екеуі айырылмастан бірдей шығып,  
Сол қыздың осы екенін анық білді.

Табылып іздегені көңілі тынды,  
Сурет жасап сатуды кәсіп қылды.  
Асырып бұл шаһардың ұстасынан,  
Бағасын қымбат пұлдап алып тұрды.

Іс істеп, екі бағаға беріп тұрды,  
Алушы алдын босатпай келіп тұрды.  
Бұл істеген суретке қолы жеткен,  
Бұрынғы ескісінен жеріп тұрды.

Ұстасын бұл шаһардың басып тұрды,  
Өнері күннен – күнге асып тұрды.  
Алғандар әм көргендер бара қалып,  
Хабарын әр тарапқа шашып тұрды.

Ұрым патша көріп қалды таңғажайып,  
-Ұста екен бұл шаһарға бек лайық. –  
Қызына бұл падиша ақылдасты:  
-Істетіп тәсуірден біз де алайық.

-Ғажайып ондай шебер ұста болса,  
Ол ұста тереземе тұстас қонса,  
Әр ісін қолға ұстамай, көзбен көріп,  
Қаншасын біз де алармыз көңіл толса.

Нақ шебер ұста болса сонша жетік,  
Алыстан отырайын тамаша етіп.  
Сыйменен өзі келсе ықтияры,  
Зорлықпен әкелмеңіз ренжітіп.

Мәлике тарапынан хабар берді,  
Уәзір бек шаттанып мұнда келді.  
Ханшаның қақпасына қарама – қарсы,  
Көшенің бір шетінен мекен қылды.

Нақыштан неше түрлі сурет жасап,  
Түсірмей қолдан – қолға алып тұрды.  
«Көрмеген нақыш, наздар бар екен», - деп,  
Ханшаңыз көргеннен соң қайран қалды.

Істеуге бір бақшаны етті талап,  
Істейді күндіз – түні оңашалап.  
Жемістен неше түрлі миуасы бар,  
Қасында балқашы бар ағар бұлақ.

Дарақтың ортасында гауһар тақыт,  
Тізілмес сан алтыннан өңкей жақұт.  
Қияштай жаңа шыққан жас падиша

Отырды тақ үстінде сол уақыт.

Қасында теңізі бар тасып жатқан,  
Сеңдері кемерінен асып жатқан.  
Теңізге екі лағы түсіп кетіп,  
Текесі соны ала алмай сасып жатқан.

Лағы текесі мен болды ғаріп,  
Оттап тұр ешкі маңырап қашып барып.  
Мұғайым осылардың бәрін жасап,  
Көшеге жайдырады ертең алып.

Түседі бұл тәсуірге қыздың көзі,  
Қайран боп білмей тұрды өзіне – өзі.  
Мәлике уәзірді шақырып алып:  
-Баяндап, тындыр, - деді, - көңілімізді.

Білуге мұның бәрін болдым асық,  
Үш киік суда, бірі кетті қашып.  
Патша кім, басқалар кім, баяндашы,  
Білуге мұның бәрін болдым асық.

-Бұл – Бағфор, Шын шаһардың падишасы,  
Асып тұр салтанаты, даражасы.  
Айтуға айыбырақ бір ісі бар,  
Өзінің қатыны мен жоқ баласы.

-Алмаған, - қыз айтады, - не үшін қатын,  
Қалмасын дей ме артымда жұрағатым?  
Еркекке жарсыз тұрған бола ма екен,  
Баянда, есітейін асыл датын.

-Бір күні патша отырған тамашада,  
Төрт киік ойнап жүрді оңашада.  
Теңізге екі лағы түсіп кетіп,  
Текеге рақым салған жаппар құда.

Текесі лағымен суға кетті,  
Лағын ала алмастан қаза жетті.  
Енесі қашып барып оттап тұрып,  
Ешбірін қайғы тұтып елемепті.

Падиша құлай жаздап сонда тақтан,  
Көз көрді әйел халықтан опа жоқтан.  
Әйелдің мекері мен опасызын  
Падиша көреді екен тауарихтан.

Киіктің опасызын көрді көзі,  
Сонан соң әйел заттан күдер үзді.  
Кесіліп сол себептен мұхаббаты,  
Падиша жалғыздыққа шыдап, төзді.

Нешелер уәзірлер кеңес қылған:  
-Келген жан дүнияға қатын алған. –  
Не түрлі көкейкесті сөз айтады:  
-Кім мінер тағыңызға сізден қалған?

Айтысқан не жақсылар бір – бір келіп,  
Көнбеген ешбіріне көңіл бөліп.  
-Әйелді опасы жоқ маған ал деп,  
Қасқырды қоймаңыздар қойға теліп.

Мәлике уәзірден мұны есітті,  
Маған ұқсас екен деп кеуілі кетті.  
«Опасыз ер құлқында болар десем,  
Бар екен әйелде де мұндай», - депті.

Мәлике әкесіне хат жазады,  
Маған ұқсас екен деп көңілі азады.  
«Бір еркек маған ұқсас бар екен», - деп,  
Қыз ерге тиюіне болды разы.

Елшіден Ұрым патша жазыпты хат,  
Құрметтеп, тарту сыйлап көп асыл зат:  
«Бар еді жалғыз қызым хор сипатты,  
Разы сіз алсаңыз кеуілі жат.

Тұрған жоқ ерге тимей қызым жастан, -  
Хал – ахуалын баяндады әуел бастан. –  
Қызымның сізді сүйген себебі сол,  
Екеуіңіз бір болдыңыз ықыластан».

Уәзір бірге келіп айтты жайын,  
Өнермен бәрін айтты еткен дайын.  
«Ұрым патшаның көңілі үшін аламын», - деп,  
Азырақ ойға шомып, қылды уайым.

«Аялға опасыз деп қатқан едім,  
Қалса да, тоқтатайын, қанша көңілім.  
Менікі жөніменен болмаса да,  
Қабыл еттім Ұрым патшаның құрметі үшін».

Елшісі Ұрым патшаның қайтып кетті,  
Бағфордың айтқан сөзін айтып кепті.  
Той қылып неше күндей елін жинап,  
Қызының ұзатылуын талап етті.

Той қылып неше күндей жиғызды ел,  
Қазына – пұлға ауыр, сөзге жеңіл.  
«Қызымды күйеуіне қосып кел», - деп,  
Не жақсы қосып берді ақыл кемел.

Келеді қазынаны жолай шашып,  
Жол жүріп кеміген жоқ арып – ашып.



Бағфор да хабарменен қарсы шығып,  
Қосылды ай мен күндей екі ғашық.

Өнері кей адамның іште болар,  
Кейі – қолда, кейісі күште болар.  
Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,  
Кейінгі келешекке нұсқа болар.

Үшеулеп өтіріктеп бір қыз алдық,  
Келген жан дүнияға бір – ақ жандық.  
Не түрлі кеңес сөзді есітесің,  
Дүнияны, Сейдахмет, жүрсең заңғып.

### Жігіт пен әйелі

Ғапылдық, Сейдахмет, түпке жетер,  
Тағы да бір хикая айтсаң не етер?  
Ағылы – Бүгілімен ертеде өткен,  
Зілзала болған емес мұнан өтер.

Жарандар, осылай дүр жазған хатым,  
Жел сөзбен көтерейін көңіл шатын.  
Халайық, құлақ салып, құп тыңдасаң,  
Айтайын бір мырзаның хикаятын.

Бұл дүние, ойлап тұрсам, жалған екен,  
Ішінде пітнасы көп арман екен.  
Әкесі шешесімен жастай өліп,  
Бір жігіт жетім болып қалған екен.  
Дәулет – бақ бір өзінде болғаннан соң,  
Бір сұлу елден таңдап алған екен.

Жүріпті қызмет етіп күндіз – түні,  
Болмапты күн көруге ешбір міні.  
Артықша байын күткен себебінен  
Халыққа мағлұм болды қатын сыры.

Халыққа бұл қатынын жүрді мақтап,  
Ұсынып мақсұт еді жарын таппақ.  
Қосылып байыменен бірге отырып,  
Қатынға болды харам тағам татпақ.

Қатынға байы айтады:

-Қалай мұның?

Халыққа мағлұм болды барлық сырың.  
Қосылып бізбен бірге ас ішпейсің,  
Жүзіңнің кетіресің барлық нұрын.

Сөйлейді сонда қатын тілін жанып:

-Отырған құзырыңда біз бір ғаріп.  
Болады бейәдептік, артық ұят,  
Отырсам сізбен бірге тағам алып.

Сарп еткен бұған беріп дүние – малды,  
Сөзіне мынау айтқан қайран қалды.  
«Не қорек бұл қатыным етеді?» - деп,  
Қатынын аңдымаққа ойына алды.

Андиды бұл қатынын күндіз – түні,  
Пенденің Аллаға аян барлық сыры.  
Өтірік ұйықтаған боп жатыр еді,  
Қатыны төсегінен түрегелді.

Төсектен түнде шығып жүре берді,  
Соңынан ғаріп басып ере берді.  
Шаһардан сол уақытта сыртқа шығып,  
Ішіне көп бейіттің кіре берді.

Ол кетті көп бейіттің ішін кезіп,  
Әуелде құтым қашты, жаным безіп.  
Жаңа өлген бір өлікті жей бастады,  
Жанында тұрар емес адам төзіп.

Төсекке жата қалдым келе сала,  
Себебін құтылудың ойыма ала.  
Сол уақ таңға жақын уақыт екен,  
Артымнан ол да келді іле – шала.

Таң атты сол уақытта болып жарық,  
Оқыдым таң намазын мешіт барып.  
Келген соң аспазшыма бұйрық еттім,  
Келтір деп неше түрлі тағам алып.

Пісіріп, неше түрлі келді тағам,  
Жалындым тағам же деп тағы да оған.  
Тағамнан қанша айтсам да бір татпайды,  
Шынымен ашуландым енді бұған.

Шынымен ашуландым қаһарланып,  
Еркексіп, қамшыменен қалдым салып.  
-Бұл тағам кісі етінен харам ба еді,  
Жегенде жиіркенбейсің көрден алып?!

Қатыным ашуланды есі кетіп,  
Киімнен түгі тұтам тесіп өтіп.  
Аузынан көбік ағып бұрқырайды,  
Қу жаным қалар ма деп үміт етіп.

Толтырып бір кесе су құйып алды,  
Бойына бар қайратын жиып алы.  
Қолына бір солқылдақ шыбық алып,  
Келді де: «Ит болғыр» - деп салып қалды.

Ит болып түрегелдім орынымнан,

Айырылдым бұрынғы адам порымымнан.  
Қатыным ал, қамшының астына алды,  
Құтылмақ қиын болды енді мұнан.

Болмайды бөтен түрлі ой ойлауға,  
Ақырсам даусым жетпес ойбайлауға.  
-Бұралқы мынау итті тез өлтір! – деп,  
Бұйырды даладағы малайларға.

Әп – сәтте кетті мені қайғы басып,  
Көзімнен қанды жасым араласып.  
Құтырған өңшең малай аясын ба,  
Ал ұрды ортаға алып қамаласып.

Тағы да қақпаны ашты кішкентайлап,  
Сонда да алмақ, сірә, мені байлап.  
Бұлардың бұлай қылған қиялына  
Түсініп біліп тұрмын мен де абайлап.

Мен тұрмын қысылғаннан көзім жайнап,  
Қақпадан атып кеттім я, Құдайлап.  
Үзіліп құйрық қалды, өзім аман,  
Ал қуды шаһар иті тамаша – айлап.

Жасымнан жетім болдым жаным күйіп,  
Жалғызға қажет емес дүние жиып.  
Қыдырып бірнеше күн кезіп жүріп,  
Ит болдым бір наншының соңына еріп.

Ол наншы нан сатады әр базарда,  
Бірталай зейін керек сөз жазарға.  
Екінді мен ақшамның арасында  
Қожама біреу келді нан аларға.

Қожама пұлын беріп нанын алды,  
Ал қожам берген пұлын алып қалды.  
Пұлының жартысы адал, жартысы арам,  
Қу екен бұл да құртқан талайларды.

Ал қожам нан бермеді иесіне,  
Ақшасыз нанды берсін ол несіне?  
Мен – дағы ит болсам да біліп тұрмын,  
Шарам не, көнбеймін бе Алла ісіне?

Көп салды бұлар жанжал ұзақ тұрып,  
Мен тұрмын сөйлер тіл жоқ, құлақ тұнып.  
-Осыны адам түгіл ит білер, - деп,  
Жіберді қожам маған лақтырып.

Көп салды бұлар жанжал ерегесіп,  
Екеуін екі аяқпен алдым қысып.  
Палшыны бір уақытта лақтырдым,

Көрінбей көк жүзіне болды ғайып.

Көп екен келген халық бұл жанжалға,  
Қарамсыз садақа бер жиған малға.  
«Бір ит бар пәленшеде, таниды ақша», -  
Деген сөз жайылды енді алты алашқа.

Енді елім шын құрмет етті маған,  
Жаққан соң қиянатсыз ісім оған.  
Қожам жоқ, нан қасында жатыр едім,  
Бір кемпір келді жетіп сонда маған.

Шақырды зәлім кемпір мені «кә!» деп,  
Барайын ол кемпірге нағып еріп.  
Шақырды қайта – қайта мені қоймай,  
Келемін мен кемпірдің соңына еріп.

Мен жүрдім бұл кемпірдің соңына еріп,  
Қорқақтап, жан – жағыма көз жіберіп.  
Үйіне кіріп келсем бір қыз отыр,  
Жоқ екен мен қорқардай бөтен серік.

Қорыққаннан қатын жайлы көп ойладым,  
Пайдасын өз басымның жеп ойладым.  
Үйіне алып барып сиқырменен  
Тағы да өлтіре ме деп ойладым.

Қатынның көрдім қанша қиянатын,  
Қызына сөз айтады мына қатын.  
-Ақшаны танитұғын осы ит, балам,  
Білуге болмас па екен мұның затын?

Қыз айтты: «Білмек болсаң, анам, - дейді, -  
Білуге келер ме екен шамам, - дейді. –  
Бар еді бір шаһарда бір имансыз,  
Бір болса бұған зиян содан, - дейді. –

Екеуміз оқып едік бір орында,  
Дұғамен болушы едік әр порымда.  
Әр уақыт сайран етіп жүрген шақта  
Жеуші еді адам етін әр қорымда».

Бұл – дағы бір кесе су құйып алды,  
Қасына иттің жеке жетіп барды.  
«Әуелде қандай болсаң, сондай бол!» - деп,  
Келді де көк шыбықпен салып қалды.

Әуелгі түстім адам қалыбыма,  
Бұл сөздің түсінерсің анығына.  
Ал мені адам қылып болғаннан соң,  
Барады кітап қарап сандығына.

Қатынның кітап ашып білді сырын,  
Бұл күнде моншада екен қатын зәлім.  
Қолыма бір кесе су, шыбық берді:  
«Үстіне шаш мұны, - деп, - одан бұрын».

Құдайдың кім таласар берген баққа,  
Дұғаны қыз үйретті біз бейбаққа:  
«Су шашып, шыбықпенен бір салып қал,  
«Не болсаң, сол бол!» дерсің сол уақытта».

Сол жерде қатынды іздеп кеттім жүріп,  
Қиянат бұрын қылған ойға кіріп.  
Жақындап мен моншаға келгенімде,  
Жүгіріп шыға келді мені біліп.

Су шашып: «Байтал бол!» - деп қалдым салып,  
Торыша байтал болды өзі арық.  
Сол жерде ауыздықтап, жүген тағып,  
Мен тарттым қыз үйіне міне салып.

Мен келдім қыз үйіне мінуменен,  
Аяңдап, жортып әрі желуменен.  
Байталды алып келген көргеннен соң,  
Болыпты кемпір мен қыз күлуменен.

Бар малым, мал – мүлкімді алдым өзім,  
Падиша, ойланыңыз үшбу сөзім.  
Жарымын сол малымның бөліп беріп,  
Айырып тағы да алдым кемпір қызын.

Жігітке падиша айтады: «Сен бір ерсің,  
Бақытты әр пендеге Тәңірім берсін.  
Қоя бер ғазабынан құтқар – дағы,  
Жайылып баянында күнін көрсін».

Жібердім падишамның тілін алып,  
Сол байтал өз бетімен кеткен шауып.  
Сүйікті падишама уәзір болып,  
Бақытты өмір сүрдім, мұрат тауып.

### **Әйел хикаясы**

Сөз сөйле, Сейдахмет, қалам алсаң,  
Дүние өтірік, жалған маған нансаң.  
Бір түрлі әйелдердің мекерінен  
Айтайын аз әңгіме құлақ салсаң.

Болыпты ертеректе момын адам,  
Өзінің ақылы бар, емес надан.  
Бар екен бір қатыны зор тақуа,  
Көрініп намұқырамға баспас қадам.

Жүз ашып ешбір жанға көрінбейді,  
Күн – түні тағат қылуға ерінбейді.  
Үйінің айналасын бекіттіріп:  
«Көрмесін ешкім мені, ерім», - дейді.

Бұл қатын сол ғадетті қылды қалып,  
Болады ері риза бұған нанып.  
Көңілі қатын киіп, сүйінсін деп,  
Дүкеннен бір шапанды береді алып.

Жаман сөз жаратпайды есіткенді,  
Не салса Хақ тағала несіпті енді.  
Бір күні қатын сыртқа шыға сала,  
Шапанның бір етегін кесіп келді.

Өзіне қатын келді беріп азар:  
«Жас адам көрсе мені көңілі бұзылар.  
Мен кестім етегімді сенің үшін,  
Бір бейбақ етегіме салды назар».

Ері айтады: «Бөтен жанға өзің бақпа,  
Сен мұндай заһит болдың, шүкір Хаққа.  
Кестім деп етегіңді ренжіме,  
Ертең алып беремін, пұлым жоқ па?!»

Дүкенге ертең тұрып барады енді,  
Шапанның матасынан алады енді.  
Етегін кескен жерін жамай салып,  
Үстіне қатын киіп алады енді.

Етегін екі – үш күнде бір кеседі,  
Байының кескен сайын көңілі өседі.  
Алады күнде жамау бір матадан,  
Саудагер бұған түк те демес еді.

Бір күні ойға қалып, момынменен  
Оңаша отырып бір кеңеседі:  
«Аласың күнде жамау, әр киім бе?  
Болмаса кеңімейтін тар киім бе?»

Айтады сонда жігіт қатын жайын,  
Етегін кесетінін күн – күн сайын:  
«Намұқырам алады деп күнде кесті,  
Күнде жамау қыламын соған дайын».

Саудагер айтты: «Менің мұнымды аңла,  
Бұл менің насихатым, ғпыл қалма.  
Жудырып кір – қоңыңды, азық алып,  
Болып кет баратұғын алыс жолға.

Үйреткен саған менің бұл ақылым,  
Болмасын басқа іспен еш дақылың.  
Білдірмей ел жатқан соң үйіңе кел,  
Сонан соң білсең керек іс ақырын».

Ақылын саудагердің жігіт алды,  
Үйіне жол жүрем деп қайтып бардым.  
Жудырып киімдерін, азық алып,  
Шаһардан ерте шығып кетіп қалды.

Аяғын түнде келді бір – бір басып,  
Білдірмей кіріп келді есік ашып.  
Қатыны жатыр екен төсегінде  
Бір сұлу жігітпенен құшақтасып.

Көзіне жан көрінбей қылыш алды.  
Екеуін қылышпенен бір – бір салды.  
Өлтіріп екеуінің басын кесіп,  
Падишаға ертең тұрып алып барды.

Мәнісін баяндайды мұның ханға,  
Падиша естіп мұны қалды таңға.  
«Шаһарсыз билігіңмен іс қылдың», - деп,  
Салдыртты бишараны зынданына.

Зынданда ол бишара зарланады,  
Нақақтан кемшілікке арланады.  
Ауыз айтып бағаға күші жетпес,  
Жүзігі падишаның жоғалады.

Падиша жүзігіне қайғырады,  
Хабармен жұртын жиып алдырады.  
«Кім тапқанға өз құнын беремін», - деп,  
Хабарды тұс – тұсынан салдырады.

Падиша бұл хабарды қылды жары,  
Жиылды бірі қалмай жұрттың бәрі.  
Мықты, осал, момын, зәлім – бірі қалмай,  
Жиналды қожа, молда, ишандары.

Бір ишан келе жатыр зікір салып,  
Жылайды бір Құдайға қатты налып.  
Ишанның алдын сыпырып келе жатыр,  
Құлдары сыпырғышын қолына алып.

Баяғы зындандағы бишара адам,  
Ишанға келді басып бері таман:  
-Сыпыртқан жолыңызды себебі не?  
Түсінсін баянына бізде надан.

-Бұл жолда үлкен – кіші жануар бар,  
Өлтірсем бірін басып күйдірет нар.

Өлтірсем бірін басып бұл дүниеде,  
Болғанда мақшар күні боламын хар.

Падишаға келді момын бір – бір басып,  
Падишаның құлы отырды судай тасып.  
-Жүзігіңіз осы ишанда болса керек,  
Біздерге құрметіңіз болса нәсіп.

Мұны айтты падишаға момын батыр,  
Кідірмей жақсы – жаман келіп жатыр.  
Тілімен момын айтқан тінтіп еді,  
Ишаннан жол сыпыртқан табылды ақыр.

Жүзігі падишаның табылады,  
Жазамен зынданға ишан жабылады.  
Момыннан осы жерде сол падиша:  
-Ишаннан қалай білдің? – деп сұрады.

-Ишанның заһидлігі шамадан тыс,  
Шамасыз іс ірия шығады – мыс.  
Бар еді бір қатыным зор тақуа,  
Аңғардым, содан шықты осындай іс.

Етегін сол қатыным күнде кесті,  
Сұрасам: «Намұқырамның көзі түсті».  
Ойнасын бірге жатқан тауып алып,  
Өткіздім екеуінен бір қылышты.

Әділдік сұрайын деп сізге бардым,  
Ақыры пәлесіне өзім қалдым.  
Осындай тақуалық зор бұзық деп,  
Көзім жеткен нәрседен ғибрат алдым.

Падиша ұялғаннан қонақ етті,  
Өзіне неше түрлі құрмет етті.  
Падиша өз бойындай алтын беріп,  
Сүйікті қыз әперіп еңғам етті.

Адал бол, арың сақта, ғапыл болма,  
Ойланып көзіңді сал оң мен солға.  
Ор қазсаң жазығы жоқ біреулерге  
Құларсың өзің барып құзар жарға.

## **Мұжық**

Ойыңды айт, Сейдахмет, не білесің?  
Саралап айтып берем сөз жүйесін.  
Халайық құлақ салып, құп тыңдаса,  
Айтайын бір мұжықтың әңгімесін.

Бір мұжық егеді екен әр жыл егін,  
Астыққа пұл шығармас, ішер тегін.



Өзінің бала жастан баққаны сол,  
Сегіз пар өгізі бар, бәрі жегін.

Мұжықтар мінеді екен арбасына,  
Тырманың өгіз жегер бір басына.  
Егінге күнде барып шаршаған соң,  
Ұсады кешке келіп маржасына.

-Жүремін ертеңді – кеш етіп михнат,  
Жарылып беті – қолым, көп жарақат.  
Дұрыстап тым болмаса ас бермейсің,  
Көресің үйде отырып сен рахат.

-Қожайын, олай болса тыңда сөзді,  
Кигенім көйлегіме шүршіт бөзі.  
Михнатың сенің менен артық емес,  
Көп болса жел жарған да жүзіңізді.

Егінге қиын болса мен барайын,  
Аспапты неше түрлі даярлайын.  
Келгенше мен егіннен дұрыстап қой,  
Айтайын түсіндіріп үйдің жайын.

Істейтін әуел бастан ісің мынау,  
Көретін әйел – сордың ісі зор – ау.  
Қарақұс балапанды жеп кетпесін,  
Және де жамырамасын үш – төрт бұзау.

Бір күршек қаймақ бар – ды май қылатын,  
Қатық қып бір шара сүт ұйытқайсың,  
Егер де менің ісім оңай болса,  
Бұларды, айтқаным сол, бұлжытпайсың.

Сонан соң нанды пісір пешке салып,  
Жүрмеңіз шай қайнатпай кешке қалып.  
Біреуі айтқанымның болмай қалса,  
Сөггермін, ренжіме, келе салып.

-Орныңнан, кәне, жылдам түрегелші,  
Егінге көп кешікпей жүре берші.  
Айтқаның сенің мынау боқтан оңай,  
Соқа ұстап, өгіз айдап, кәне, көрші!

Маржасы жөнеледі арбасымен,  
Өлгенше пенде жүрер жармасумен.  
Әуелде ақыр қанша бақастық бар,  
Өткізген ғұмыр жасты арбасумен.

Үйіне кірді мұжық айтқанынша,  
Тоқтамас көңіл шіркін қайтқанынша.  
Ойлады түске дейін бітірем деп,  
Қалдырмай мұның бәрін күн батқанша.

Қамады үш бұзауды шарбағына,  
Ешқайда болды күмән бармағына.  
Томпаңдап әр сарайда жүгіріп жүр,  
Сыйынып илат – милат аруағына.

Бұл байғұс осылайша ойлады ойды,  
Ойлаумен басындағы миды жойды.  
Бар еді қырық балапан тауығынан,  
Бір жіпке бәрін тізіп байлап қойды.

Байлады белге күршек май болсын деп,  
Көңілі қатынымның жай болсын деп.  
Тоңқандап нанды илеп екі қолмен,  
Іс етпек қиялында осы жолмен.  
Аңғармай тарсылдатып жатқанында  
Шыңғырған дауыс шықты бір порыммен.

Далаға дауысты естіп жүгіреді,  
Келгенін бір қарақұс көзі көрді.  
Қолға алып қара балта қуған шақта,  
Бүріп ап балапанды жөнеледі.

Соңынан қарақұстың қуып кетті,  
Балапан матастырған бәрі кетті.  
Жүргенде асып – сасып сорлы байғұс  
Бұзаулар қақпа ашылып, шығып кетті.

Бар еді бір қара су, қашты соған,  
Біреуі екі сөздің: «Ойбай, аман!»  
Лақтырды қара балта қарақұсқа  
Жақындап келгенінде суға таман.

Балтасы жоғалады суға батып,  
Қызыққа естігендер қылсын батып:  
Өзінің лақтырған екпінімен  
Құлайды тіке жардан омақасып.

Күршегі беліндегі қалды қирап,  
Төгіліп қаймақ кетті үстін былғап.  
Балтамды не болса да аламын деп,  
Жөнелді шешіп киім суға қарап.

Қарап жүр табанымен суды шашып,  
Қарамас жан – жағына көзін ашып.  
Төгілген қаймақ – майдың ісіменен  
Киімін бір ит кетті алып қашып.

Балтаны көп қарады, таба алмады,  
Етерін нешік лаж біле алмады.  
Қараса судан шығып, киімі жоқ,  
Үйіне күн батқанша бара алмады.

Жүгірді күн батқан соң үйге таман,  
Қалмады еш нәрсесі үстінде аман.  
Қатынға не деп жауап беремін деп,  
Жылайды шашын жұлып онан жаман.

Бірге жүр бұзаулары енесімен,  
Жалаңаш үйге кірді денесімен.  
Бар еді құсжүн салған кебежесі,  
Ішіне кіріп жатты келісімен.

Сөйлейді сонда мұжық өзді – өзіне:  
«Құлақ сал, бозбалалар, сөздеріме.  
Қатыным егінінен келе салып,  
Ойласам еш күмән жоқ іздеріне.

Япырмай, сонда неғып көрінемін,  
Орнымнан тұрсам егер сүрінемін.  
Балапан, балта, қаймақ – бәрі кетті,  
Істеуге қатық нанша ерінемін.

Және де бұзауларым кетті еміп,  
Қоймадым нан пісіріп ұнды сеуіп.  
Қатыным келе сала шай ішпесе,  
Бұл үйден шығарады мені қуып.

Қой енді мен қатынға жалынайын,  
Ісінен не десе де табылайын». –  
Даладан біреу келіп есік ашты,  
Бұл байғұс отыр еді айтып жайын.

Қарады мойнын созып есік жаққа,  
Болмайды айтып үгіт ақымаққа:  
Кебеже құсжүн салған құлап кетіп,  
Бұрқырап құс жүнінен кетті тақта.

Бұрқырап шашылды жүн ысыраппен,  
«Құдайға жақпады ісім не себептен?»  
Өз қатыны дегені басқа біреу,  
Маржа екен есік ашып есі кеткен.

### **Қаздардың Ұрымды алуы**

Кел енді, Сейдахмет, қаламыңды ал,  
Бұрынғы өткендерге назарың сал.  
Көңілге ілетұғын жері болса,  
Бір ұқсас хикаятын баяндап қал.

Өзінді жалықтырар қылған ісің,  
Қой қуып, кетер түбі текке күшің.  
Қолыңда жұрт түзеуге пәрменің жоқ,  
Наданға өтер бірақ тіл – қылышың.

Жазбаққа бір хикаят қылдым талап,  
Тәмсіл қып, аз да болса көпке балап.  
...Ертеде Ұрым деген зор шаһарды  
Жау келіп, айналдыра алды қамап.

Бірнеше айлар қамап әлсіретті,  
Шығармай сыртқа бірін, мансұқ етті.  
Таусылып қару – жарақ, азықтары,  
Шаһардың адамының халі бітті.

Ақылын таба алмайды не қылмаққа,  
Сөйлесіп келмек болды ынтымаққа.  
Ұрысып кетіретерге дәрмені жоқ,  
Риясыз қайлалары бағынбаққа.

Сол шақта қаңқылдады бір қаз тулап,  
Көрген соң бірін – бірі бәрі шулап.  
Көптігі Ұрым қаздың дауысымен  
Көк пен жер жаңғырығып кетті дулап.

Дауысы бірі – біріне кетті ұласып,  
Қаңқылы жерді жарып, көкті басып.  
«Жәрдемші бұл шаһарға келді ме?» - деп,  
Түсінбей сырттағы әскер кетті қашып.

Сол қаздың өзі жоқ та, тұқымы көп,  
Адамның пайдасына, қазаға дөп.  
Бір адам бір бөлегін айдап жүрді,  
Базарға алып барып сатамын деп.

Қаздарды иесі жүр ұрып айдап,  
Бір пысық қаз биікке өзін сайлап.  
Ұйғарды иесіне қатты ренжіп,  
Айтуға хакім көрсе арыз ойлап.

Бір әділ қаздар хакім іздеді енді,  
Құдайым шын тілесен, тез береді.  
Қолында күмістеген таяғы бар,  
Бір төре қарсы алдынан кез келеді.

Төреге арыз айтты сонда қаздар,  
Таулардан көңілі биік, ақылы аздар.  
-Тақсыр – ау, бұл иемнің қорлығы өтті,  
Басына не күн туды бізді қозғар?

Түсіндір оған айтып қаталарын,

Базарға қойдырыңыз апарарын.  
Бұрыннан шынжыр балақ нәсіл едік,  
Ұрымнан жау қашырған аталарым.

Төре айтты:

-Бар ма қайрат өз басыңда?  
Болмаса ондай өнер жолдасыңда?  
О баста атамыздан жау қашты деп,  
Әлі де соны қайрат қыласың ба?

-Атамыз – жау қашырған артық нәсіл,  
Ешбір қаз бола алмаған одан асыл.  
«Атамыз жау қашырған» дей беріпті,  
Басқа айтар дәлелі жоқ ешбір тәсіл.

Қаздар түр бұрынғы өткен қазды мақтап,  
Төренің қаздан қалды көңілі тоқтап,  
«Бір іске сендер таңда жарарсыңдар», -  
Деп орнын берді төре лайықтап.

Құс бар ма шындығында қаздан осал?  
Кім туыс, кім атадан болса нашар?  
«Жақсыдан өзі болған тек сұрама,  
Іледі қарға сұңқар» деген мысал.

Кел енді, Сейдахмет, бекер жатпа,  
Өтті деп Тілеулі атам асыл затта.  
Атадан жаман туған сендей нәсіл,  
«Атам, атам» деп жүріп түседі отқа.

Атаңды бұрынғы өткен ұлықтама,  
Алтынды мысқа әкеліп булықтама.  
Ерлікпен Тілеулі атам қолы жеткен,  
Бұзаудай өгізге ерген солықтама.

Ата, мал жолдас емес бағытымен,  
Әркімнің өзіне өлшеу уақытымен.  
Қалмақтан атам қоймай қатын алған,  
Кезі жоқ бірақ нашар хақын жеген.  
Аяғы осыменен болды тәмам,  
Азырақ бес – алты ауыз нақыл өлең.

### **Әмір иен Мәлике қыз**

Қолыңа, Сейдахмет, қалам алғын,  
Жазуға бір хикая тағы ойлағын.  
Әмір мен Мәликені дастан етіп,  
Жазуға ғашықтарды көп толғағын.

Ұрымда Әмір атты падиша болған,  
Басына бақыт пенен аруақ қонған.  
Әйелден еркекке опа болмайды деп,

Өтуге әйел алмай белді буған.

Бағдатта Мәлике атты сұлу болған.  
Көркіне көрген адам қайран қалған.  
Еркектен әйелге опа болмайды деп,  
Өтуді ерге шықпай армандаған.

Бір күні Әмір аңға шығып төрт киік көреді, екі лақ, енесі және бір теке. Екі лақ су ішем деп өзенге құлап кеткенде, ағыс ала жөнеледі. Тек суға түсіп, екі лақты жел жағына алып, арғы бетке өтеді. Енесі кейін қашып, жайылып тұрады. Мұны көрген падиша әйелсіз өтуге бел байлайды.

Мәлике қыз түс көріп, түсінде асқан сұлу жігіт көреді. Қыз жігітке барса, жігіт қарамайды. Қыздың еркектен безу себебі осы болған. Бір күні Әмір ұйықтап жатып, түсінде айдай сұлу қыз көреді. Әмір қызға ғашық болып, аты – жөнін сұрап жатқанда бас уәзірі келеді. Әмір қызға ғашық болғанын айтады. Сонда бас уәзір: «Түр – түсін айтып отыр, мен қабырғаға суретін салып берейін. Бағдат шаһарында болса да іздеп табамын», - дейді.

Сонан соң қымбат дүниелер артып жүріп кетеді. Бағдатта қыз сарайының терезесінің алдына үлкен дүкен салдырады. Дүкеннің бір қабырғасына төрт киіктің суретін салып, екінші жағына атқа мінгізіп, киікке қаратып падишаның суретін салады. Дүкеннің заты арзан болады. Дүкенді жұрт мақтайды. Бір күні Мәлике дүкенге зат алуға келіп, суретке ұзақ қарап, жігітке ғашық болады. Қыз уәзірден: «Мына жігіт кім?» - деп сұрайды. «Бұл – Ұрым патшасы Әмір», - дейді. Қыз сатушыға: «Осы жігітті кездестір, қандай тілегің болса да орындаймын», - деп жалынады. Жігіт сурет жайын баяндайды.

Қыз жалынған соң, Әмірге хабар жіберіп, алдырады. Екі ғашық бірін – бірі сүйіп қосылады. Бір күні Мәлике: «Жер алыс, шаршап жетеміз - ау», - дейді. Сонда Әмір:

Мәлике ай мен күндей жарқыраған,  
Жолыма жолы болмас қақпан құрған.  
Аз күнде аман – есен жетіп барам,  
Ұрымың алыс емес, мына тұрған, -  
депті.

### Ұрым шахының қызы Шахбану

Кел енді, Сейдахмет, жетті жасың,  
Кемітпе ғапылдықпен ғазиз басың.  
Қызы екен Ұрым шахының Шахбану,  
Зейініне кетті менің ықыласым.

Кітабын Тотынама қолыма алдым,  
Қарасам бір хикая, назар салдым.  
Ол зейін әйел түгіл ерге бітпес,  
Парасат, ақылына мен таңғалдым.

Бар екен өзі диқан, бір мүсәпір,  
Мұсылман таза көңіл, емес кәпір.  
Кәсібі әуелден – ақ ауқат еткен  
Бір жерге қос айдауға келе жатыр.

Қос айдап түгелімен тісін салды,  
Кәсібім жоқ берсе деп ойына алды.  
Алуға бір адамның күші жетпес  
Бір гауһар құны қымбат табылады.

Қуанып бейшара алды ол гауһарды,  
Достына бір ашына алып барды.  
«Бір нәсіп Тәңірім өзі берген екен,  
Ойлашы, достым, бұған не қыларды.

Ей, достым, менен көрі сіз білімді,  
Мен сізге берсем керек тізгінімді.  
Риясыз дос досына зиян қылмас,  
Алармын не десең де мен тіліңді».

Досы айтты: «Сізге берген Хақ тағала,  
Хақ берген халал кәсіп ойлап қара.  
«Ұрлап сен қазынамнан алыпсың» деп,  
Падиша ғажап емес қылса жала.

Қолыңнан мұны сатсаң дүние кетпес,  
Бір жанның бұл шаһарда күші жетпес.  
Ұрымның шаһарына апарып сат,  
Құпия керуенге болып імдес».

Момынның аты – Қадыр. Екі досын ертіп, үшеу болып, керуенмен Ұрым шаһарына жүріп кетеді. Жолда момын ауырып, екі досы күткен болып жүріп, гауһарды ұрлап алады. Сұраса өлтіріп кете ме деп қорқады. Ұрымға барған соң момын падишаға арыз етеді, гауһарын алып беруді өтінеді. Сонда падиша қызы Шаһбануды шақырып: «Қиянатсыз алса, гауһарын тапқызып бер», - депті. Шаһбану үшеуін сарайына апарып, моншаға түсіріп, жақсы киім кигізіп, күндіз – түні менің қарауымда болындар, күндіз базарға барып тұрындар деп кеңес береді. Түнде ұзақ уақыт неше түрлі қызық әңгіме айтып, қыз жігіттерді еліктіреді.

Бір күні Шаһбану үш жігітке: «Қонақтарым, шеше алмай жүрген құпиям бар, соны шешіп беріңдер, мен айтайын», - депті. Үш жігіт: «Айтыңыз, шешіп берейік», - депті. Сонда қыз: «Қалқа деген шаһардың ханы Шымырдың сұлу қызын екінші бір ханның баласы айттырыпты. Зылиха қыз сол өз шаһарының жігітімен көңілдес болыпты. Жігіт: «Қосылайық», - дейді. Қыз: «Екеумізді де өлтіреді, жақында қалыңдық ойнауға күйеу келеді», - депті. Сонда жігіт қызға: «Күйеуің келген күні күйеуіңнен бұрын маған жолық», - дейді. Қыз келіседі. Көп кешікпей күйеу келеді. Жеңгелері қызды күйеуіне әкеледі. Қыз күйеуіне жалынып, рұқсат сұрайды: «Етегімді жел ашпаса, ер көргенім жоқ», - деп жалынады. Күйеуі рұқсат береді. Қараңғы жолда адам тонайтын ұры кездеседі. Қызды тонай бастайды, өзін зәбірлеуге айналады. Қыз жалынып, жігітпен уәдесін және күйеуінің рұқсат бергенін айтып зарлайды. Ұры рақым жасап қоя береді. Аман – есен ғашық жігітіне кездеседі. Жігіт: «Аһ, Зылиха, сен – хан қызы, мен – бай саудагер, сенің жомарттығыңды байқау үшін әдейі айттым», - деп, қызды сарайына әкеп салыпты. Міне, осы үшеуінің қайсысы жомарт, айтып беріңдерші!» - депті.

Момын артын бағып үндемейді. Екі жігіт үшеуін де жамандап, өлген адамға санайды. «Біз болсақ дүниені, сұлу қызды олжалап кетер едік» - деп өкінеді. Сонда момын: «Ей, ақымақтар, күйеу жомарт, дүние – малын сарп етті, екіншіден, бірінші кездескен қалыңдығына сеніп қоя берді», - депті. Сонда қыз: «Екі жігіт, гауһарды әкел, әйтпесе дарға тартамын», - дегенде, гауһарды әкеп берген. Шаһбану момынға тиіп, оны падиша қояды. Екі жігітке де адам әперіп, үшеуі де мұратқа жетеді.

Сөз сөйле, Сейдахмет, аманыңда,  
Жүйткіші он саусақ пен қаламым да.  
Өтіпті бір әулие, ізгу қатын  
Бұрынғы панисрайыл заманында.

Бұл дүние опасы жоқ өтер еді,  
Сол қатын мұратына жетер еді.  
Құлшылық ететұғын бір мешіт бар,  
Таһар ап сол бақшадан кетер еді.

Бар еді сол бақшада аққан арық,  
Жүрмеген оныменен басқа халық.  
Бақшаға ешбір адам кіргізбеске,  
Екі шал жүреді екен бақша бағып.

Жас әйел күнде суға келіп жүрген,  
Екі шал келген сайын көріп жүрген.  
«Келеді күнде мұнда не жұмысқа,  
Ғашық па екеумізге өліп жүрген?»

Екі шал сол әйелге болды ғашық,  
Жолығып сөз сөйлейді лебіз ашып:  
-Сен өзін екеумізді күнде іздейсің,  
Жүрмісің екеумізге болып ғашық?

-Екі шал, мұндай сөзді айтпа бізге,  
Бишара, бір Құдайдан күдер үзбе.  
Халіңіз ақиретте қандай болар,  
Не көрдің, бұлай деме көрер көзге.

-Бишара – ау, айтқан сөзге көнесің ғой,  
Ғашық боп күнде іздеп келесің ғой.  
Екеуміз куә болып пәле салсақ,  
Сен байғұс падишадан өлесің ғой.

-Екі шал, мұндай сөзді айтпа маған,  
Сақтасын ызнадан Хақ тағалам.  
Етемін Құдайыма мен құлшылық,  
Естіртпе мұндай сөзді, екі надан.

Екі шал сол арада айқай салды,  
Дауыстап бар адамды жиып алды.  
«Бақшада мына қатын ызна етті», - деп,  
Барды да падишаға мағлұмдады.

Падиша екеуіне берді жауап:  
-Айтайын шарифатпен үлкен сауап.  
Екеуің ант бер – дағы мойнына қой,  
Қолыңа Құран ұстап, етіп тауап.

Бағыбан екеуі де ант берісті,



Нақақтан бір пәлеге қатын түсті.  
Күні енді бишараның нешік болар,  
Пәлеге душар болды мұндай күшті.

Нақақтан екі зәлім антын берді,  
Жиналған халайықтың көзі көрді.  
Қышқыртып үш күн ұдай бір шаһарда,  
Мойнына арқан тағып алып жүрді.

Үш күндей қатын жүрді Хаққа зарлап,  
Қарайды шаһар елі бұған аңлап.  
Хақлығы бір Аллаға мағлұм еді,  
Көзінен ағып жүрді жасы парлап.

Жылайды қатын байғұс басы қатып,  
Өлтірер төртінші күн таспен атып.  
Жүгіріп Тақ Сүлеймен ойнап жүрсе,  
Әйел тұр белуардан жерге батып.

Барлық жан сол қатынның басында екен,  
Бір – бір тас қолына алып қасында екен.  
Сұрайды келе сала Тақ Сүлеймен,  
Сол күні дәл он екі жасында екен.

Жұрт айтты: «Бұл қатында жаза көп», - деп,  
Сөйлейді: «Бақшада еткен ызна», - деп.  
«Екі шал бақша баққан ант берген соң,  
Падиша әмір қылды өлтірсін деп».

Сол жерде әйел байғұс қалжырады,  
Бір жерге Тақ Сүлеймен отырады.  
«Тез келсін, сұрайтұғын сөзім бар», - деп,  
Шақыртып екі шалды алдырады.

Екеуін айырады екі басқа,  
Бір – біріне көзі қысып, ымдамасқа.  
-Бақшада қай уақытта жатты қатын?  
Қария, дұрыс сөйле, етіп қысқа!

-Я, тақсыр, мен айтпаймын өтірік сөз,  
Бақшаның күнбатыс жақ жолықты кез.  
Екеуі тамыр екен, ойнап – күлді  
Ағаштың алма деген түбінде кез.

Апарып мұны қойды алыс жерге,  
Енді екінші қарт келді сөйлер сөзге.  
-Бақшада қай уақта жатты қатын?  
Қария, дұрыс сөйле, өлім жақын.

-Я, тақсыр, мен айтпаймын өтірік сөз,  
Бақшаның күншығыс жақ жолықты кез.  
Екеуі тамыр екен, ойнап – күлді

Ағаштың баулы деген түбінде кез.

Бұл іске халық болды таңғалғандай,  
Келмеген бұл шаһарда жан қалмады.  
-Обалы әйел өлсе, падиша, сізге,  
Куәнің сөзі болды сандалғандай.

Шүкірлік қатын қылды бір Құдайға,  
Тақсырдан тақ Сүлеймен көрді пайда.  
Сол жерде екі шалды дарға тартты,  
Әуелі қатынға деп құрған қайла.

Жалғанда Сүлеймендей патша қайда,  
Әуелі өз басына қылмас пайда.  
Сол қатын мұратына кетті жетіп,  
Таппассың залымдықтан басқа пайда.

Сүлеймен падиша боп дүниені алған,  
Қалмаған көңілінде ешбір арман.  
Куәдан жалғыз – жалғыз жауап алмақ  
Мирас боп кейінгіге сонан қалған.

### Әке өсиеті

Алпыс бес жасың келді осы мартта,  
Бәрі де көрген дәуір қалды артта.  
Көз кеміп, көңіл өліп, Сейдахмет,  
Не күйің қалды енді басың қартта?

Кетті ғой енді құмар бар қызығы,  
Көбейді түзуінен халық бұзығы.  
Бұл күнде бір теңгелік бағаң бар ма,  
Сен едің тәуір заттың бір тұздығы.

Дүниенің рахаты – саламатың,  
Алар ма ақылыңды бала, қатын?  
Айтқанды қатын – бала қылып тұрса,  
Сол деп біл дүниенің рахатын.

Өтіпті ерте уақытта бір саудагер,  
Болыпты үш баласы өңкей жігер.  
Асыпты он шаһардан мал мен басы,  
Қисапсыз қалай берген пәруардігер?

Ақылға кем болыпты балалары,  
Істі оңға бастыруға жарамады.  
Ыдығын еш кәсіптің білмейді екен,  
Келсе де мал шашуға шамалары.

Саудагер тәуекелге бекінеді,  
Бар малды ғисап қылып екі бөлді.  
Жартысын алтын – күміс пұлға аударып,

Жер қазып топыраққа және көмді.

Саудагер ақылға да кемеңгер – ді,  
Болжаған болатұғын күнді ілгері.  
Баяғы көміп қойған алтын – күміс  
Бұлардың ешбіріне білдірмеді.

Шақырып үш баланы алдына алды,  
Үшеуіне үш түрлі ақыл салды:  
-Үшеуің ақылымды алар болсаң,  
Дүнияда жиған малым саған қалды.

Айтады үлкен ұлға: «Тыңда сөзім,  
Перзентім, жігерімсің, көрер көзім.  
Шаһар сайын бір жақсы үй салып қой,  
Басыңа пана болар барсаң өзің.

Кім алса ата сөзін дана болар,  
Бір күні келмей қалмас сана болар.  
Сыр айтпа қатыныңа қойныңдағы,  
Бір күні өз басыңа пәле болар».

Айтады екінші ұлға: «Маған нансаң,  
Қабылдап насихатқа тілімді алсаң,  
Көрерсің жар қызығын, жаным балам,  
Ажарлы жұма сайын бір қыз алсаң».

Айтады үшінші ұлға: «Құлағың сал,  
Тұтынсаң үшеуіңе де жетеді мал.  
Қарағым кенжетайым, қоңыр қозым,  
Күнде же тамағыңа май менен бал.

Жұмсасаң жөнін тауып жетер малың,  
Жұмсамасаң жоқтықпен көшер әлің.  
Үшеуің жұмсай алмай жарлы болсаң,  
Айтайын бір насихат сізге мәлім.

Дүниеден ахыретке болсам ғайып,  
Тіленіп, барма ешкімге қолың жайып.  
Үшеуің тарықпай – ақ күн көрерсің,  
Осы үйдің керегесін ішсең шайып».

Мұны айтып ахыретке сапар шекті,  
Үш ұлдың кеудесіне ақыл екті.  
«Тірлікте айтқан тілін алмайтын ек,  
Алайық бұл ақылын енді», - депті.

Үй салды әр шаһардан үлкен бала,  
Болар деп істі болсам басқа пана.  
Бәрін де тамашадан әйбатылатып,  
Қалмады үй салмаған ешбір қала.

«Атамның қылдым, - дейді, - насихатын,  
Әр жұртқа білінді ғой менің атым.  
Атамның айтқан сөзін сынайыншы,  
Сырымды қалай шашады енді қатын?»

Бір қойды бауыздады жеке барып,  
Тастады ішек – қарнын, ішін жарып.  
Қалғанын қапқа салып буып, байлап,  
Түн ішінде үйіне келеді алып.

-Қатын – ай, бір сөзім бар, тыңда, - дейді,-  
Әкелдім кісі өлтіріп мында, - дейді. –  
Таластым ашуменен бір саудаға,  
Өлсең де мұны әшкерем қылма, - дейді.

Сасқан боп өп – өтірік абдырады,  
Астына тамам жүктің қалдырады.  
«Құдай – ай, ешкім мұны білмесін», - деп,  
Үстіне тамам жүгін жидырады.

Өтеді арасында бірнеше күн,  
Ойлап жүр қатын мұны көңіліне шын.  
Бір күні бай тепкілеп сабай берді,  
Себеп қып жоқ нәрседен тауып бір мін.

Келеді көршілері арашалап,  
Байы жүр арашаға болмай сабап.  
-Түнеугіде бір кісіні өлтіріп ең,  
Қылдың ба дәндеген соң маған талап?

Мына сөз көршілерден жайылды елге,  
Сөз кетер тілден шыққан талай жерге.  
Бір адамын жоғалтып, таппай жүрген,  
Келеді бір – екі адам хакімдерге.

-Ол кісі үйіңде ме, қатын? – дейді, -  
Қорықпай айтшы кәне, батыл, - дейді.  
-Ораулы ақ киізге, осы күні,  
Қарасаң жүк астында жатыр, - дейді.

Қараса ақ қой екен мұның өзі,  
Халайық бірі қалмай көрді көзі.  
Ашумен айтқан сөзі жалған шығып,  
Қатынның қара болды қызыл жүзі.

Хакімдер, халайықтар кетті жайға,  
Осымен талақ болды қатын байға.  
Қатын мен мал – мүлкінен жұрдай болып,  
Жылайды бала пақыр бір Құдайға.

Үлкен ұл осыменен тұрсын налып,  
Біз келіп ортаншы ұлға жолығалық.

Бұл – дағы бар дәулетті тауысыпты  
Сұлудан жұма сайын бір қыз алып.

Бұл тұрсын, жолығалық үшінші ұлға,  
Тоюмен ертелі – кеш май мен балға,  
Қолдағы бар дәулетті тауысыпты,  
Ақыры зар болыпты жалғыз пұлға.

Үшеуі жоқшылықтың тартты зарын,  
Тұтынып мұқтаж болып жиғандарын.  
Киер киім, ішерге тамақ таппай,  
Адасып, біле алмады не қыларын.

Табуға өнері жоқ кәсіп істеп,  
Құр текке отыра алмай тілін тістеп,  
Айтқаны атасының ойға келді:  
«Үйіңнің керегесін шайып іш», - деп.

Алды да бір кірпішті суға шайды,  
Қарын ашып, тамақ ішпей шыдамайды.  
Кірпішті әрі – бері суға шайып,  
Ішеді үшеуі де құр лайды.

Құр лай ішін тырнап бара жатыр,  
Біле алмай не қыларын болды пақыр.  
«Қаңғырып бұл шаһардан кетейік», - деп,  
Үшеуі шұбырысып жөнелді ақыр.

Үшеуі келе жатып зарланады,  
Тұруға бұл шаһарда арланады.  
Шаһардан бұлар шығып келе жатса,  
Сахарадан бір жалғыз үй кез болады.

Ішіне кіріп келсе – бір кәрі шал,  
Не дерін бұлар білмей болады дал.  
-Ғаріп боп, неғып жүрген жандарсың? – деп,  
Бұлардан шал сұрады хал – ахуал.

Баршасын бұлар ашты өткен бастан,  
Атасы айтқан өсиет – қалдырмастан.  
Шал айтты: «Атаң дұрыс адам екен,  
Байқамай сендер екен шын адасқан.

Атаңның өсиетін алмаған соң,  
Түсініп, мәнісіне қанбаған соң,  
Мәнісін өсиеттің мен айтайын,  
Түсініп, екіншіде аңдағайсың.

Әр жерде досың болса, үйің болар,  
Қадірлі кара басың, сыйың болар.  
Болмаса көзтанысың әрбір жерде,  
Басыңа қиын болар іс түскенде.

Атаңның әр тарапқа жеткен көзі,  
Уақытында құтты болған басқан ізі.  
Қарныңды әбден ашырып, ас сағынып,  
Су ішсең балдай болар деген сөзі».

Шал айтты: «Әй, балалар, қайтыңыз тез,  
Сіздерге душар болдық бұл жерде біз.  
Атаңның көміп қойған қазынасы бар,  
Иншалла, Хақ бұйыртса жолығармыз».

Шалды ертіп бұлар келді үйлеріне,  
Кірген жоқ әлі нәрсе миларына.  
Әйтеуір бұлар шалды алып келді,  
Кірмейді не қылары ойларына.

Шал айтты: «Әй, балалар, үйіңді бұз,  
Аянба бар қайратың, қимылда тез.  
Осы жерде көміп қойған қазына бар,  
Иншалла, Хақ бұйыртса жолығармыз.

Үшеуі ал балталай үйді жықты,  
Лезге қайыспайды, бәрі мықты.  
Теп – тегіс үйді бұзып болып еді,  
Астынан кісі бойы сандық шықты.

Босатты бұлар істеп біраз жұмыс,  
Сандық шығып, бұларға болды тыныс.  
Сандықтың қуанғаннан аузын ашса,  
Шамасыз іші толған алтын – күміс.

«Қазына сізге қойған аталарың,  
Көңіліңнен шықсын енді қапаларың.  
Үшеуің қазынаны үш бөліп ал,  
Сендердің ойдан кетсін қаталарың».

Үшеуі қазынаны бөліп алды,  
Алдына қора – қора малдар салды.  
Жұмсамай ысырапқа тұтынған соң,  
Кейінгі әулетіне мирас қалды.

Кей бала жасы жетпей дана болар,  
Кей бала жасы жетсе де бала болар.  
Көп айтпа бала сөзін, Сейдахмет,  
Өзіңе қартайғанда пәле болар.

## **ЕСЕНЖОЛ ЖАНҰЗАҚҰЛЫ**

(1945-?)

Торғай ақындық мектебінің тағы бір ұстазы – Есенжол Жанұзақұлы. Есенжол ақын 1845 жылы Торғай уезі, Аққұм болысында дүниеге келген. Ел аузында “Ахметке домбыра үйреткен Есенжол ақын”, - деген сөз бар. Назарбек Бектемісұлы “Ахмет ұшқан алтын ұя” еңбегінде Есенжол ақындықпен қатар күйшілік, сазгерлік өнерді де меңгерген үлкен өнер иесі екендігін айтады. Оның “Он екі үйрек” әні Затаевичтің “Қазақтың 1000 әні” жинағында жарияланған. Есенжолдың бүгінгі күнге жеткен бірнеше өлеңдері мен дастан-шежіресі бар. Есенжол өлеңдері мазмұндылығымен, көркемдігімен және төрт буынды мығым ұйқасымен ерекшеленеді. Есенжол шығармалары қолымызға толық түспегенімен, оның өз заманындағы белді ақын болғандығын Есенжол ақынның туысы Қирақайдың Молдағалии деген кісінің қызылордалық Мақсұт Қалиұлынан жазып алған Тұрмағамбет Ізтілеуовтың мына өлеңінен аңғарамыз:

...Есенжол ақын екен таптырмайтын,  
Кері ұйқас, кесір сөзді жақтырмайтын.  
Сұмырай, залым да емес жасырынып,  
Жүректен жүлде бермес бақты ұрлайтын.

Дәріптеп өзін-өзі сүйремеген,  
Кедейлік құрсауына күйремеген.  
Күншілдің ісін істеп күңкілменен,  
Озғанның өңменінен түйремеген.

Қалыптан қана деген аспайды екен,  
Сөйлесе түйдек-түйдек тастайды екен.  
Кеудесі күмбірлеген алтын сандық,  
Болса да көп мақтанға баспайды екен.

Бесікке өлеңменен жөргектелген,  
Халқынан құрмет көріп төрлеп келген.  
Дәл мұндай сом ұйқас пен сазды әуенді,  
Әзірге көргенім жоқ жер-көктен мен [3, 24 б.].

Торғай ақындық мектебін қалыптастыруда Есенжол Жанұзақұлының еңбегі ересен. Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің анасы Әбіш жас кезінде Қостанай төңірегіндегі айтулы ақындардың бірі Басықараның Қанапиясымен айтысында:

... Сүймеймін текіректі, жортақыны,  
Торғайдың көтерген соң төрт ақыны... [3, 16 б.]

дегендегі төрт ақын: Уақ Жұмабай Шалабайұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Есенжол Жанұзақұлы және Әбіқай Нұртазаұлы. Жоғарыда айтып өткен Әбіш пен Қанапия айтысына Есенжол ақын төрелік айтқан екен. Айтысты талдай келе Әбішке

...Өнердің қалқып алар қаймағы боп,  
Қуанды-ау, елің, жұртың, аймағың боп.  
Ортада аман жүрші, айналайын,

Торғайдың үкілеген тайлағы боп, –

деп батасын бере келе Қанапияны:

... Жерім жоқ өнеріңе өкпелеген,  
Ақын ең көк нәсердей төкпелеген.  
Жер түтігіп Қанапия айғайымен,  
Ұшатын қанат байлап көкке де өлең.

Алпыс жас арқандаған алқындырып,  
Өлеңің танытпады тартымдылық.  
Жастарға жол берейік Қанапия,  
Үлкеннің шын үлкендік қалпын біліп [3, 17 б.], –

деп тоқтатқан екен.

Есенжол ақын өлеңді киелі өнер деп танып, қадірмен өткен. Ол өлеңді Абай айтқандай “бөтен сөзбен былғамауға” тырысады. Оның төрт аяғын басқан жорға өлеңдерінен артық-ауыс сөзді кездестірмейсіз:

...Тербесе домбыраны он бармағым,  
Оралар ақ қағазға толғанғаным.  
Шығатын кер ауыздан кесір сөзді,  
Өлеңді өлтірер деп қолданбадым, –

дейді ақын тіл туралы өлеңінде. Бұл өлеңінде ақын өлеңге өте биік талап қойып, оның тілінің көркем болуы бөтен сөзбен шұбарланбауы қажеттігін айтады. Осы арқылы ол өз заманының үлкен проблемасы – тіл проблемасын қозғайды. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында азды-көпті кітап шығарған діни-ағартушылық бағыттағы, кейбір ғалымдарымыз “кітаби ақындар” деп атап жүрген ақындар шығармаларында араб-парсы, шағатай тілдеріндегі сөздер орынды-орынсыз көп қолданылғаны белгілі.

XIX ғасырдың екінші жартысында бұл саладағы ақындардың идеялық бағытына сәйкес тілдерінде де араб-парсы сөздерін көп қолдану жиі ұшырады. Араб-парсы сөздерін өлеңдерінде неғұрлым көбірек қолданса, ол – ақынның “мәдениеттілігін”, басқалардан “артықшылығын” көресетеді деп білді [19, 186 б.].

Бұл жайлы С. Торайғыров 1913 жылы жазған “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” деп аталатын мақаласында: “Қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбінде қазақтың иісі де жоқ... тілдері бытбырақ. Оларда шала тілдер көп араласқан. Кейде шолжықтап, жығылып-сүрініп жүрген жайы бар” [16, 195 б.], – деп қатты сынға алған.

Осы мәселеге өз тұрғыластарының арасынан бірінші болып тіл қатқан Есенжол ақын десек қателеспейміз. Бұл өлеңінде ақын мына жайттарды қадап айтады:

біріншіден, тіл – ұлттық сипаттың басты белгісі;  
екіншіден, өз тілін білмеу – өліммен тең;  
үшіншіден, шұбар тіл өлеңнің мәнісін кетіріп, “өлеңді өлтіреді”;  
төртіншіден, өлеңді өзге тілмен келсін-келмесін, оңды-солды шұбарлау білімділіктің белгісі емес.

Аузыма бал татыған ана тілім,  
Сондықтан қазақ болып жаратылдым.  
Құдай бір, құран шынды қазақша айттым,  
Арабтың оқысам да санатын мың.

Білімнің тілден тарар сабағы да,  
Қызығы, желісі мен сағағы да.



Өз тілін білмеу өлім тірі адамға,  
Жүрген соң екі аяқты санағында.

Бұл өлеңнен сонымен бірге ақынның өлеңді жазып шығарғандығын, “арабтың мың санатын оқығандығын”, яғни ескіше діни сауатты болғандығын да аңғарамыз. Ақын өлеңдерін оқып отырғанда оның сауаттылығы бірден көзге ұрады. Ақын тағы бір өлеңінде өлең туралы былай деп тұжырым жасайды:

...Кеудемен кейбір ақын көк тіреген,  
Шарлайды жерді қойып көкті кілең.  
Өлеңге табан тірер көкте орын жоқ,  
Шамасы жердегі өлең отты білем.

Ақынның мұндағы айтпағы – асып-тасқан, әлем-жәлем, сылдыр, жылтырақ, ойсыз, нәрсіз өлеңнен көрі ойлы, нәрлі, асып-таспайтын қарапайым өлеңнің отты келетіндігі.

Өлең әдебиеттің көне жанры ғана емес, көлденең көк атты кимелей алмайтын көш бастаушы “көсем жанры” [17, 109 б.]. Сондықтан да Есенжол ақын екі ауыз сөздің басын қосып, “кеудесімен көк тіреген, жерді қойып көкті шарлаған” ақынсымақтарға қарсы.

Ақындық міндет. Бұл ұғымның аясы кең. Оған ақынның азаматтық асыл мұраты, асқақ мақсаты, қоғам мен адам, уақыт пен мораль, адамдық пен надандық, парасат пен кесәпат туралы ордалы ойлары жатады. Азаматтық пен адамгершіліктің биігінде тұрған адам ғана алдына ұлы міндет-халқына қаламмен қызмет ету міндетін асқаралы мақсат етіп қояды. Үлкен жүрегі бар адамнан ғана үлкен өнер туатындығын тарих тағылымы көрсетіп келеді. Бұл Пушкиннің “Даналық пен зұлымдық ешқашан сыйыспайтын екі дүние” деген ұлы сөзін дәлелдей түседі [17, 108 б.].

Есенжол ақын өнерді халықтікі деп түсінеді. Ақындық өнерді халыққа қаламмен қызмет ету деп ұғады. Бойындағы өнерді, асыл қазынаны халқына беруді ақындық міндеті деп санайды:

...Бере алмай келем елге берерімді,  
Тере алмай келем елден терерімді.  
Залымдық ғалымдыққа ақыл айтса,  
Дал болам білмей кімге сенерімді.

Есенжол ақын үнемі өзін халыққа қарыздармын деп санап, халықты ұстаз тұтады. “Тере алмай келем елден терерімді”, – деп отырғаны – халықтың үлгі, ғибрат, тәлім-тәрбие, оның бай рухани мұрасы, мәдениеті, парасаты. Ақын өзінің бойындағы өнерін халқына толық бере алмадым деп өкініп, оған кедейліктің қолбайлау болғандығын айтады:

...Дүние жеткізбейді қос аттыға,  
Кедейлік екі қолды босатты ма?!  
Токпағы тіршіліктің күнде ұрғылап,  
Ауру ғып аяқ-қолды тұсатты да.

Көңілім шағалаша шарықтамай,  
Өлімнен қайтып жүрмін барып талай.  
Әйтеуір, тірі жанға жазығым жоқ,  
Бағамды берер екен халық қалай?! [3, 28 б.].

Есенжол ақынның өлеңдерінен ұйқасқа қатты мән беріп қарайтындығын байқаймыз. Төрт буынды ұйқас сол кезеңдегі қазақ ақындарынан өте сирек кездесетін құбылыс. Есенжол өлеңдерінің ұйқасы алып келді, барып келді дейтін әншейін ұйқас емес, артық сөз жоқ төрт

аяғы тең ұйқас. Бұл дәстүр Торғай ақындық мектебінің Жұмабай, Әбіқай, Әбдірахман, Сейдахмет, Құбаша, Аяп т.б. ақындарына тән дәстүр. Келесі бөлімде бұған арнайы тоқталатын боламыз. Жоғарыдағы үзіндіге назар аударып қарасаңыз Есенжолға ғана тән ерекшелікті байқауға болады. Қазақ поэзиясындағы қара өлең үлгісінде айтылатын ойдың негізгі түйіні үшінші, төртінші тармақта айтылып, шумақтағы ой аяқталатын да, келесі шумақ басқа ойға ауысатын. Ал, шумақ көп тармақты болып келсе, ойдың түйіні шұбыртпалы ұйқаспен өрілетін. Тіл білімі тілімен айтсақ, өлеңдегі шумақ – бір күрделі сөйлемнің міндетін атқарады. Ал, Есенжолдың жоғарыда берілген өлеңінің бірінші шумағында ой аяқталмайды, яғни бірінші шумақ құрмалас сөйлемнің бірінші компоненті қызметін атқарып, екінші компонентте айтылатын ойдың бағыныңқы сыңары ретінде оның себебін білдіріп тұр. Бұл ерекшелік Есенжол ақынның мына бір өлеңінде де кездеседі:

...Ойламай дүниеде жалқылығын,  
Ұстанған имандылық салты мығым.  
Қаршадай Ахметке басын иіп,  
“Торғайда туа салған алтын інім”, –  
Деп оны қадірлеуі танығаны,  
Шарықтап шығуы да анық әлі.  
Шын ақын Сейдахмет әттең кедей,  
Қайтейін – дейді өзі, қамығады.

Есенжол өз ұстазы Уақ Жұмабай ақынды, замандасы Сейдахмет ақынды қатты қадірлеген. Біз сөз қылып отырған өлеңде Жұмабай ақын туралы ойын былайша түйіндейді:

... Айына бір соқпасам Жұмабайға,  
Қалам ғой бір құдайға ұнамай да.  
Өлеңнің от қызуы тік көтеріп,  
Келеді ол көп ауруға құламай да.

Есенжол кедейлік, жоқшылық тақсиретін көп тартқан адам. Сол себепті де оның өлеңдерінің бір парасы осы тақырыпқа арналған.

...Сездірмей келдім пендеге,  
Қанатымның талғанын.  
Жүрегімнің жанғанын,  
Түндей өмір түрмесі,  
Талантымды жалмадың.  
Шығармасқа үнімді,  
Жұтқыздың жоқтық қармағын  
Көсіліп шаба алмадым.  
Жұртпен бірге жазылып,  
Ойын-тойға бармадым.  
Иыққа салдың именбей,  
Дүниенің салмағын.  
Тістеумен келді Есенжол,  
Қанатып күнде бармағын.  
Секемді сезім жеткізді,  
Қоршауға мені алғанын,  
Өкініш болды өзекте,  
Түнекте түндей қалғаным, –

деп қайғырған ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті қуана қарсы алады.

...Арманым, менің, арманым,  
Теңдікке қолды жалғадың.  
Енді бүгін естідім,  
Бақыттың таңы атқанын,  
Қараңғы өмір қарасы,  
Келмеске мүлде батқанын.  
Азаттық үшін азамат,  
Жағалай жортып, шапқанын.  
Тілегіңді тілеймін,  
Арайлы, нұрлы, ақ таңым.  
Шынжырын үзіп лақтырдым,  
Аурудың қанды қақпанын.  
Тілегім мен жүрегім,  
Сарбаз деген саптамын.  
Күтіп едім осындай,  
Ұлы дүбір боларын.  
Түйдек жырды төгейін,  
Жауға шапқан қосындай,  
Тілегі бір бауырмен,  
Басым бүгін қосылды-ай  
Бас батыр мені қолтыққа ал,  
Езілген Еділ-Қапал ем,  
Теңдікке жүрген қосылмай, –

деп тебіренеді. Есенжол шығармалары 11 буынды қара өлең үлгісінде ғана емес, 7-8 буынды жыр үлгісімен де айшықты. 11 буынды өлеңде ақынның тереңдігі мен сыршыл суреткерлігі танылса, жыр үлгісінде небір көркемдеуіш-бейнелеуіш бояуларды түйдек-түйдегімен тастайтын эпикалық қуаты көрінеді.

Өзі өмір сүрген дәуірдегі саяси-әлеуметтік мәселелер, қараңғылық, пайдакүнемдік, жағымпаздық, парақорлық сияқты жат мінез құлықтар ақын қаламынан тысқары қалмаған. Оның дидактикалық сарында жазған насихат термесінде осы жайлар сөз болады:

...Дүние тілін алғанның,  
Көрмедім пайда тапқанын.  
Оңғанын естіп білмедім,  
Тиынға арын сатқанның.  
Құлқынның құлы болғанның,  
Кім көрді жұрттан артқанын.  
Жараса ма жамандық,  
Қасқыр боп ұрлап тартқаның?  
Харам болған шәймене,  
Тойып ұрлық кереңе,  
Он екі ағза денене.  
Дақ салдың да арыңа,  
Арамды жиып сақтадың,  
Оқсыз мылтық секілді  
Шайтанды дұрыс атпадың.  
Айла, кулық, арамдық,  
Болса егер баққаның –  
Көруің күнә тірліктің  
Арайланған ақ таңын.  
Ерте тұрған біледі,

Сәулелеп таңның атқанын.  
Ертегіл пайда іледі  
Дұрыс па ұйықтап жатқаның, –

деп қараңғылық тұманын серпіп, “таңың атты, ұйыңнан тұр”, – деп елін оятқысы келеді. Бұл дәстүр кейіннен Есенжол ұстаздық еткен Торғай ақындық мектебінен түлеп ұшқан Ахмет Байтұрсынұлының “Масасы” мен Міржақып Дулатұлының “Оян, Қазағында” жалғасын тауып, түрленіп кеңейе түсті.

...Ұрпағым ақын болсаң – Қыран бол! – деп,  
Құдайдан тілек тілеп бата берем...

...Мұрам бар ұрпағыма жалғасатын,  
Арман көп соларменен алға асатын, –

деп жырлаған ақын Есенжол Жанұзақұлының аңсаған арманы да, мақсат-тілегі де сол болатын.

### Уақ Жұмабайға

...Айына бір соқпасам Жұмабайға,  
Қалам ғой құдайға да ұнамай да.  
Өлеңнің от қызуы тік көтеріп,  
Келеді ол көп ауруға құламай да.

Ойламай дүниеде жалқылығын,  
Ұстанған имандылық салты мығым.  
Қаршадай Ахметке басын иіп,  
«Торғайда туа салған алтын інім»

Деп оны қадірлеуі – танығаны,  
Шарықтап шығуы да анық әлі.  
Шын ақын Сейдахмет әттең кедей,  
Қайтейін, – дейді өзі, қамығады...

### Ахметке

Елетпей көк өрімдей балғындығын,  
Танытқан таңғажайып алғырлығын.  
Әдейі Ахметке өлең арнап,  
Қолыма домбырамды алдым бүгін.

Зейінді, зердесінің ұясы бар,  
Құдайдың өзі әкеліп құя салар.  
Ғылымның жан білмейтін құпиясы,  
Басына баянды етіп ұя салар.

Өлеңі бұғалыққа бағынбаған,  
Толқындай бұйраланып ағындаған.  
Ақыннан Жұмабайдай фатиха алды,  
Құранның шындығындай дарынды адам.

Берермін саған сеніп домбырамды,  
Төгілтіп тербеу үшін қоңыр әнді.  
Қамшылап тор шолағын жүре бермей,  
Ағаң да әлі бір күн болдырады.

Сонда сен айтқанымды жалғарсың да,  
Шығарсың Ұлытаудай талғар шыңға.  
Домбыра қағысың мен аққу үннен,  
Тыңдаушы Есенжолды аңғарсын да.

Бақ қонды оннан жаңа асқаныңда,  
Асарсың өнердің сан асқарын да.  
Жарқырап әлі бір күн тұрарсың сен,  
Жұлдыз боп қазағымның аспанында!

### Ана тілі

Тербесе домбыраны он бармағым,  
Оралар ақ қағазға толғанғаным.  
Шығатын кер ауыздан кесір сөзді,  
Өлеңді өлтірер деп қолданбадым.

Аузымда бал татыған ана тілім,  
Сондықтан қазақ болып жаратылдым.  
Құдай бір, құран шынды қазақша айттым,  
Арабтың оқысам да санатын мың.

Білімнің тілден тарар сабағы да,  
Қазығы желісі мен сағағы да.  
Өз тілін білмеу өлім тірі адамға,  
Жүрген соң екі аяқты санағында.

\*\*\*

Кеудемен кейбір ақын көк тіреген,  
Шарлайды жерді қойып көкті кілең.  
Өлеңге табан тірер көкте орын жоқ,  
Шамасы жердегі өлең отты білем.

Бере алмай келем елге берерімді,  
Тере алмай келем елден терерімді.  
Залымдық ғалымдыққа ақыл айтса,  
Дал болдым білмей кімге сенерімді.

Дүние жеткізбейді қос аттыға,  
Кедейлік екі қолды босатты ма?  
Тоқпағы тіршіліктің күнде ұрғылап,  
Ауру ғып аяқ-қолды тұсатты да.

Көңілім шағалаша шарықтамай,  
Өлімнен қайтып жүрмін барып талай.  
Әйтеуір жазығым жоқ тірі адамға,

Бағамды берер екен халық қалай.

Үмітім солай менің тереңдеген,  
Жерім жоқ не болар деп елеңдеген.  
Түсімде аян берген өлеңші ата,  
– Мұранды ұрпағына берем, – деген.

Мен бүгін алаңдамай жата берем,  
Қуанып немереме – «Ата» деген.  
Ұрпағым ақын болсаң қыран бол! – деп,  
Құдайдан тілек тілеп, бата берем.

\*\*\*

...Ерте тұрған біледі,  
Сәулелеп таңның атқанын.  
Ертешіл пайда іледі,  
Дұрыс па ұйықтап жатқаның.  
Күншілдерден үлгі алып,  
Жамандықты жаттадың.  
Нәубәтім сенде сенім жоқ,  
Нәпсімді неге мақтадың.  
Басқа бақыт келтірер,  
Өсекті кере қаққаның.  
Дүние тілін алғанның,  
Көрмедім пайда тапқанын.  
Оңғанын естіп білмедім,  
Тиынға арын сатқанның.  
Құлқынның құлы болғанның,  
Кім көрді жұрттан артқанын.  
Жараса ма жамандық,  
Қасқыр боп ұрлап тартқаның?  
Бұйрықсыз түгел бола ма,  
Қолыңменен қаққаның?  
Айналып ісің күманға,  
Жұртыңа сосын жақпадың.  
Харам болған шәймене,  
Тойып ұрлық кереңе,  
Жараспайды бай деген  
Он екі ағза денеңе.  
Дақ салдың да арыңа,  
Арамды жиып сақтадың,  
Оқсыз мылтық секілді  
Шайтанды дұрыс атпадың.  
Айла, қулық, арамдық,  
Болса егер баққаның –  
Көруің күнә тірліктің  
Арайланған ақ таңын.  
Қабіріңді көп бағып,  
Тіріліп қайтіп өнерсің.  
Бұл өлеңнің иесі,  
Тақыр кедей атанған  
Есенжол деп білерсің!

\*\*\*

...Арманым, менің, арманым,  
Теңдікке қолды жалғадың.  
Сездірмей келдім пендеге,  
Қанатымның талғанын.  
Жүрегімнің жанғанын,  
Түндей өмір түрмесі,  
Талантымды жалмадың.  
Шығармасқа үнімді,  
Жұтқыздың жоқтық қармағын  
Көсіліп шаба алмадым.  
Жұртпен бірге жазылып,  
Ойын-тойға бармадым.  
Иыққа салдың именбей,  
Дүниенің салмағын.  
Тістеумен келді Есенжол,  
Қанатып күнде бармағын.  
Секемді сезім жеткізді,  
Қоршауға мені алғанын,  
Өкініш болды өзекте,  
Түнекте түндей қалғаным.  
Енді бүгін естідім,  
Бақыттың таңы атқанын,  
Қараңғы өмір қарасы,  
Келмеске мүлде батқанын.  
Азаттық үшін азамат,  
Жағалай жортып, шапқанын.  
Тілегінді тілеймін,  
Арайлы, нұрлы, ақ таңым.  
Өзің болдың мақтаным.  
Шынжырын үзіп лақтырдым.  
Аурудың қанды қақпанын.  
Көтеріліп көңілім,  
Деді маған атқа мін.  
Тілегім мен жүрегім,  
Сарбаз деген саптамын.  
Күтіп едім боларын,  
Ұлы дүбір осындай.  
Түйдек жырды төгейін,  
Жауға шапқан қосындай,  
Тілегі бір бауырмен,  
Басым бүгін қосылды-ай.  
Сүюші едім бірлікті,  
Атамның түпкі досындай.  
Бас батыр мені қолтыққа ал,  
Езілген Еділ-Қапал ем,  
Теңдікке жүрген қосылмай!

**ӘБІҚАЙ НҰРТАЗАҰЛЫ**  
**(1871-1931)**

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Торғай өңіріндегі ақындық мектептің ұстаздары – Жұмабай Шалабайұлы, Сейдахмет Бейсенұлы, Есенжол Жанұзақұлы, Күдері Жолдыбайұлы, Иманқұлдың Әбдірахманы, олардан кейінгі толқын Құбаша, Қарпық, Ақмолда, Қашқынбай ақындардың арасында Әбіқай Нұртазаұлының орны ерекше.

Кеңес заманында кеңестік идеология мен саясатқа қайшы келгендіктен шығармалары жарық көрмеген Әбіқай ақын 1871 жылы Торғай уезі, Тосын болысында дүниеге келген. Әкесі Нұртаза Торғай мен Ырғыз төңірегіне аты мәлім молда кісі екен. Әкесінің ықпалымен екі жыл медреседе оқыған Әбіқай:

...Кедейлік деген шіркін тарықтырар,  
Аяздай аза бойды қарып тұрар.  
Күрмеуге келмейтұғын қысқа жіптей,  
Қайтарып қайратыңды шалықтырар, –

деуіне карағанда құлашын жайып, кеңінен білім алуға жағдайы болмағанға ұқсайды. Әйтпесе, Ахмет Байтұрсынұлымен ауылдас, әрі құрдас (аралары 2 жас) Әбіқайдың оқымай, ауылда қалып қоюы мүмкін емес сияқты. Соған қарамастан Әбіқай ескіше өте сауатты болған. Кейіннен 60 жасында балалармен бірге латын әліпбиін үйренген. Бұл сөзімізге оның мына өлеңі дәлел:

...Оқыдым латын әрпін алпыс жаста,  
Ғылым жоқ сатпай берген, бұрын босқа.  
Пұл алмай әділ кеңес оқытқан соң,  
Жұмылып оқып жатыр, кәрі-жас та.  
Қимылда, ынтаңменен еңбекші жас,  
Көзі айқын, көңілі ашық, сен жол баста.  
Біз қанша ұмтылғанмен уақыт өтті,  
Әй, тұрмыс, келер ме едің бұдан жаста.

Әбіқай ақын белгілі-бір оқу орындарында білім алмаса да, өздігінен талаптанып, үнемі ізденіс үстінде болған. Осынша зеректігі мен зерделілігінің арқасында Әбіқай өлеңдері өте сауатты жазылған. Ол өлеңді ауызша да, жазып та шығарған.

Ендігі сөз Әбіқай шығармашылығының зерттелуі мен жариялануы жайында. Әбіқай ақын шығармалары бізге ақынның баласы шежіреші, әңгімеші Ахметқан, халық ақыны, Әбіқайдың шәкірті Нұрхан Ахметбеков, жыршы Жүсіпбек Салықовтар арқылы жетті. 1957 жылы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Қайнекей Жармағамбетов ақынның



баласы Ахметқанның аузынан Әбіқайдың біраз өлеңдері мен “Тас мешін” дастанын жазып алған. Ол дәптер қазір Торғайдағы Н. Ахметбековтың музей-үйінде сақтаулы тұр. Ақын шығармаларының ішінен кеңестік идеологияға сәйкес келетін бір-ақ өлең – Ленин туралы өлең 1969 жылы “Ленин деп халық жырлайды” деген жинаққа енгізіліп, жарияланған. Содан кейін жарық көрген шығармасы – “Тас мешін” дастаны. Бұл дастанды ақын С. Тұрғынбеков 1990 жылы, 28 қыркүйекте “Қазақ әдебиеті” газетінде жариялады. Ақынның шығармалары азды-көпті аудандық газеттерде үзік-үзік жарияланғаны болмаса, жоғарыда аталған бір өлеңі мен дастанынан басқа ешбір мұрасы күні бүгінге дейін еш жерде жарық көрмеген. Зерттелуіне келсек, ақын шығармашылығын С. Кенжеахметов, Н. Бектемісов, С. Оспановтар қарастырған. Жазушы, сатирик, этнограф С. Кенжеахметов “Торғай ақын-жазушылары” еңбегінде ақынның өмірбаяны мен шығармалары туралы деректер берсе, жергілікті әдебиеттанушы-журналист, ақын Н. Бектемісұлы өзінің “Ахмет ұшқан алтын ұя” еңбегінде, Әбіқай ақын шығармашылығына бір тарау арнаған [3, 58 б.]. Әбіқай шығармашылығы туралы филология ғылымдарының кандидаты, ақын С. Оспанов облыстық “Торғай таңы” газетінің 1991 жылғы 1-2-сандарында көлемді мақала жариялады. Осылардан басқа Әбіқай ақын шығармашылығының зерттелуі мен жариялануы жайында ауыз толтырып айтарлық дерек жоқ.

Жалпылай алғанда ақынның бізге жеткен әдеби мұрасы оншақты өлең, бір мысал, бір дастан және “Өлең туралы ойлар” деп аталатын қарасөзі. Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі төңкеріске дейінгі болыстардың, молдалардың, ел басшыларының бойындағы келеңсіз, жаман мінездерді сынауға арналған. Сол дәуірдегі болыстардың, ел басшыларының бойындағы бақталастық, сенқұмарлық, күншілдік сияқты әдетті заман дерті деп түсінеді. “Штатқа таласқандарға” өлеңінде:

...Ағайын, атқа міндің аһаласып,  
Біріңді-бірің күндеп, табаласып.  
Бақталас, сенқұмарлық шырқын бұзды-ау,  
Ерлерді ел бастайтын қара басып.  
Бұл күнде құрсақтының құрты қозды,  
Шіп-шикі шылқы майға араласып, –

деп елдің атқамінер азаматтарының шенге таласып, “қара басқанына” налиды. Сонымен бірге, әйтеуір малды екенмін, дәулетті екенмін деп, өзіне емес, малы мен дәулетіне сеніп, “құрты қозған құрсақтыларды” сынады.

...Аңғалдар ала қамшы аттанысты,  
Әуре боп бір-бірімен жағаласып.  
Заманды өңкей заңқой бүлдірген шақ,  
Ар кетті, адал, арам араласып, –

деп болысқа ерген аңғал елдің бір-бірімен “ала қамшы” боп, жағаласып бірліктен, елдіктен айрылуына, арынан айрылуына, заманның бүлінуіне “заңқойларды” кінәлайды. Ақынның “өңкей заңқой” деген сөзінің астарында отаршыл орыс чиновниктері мен уезд басшылары жатыр.

...Ентігіп елу үйлік еліріп жүр,  
Қасқырдай қансоқтаға семіріп жүр.  
Төбеттер қызыл тұмсық болып әбден,  
Қаңқасын өлкесінің кеміріп жүр, –

деген жолдарда образды ойлайтын ақын уезд басшылары мен болыс-билерді қасқыр, олардың қасындағы атшабар, поштабай, шабарман- жандайшаптарды төбет, олардың

талауында қалған қауқарсыз елді өлексе етіп бейнелеп, барлық ауыртпалықтың елге түсіп отырғанын метафора арқылы өте шебер бере білген.

...Адасып алласынан молдекендер,  
Шарғысыз болды даулы сөзге шебер.  
Қадірлеп ісі қалмай пенде сенер,  
Боп кетті барлығы да баққа құмар,  
Қалмады дейтін бір жан “елдесе гөр”, –

деген ақынның шырғаланды тоқтатады деп сенген молдалардың өзі “алласынан адасып”, “даулы сөзге шебер” даукес болуы, балыстың сойылын соғушыға айналып “пенде сеніп, қадірлейтін ісі қалмағанына”, елді елдесуге, бірлікке шақыратын жан болмағанына налиды. Осы өлеңдегі суреттер М. Әуезовтің әйгілі “Абай жолы” роман-эпопеясындағы “Қарашығынды” еске түсіреді. Бұдан басқа осы тақырыпқа арналған “Есжанға”, “Борышқорға”, “Азамат, мен бір ауру өлердей-ақ” өлеңдері мен “Қыран мен құладың” мысалында ақын болыстың қасында жүрген шабармандарына, байдан қарыз алып күн көріп жүрген борышқорларға “болыстан да, байдан қайыр жоқ, өз еңбегіңмен күн көр!” дей келе:

...Харекет аз да болса талап етсең,  
Себеп сол ерге дәулет құралатын...  
...Онан да басқа бір жол тап,  
Егін сал, еңбек ет, адалыңнан мал тап,

деп адал еңбекті насихаттайды.

“Түрмедегі бауырларға” өлеңінде ақын өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында кеңес өкіметіне жақпай, қуғынға ұшырап Қостанайдың “ақ түрмесіне” қамалған ел азаматтарына достық көңілін білдіріп, қайрат, жігер береді. Ақын жаңадан орнап жатқан кеңес өкіметіне үрке қарайды, сенімсіздік білдіреді. Бұл өлеңде кеңестік қызыл империяның жандайшаптары – “шолақ белсенділердің” жағымсыз кейіптері саналады:

...Өрге шыққан өнездерден үріктім  
Хат жазды, – деп айтар қалсақ біліне.  
Сөз айтамын сүйек болған баладай,  
Өлмеген соң ұқсайық деп тіріге [3, 59 б.].

Осыдан-ақ, қазақ халқының басына келе жатқан зұлмат-репрессияның көлеңкесі жиырмамыншы жылдардан бастап көрінгенін байқауға болады. Өлеңде коллективтендіру, жаппай отырықшыландыру саясатының зардаптары да әшкереленеді:

...Жүдеді ел әттегенде осыны ойлап,  
Төбеге дүрсілдетті тосын ойнақ.  
Халықта мал да азайып бара жатыр  
Қайыстық қайран ерді қосып ойлап... [3, 59 б.].

Ақын түрмеде жатқан азаматтарға барша елдің тілеулестік ниеті мен тілегін жеткізе отырып, оларға ақ патшаның қуғынын көрген Байтұрсын мен Ақтасты (Ахметтің әкесі мен ағасы), Шақшақ Жәнібек тарханның ұрпақтары Мұса мен Шегенді үлгі етіп көрсетіп, төзімділікке шақырады:

...Ел көріп, бәрекелде, дегендей-ақ,  
Қату бол қайыспайтын емендей-ақ.  
Не пайда назырқаудан жанды мүжіп,

Тік қара Мұса менен Шегендей-ақ,  
Келеді уайым күн кімге тумай,  
Жүректе шөгіп қалар шешендей-ақ.  
Байтұрсын, Ақтастардан артық кім бар?  
Еңбегі кетер ме екен еленбей-ақ [3, 59 б.].

“Келеді уайым күн кімге тумай”, – деп ақын келе жатқан уайым күннен құтылар амалдың жоқтығын да түсінеді.

...Бет бұрып, бері келер белсенді жоқ,  
Жыласаң бәленше етем дегендей-ақ, -

дей келе:

...Киіңдер кеңес тонын келісті деп,  
Уайым ойламаңдар олақтай-ақ, –

деп “келісті деп кеңестің тонын киюден” басқа амалдың қалмағанын айтады. Қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған жиырмамыншы жылдарда жазылған бұл өлең кеңес өкіметіне деген әлсіз де болса қарсылық еді. Біздің:

...Қожа мен молданы,  
Қойдай қу қамшымен...

...Бізге күннің керек жоқ,  
Күн-көсем нұрын шашады, –

деп ұрандағандарды әспеттеген әдебиетімізде Әбіқайларға орынның болмағаны әрине, айтпаса да түсінікті.

Жаппай коллективтендірудің салдарынан жұтаған елдің жағдайы ақынның “Азамат мен бір ауру өлердей-ақ” өлеңінен айқын көрінеді:

...Үй де жоқ, мал дегеннен адалым жоқ,  
Ат қойып, ешкімге айдар тағарым жоқ.  
Ешкімді сөз білдім деп сөккен емен,  
Әуелден жаратылыс, амалым жоқ,  
Қом түгіл қара қоң жоқ қозғалатын,  
Талпынып талып болдым, табарым жоқ.  
Басым бар байлап қойған бұзаудай-ақ,  
Есіктен аттап шығып барарым жоқ [3, 56 б.].

“Байлаулы бұзаудай” еріксіз коллективтендірілген қазақ халқы осы өлең жазылғаннан кейін үш жылдан соң ашаршылыққа ұшырады. Әбіқай ақынның өзі де 1931-32 жылдардағы Торғай өңіріндегі ашаршылықтың құрбаны болды. Ақынның 1921-22 жылдардағы Торғай өңіріндегі ашаршылық туралы жазған “Тас мешін” атты поэмасы бар. Бұл поэма “Қазақ әдебиеті” газетінің 1990 жылғы 28 қыркүйектегі санында жарияланды. Біздің болжауымызша поэма жиырмамыншы жылдардың аяғында жазылған. Композициялық құрылымы “бірінші толғау”, “екінші толғау” атты екі бөлімнен тұратын бұл сюжетсіз поэма идеялық құндылығымен де, көркемдігімен де аса бағалы шығарма. Поэманың тақырыбы 1921-22 жылдары Торғайда болған, жергілікті жұрт “Тас мешін” деп атап кеткен мешін жылғы жұрттағы ашаршылық, елдің ауыр халі.

Тарихи деректерге жүгінсек, жаңа экономикалық саясаттың әсерінен Қазақстандағы ауыл шаруашылығы 1921-22 жылдары дағдарысқа ұшыраған. Ауыл шаруашылығында болған апаттың аяғы сұмдық аштыққа апарып соғады. 1921-22 жылдары Орынбор губерниясында

445 мың адам, Қостанай губерниясында 225 мың адам, Оралда 400 мың, Ақтөбеде 360 мың, Бөкей губерниясында 100 мың адам аштық азабын тартты.

Кейінірек анықталған мәліметтерге қарағанда, республикада 2 млн 300 мың адам ашыққан.

Аштықтан және онымен ере келген аурулардан, сол сияқты ауыртпалық жайлаған аудандардан үдере көшу халық санын күрт кемітті. 1914 жылы өлке жерінде 4 811 662 адам тұрса, 1922 жылы 3 795 963 адам қалды [39, 315 б.].

Ақын поэманы өзі жеті жасында куә болған “Жалпақ қоян” жұтын суреттеуден бастайды:

... “Қоянда” мешіндей боп мал қалмады,  
Ішетін үйде тамақ, нәр қалмады.  
“Жарлыға арлы болма!” – деген мысал,  
Аулауға ілік-тамыр қарбаңдады.  
Жан жалдап, терін сатып талай сабаз,  
Тұқымын сақтау үшін мал қамдады [18] –

дей келе, осы жұтты пайдаланып мол байлыққа батқан саудагер-спекулянттардың елді алдап, ұн, қант, шай сияқты азық әкеліп малға айырбастап елді шығынға батырғанын, елдің Арқаға, Сырға ауғанын айтады. “Жалпақ қоян” жұтының зардаптарын суреттей отырып өзінің елу жасқа келгенде көрген “Тас мешін” жұтын баяндауға көшеді:

...Елуде көрдік жылды мешін деген,  
Салмағы кейін жатты кесілмеген.  
Жаяулық, жалаңаштық, тамақ аштық,  
Дауасыз темір түйін шешілмеген.  
Шалқыған шалқар көлде аққу едік,  
Кез болды бұл секілді кесір неден.  
Барлықты барымта алған бұл бір уақыт,  
Талғамай табылғанды жесін деген.

Қыс түсті октябрьдің он бесінде,  
Ендігі ел ол сұмдықты көрмесін де.  
Алты айлық ақ сирақ жұт тегіс болды,  
Құдайым хан-қараңды тергесін бе... [18].

Қыстағы жұттан малы қырылып, жаздағы қуаңшылықтан егіні шықпай сорпасы сорға төгілген сорлы халықтың басындағы нәубетті ақын қабырғасына қайғыдан қан илене отырып суреттейді. Ақынды бұл шығарманы жазуға итермелеген де осы ауыр қасірет еді. Себебі, Әбіқай бұл нәубетті сырттан бақылаушы емес, сол нәубетті басынан кешірген адам. Адам ретінде ашаршылық зұлматы басына бір түссе, ақын ретіндегі қасірет-қайғысы одан мың есе ауыр еді. “Елдің табанына кірген шөңге, маңдайыма кірсін” дейтін ақынға өзі көрген ауыртпашылықтан көрі, ел басындағы ауыр жағдай қатты батқаны анық. Бұл оның поэмасының өн бойынан айқын аңғарылады. Сондықтан да ақын:

...Болдыру алыс емес, болып болдық,  
Айтпаймын албырттықпен өлең бар деп.  
Жылы сөз, рахым көзбен қарамады,  
Шыққан ел қыстан аман бізді жан деп.  
Тентіреп Торғай жұрты босып кетті,  
Тыңдаңдар өлең емес, мұны зар деп, –

деп шығармасын өлең ретінде емес, зар ретінде тыңдауды сұрайды:

...Мешіннің қысы өтіп, жазын көрдік,  
Көп малдың жұттан қалған азын көрдік.  
Мал айдап, жал шайнаған бәрі де өтіп,  
Кедейлік замананың сазын көрдік.  
Кер кетіп, кейін қарап бара жатыр,  
Еш нәрсе көрінбей тұр әзір жөндік...

...Сауын жоқ жазға қарай қарын ашты,  
Сырдағы, қырдағы ілік бәрі қашты.  
Аштықтан ажарлы жан көре алмадық,  
Бетіне қақ тұрмаған кәрі-жасты.  
Бағын мал, барар жер жоқ қайтеміз деп,  
Үміт қып, егін егіп тұқым шашты.  
Торғайдың торабына егін шықпай,  
Жұттан жұт бетер болып тағы ұласты.

...Тамақ аш, бой жалаңаш жұрттың бәрі,  
Төгілді-ау кедейліктен ұлттың ары...

...Аштықта жұрт жемеген шөп қалмады,  
Нәсілі адам болса тоқталмады.  
Табылды талай жерде жақсылардың,  
Тарыны кебегімен жеп салғаны...

...Тапқанды талғамады тамақ аштық,  
Кигізді тері шекпен жалаңаштық.  
Қарындас қайрылмастай туды нәубет,  
Ғарасат майданындай қара бастық.  
Ұлға ата, қызға ана қарамады,  
Жалпақ жұт болғаннан соң заман аштық... [18].

Міне, сізге ұжымдастыру! Қазан төңкерісінің шұғыласы! Сәулелі социализм мен керемет коммунизм! Ішкі Ресейде ашаршылық басталғанда Арал балықшыларына сәлем жолдап, үндеу тастаған “кемеңгер күн көсем” Торғайдағы аштық түнегіне “нұрын” шашпады. Қазақстанда да бұл аштық туралы біреу білсе, біреу білмейді. Ежелден төрт түлікті төресіндей көрген қазақ халқы үшін тіршіліктің қайнар көзі, құт-берекесі де мал шаруашылығы деп білген ақын төрт түлікті аңсайды. Ашаршылықтың зардаптарын жан-жақты ашып көрсетуде бұл өте тиімді тәсіл болып шыққан:

...Бұрынғы қой-қозы жоқ маңыраған,  
Кешкілік мәре-сәре жамыраған.  
Атақты ауылдарда қара қалмай,  
Аңқиып ақ боз үй тұр қаңыраған...

...Шұрқырап жылқы қайда кісінеген,  
Алланың кім ақылдас ісіменен.  
Мінгені ат орнына аяқ, таяқ,  
Талай ер тұлпар тұтып кісі деген.  
Тақымы тұғыр атқа тимегенді,  
Көндірді құдіреттің ісі деген...

...Алшандар інген қайда ыңқылдаған,  
Аққудай ботасы үйде сұңқылдаған.  
Сәуірде дәуір, дәурен көруші едік,  
Мәні жоқ мезгіл болды дымқылдаған.  
Торғайға тор жайғандай кездескен шақ,  
Толықсып тоны да жоқ жыртылмаған...

...Өретін сиыр қайда таңмен азан,  
Дыбысы көрінетін бұрын мазан.  
Ірімшік, қаймақ, қатық сиырда екен,  
Шаршадың шалап татпай міне сазан... [18].

Ақынның ашаршылықты суреттеуде, поэманың негізгі идеясын беруде “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” кезеңін еске түсіретін Қожаберген жырау үлгісіндегі тәсілі де тиімді пайдаланылған:

...Тап болды мешін деген қайдан заман,  
Ешкімге тиген-ақ жоқ пайдаң заман.  
Көз тойған көңіл тоқтап келелі мал,  
Артыңа бір қарамай кеткенің бе,  
Тұтамдап, тұтанбаған байдан жаман.  
Көзіме өткен күндер елестейсің,  
Саны жоқ сауық еткен сайран заман.  
Түстей боп өңде көрген кеткенің бе,  
Қайрылмай қалыбыңа қайран заман... [18].

Міне, поэманың негізгі идеясы осы шумақта жатыр. Ақын бұрынғы еркін заманын аңсайды. Расында да кеңес заманынан гөрі отаршыл ақ патша заманы қазақ үшін салыстырмалы түрде еркіндеу болғандығы жасырын емес. Ақын поэмасының астарындағы “Тас мешін” – кеңес өкіметінің бейнесі. “Тап болды мешін деген қайдан заман, Ешкімге тиген-ақ жоқ пайдаң заман” деген жолдарда бүткіл поэманы түйіні, идеялық мәні жатыр. Ақын ашаршылықты суреттей келіп, оны бұрынғы заманымен салыстырады, артықшылықтарын көрсетеді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі қазақтың күнін, отырықшылық өмірді былайша бейнелейді:

...Бұрынғы, өткен шіркін заманым-ай,  
Бір жылда қалдық көшпей, қамалып-ай.  
Отырды ел жар жағалап, су сағалап,  
Жайлауға шығатындар саналып-ай.  
Көзіңе сар қымыздай көрініп тұр,  
Шөпшіден ішпейтұғын шалабың-ай.  
Жер жыртып, балық аулап, егін салу,  
Жоқтыққа тауып тұрған амалың-ай,  
Таршылық бұл заманда аштан өлмеу,  
Талпынған берсін алла талабыңа-ай... [18].

Ақын поэмасының “екінші толғау” атты бөлімінде “Тас мешін заман” – кеңес заманынан қорлық көрген ерлердің жағдайы сөз болады:

...Екінші бір толғау өлең ерлерім,  
Көңіл болып тарқар ма екен шерлерің.  
Қараң заман қараңғыдай қинаған,  
Ой, дариғай кебер ме екен терлерің...

...Тар заманда талай көлдер шөл болып,  
Қор болдық-ау көр таба алмай кірерге...

Ақынның “Тас мешін заман”, “Қараң заман”, “Тар заман” сөздерінен зар заман ақындарының сарыны сезіледі.

Академик Мұхтар Әуезов 1927 жылы жарық көрген “Әдебиет тарихы” еңбегінде зар заман ағымын жан-жақты талдай келіп, зар заман әдебиетін екі кезеңге бөліп, оның алғашқысына Асанқайғы, Бұқар жырау, Махамбеттерді, екінші кезең өкілдеріне Шортанбай, Мұрат, Дулат, Нармамбет, т.б. жатқызады. Олардың алғашқылары “қазақ жайлаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай бұлтты көріп, соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжам, тұспал қылып айтатын” [19, 212 б.].

...Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер...  
(Асанқайғы) [20, 117 б.].

...Өзі сары, көзі көк,  
Орыстар келер ғалым боп.  
Әулиедей көрінер,  
Діндарынның аты поп...  
...Орыстарды пір тұтқан,  
Сорлы болған қазағым.  
Тартарсың сонда жазанды-ай...  
(Бұқар жырау) [20, 150 б.].

Соңғы ақындардың заманында сол бұлт бір есептен қазақ үстінен соғып өтті. Сондықтан бұл ақындар баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққыңды сөз қылды. Дала жайлаған елдің өмірінде бұлттан түскен қаза мен дерт қандай болды, соларды айтып күңіренетін болды [19, 213 б.].

...Мынау ақырзаманда,  
Алуан, алуан жан шықты.  
Арам, араз хан шықты,  
Қайыры жоқ бай шықты...  
(Шортанбай) [20, 194 б.].

...Мұның өзі зар заман,  
Зарлығының белгісі  
Ұл сыйламас атасын.  
Арам сідік болған соң  
Атасы бермес батасын.  
Қазы, болыс, хан қойды,  
Некесіз туған шатасын...  
(Шортанбай) [20, 195 б.].

...Мынау азған заманда,  
Қарасы – антқор, ханы – арам.  
Батыры көксер бас аман.  
Бозбаласы – бошалаң,  
Қырсығы туды қыз балаң.  
Нары – жалқау, кер табан,  
Құсы – күйшіл, ат – шабан.

Жырғалаң жоқ, жобалаң,  
Ебі кеткен ел болды...  
(Дулат) [20, 177 б.].

...Еділді тартып алғаны,  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны,  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны,  
Ойындағысы болғаны...  
(Мұрат) [20, 241 б.].

...Замана қайтіп түзелсін –  
Қоңсыдан туған би болды...  
...Қара кісі хан болды...  
...Замананың адамы,  
Заманың мұндай сұм болды...  
(Мұрат) [20, 241 б.].

Зар заманның алғашқы кезеңіндегі Асанқайғы, Бұқар жыраулар отаршылдықты болжап айтса, одан кейінгі Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ақындар отаршылдық саясаттың жүріп жатқан кезін бейнелейді. Ал, XX ғасырдың басындағы зар заман сарынын өз шығармаларына арқау еткен ақындар сол отаршылдықтың зардаптарын сөз етеді. Яғни, М. Әуезов тілімен айтқанда жауған бұлттың сарқынды суының жайылып жатып алуын, ол судың үйдің іргесін кеулеп үнгіп, мүжуін, сасып-борсып айналасын шіріткенін айтады. Біз Әбіқай ақынды соңғы үшінші топтағы ақындар қатарына қосамыз.

Әбіқай ақынның “Тас мешін” поэмасында ұлт-азаттық ой ұшқындары да көрінеді. Кеңес заманында, әсіресе жиырмасыншы жылдарда мұндай ой қозғау екінің бірінің қолынан келе бермегендігін де айта кеткіміз келеді. Ақын баяғы заманның аңсап қана қоймайды. Ақынның арманы еркіндіктегі “Жаз заман”:

...Есіл ерлер есін жиып ел болып,  
Ой, дариға-ай, қонысына қонар ма...  
...Күн көретін кедей байға асылып,  
Бай қалмады, бәрі қалды басылып.  
Жарқыраған жаз заманың туар ма,  
Ой, дариға-ай, қара тұман ашылып... [18].

Бұрынғы “дариға дәуренін” аңсаған ақын әр шумақтың соңғы тармағын “ой, дариға-ай!” деген күрсініспен аяқтап отырады. Сырттай қарағанда ақын баяғы көшпелі өмірді насихаттап отырған сияқты көрінеді. Ақынды да түсінуге болады. Ескіше ғана сауатты, ақ патшаның қанауын бір көріп, 1916 жылғы “маусым жарлығын” бір көріп, 1917 жылғы дүрбелеңнен кейін үміті енді жана ма деген уақытта сенген кеңес өкіметінің елді отырықшыландырудағы шалағай саясат пен ел бастаған атқамінер азаматтардың түрмеге қамалып, қорлық-зорлық көруі – осының бәрі сұрқия саясаттың түпкі мақсатын сезе білген сұңғыла ақынға өткен еркін заманын аңсап қиялдаудан басқа жол ұсынбайды. Ақынды регрессивті ойларға жетелеп, кертартпа етіп көрсететін де осы жайлар. Қазақтың өткен көшпелі өмірін суреттей келіп:

...Өткен қызық, түгесе алман бәрінді,  
Дүние шіркін, көрдік кең мен тарынды.  
Мешін, малды алғаныңмен бара бер,



Жаббар ием, ала көрме арымды [18], –

дейді ақын. “Жаным-арымның садағасы”, – дейтін қазақ үшін ар-намысынан қымбат нәрсе жоқ. Сол себепті де ақын қазақтың ары жоғалмаса екен деп тілейді.

...Азаматтан алды алдымен сәнімді,  
Қинады ғой одан кейін жанымды.  
Іштегі шер шіреп бара жатқан соң,  
Ауыздан сөз шықты оттай жалынды.  
Айтып өттік, өткен дәуір мәлім-ді.  
Азайтты ғой нашарлатып әлінді.  
Қайран күнім қара қомға қалып тұр,  
Тоқпақтайын үзіп тастап жалынды [18], –

деп “азаматтың сәнін алып, елдің жанын қинаған мешін заманның салдарынан іштегі шері шіреп бара жатқан соң аузынан жалынды оттай сөз шығарған ақын” халқын жұбатып, төзімділікке, еңсесін көтеріп, қамығып күрсінбеуге шақырады. Ақын:

...Қалың жұртым, шаппай, желмей дамығып,  
Көңіл көтер, күрсінбеңіз, қамығып.  
Болған іске болаттай бол деген бар,  
Тұлпар ерлер, жабы болма жабығып!

Жоқ бұрынғы көңілдегі нысана,  
Ем қылыңыз іштегі дерт-құсаға.  
Терің сатып қызмет ет миллетке,  
Ақсұңқарлар жапалаққа ұқсама! –

дей келіп,

...Жоқтың назын жер көтерер деген бар,  
Жанды қина – насихаттап жастарға! –

деп жастарды миллет үшін жанды қинап қызмет етуге насихаттап поэмасын аяқтайды.

Ақынның шығармаларын талдай отырып, оның көркемдік қуатының құндылығын, өлеңдерінің құрылысындағы ерекшеліктерін, әсіресе ұйқас құраудағы, аллитерация, ассонанстарды қолданудағы шеберлігін аңғармау мүмкін емес. Халық жазушысы Сырбай Мәуленовтің:

...Әбіқай от-жалындай қызулы адам,  
Сөз келсе сыпайы боп сызылмаған.  
Үнемі отыратын өлең жазып,  
Ұйқасы балталаса бұзылмаған [21], –

деуі тегін емес. Әбіқай ақын өз ұстаздары Жұмабай, Сейдахмет, Есенжол ақындар сияқты өлеңді киелі, құдіретті өнер санап, қатты қастерлеп өткен. Өз ақындығы заманында ешкімнен кем болмаса да, ұлы Абай өлеңдерін оқығаннан кейін өлең жазуды қойып, қағаз-қаламды тастауы – өнердегі шын мәрттік еді. Ақынның “Абайды оқығанда” өлеңіне көз жүгіртелік:

...Өмірде кез болғанды талай ақын,  
Солардың бәрінен де Абай ақын.  
Білмедім не құдірет сөздерінде,  
Жаныма бола қалдың қалай жақын.

Табармын сенен өткір сөзді қайдан,  
Ой жүйрік томаға көз құралайдан.  
Келтірмес сөз нақышын дәл өзіндей,  
Басқа жан жаратушы бір құдайдан.  
Кәусардай шыққан алыс бал бұлақтан,  
Жанымды жадыраттың қалғып жатқан.  
Ойымды өнер таптым деген менің,  
Аңғарға кеттің алып тар жұмақтан.  
Кетпеске бір жолыңды ұмыт тастап,  
Оқимын таңға дейін ымырт бастап.  
Сөз қуып, сүрең болған мен сорлыны,  
Кетті ғой, сен келген соң үміт тастап.

Өзімді жерде, Абайды көкте көрем,  
Талас жоқ шын ақынға өрен дарын,  
Өлеңге енді қайтып өкпелемен [3, 58 б.].

“Ұлылықты мойындаудың өзі – ұлылық” – деген халық даналығы осындайда айтылса керек-ті. Әбіқай ақынның 1932 жылы қайтыс болғанын ескерсек, Абайды алғаш танушылардың бірі де Әбіқай болғандығын байқаймыз. Абайды танушылардың басы, “Қазақтың бас ақыны” атты мақала жазған Алаштың рухани көсем Ахмет Байтұрсынұлы мен тұңғыш рет Семейде Абай кешін өткізген Нәзипа Құлжанова Әбіқайдың тек жерлестері ғана емес, рухани байланыс жасап тұрған, аралас-құралас болған пікірлестері де еді.

Ақынның поэзияны, ақындық өнерді қадір тұтқандығы мына бір өлеңінен де аңғарылады:

...Өлең деген жебелі оқ,  
Нысанадан бір өтер.  
Сөз ұғар жан деме жоқ,  
Бұлдана берме құр бекер.  
Ақындық деген алыс жол,  
Жалынсыз жүрек дір етер.  
Жаныңды жайлар, жүдетер,  
Қорықсаң кума, құл етер... [3, 62 б.].

Абай өлеңін оқығаннан кейін өлеңді қойған ақын, Абай дәстүрімен “Өлең туралы ойлар” деп аталатын қарасөз жазған. Бұл қарасөзді өлең туралы шағын ғылыми мақала десек те болғандай.

“Елуге келгенше есіміз кірмепті. Абай өлеңдерін оқыдым. Егер дүниеде Абайдай алымды да, ақылды ақын барын білсем, қалам ұстамаған болар едім, – деп бастайды ақын қарасөзінде. Ендігі тіршілікте өзім жетер, сөзім жетер жерге Абай өлеңдерінің шыны мен сырын уағыздай алсам, өзімді армансызбын дер едім. Абай өлеңнің тәңірісі екен. Біздікі – пендешілік. Енді менен өлең күтпендер...” [21].

Әбіқай ақынның өлең туралы эстетикалық ойлары ғылыммен қабысып жатыр десек, қателеспейміз.

“Жақсы өлеңнің жұртқа жаяр жаршысы да, аршысы да – әдемі әні ғой. Қазақ үшін әні жоқ өлең сәні жоқ сауда мүлкі тәрізді. Шіркін, өлеңді өнер деп ұғар ұрпақты көрсем! Өлеңнің сараң жолдарындағы сан қилы тәтті де, ащы ойларды таразыға тартар азамат бесікте ме екен, әлде есікте ме екен?! Өлеңді мәпелер, өлеңнің өз бағасын әперер өрен туса екен?!”, – деген ақынның арман-аңсары орындалып, оның шәкірттері халық ақыны Нұрхан Ахметбеков пен Қайнекей Жармағамбетовтер қазақ поэзиясына зор үлес қосты. Ақынның жоғарыда өлеңнің әні деп отырғаны – өлеңнің әуезділігі. Ақынның бұл тараптағы ойлары

әдебиеттанушы ғалымдар мен поэзияны зерттеушілер пікірімен сабақтасып жатқандығын сол ғалымдардың поэзия туралы еңбектерімен салыстыра отырып байқауымызға болады.

Поэзияның көркемдік әлемінің сыры мен сипаты туралы сонау Аристотельден бастап әркім әртүрлі айтып келе жатыр. Солардың ішіндегі Пушкиннің біреу біліп, біреу біле бермейтін мына ойларында поэзияның формуласы жатқан сияқты.

... Ишу союза,  
Волшебных звуков,  
чувств и дум.

Шындығында да өлең дегеннің өзі осы үш бірліктен – сезім мен ойдың және қырлы дыбыстардың үйлесім-үндестігінен меруерттей мөлтілдеп түзілмей ме?! Пушкиннің “Сикырлы дыбыстар” деген сөзінің төркінінде сөздің музыкалық жарасымы, ырғақ пен ұйқас үйлесімділігі сияқты сабақтастық қойындасып жатқан жоқ па?

Белгілі совет ақыны, поэзиядағы философиялық-интеллектуальдық ағымның көрнекті өкілі, ауызға көп алына бермейтін Николай Заболоцкий өлеңді ұстап тұратын үш таған бар деп жазады. Атап айтқанда олары: “Ой, Образ және Музыка”. Ақын бұл тұста “мусикос” – музыка деген грек сөзін түпкі түбірі гармония мағынасында қолданып отыр. Ақынның өзі оны қысқартып, шартты түрде жазуды жақсы көрген. Яғни, М – О – М (мысль – образ – музыка). Оның айтуынша, осы үш таған бар жерде қашан да поэзия бар [17, 112-113 б.].

А. А. Потебня сөзден үш түрлі сипатты көреді: біріншісі – мән-мазмұны, екіншісі – ішкі құрылысы, үшіншісі – дыбыстық жағы, естілуі [23, 5 б.].

Әдебиет тілі әуендік образға, философиялық-символикалық шарттылықтарға, метрикаға, аллитерацияға құрылады. Поэзия тілі көркем мағына мен ассоциациялық-эстетикалық байланыстар жүйесіне, стильдік бояу-нақыштар мен музыкалы үнге құрылады [24, 38-44 б.].

Көркем сөз – адамның рухани қызметінің ерекше саласы. Шындықты, болмысты образды-эстетикалық тұрғыда игерудің айрықша көрінісі. Келісті көркем образдың ішкі сұлулығы, ішкі қуаты, бейнелілігі (ырғақтылығы, симметриялылығы, гармониялылығы мен үндестігі) тағы бар [23, 6 б.].

Поэзияның гармониясы, тілі, образдық-музыкалық кестесі туралы Аристотель, Лукреций, Гораций, батыс Еуропа классиктерінің өкілдері Н. Буало, Скампер, Антонио Минтурио, Людовико Кастельветро, Торквато Тассо, Филлип Сидин, Бенжамин, Франсуа Малерб, Мартин Опиц тағы басқа оқымыстылардың ой-толғамдары бар [23, 7 б.].

Поэзия адамның еркін сөзімен берілетіндіктен, онда үн де, сурет те және байымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Ол тәтті түйсігімен бүкіл жүйемізді тебірететін музыкалы пьесада аумады. Әрине, лирикалық шығарма музыкалы шығармамен бір емес, алайда олардың негізгі асылында жалпы ұқсастық бар, – дейді В. Г. Белинский “Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу” атты еңбегінде [25, 49-50 б.].

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің араб поэзиясының теориялық мәселелеріне арналған “Өлең өнері” трактаты мен грек поэзиясының жанрларына, терминдері мен өлең өлшемдеріне арналған “Өлең өнерінің қағидалары туралы” трактатында да поэзиядағы үн, әуен, ырғақ мәселелері сөз болады [26, 27 б.].

А. Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш” еңбегінде қарасөз, өлең сөз, көсем сөз, дарынды сөз қасиеттерін, тек-төркінін аша келе, қара өлең мен жырдың айырмасын былайша ажыратады: а) әні басым, мәні кем, ажары аз өлең – қара өлең; ә) әні кем, мәні мол, ажарлы өлең – жыр [4, 187 б.].

Ертедегі қазақ өлеңдерінің қай түрі болсын әнге келеді. Баяу желдірме, шырқама әнмен айтылады, оқылады. Әсіресе, қара өлең шырқамалы, ырғақты әнмен айтылады. Қазақ біреу ән шырқап отырса, оны ән айтып отыр демей, өлең айтып отыр деген. Жұрт біреуге ән айтшы демей, өлең айтшы деп өтінген: өлең, ән айта білетін кісіні әнші демей, көбінше, өлеңші ақын деген [16, 81-82 б.].

Өлең сөз адамға өзінің ішкі мазмұнымен, суреттілігімен, бейнелілік мәнімен ғана емес, айтылу қалпы, әсем үнділігімен де әсер етеді. Сөздің ұғым-түсінік беретін мәнін, бейнелі мағынасын оның өлеңдегі ырғақ-үнділігі, әуезділігі сан түрлі рең беріп толықтыра түседі.

Тіпті өлеңдегі сөйлеп айтпай, іштей оқығанда да, оның үні, әуезділігі, ырғақ-интонациясы, үйлесімі адам жанына қалай да әсерін тигізбей қоймайды [28, 136 б.].

Міне, сонау антикалық дәуірдегі Аристотельден бастап, біздің заманымыздағы академик Зәки Ахметовке дейінгі аралықтағы поэзиядағы әуен, әуезділік турасында айтқан ғұламалар пікірінен Әбіқай ақын пікірі де алшақ емес, сабақтасып жатыр.

Әбіқай ақынның “Өлең туралы ойлар” қарасөзіндегі тағы бір құнды пікірі ұйқас төңірегінде:

“Өлең көркі – ұйқасы. Ұйқассыз өлең болмайды. Өлеңнің түбірі төрт жол, сол төрт жолдың мағынасы бір-бірімен қабысып келуі шарт. Ол қабыспаса өлең емес. Абайдың “бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы” дейтіні де осы. Өлең ұйқасып келуі керек.

Бір буынды ұйқас – өлі туған төл. Ол кісінің құлағында қонбайды. Ондай өлеңнің көкжасығы кімнің мейірін қандырады. Иесі ақын болып та оңбайды.

Екі буынды ұйқас – қаңқасы қалған көтерем. Қанша мәпелесең де мал болмайды. Көтеремде көрік бола ма?

Үш буынды ұйқас – жарау өлең, жақсы өлең, ұшқыр өлең көркі. Шіркін, мұндай өлеңнің іші де сұлу келсе екен дейсің. Әйтпесе, сырт сипатына мін таба алмайсың.

Төрт буынды ұйқас – балталасаң бұзылмайтын, көкейіңнен сызылмайтын ойлы өлеңнің көркі. Қазақтың қара өлеңі үшін жаралған ұйқас осы – төрт буын. Онсыз ұзақ жолды, шұбыртпалы ұйқасты өлеңіміз ыдырап, іріп, өлеңдік қасиетінен айрылып қалады.

Бес буынды ұйқас – өлең үшін шарт емес. Еркін ақын бес буынды еркелетем десе, кім кінәлайды дейсің. Ондай ұйқасты Абайдың “Сегізаяғынан” көрдім” [21].

Әбіқай ақынның шәкірттеріне – Нұрхан Ахметбеков пен өз баласы Ахметқанға айтқан ақындық туралы өсиеті де назар аударарлық: “Өлеңді өнер деп танысаң, басың қанжығада кетсе де шындықты айт. Малы барды мадақтап, мазақ болма! Байларды дәріптесем мені де халқым сыйламаған болар еді. Ел сыйлағанды ғана сыйлайды. Ақын сыншысы – елі, еліңнің жүрегіне жете біл! Абайға жетуді армандандар. Басқа жол тапсаңдар тіпті керемет! Мұратқа әкеден қалған мал-мүлік жеткізбейді, ақыл мен арман жеткізеді. Құс та талпынбаса ұша алмайды. Ізденіңдер, тер төгіңдер!” [21].

Әбіқай ақынның тапқыр, шешендік сөздері мен нақыл сөздері өзінше бір сала. Әттең, осы шешендік сөздері кезінде әркімнің жұлмалауында кетті. Әбіқайдың осы тараптағы бір әңгімесі Қ. Ысқақовтың “Ақсу – жер жаннаты” романының бір кейіпкерінің аузында да жүр [29, 330 б.].

Әбіқайдың шешендік, нақыл сөздері С. Кенжеахметовтің жинастыруымен мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді. Ал, жалпы шығармаларынан кеңес заманында жарияланған жалғыз шығармасы – “Тас мешін” поэмасы. Оның өзі кеңес өкіметінің құлайтын кезеңінде 1990 жылы 28 қыркүйекте “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрді. Әбіқай Нұртазаұлының шығармаларын жинаушы, әрі ақынның шәкірті Қайнекей Жармағамбетов оның жинағын шығаруға қанша талаптанса да кеңестік идеология мен цензураның кесірінен шығара алмаған екен. Торғайдағы ақындық мектепті қалыптастырушылардың бірі Әбіқай Нұртазаұлының шығармалары да баспа бетін көріп, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихынан орын алары сөзсіз.

### **Қыран паң мен құладың (Мысал)**

Бір тауды мекен етті бір қыран паң,  
Құтылмас тырнағынан жүгірген аң.  
Құйылып сорғаласа көктен жерге,  
Аспанда бұрқ-сарқ шығады шаң.

Қасқырдың арланымен жағаласып,

Көтеріп таудан аса ала қашып.  
Шарықтап көк аспаннан тастағанда,  
Мертігіп өлді қасқыр қара басып.

Көргенде мұны істеген тау қыранын,  
Өзі алып жей алмайтын таудың аңын.  
Жанына сол қыранның келіп қонды,  
Қарны ашып, қалы біткен бір құладын.

Келді де сәлем берді қыран паңға,  
Сұрады бір сыралғы ерден сауға.  
Құрметтеп мейманына сарқып беріп,  
Қыран құс жолдас етіп жатты тауда.

Ашықса қыран таудан аң қағады,  
Қырымнан қыбыр етсе аңғарады.  
Мәз болып батырының қимылына,  
Құладын қошеметтеп таң қалады.

Құладын күннен күнге желігеді,  
Жемтіктің сүйектерін кеміреді.  
Сілкініп бірер айда қайта түлеп,  
Жылмиып, жұлындай боп семіреді.

Қыс түсіп, боран соқты желді көрік,  
Қар басып қасауларды салды көміп.  
Бұйығып іншіл аңдар інге кіріп,  
Басқасы паналады жерге берік.

Сұрапыл алай-түлей көз бермеді,  
Күн суып, ауа райы өзгермеді.  
Қабағын қыран құстың қырау басып,  
Жел қатты, жердегіні көз көрмеді.

Екеуі көктің жүзін сайран етті,  
Ашықты, апта да өтті, айға жетті.  
Торығып томағасыз долы қыран,  
Қанды көз қарауытып ойға кетті.

Құладын төмен ұшып, қыран үсте,  
Қырекең қиямпұрыс салды күшке.  
Бір қағып құладынды іліп алып,  
Сорғалап бір ойпаңдау жерге түсті.

Құладын: «Қалдым, – деді – неден жазып?»  
«Барады, – деді қыран – жүрек сазып,  
Сен менің жемсауымды бір толтырсаң,  
Ол маған бір жетіге болмай ма азық?»

Есжанға: «Сен болысқа ерме!» – дедім,  
Тоқтықта оған жолдас, ермек едің.  
Бір күні жемсауына түсіп кетіп,

Құладыңша бейбағым, жүрме! – дедім.

\* \* \*

Азамат, мен бір ауру өлердей-ақ,  
Дертімді дәрменім жоқ бөлердей-ақ.  
Өмірім алдымдағы от секілді,  
Сізден су табылар ма сөнердей-ақ.  
Кемім жоқ кедейлікте кім айтса да,  
Тап берді тақыр жерге енердей-ақ.  
Қамданып қалың елден қарап жүрмін,  
Көп іздеп өзі жоқты төлердей-ақ.  
Көргендей көрмесем де болып тұрмын,  
Әділет көзі маған төнердей-ақ.  
Үстемдер үсті-басың арам деп жүр,  
Ағып өт арам су боп бөгелмей-ақ.  
Есімнен тандырып жүр ескісің деп,  
Ойлаймын жүргенмін деп неге өлмей-ақ.  
Айтамын аймағыңмен азамат деп,  
Тыға сал кетпен болса көмердей-ақ.

Үй де жоқ, мал дегеннен адалым жоқ,  
Ат қойып, ешкімге айдар тағарым жоқ.  
Жалпы жұрт жеккен атты мен де жектім,  
Болар деп мұны қылмыс хабарым жоқ.  
Ешкімді сөз білдім деп сөккенім жоқ,  
Әуелден жаратылыс амалым жоқ.  
Қом түгіл қара қоң жоқ қозғалатын,  
Талпынып талып болдым, табарым жоқ.  
Басым бар байлап қойған бұзаудай-ақ,  
Есіктен аттап шығып барарым жоқ.  
Тілімнің жеткенінше тілегім сол,  
Мұнымды сенен басқа шағарым жоқ.

\* \* \*

Па, шіркін қырда қызық осы бүгін,  
Жортар ма ек ақ өзектің орғыл құмын.  
Мұнартқан сары Тосынның аңын аулап,  
Құс салып, ит жүгірткен қайран күнім.  
Ақша қар, таң алдында жауған сонар,  
Қызығын ескертіп тұр өткен күннің.  
Жет те бас, желке қыңыр нағыз екен,  
Естір ме ед шаңқылдаған қыран үнін.  
Қажыған, қайрат кеткен қарияны,  
Жел сөзбен жұбатасың қайран тілім.

\* \* \*

Ағайын, атқа міндің аһаласып,  
Бірінді бірін күндеп, табаласып.

Бақталас, шенқұмарлық шырқын бұзды-ау,  
Ерлерді ел бастайтын қара басып.  
Бұл күнде құрсақтының құрты қозды,  
Шіп-шикі шылқы майға араласып.  
Білмеймін іздейтіні кімнің ары,  
Қор болды-ау, құдай атып, құр адасып.  
Аңғалдар ала қамшы атанысты,  
Әуре боп, бір-бірімен жағаласып.  
Заманды өңкей заңқой бүлдірген шақ,  
Ар кетті адал, арам араласып.  
Ентігіп елу үйлік еліріп жүр,  
Қасқырдай қансоқтаға семіріп жүр.  
Төбеттер қызыл тұмсық болып әбден,  
Қаңқасын өлексенің кеміріп жүр.  
Адасып Алласынан молдекендер,  
Шарғысыз болды даулы сөзге шебер.  
Садақа, сараңдардан зекет өнбей,  
Түрі бар шап беретін шендесе егер.  
Қадірлеп ісі қалмай пенде сенер,  
Боп кетті барлығы да баққа құмар,  
Қалмады дейтін бір жан «Елдесе көр!»»

### **Түрмедегі бауырларға!**

Көп-көп сәлем Зейнолла мен Аспанға,  
Еш пайда жоқ ауыз сәлем достан да.  
Қалима көйлек көңілімді көрсеттім,  
Сүйсінсеңдер сөз емеурін қосқанға.  
Кеңшілікте кез келтір деп тілеймін,  
Өкіметке шарықтатар бостанға.  
Жалпы сәлем Қостанайда Қошқарға,  
Алаламай, Арғын, Қыпшақ достарға.  
Шерді шебер шешер деген нақыл бар,  
Сөз жазамын сол мақалды қостарға.  
Бөлінуге бөлек іс деп ырза бол,  
Барымыздан базар еткен жоспарға.

– Ел қайда? – деп аңсағандай болмаңыз,  
Тәрбиелі терең оймен толғаңыз.  
Әуелдегі Алла берген ақылмен,  
Жүдетпеске зейін, тәнді қорғаңыз.  
Қапаста деп қалам тартқан қайратсыз,  
Аз демейін алтын дарақ қордаңыз.  
Қошқардағы қажымастай Оспан мен,  
Әйдеркеден ақыл салған дорбамыз.

Және сәлем, Үнембайдай ініме,  
Деп көңілге келген шығар тірі ме?  
Әлдеқандай қимассың хақ ағанды,  
Көңілі көзсіз көп жаманның біріне.  
Өрге шыққан өңездерден үріктім,  
Хат жазды деп айтар қалсақ біліне.

Сөз айтамын сүйек болған баладай,  
Өлмеген соң ұқсайық деп тіріге.

Жүдеді ел әттегене осыны ойлап,  
Төбеге дүрсілдетті тосын ойнақ.  
Халықта мал да азайып бара жатыр,  
Қайыстық қайран ерді қосып ойлап.  
Үйірге қосылындар үйден шығып,  
Шаттықтың шаңырақта тойын тойлап.  
Армансыз Арғын-Қыпшақ тілеп тұрмыз,  
Білгірлер білсе керек біліп, ойлап.  
Тегінде тіл шешпейтін түйін болса,  
Жүйріктер жұбатқы айтып бәрін жоймақ.

Ел көріп: «Бәрекелді!» – дегендей-ақ,  
Қатулан, қайыспайтын емендей-ақ.  
Не пайда назырқаудан жанды мүжіп,  
Тік қара Мұса менен Шегендей-ақ.  
Келеді уайым күн кімге тумай,  
Жүректе шөгіп қалар шемендей-ақ.  
Байтұрсын, Ақтастардан артық кім бар?  
Еңбегі кетер ме екен еленбей-ақ.  
Бет бұрып бері келер белсенді жоқ,  
Жыласаң пәленше етем дегендей-ақ.  
Киіндер кеңес тонын келісті деп,  
Уайым ойламаңдар олақтай-ақ.

### **Абайды оқығанда**

Өмірде кез болған-ды талай ақын,  
Солардың бәрінен де Абай ақын.  
Білмедім не құдірет әр сөзінде,  
Жаныма бола қалды қалай жақын.

Табармын сенен өткір сөзді қайдан,  
Ой жүйрік томаға көз құралайдан.  
Келтірмес сөз нақышын дәл өзіңдей,  
Басқа жан жаратушы бір құдайдан.

Ағайын, жыр күтпеңдер енді менен,  
Өзімді жерде, Абайды көкте көрем,  
Талас жоқ шын ақынға өрен дарын,  
Өлеңге енді қайтып өкпелемен.

### **Тасмешін (Дастан)**

Кел қолым, қалам ұстап бір іске алдан,  
Ғұмыр бар орта жасқа келіп қалған,  
Жас күнде өлең жазбақ оңай еді



Қисының табушы едік жоқты бардан.  
Бұл күнде өлең жазар уақыт емес,  
Шақ болды түк ағарып, тісті шалған,  
Артыңа тарих қылып бір саз шығар  
Соңғылар қалды десін өткен шалдан.  
Елуде өзгерген күн шерлендірді  
Күлімдеңдер қозғалды деп кәрі тарлан.

Елу жас еске түсер айтсам ал деп,  
Көргендер жасқа қоспас бізді шал деп,  
Болдыру алыс емес, болып болдық  
Айтпаймын албырттық пен өлең бар деп.  
Жылы сөз, рахым көзбен қарамады,  
Шыққан ел қыстан аман бізді жан деп,  
Тентіреп Торғай елі тозып кетті  
Тыңдаңдар өлең емес ммұны зар деп.

Жұт көрдім жеті жаста «қоян» деген,  
Адалды қыс емес-ті қоям деген.  
Қызарып қымыз ішіп ұйықтағанға  
Абайла аштық келді, оян деген.  
Білімін жаста болсамм сондағана  
Жан жоқты жақын кезде тоям деген.  
«Қоянда», «Мешіндей» боп мал қалмады,  
Ішетін үйде тамақ нәр қалмады,  
Жарлыға арлы болма деген мысал  
Аулауға ілік, тамыр қарбаңдады.  
Жан жалдап, терін сатып талай сабаз  
Тұқымын салу үшін мал қалмады.

Торғайлық жұтағанмен Арқа есен боп,  
Жетексіз келгені-ақ жоқ қамданғаны,  
Торғайдан тері-терсек аламыс деп  
Күйлі елде кәсіпшіден жан ққалмады.  
Қаланы ол заманның мындай емес  
Ұлықтар саудагерге шамданбады.

Саудагер келді әлі-ұрпақ малын алып,  
Ішер уын, мата, қаныт, шәй-бәрін алып,  
Толтырды Торғай елін тамақ пенен  
Құйрықпен жұтағанның жалын алып.  
Жегінді ат, арба менен келіп қалды,  
Ақыры бала жейтін нанын алып,  
Әкеліп бар керекті базар етті  
Жұрт тұрды қошеметпен қабыл алып  
Еркіндеп спекульянт жүрген заман  
Соңына түсер жан жоқ жарып алып.

«Қоянды» ұзамай-ақ ұмытты жұрт  
Тәулікте мал тұқымын салып алып  
«Қоян» бір жүріп кеткен құйынға есеп  
Көзімен көргендерге бәрі де анық.

Қоянды көп сөз қылып жалықпайын,  
Айтуға жұрт табалмай тарықпайын  
Айтайын үш жыл аштық тас мешінді  
Деп тұрған еш нәрсеге жарытпайын.  
Көк майса көркі кеткен бұл нәубетті  
Баяндап тыңдағанға анықтайын.

Елуде көрдік жылды мешіндеген  
Салмағы кейін жатты кесілмеген,  
Жаяулық, жалаңаштық, тамақ аштық  
Дауасыз темір түйін шешілмеген.  
Шалқыған шалқар көлде аққу едік,  
Кез келді бұл секілді кесір неден,  
Еркелеп әркім біткен дәулетіне  
Мешіннен бұрын жан жоқ өсірмеген  
Барлықты барымта алған бұл бір уақыт  
Талғамай табылғанды жесін деген.  
Қыс түсті октябрьдің он бесінде,  
Ендіңгі ол сұмдықты көрмесін де,  
Ашмалға ашық күн жоқ бәрі боран  
Көрмеген кейінгіге бермесін де.  
Алтайлық ақ сирақ жұт тегіс болды,  
Құдайым хан, қараңды тергесін бе.  
Тағдырлық іс шығар деп сабыр етті  
Саңлаулы санасы бар зердесінде.

Мешіннің қысы өтіп жазын көрдік  
Көп малдың жұттан қалған азын көрдік  
Мал айдап май шайнаған бәрі де өтіп  
Кедейлік замананың сазын көрдік  
Мінерге ат ішерге ас жоқ неғыламын,  
Дегендер көбейіп тұр әзірге елдік.  
Кер кетіп, кең қарап, бара жатыр,  
Еш нәрсе көрінбей тұр әзір жөндік.

Сауын жоқ жазға қарай қарын ашты,  
Сырдағы, қырдағы ілік бәрі қашты,  
Келмеді қаптап көше қалын елдер  
Деп: Торғай еш нәрсеге жармасты.  
Аштықтан ажарлы жән көре алмадық  
Бетіне қақ тұрмаған кәрі жасты,  
Бағар мал, барар жер жоқ қайтеміз деп,  
Үміт қып егін егіп, тұқым шашты.  
Сары ала ет, сары қымыз, қақ құйрық шәй  
Ұмытты бұрынғы ішкен мәлім ашты.  
Торғайдың торабына астық шықпай  
Жұттан жұт бетер болып тағы ұласты.

Тамақ аш, бой жалаңаш жұрттың бәрі,  
Төгілді-ау кедейліктен ұлттың ары  
Жұт болса дегі ағайын деген рас,  
Қинады пұлға шықпай қара тары.

Шер ас талған астық табылмады,  
Не болсын ашаршылық мұнан әрі.  
Тауық жыл тас мешінге пара-пар болып  
Пішак пен түгесілді қалған малы.

Аштықтан жұрт жемеген шөп қалмады,  
Нәсілі адам болса тоқталмады  
Белгілі қадірі астың біреуіндей  
Жуамен атқұлақты көп қамдады.  
Халыққа бұл секілді жөндіге алмай,  
Мырзалар дәмді ас ішкен көп талғады,  
Табылды талай жерде – ақ жақсылардың  
Тарыны кебегімен жеп саланы

Тапқанды талғатпады тамақ аштық,  
Кигізді тері шекпен жалаңаштық,  
Көрерін көрмей адам көрге кімес  
Көңілге болды заман жарамастық  
Қарындас қайырылыспайтын тұды нәубет,  
Ғарасат майданындай қарамастық,  
Ұлға ата, қызға ана қарамады  
Жалпақ жұт болғаннан соң заман аштық.  
Кешегі көркемшілік көл заманда,  
Тарыны шығарып едік жаман асқып,  
Тар күнде тары көжені тоқ тамақ деп  
Шара мен қасық алып қамаластық

Бұрынғы қой, қозы жоқ маңыраған,  
Раушан күн олды мезгіл мамыраған,  
Алыстан құлағыңа ың-жың болып,  
Кешкілік енесіне жамыраған.  
Атақты ауылдарда қара қалмай,  
Аңқиып ақ боз кедейліктің кемшілігі  
Адам жоқ мұны ойлап налымаған  
Бәрі деп кемшіліктің қояр еді ау  
Бұрыннан болса жоқ боп жарымаған.

Шұрқырап жылқы қайда кіснegen  
Алланың кім ақылдас ісі менен  
Мінгелі ат орнына ая, таяқ,  
Талай ер тұлпар тұтып кісі деген.  
Тақымы ертұлпар тұтып кісі деген  
Тақымы тұғыр атқа тимегенді  
Көндірді құдыреттің ісі деген  
Жаз мінер, жасаң жүріс жылжымалар  
Мешіннің кетті бәрі қысы менен  
Алшандар інген қайда ыңқылдаған,  
Ақкудай ботасы үйде сұңқылдаған,  
Сәуірде дәуір дәурен көруші едік  
Мәні жоқ мезгіл болды дыңқылдаған  
Әр жерде түйе малдан көрінеді,  
Қолдары бірлі – жарым құр тұрмаған,

Торғайға қор жайғандай кездескен шақ  
Толықсып толы жан жоқ жыртылмаған.

Өретін сиыр қайда таң мен азан,  
Дыбысы көрінетін ұрын мазан,  
Мөңіреп бұзауына келгенінде  
Болды деп айыптауша едік азан-қазан.  
Ірімші, қаймақ, қатық сиырда екен,  
Шаршадың шалап таппай міне сазан  
Бар болса екі-үш торпақ бай деп тұрмыс  
Бұрынғы мал демеген осы жазан.

Тап болды мешін деген қайдан заман  
Ешкімге тигенақ жоқ пайдан заман,  
Көз тойған көңіл тоқтап келелі мал  
Ел айбыны елден дулет тайған заман.  
Артыңа бір қарамай кеткенің бе,  
Тұтаңдап, тұтындаған байдан заман,  
Көзіме өткен күндер елестейсің  
Саны жоқ сауық еткен сайран заман  
Түстей боп өңде көрген кеткенің бе,  
Қайрылмай қалыбыңа қайран заман

Бір тосу дұшар қылған жаратқан хақ,  
Ұшқан кез торғайлықтың басынан бақ,  
Бұрынғы ақ құба өң, қызыл жүз жоқ,  
Арықтап ет таралған, бетінде қақ.  
Талайы тырсыйғанның тырысыпты,  
Алтайлық жайлауындай міңген қақтап,  
Сатылып арасығнан қашып кетті  
Шеңгелдеп жүргендерден жемей сақтап  
Армансыз өткен күнге қалған шығар  
Ішкендер түшіркеніп асын баптап.  
Тас мешін жалғастырдың тауығыңды,  
Сыпырып сансыз қызық сауығымды.  
Тоңқиған атпақылдың сақасындай,  
Көркімен көрсетпедің ауылыңды.  
Аштықтан қырға, сырға тентіреттің,  
Ағайын неше дос, жар бауырымды,  
Азырақ әңгіме қып алданайын  
Мешіннен бұрынғы өткен дәуірімді.

Дариға еткен байлық заманым-ай,  
Бір жылда қалдық көшпей қамалып-ай  
Отырды жар жағалап, су сағалап  
Жайлауға шығатындар саналып-ай  
Көзіне сары қымыздай көрініп тұр.  
Шөпшеден ішпейтұғын шалабың-ай.  
Жер жыртып, балық аулап егін салу  
Жоқтыққа тауып тұрған амалың-ай  
Баршылық бұл заманда аштан өлмеу,  
Талпынған берсін Алла талабыңа-ай

Бос қалды жаз күйінде ел жайлаған жер,  
Желілеп түе, бие байлағант жер.  
Қой құдық, жылқы құдық, шайлық құдық,  
Біріне-бірін қоспай сайлаған жер.  
Дүниенің бейне жұмағы секілденіп,  
Мәжілісте ақын, шешен сейраған жер  
Қалың мал, қаптаған ел отыратын.  
Асу шөл болып қалдың айдамал жер.  
Жел соғып жай тұрғанға жабырқаймын.  
Жарасып жатушы еді жайлағанда ел.  
Мал айдап, шайын майлап, бие байлап,  
Қонады ақ үй тігіп қай заманда ел?

Қызығын көрдік малдың ішіп-киіп.  
Матадан ет қышытпас дене сүйіп,  
Іш қолдан бәтес, фуляр іздеуші едік,  
Біз кидік сол кепиет басқа тиіп.  
Киімді жастар киді бәсекемен.  
Бірінен боламыз деп бірі биік.  
Нақақтан барымтаға мал кеткендей  
Тозып жүр тұтынбаған іші күйіп.  
Үй тікті он бес жастан сегіз қанат,  
Кеңейтіп ақ үй тікпек болған санат.  
Қырық кісі қымсылмастан отыратын  
Маайрап арасы ашық маңғаз манат  
Қызметіне боз баланы әзірледі  
Қақпайтын қаршығадай кірпік, қанат.  
Барында барымтадай тұтанып қал,  
секілді өте шығар жегіп пар ат

төседі үйге кілем жер көрінбей,  
тұратын иран бақтан кем көрінбей.  
Бір кезде жаппар ием толықсытты  
Жақсыға көп, жаман кем берілмей.  
Бәрін де бұл дуірдің көріп өттік,  
Кейінгі кеткенің бе теңгерілмей.  
Қағынды қатал жұтқа кез боп тұрсың,  
Түзелмес ұшық шығып емделінбей  
Дариға, шатырлаттық бие байлап  
Сарылы келуші еді түені айдап.  
Бие-бау, ірге-қоныс жайлау өріс,  
Күн қызбай қымыз ашып болғаннан соң  
Қонушы ек кең шұңқырды қойға ыңғайлап  
Көркейіп жөнелетін көшін жайлап.  
Жеті күн отырғанда боқ болды деп.  
Үй жығып, буар еді жүкті тайлап,  
Алты айда ауыл үстін көң ете алмай.  
Қайғырдық, көңілде тұр бәрі сайрап  
Көп пісіп, қымыз іштіік дәмі менен,  
Піспекті қара саба сәні менен.  
Жұлдырып көмекейді май түсіріп

ішкендер ас мінекей пәлі деген  
қымызды май түспеген ішпеуші еді.  
Асқа деп бұл секілді зәру емен  
Көп ішіп шаған аяқ, боз ожаумен,  
Дұылдап жас ойнайтн кәрі менен  
Қарттар да үш-төрт аяқ тастаған соң  
Демейтін: ойнамаймын бәрі менен  
Өткенді сө қылыңыз білдіңіз бе.  
Қазағып тауып айтар білім ізде  
Шылбырдан алып аттан түсіруші ек  
Біріміз кез келгенде бірімізге  
«Мал әкел, қымыз сапыр, самаурын қой.  
Осыдан қазақ жоқ», - деп тірімізде.  
«Малды қой, әзір тамақ болар десе» -  
дейтін біз: «өлі өттіғой тіріні ізде»  
мәжілістен мәмілелі дүкен аштық,  
кешегі сауық-сайран күнімізде.  
Шақырған үлкенді аттан көтеріп ап.  
«Қош келдің, түс», - деуші едік інімізге  
Сайраны сайран дәурен өтіп кеткен  
Ал енді табылар ма, күніне ізде.

Үйірге айғыр салдық қазанаттан ,  
Кұмар боп түспеген ел қазанаттан  
Атақты арғымаққа әуес болдық  
Мінер деп еркек тұған азаматтан  
Тұғырға тұман салып болмайды екен  
Жайлады жалпы сұйық қазан аттан.  
Бойы биік жәні сұйық жүрдек түгіл  
Таба алмай көріп, тұрмыс азар аттан.  
Бұл күнде торыққаннан тоба қылдық  
Жаяуды жақсы деуші жаман аттан

Шанаға екі ат жектік түсін парлап  
Көсемі шығушы еді топтан сарнап.  
Жыылқыны екі түрлі ұлтарна деп,  
Жоқ болса табушы едік түсін қамдап.  
Ысқырып делбе жайып қойған шақта ,  
Жер қайып жөнелер еді құстай заулап  
Атшы алған ат Петербурдан Жауышовтай  
Алушы ек боз баладан көшір таңдап  
Түккі аты ақ бөкендей желсін дедік,  
Көшелі керіскендей келсін дедік  
Дәулеттік дәуірінде не қылмадық  
Айғырды сартылдайт деп менсінбедік  
Салт атпен шаруашылық қып біреу жүрсе  
Сүрткендеп малын көзге теңсінбедік  
Сұлы іліп Самарский бедеулерге  
Ауыр деп тар, бидай жемісінбедік.  
Көсемм ат кесін дедік қаршығадай

Ақа бел келісер ме шаршы ұнамай.  
Жалқау деп жалтақ болса жоғалтушы ек,  
Бір кісі көңілімізге қалса ұнамай.  
Айтушы ек көсем түптеп құлынтайдан,  
Тұрарма ат мінгендер малсынамай  
Өткір көсем аттың қалың топтан  
Тайсалмай кіруші еді тарсынадай  
Асып екі ат, әбзелге ағайыннан  
Болмаса орынборлық Алшын, Адай

Азайды айта берер жат кеңесім  
Тыңдаушы табарым жоқ, тап демесін,  
Жоқ күнді жоқтағанға таусылар ма,  
Ал неді қысқартайын ат кеңесін

Белдеуге белдеу байлап мінген едім,  
Кер торы керіскедей ат кемесін.  
Етіңе таңба болып жүрекке дақ  
Мөр болып сүйегіңе батты мешін

## **БАЙЖАН АҚЫН (1843-1918)**

Байжан ақын 1843 жылы Обаған маңында дүниге келіп, 1918 жылы Жалдама бойында өмірден өткен. Ескіше хат таныған, сауатты кісі болған. Ел байжан ақынды молла деп те атайды. 17 – 18 жасында серілік құрып, Жалдама бойына келіп, осында бір жылдай болады. Қонақжай халық арасына сіңісіп кеткен Байжан осында қалып қояды.

Байжан тумысынан дарын иесі, парасатты, мәдениетті ақын. Өкініштісі, көптеген жыр – дастандары сақталмаған. Суырып салма ақын болғанымен, өлеңдерін жазып қалдырған. Оның «Кәрілік туралы», «Жолдастыққа мін», «Байжан» т.б. өлеңдері, сонымен қатар Нұржан Наушабайұлымен жазысқан хаттары ел арасында кең таралған.

### **Кәрілік туралы**

Аш бөрідей жаланған,  
Күшімді алдың кәрілік.  
Меруерттей тізілген,  
Тісімді алдың кәрілік.  
Қызыл гүлдей құлпырған,  
Түсімді алдың кәрілік.  
Қалтыратып қолымды,  
Ісімді алдың кәрілік.  
Ұмыттырып атымды,  
Есімді алдың кәрілік.  
Екінді жоқ, ақшам бар,  
Бесінді алдың кәрілік.  
Омыртқамды иілтіп,  
Пішінді алдың кәрілік.  
Құдай қосқан жарымнан,  
Еншімді алдың кәрілік.  
Жолдас болдым сенімен,  
Құтылмайтын мәңгілік.  
Келсең жүзге жатарсың,  
Қатқан көндей бүрісіп.  
Сескенетін шамаң жоқ,  
Келсе де ажал көрініп.  
Тілемесің өзің де,  
Онан әрі тірілік.



## Нұржан Наушабайұлының Байжанға хаты

Бір ғазал орамалға еттім қасыл,  
Біреудің шын мүлкінде бар ма дақыл.  
Дабылға пәлен деген мәз боламыз,  
Ойламай істің жөнін әуел ақыр.  
Тұрымтай тышқан ілсе кімге берер,  
Бұл істі ойламаған мен бір ғапыл.  
Жақсыны жатқа жайма деген екен,  
Бұрынғы өткендерден қалған нақыл.

### Байжанның жауабы:

Қолыңа қаламыңды ал кәрі тарлан,  
Ұят қой тай – құнаннан кейін қалған.  
Көңілім сенен жаным бөтен емес,  
Қайтем деп маған жан жоқ, ақыл салған.  
Тышқаның андып жүрген қолға түспей,  
Мысықтай көрінесің ызаланған.  
Тұрғанда жігіттік күн ойна да күл,  
Бір күні өте шығар дүние жалған.

### Байжанның Нақыпқа арнауы:

Бақыты атамыздың қара қабан,  
Бақ қашты, бізге болды ақырзаман.  
Бабақай, Тұрлыбайдың заманында,  
Шалағайым берік, жүйрігім болды шабан.  
Асан мен Бөлтіріктің уақытында,  
Біраз күн болып жүрді мақсат тамам.  
Нақыпқа бақыт келіп қонғаннан соң,  
Ойлап ем болды ма деп елге панаң.  
Қырықмылтық алған атымды алып бер деп,  
Мен бардым, одырайып, толып қаным.  
Пара жеп, айтқан сөзім тыңдалмады,  
Қылса да қанша өтініш кәрі бабаң.  
Бақытты әркім алды, сатып пұлға,  
Адамға жалындырды-ау тұрмас құнға.  
Бақыты бұрынғының қыран бүркіт,  
Қонады биік тау мен биік шыңға.  
Бақыты ендігінің қара шыбын,  
Қонады ақша берсең пері – жынға.

### Байжан

Ал, Байжан, жаз бір терме қалам салып,  
Сен жүрсің ауыл кезіп, дәулет ойлап.  
Біткенде мұнша мал не қылар ең,  
Аруанаң бес жүз болса, үш жүз тайлақ.  
Өргізіп, бір ауылдан мыңнан қойды,

Жылқыны көл жағалай қойсаң бойлап.  
Тіктіріп, мейман үшін ақ боз үйді,  
Бес жігіт қызметке қойсам сайлап.  
Дастарқан шайға салар тарелке де,  
Пісірген, тоқаш төксем сары майлап.  
Ұстатып, бұғалықпен асау тайды,  
Ту бие және сойсаң, қалған шәйлап.  
Ауылда көрші болған адамдарым,  
Жүгірсе, пышақ алып, алақайлап.  
Баршасын мейманымның тәрбиелеп,  
Тойдай боп, тойып қалса ауыл – аймақ.  
Сол қолдан әрбір жерден қайырымды  
Бес – алты беріп тұрсам құнан тайлап.  
Қолымда ақ дабыл құс, қолда дабыл,  
Астымда қара жорға ат жүрсем майлап.  
Мінгені саятшының бір – бір бедеу,  
Жер тарпып, ауыздығын тұрса шайнап.  
Салақтап қанжығамда қызыл түлкі,  
Құлпырып, көзді тартып, түгі жайнап.  
Құс салып, ит жүгіртіп, кешке келсем,  
Алдымнан жарым шықса гүл – гүл жайнап.  
Қолымнан құсымды алып, атымды ұстап,  
Енгізсе есік ашып, орын сайлап.

#### **Байжанның өзіне айтқаны**

Ал енді, молла Байжан, кеңес баста-ай,  
Бұрынғы қалпыңнан артық аспа-ай.  
Сыпыршы сұңқар қуған лашындай,  
Жүйріктей шаң жұқпаған, қорқып – саспай,  
Жүргізген от арбаны шойын жолда-ай,  
Тозаңның будақтасын белден аспай.  
Аңдап бас, аяғыңды кәрі тарлан,  
Бұл күнде екі отыз бес келдің жасқа-ай.  
Жеткен соң жас жетпіске о, дариғай,  
Келмеген кемдік бар ма біздің басқа-ай.  
Ғашық боп таңдап алған ақ маралдар,  
Ит тиген болып отыр арам астай.  
Шешеңнің ағып жатқан көзі бітіп,  
Шықпай тұр, жапырағың қу ағаштай.  
Кемпір – шал басын қосып жиналғанда,  
Сөйлесе Байжан кетпес көңіл ашпай.  
Құрбымды қатар өскен жадыма алсам,  
Жылаймын қапа болып өксік баспай.

#### **Байжанның жолдастыққа жазғаны**

Ыстық қан, ызалы ашу, қайнаса кек,  
Теңселер, тебіренер жер менен көк,  
Адамнан адам туып жаралғалы,  
Еш адам жақсылықты көрмейді жек.  
Жолдасын жарға итеріп, жауға бермес,

Нәсілді, затындабар болса асыл тек.  
Ары үшін, намысы үшін басын беріп,  
Тұратын жолдас болсын жан пида деп.  
Табылар мұндай жолдас ілуде бір,  
Салады кейбір жолдас көңілге кір.  
Жүрегің тастай қатып, мұз боп тонса,  
Шешілмес шемен болып, іштегі сыр.  
Бұл өзі бекер, босқа айтылған жоқ,  
Айтылып, ел аузында болып жүр жыр.  
Қоздырса ашу, аразды арандатып,  
Дау – жанжал, ұрыс – керіс, шығады шер.  
Сыртыңнан сабыр бағып, жүрсе торып,  
Арамдық кеудесіне кірсе толық.  
Тың тыңдап, тыпыр қағып, тыным таппай,  
Бәленің бәрін жияр түгел, толық.  
Өрге айдап көкірегін соқса қиял,  
Өзі оңбаған, басқаны қайтып тияр.  
Күшіктей сүтке тиген боп жүреді,  
Қылығы болмаған соң жұртқа сияр.  
Қолынан келері жоқ, айтады өсек,  
Өсектен аузы тынбайт, адам десек.  
Шақ – шақ қып, бірді бірге шығыстырып,  
Лағынат айтқаның аз – атса керек.  
Мұндайлар жамандыққа жаны құмар,  
Ішінің сау жері жоқ, бәрі шұбар.  
Қам қылып күні бұрын құлатуға,  
Басыңды отқа итеріп, шоққа тығар.  
Мұндайлар жақсылықты күтпес ақтан,  
Жолыңа жүретұғын құрар қақпан.  
Аңдамай, алдауына түсіп қалмай,  
Бойыңды аулақ тартып, мықтап сақтан.  
Қасыңа қамқорлықпен келген болар,  
Пысықсып, сырттан қамды жеген болар.  
Бұл адам – адамзаттың сұмырайы,  
Өзі өрде, өзге адам төмен болар.  
Жүрекке өсек – аян зерде болар,  
Басы көкте, аяғы жерде болар.  
Жолдасын шұқанаққа итере сап,  
Өзі аман, ондай қулар төрде болар.  
Ішпес ас, бермес сараң, пісте болар,  
Сонаршы ерте кетсе, кеште оралар.  
Адамдық абыройын, арын сатса,  
Әрдайым мұндай қулар есте болар.

**МӘТІБАЙ АҚЫН**  
**(1843 - 1928)**

Мәтібай Сарыбасұлы 1843 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағындағы Ақмешіт деген жерде дүниеге келген. Ескіше хат таныған Мәтібайдың әкесі Сарбас Сүйіндікұлы да домбырашы, әнші, ақын болған. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының барысында ақын әулеті 1868 жылдардың шамасында Торғай бойына қоныс аударады. Бір деректерде Мәтібайды қажылыққа барған деседі. Мұны ақынның өз өлеңдері де растай түседі. Өміріне өлеңді серік еткен Мәтібай ақын 1928 жылы Торғай бойында Бектұр деген жерде өмірден өткен екен.

Мәтібай – импровизатор.

Оның «Жалғыз атым жоғалды», «Байларға», «Ел аралау сапары», «Қыздың қарсы сөйлеуі», «Меккеден оралғанда айтқаны» т.б. толғаулары ел арасында кеңінен таралған.

Ақын шығармашылығы жайында бірнеше мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып, Б.Әлмағанбеттің «Торғайдың топжарғандары» кітабында атап өтілген.

Мәтібай ақынның арғы аталары Құдайсүгір батыр бір жорықтан қоржынға салып бала алып келеді де, оны Саламат деген туысына бееереді. Сол бала Кендірбайдан: Ерден, Берден, Сарыкөбен деген үш ұл туады. Үшеуі де дәулетті бай болады. Мәтібай солардың бір семіз биесін сойып алады. Келер жаз Жарбастының ықпалды Досмағамбет, Тай деген кісілері Мәтібайдың жалғыз биесін алып береді. Бұл жөнінде Мәтібай былай деп жұртқа жайып жібереді:

Атаңыз ат бермеген, ас бермеген,  
Ат беріп, ас беруді қош көрмеген.  
Бұл Ерден, Берден қайдан оңсын,  
Әкесі Кендірбайға бас келмеген.

Тай менен Досмағамбет ақылың жоқ,  
Бір құлды осыншама қастерлеген.  
Құлыңнан сарытабан биемді әпер,  
Кетейін бөлек жайлап басқа елменен.

Тай менен Досмағамбет құлымды бер,  
Ежелден ескілікті пұлымды бер.  
Киімшең атамыздың бір баласы,  
Ұқсайды Шектібайға Сарыкөбен ер.

Шектібайға ұқсайды деп ақын тағы бір пәленің шетін шығарады. Ағайынды үшеуі тіпті масқара болады. Мына өлеңді естігеннен кейін Сарыкөбен Мәтібайды шақырып алады.

-Шырағы өлеңді қой. Мен алдым. Сен бердің. Енді өзің ала ғой, - деп биесін қайтарыпты.

\* \* \*

Туыстары Кеңбейіл, Әбіштер тіл білетін адамсың, сен тындырып кел деп Мәтібайды бір даулы шаруаға жұмсайды. Күз тақап қалған кез екен. Қыстау, қоралардың жайын өздеріміз тындырып қоямыз деседі. Ұзақырақ жүріп Мәтібай елге оралса жұрт қыстауға көшіп қонған екен. Отын – шөп түсірілмеген, қыстау – қора аңғал – саңғал, жай – жапсарын сұрай келген ағайындарға Мәтібай былай депті:

Ит туды Құдайсүгір қатыныңнан,  
Болды ма анамыздың жатырынан.  
Үй, қора жөнделмеген, отын, шөп жоқ,  
Отырмын мен ұялып қатынымнан.

Бала жас отын жинар үй маңына,  
Сондықтан өзім жүрем үй қамына.  
Туыстықты сендерден қашан көрем,  
Жәрдемдерің жоқ болса мал – жаныма?

Ағайын ала болса бірлік кетер,  
Дәулетің басындағы бір күн өтер.  
Бірлікті сақтамасаң ағайындар,  
Ел болудың түбіне сол – ақ жетер.

Мына сөзді естігеннен кейін ағайындары жиналып, үй мен қораны жөндеп, отын, шөбін түсіріп беріп Мәтібайдың көңілін тындырады.

\* \* \*

Сөз білетін өнерпаз Мәтібайды ел жақсылары өз жанына ертіп жүруге құштар болған. Ақылға тоқтамайтын тентектерді Мәтібайдың отты жырымен тоқтатқан. Мәтібайдың көбірек ерген адамы өз ағасы Жарбасты Дәнен болыс. Бір жылы Дәнен болыс Мәтібайды ертіп, көп адаммен найманның асына барады. Астың бар кәдесі бітіп, ел тарап жатқанда сол елдің жақсыларының бірі Дәненге кісі салып, бір туысының асқа өкпелеп, дау шығарып жатқанын хабарлайды. Сұрастырып білсе Дәненнің жақын інісі Бисары деген кісі екен. Оның мінезін білетін Дәнен Мәтібайды жұмсап, ол маған көнбейді, сен бірдеңе деп оны тоқтат дейді. Мәтібай ас иелерінің көзінше Бисарыға қатал сөз айтып тоқтатады:

Бисары би емессің би дейтұғын,

Қаратабан қашаннан күл дейтұғын.  
Түбінде бір шатағың болмаса егер,  
Жай адам асқа өкпелеп жүрмейтұғын.

Шешеңнің мен айтайын қалыңмалын,  
Қашаннан жеті жұртқа мәлім малын.  
Құнажын қызыл сиыр, бір шыт көрпе,  
Жанында ұмытпаңыз «қарын қамын».

Қой айдап қорасымен асқа бардың,  
Бұл күнде алпыс үш жасқа бардың.  
Сиырдай тірсегіне жүре тышқан,  
Түсіне ұқсамайсың басқа малдың.

Мына сөзді естіген жұрт: Бисарының Дәненге жақындығы жоқ екендігін біледі, оған ренжімейік, - деп тарасыпты.

### **Меккеден оралғанда айтқаны**

Ауызды онбір ашып дуан бардым,  
Бұл жолға жүрген сайын қуанғанмын.  
Үш қонып, төртінші күн Ырғыз бардым,  
Жөндейді қақтағалам істің бәрін.

Сәлемде Торғайдағы қалған жұртқа,  
Атамыз батыр Қобылан, анам Құртқа.  
Қайырлы сапар болсын дей көріңіз,  
Салауат айтқан сайын бізді ұмытпа.

Шалқардың келіп түстік қаласына,  
Сәлемде арғын, қыпшақ баласына.  
Келген жан бұл дүнияға қайтпақ керек,  
Риза боп жер мен көктің арасына.

Баруда Орынборда бес күн жаттық,  
Алланың кесім еткен дәмін таттық.  
Тоғыз күн Ыстамбұлда еру болып,  
Қажылар қылады екен сауда – саттық.

Сұлтанның консулынан билет алдық,  
Тәуекел параходқа жүгім салдым.  
Жол екен күн сөткелік Қара теңіз,  
Мүдірмей Ыстамбұлға жетіп бардық.

Әнсарда зиярат бар Ыстамбұлда,  
Зиярат етіп едім барған жолда.  
Сол жолда пайғамбардың ізін көрдім,  
Секілді көрінеді алтын ділдә.

Әзірет Хамзаға жаяу бардым,  
Ахат таудың түбіне таяу бардым.  
Көлік жоқ, ыстық күнде жаяу жүріп,

Әр жерде бір отырып, есім тандым.

Біреуі зияраттың мешіт Қағба,  
Көп адам намаз оқып тұрдық сонда.  
Мұздалина тауына қайта шығып,  
Минада құрбан айтып шалдық жолға.

Яссауи Қожахмет айдағанда,  
Аспаннан күн миыңнан қайтпағанда.  
Ғарасат майдан күні қалай болар,  
Келмейді жатсам ұйқым ойлағанда.

Кейбіреу үйде отырып тамаққа тоқ,  
Тамаққа тоқ болсада басқаға жоқ.  
Дүниені көбейтем деп отырғанда,  
Түседі төбесіне қорғасын оқ.

Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,  
Жер тартқан рақымсыз Қарынбайды.  
Меккені кәпір тұрып қайда барды,  
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды.

Атымтай бізден бұрын жомарт өткен,  
Жан бар ма есігінен құры кеткен.  
Нашарға фақыр мүскін қайып қылып,  
Олдағы қоңыржайға сөйтіп жеткен.

Ибраһим пайғамбарым малды болды,  
Мал біткенде жандының алды болды.  
Жүз түйе тауға шығып құрбан қылып,

- Әй, ата, белінде арқан, қолда алмас,  
Көп қайра алмасыңды өте қалмас.  
Баласы атасы үшін құрбан болса,  
Тентек деп екеуімізді айып қылмас.

Әй, ата, мен құрбандық сенің үшін,  
Бір шытпа қабағыңды менің үшін,  
Айналған аязды күн анам байғұс,  
Түз көрер құлазыған үйдің ішін.

**КҮДЕРІ ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ**  
**(1861-1931)**

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті шығармаларына тақырып еткен халық ақындарының арасында Күдері Жолдыбаевтың орны ерекше. Оның тек екі-ақ шығармасы баспа бетінде жарық көрген. Ол туындылары – "Амангелдінің Торғайды алғаны" және "Ер туды" дастандары "1916 жыл" жинағына және орта мектептің әдебиет пәні оқулығының хрестоматиясында жарияланды. Ақынның бұл аталған шығармаларынан да басқа өлең-толғаулары болғандығы ақиқат. Ол туралы деректер де көп. Алайда бұл шығармалар біздің қолымызға түсе қоймады. Күдері ақынның шығармалары қолында бар кісілер түсініксіз себептермен бізге бергісі келмеді. Алайда, жоғарыда аталған екі дастанын қарастыра отырып

байқағанымыз – Күдері Жолдыбаевтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет дәстүрлерін терең меңгерген кең тынысты ақын екендігі.

Ақынның "Амангелдінің Торғайды алғаны" дастаны Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі шайқастарының бірі – Амангелді сарбаздарының Торғай қаласына шабуылын суреттейді. Дастанның кіріспесінде патшаның "Маусым жарлығынан" кейінгі ел басындағы ауыртпалық пен күйзеліс, патшаның ел ішіндегі жандайшаптары – губернатор, уезд бастығы, болыстар мен аулынайдың халыққа істеген зорлық-зомбылықтары бейнеленген. Ал, негізгі бөлімде Амангелді бастаған сарбаздардың Торғай қаласына шабуылы кезіндегі ерлігі туралы айтылады:

...Оқ жыландай ысқырған,  
Жалын шашқан, ышқынған,  
Үңірейген мылтық аузына,  
Атқойып, көп іркілмей,  
Шашақты найза желкілдеп,  
Ақ сойылдар сартылдап,  
Амангелді алдында,  
Атылған оққа жарқылдап,  
Қарамастан айқайлай,  
Ермеген оған жан болмай,  
Көп көшені шаңдатып,  
Қалаға кірді аңыратып...

Ақынның екінші шығармасы "Ер туды" Доғал-Үрпек соғысындағы оқиғаларды арқау еткен. Мұнда да көтерілісшілердің жанкешті ерліктері, азаттық жолында қаза тапқан ерлердің бейнесі суреттелген.

Оқиғаны баяндау, жырдағы ырғағы, ақындық стилі Орта Азия халықтарының ауыз әдебиетінде ортақ сарындарды беретін сияқты. Мың сан солдат Амангелді бастаған сарбаздарға қаптап келе жатады. Жаудың алдын бөгеу, жолын тосып батырлар жатыр:

...Ерлер сонда тұрды тасып,  
Аттарына қамшы басып.  
Қайраттанды қаһарланып,  
Қалмалық деп қорқып, сасып.

Мінген ерлер қазанатқа,  
Көп жиылған азаматқа,  
Амангелді сөз сөйледі,  
Алдындағы жамағатқа...

Өлеңнің сыртқы көркемдік құрылысында, ырғақ толқынында жазба поэзияның әсері де жоқ емес. Әрине бұл әсер жырдың халықтық маңызын төмендетпейді, қайта бұрынғы ерлік дастандарының соғысты суреттеу әдісін орынды пайдаланған. Батырлар жырында налу, күйіну, ерлердің әлсіздігінің, қайраты жасығандығының белгісі болып отырмайды. Ерлікті сағынған, кегім кетті деп іштей ызаланған жауынгерлік рухтың жандануы қуаттану белгісі болып отырады. Амангелдінің жанашыр жолдасы қолында қаза тапқанда, сенің кегінді алармын деп серт беруі, майданға кіргелі тұрғанда сенімен бірге боламыз деп сарбаздардың ант етуі – бәрі батырлар жырындағы ерлік бейнені жырлағандығын көрсетеді. Күдері ақынның поэмасы осындай ерекшелігімен маңызды болып келеді [1, 257 б.].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің әдебиеттегі көрінісін сөз еткен зерттеулерде ғана аты аталып жүрген Күдері Жолдыбаевтың белгісіз шығармаларын жинастырып, оның қазақ



поэзиясындағы орнын айқындап ғылыми баға беру – өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі.

### Амангелдінің Торғайды алғаны

Бұл не заман уланған,  
Питнә қаулап дулаған?  
Қазаққа қысым күн туып,  
Қатын мен бала шулаған.  
Старшын, болыс жағынып,  
Мойнына знак тағынып.  
Ар, иманын ұрлаған,  
Еріксіз басқа қол салып,  
Мұншама жұртты қорлаған.  
Халқың көзі қарайып,  
Аспанды бұлт торлаған.  
Жасөспірім жастарды,  
Аламын деп солдатқа,  
Еріксіз айдап зорлаған.  
Ұлықтың сөзін мақұлдап,  
Жарамсақтап жақындап,  
Бұзылып болды оңды адам.  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етектен шырмаған.  
Мылтық ата білмейтін,  
Тіл білмейтін бұл қазақ,  
Не бітірмек кіл надан?  
Жер қаздырып шеп қылса,  
Қара сухар жеп тұрса,  
Қайтып келмес бір де адам.  
Айдарлымды айдады,  
Тұлымдымды байлады.  
Епті пысық күн көрді,  
Момындарын қоймады.  
Надандықтан жаман жоқ,  
Өлейік деп ойлады.  
Қарағай сапты найза алып,  
Ат айғырын жаратып,  
Айбалтасын қолға алды.  
Әрлі-берлі толғанды,  
Ел қоныстан қозғалды.  
Құла жоннан жол салды,  
Басқа қара күн туып,  
Қара бұлт құрсанды.  
Кереге жаллды кер бесті,  
Кезінен бұрын бусанды.  
Шошынып қазақ қорықты,  
Асаудай тулап зорықты.  
Ақсуатқа үй тігіп,  
Көк қасқаны шалыпты.  
Басшы болып еліне,  
Ниеті қара жүріпті.

Үріккен елден шашылған,  
Дүниеге қулар молықты.  
Айдау көріп мал азды,  
Ұйқысы кетіп жан азды.  
Қатын мен бала домықты,  
Отбасында отырған,  
Алжыған кемпір, кәрі шал,  
Жылай-жылай торықты.  
Түйеден қом, аттан жал,  
Бәрі үзіліп болыпты.  
Күнде сүргін айдалды,  
Ақсақал, Теңіз, Тәуіпке,  
Көшкен сайын жақындай,  
Кәрі құртаң қой қалды,  
Шулаған нар ол қалды.  
Көшке ере алмай шойнандап,  
Қоралаған тай қалды.  
Ақылынан адасқан,  
Айдасын қазақ қай малды.  
Күнде сойыс көбейіп,  
Сылтау етіп көр-жерді,  
Қырып жүрміз хайуанды.  
Ат жалын тартып мінгендей,  
Қосында жігіт сайланды.  
Еңбектеген бала мен  
Еңкейген кәрі шал қалды.

Қалаға жүрді көне алмай,  
Жұмыстың артын көре алмай.  
Ала таңна алдалап,  
Тәуекел деп ат қойдық,  
Тосыннан оған көне алмай.  
Жасанған жауға кездесіп,  
Аспаннан қардай оқ жауды.  
Түтін мен шаңы аралас,  
Бірін-бірі көре алмай.  
Ойынға атын үйретіп,  
Найза алып, сойыл сүйретіп,  
Телеграм сымы қиылды,  
Бағанасы жағылды,  
Балтамен шауып күйретіп.  
Елуден адам бөлінген,  
Қызыл үйін поштаның,  
Шауып алдық қиратып.  
Қатын-бала, үлкенін,  
Үріккен қойдай шулатып.  
Пошта жолдың үстінде,  
Почтальон, начальник,  
Жол болмады қашарлық.  
Қарулы дұшпан болған соң,  
Бұған да қарсы жасандық.  
Начальник қашты қысылып,

Айдады атын тықсырып.  
Үш қара атты қуалап,  
Арбасын қатты ұшырып.  
«Келгеніңді атам» – деп,  
Алты атарын ұсынып.  
Тұрғандарға жұрт шапты,  
Қорқар ма жаудан шошынып?  
Пәуескесіе қиратып,  
Сойылмен ұрып түсіріп.  
Дұзақ салып мойнына,  
Сүйретіп жүріп өлтірдік,  
Тұлыптай қылып ісіріп.  
Атын алып жетелеп,  
Қалаға кеткен қосынға,  
Қосылды келіп төтелеп.  
Аманкелді батырдың,  
Қолы шапты батыстан.  
Абатыны балталап,  
Батыр-бұтыр атысқан.  
Тұтқында жатқан жандарды,  
«Шығарып өзі алам» – деп,  
Аманкелді қамданды.  
Үш түйіліп, үш барып,  
Сегіз кісі шығарып,  
Ала алмады қалғанды.  
Көтеріліс даңқымен,  
Түйіліп қала қалғанда,  
Казармамен казначей,  
Сонда жиған бар жанды.  
Басқа үйлер қалған иесіз,  
Төрт жерге солдат түйініп,  
Бекініп әбден алғаны.  
Бұзуға сол қорғанды,  
Атқан таңмен айғайлап,  
Қалаға қосын лап берді.  
Айнала қоршап дуанды,  
Тұс-тұсынан ат қойды.  
Қарсы шыққан адамды,  
Көк найзамен сүзгілеп,  
Тақымға салып езгілеп,  
Лаулаған қала өртінде  
Көкбардай тартып желпіне,  
Сары ала туды көтеріп,  
Қозғалды топ еркіне.  
Оқ жыландай ысқырған,  
Жалын шашқан, ышқынған.  
Үңірейген мылтық аузына,  
Ат қойды көп іркілмей,  
Шашақты найза желкілдей.  
Ақ сойылдар сартылдап,  
Аманкелді алдында,  
Атылған оққа жарқылдап.

Қарамастан айғайлай,  
Ермеген оған жан болмай,  
Көп көшені шаңдатып,  
Қалаға кірді аңыратып.  
Күрсілдеген зеңбірек,  
Сыртылдаған пулемет,  
Өлтірді нелер боздақты.  
Домалап талай ат жатты,  
«Ой, бауырым!» – деген ащы үндер.  
Жүректе кекті оятты.  
Долданған көп тайынбай,  
Жауға қарсы жұрт шапты.  
Серпілген сойыл оң-солға,  
Офицерді құлатты.  
Алқымға алдық қалғанын,  
Погондарын алғанда,  
Көк найзамен салғанда,  
Борсаңдап қашты жандарм.  
Қандаладай езгілеп,  
Шаштық жауыз қандарын.  
Аманкелді осылай,  
Жыр қылдым Торғайды алғанын.

### **Қарпық Шолақұлы**

Ахмет Байтұрсынұлына байланысты атап өтерлік тағы бір ақын Қарпық Шолақұлы.  
Ахметпен жерлес әрі рулас Қарпық ақын өлеңдері бізге толық жетпеген.

Қарпық ақынның руы – Үмбетей.

Бергі атамыз – Аралбай,  
Шыға бір шапқан қамалға-ай.  
Қыдыр дарып, бақ қонып,  
Нәсілі қалды заманға-ай, –

деп ақынның өзі жырлағандай, Үмбетейден Аралбай, Аралбайдан Өміртай, Өміртайдан Қожырбай, Қожырбайдан Шолақ, Шолақтан Қарпық. Ахаңның аталас туысы [53].

Шолақтың балалары оқыған, көкірегі ояу, көзі ашық, сөзге шешен жандар болады. Солардың ішінде Қарпық ақынның шоқтығы биік. Қарпық ақынның толық жеткен өлеңдерінің ішінде "Төлебайдың жамағатының жоқтауы" деп аталатын жоқтау мен ақынның ағалары Байтұрсын мен Ақтас айдаудан қайтып келгенде айтқан өлеңінің орны бөлек. Бұл екі өлең де бізге Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері арқылы жетті. Кеңес заманында ел аузында жасырын түрде айтылып жүрген бұл өлеңдер Ахаң мен Жақаң ақталғаннан кейін жарияланды. "Жоқтау" жинағында Ахаң: "Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын", – дейді [5, 41 б.]. Ал "Әдебиет танытқыш" еңбегінде: " ... Байтұрсын, Ақтас деген жақын ағалары 15 жыл айдауда болып, қайтып келіп тұрған қуаныштың үстінде айтқан Қарпық ақынның марқайыс толғауында мынадай сөздер бар:

Кәпірге қылыш сілтеп қарысқаным,  
Дүниеде теңін тауып жарысқаным.  
Тәніңнен дұшпан көрсең түгің шыққан,  
Лайық заманына арыстаным.

Нашарды сырт дұшпаннан арашалап,  
Қам ойлап қарашаға болысқаным.  
Үлгімен әр орында тұра берген,  
Ақылға Аплотондай данышпаным.

Достардан қасірет отын қалыс ойлап,  
Қайырлы сағатында қауышқаным.  
Шұбалаң, Қарақоға, Жыланшықпен,  
Дені сау түсінікті болыстарың.  
Бұл күнде сіздер үшін дұғада тұр,  
Атқарып жолдас болған орыстарың",

– деп Қарпық ақын өлеңінен үзінді келтіреді [41, 164 б.].

Ахметтің әкесі Байтұрсын мен ағасы Ақтас 1885 жылдың 12 қазанында Жыңғылды бекетінің жанындағы Жаркешу өткелінде Торғай уезінің бастығы, полковник Я. П. Яковлевтің басын жарады. Осы оқиғаның себебінен Шошақ әулетінің үш арысы Байтұрсын, Ақтас, Сабалақ 15 жылға Сібірге айдалады. Осы кісілер Сібірге жер аударылып бара жатқанда Қарпық ақын айтқан толғау өлең бізге Әбіқай ақынның баласы шежіре-шешен Ахметқан арқылы жетті.

... Байтұрсын, Ақтас түсіп жанған отқа,  
Тартылды жазаланып, ісі сотқа.  
Кәрі ояз Яковлевпен ерегесіп,  
Кигізді басын жарып, қызыл нокта.

Сібірге он бес жылға жер айдалды,  
Дүние шырқөбелек, шыр айналды.  
Айрылған қамқоршысы, ерлерінен,  
Халықтың көкірегіне дерт байланды...

Ал Ахмет Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқышта" келтірген Қарпықтың марқайыс – толғауының басы Ахметқан нұсқасында былай басталады:

Байтұрсын, Ақтас ағай сәлем бердік,

Шүкірлік жүздеріңді аман көрдік.  
Сендердің тұқымың деп бізді соқты,  
Не қиын, қилы-қилы заман көрдік.

Аққан жас көзімізден тиылмады,  
Сібірден келдіңіздер қиырдағы.  
Жақсы ғой топырақтан тысқары боп,  
Дәм-тұздың осы жерден бұйырғаны.

Құдайға мың мәртебе шүкіршілік,  
Қалмасын көңілде енді күпіршілік.  
Алланың добы деген адам басы,  
Бәрінен артық бұл күн, бұл тіршілік [53].

1990 жылы "Жазушы" баспасынан "Боздағым" атты қазақтың жоқтау жырларының жинағы басылып шықты [54]. Құрастырып, алғысөздері мен түсініктерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Арынов. Жинақ баспаға Ахаң есімі ақталмай тұрған кезде ұсынылғандықтан Ахаңның есімі бұл кітапта аталмаса да, ол құрастырып Мәскеуде 1923 жылы араб әрпімен басып шығарған "23 жоқтау" жинағындағы дүниелер толығымен енгізілген [55].

Аталған жинақта Қарпық ақын шығарған бес жоқтауы жарияланған. Оның үшеуі Төлебайға арналған. Төлебай есімі Торғай төңірегіне кең танымал. Елінің бірлігін қолдаған, патша нөкерлерінің жергілікті жерлердегі озбырлығына қарсы тұра білген Төлебай алып тұлғалы, зор денелі батыр кісі болған. Төлебай қайтыс болғанда Қарпық ақын оның екі жасар қызына, келіндері мен бәйбішесіне жоқтау шығарып береді. Төлебайға арналған бірінші жоқтау қызының атынан айтылады.

... Елу алты жасында,  
Дүниеден өтті арыстан.  
Аруақты туған атақтым,  
Бабасынан сөйлесем,  
Белгілі бекзат данышпан...

деп басталатын жырдағы мазмұн мен дерек Төлебай әулетінің арғы-бергі тарихынан көп мағлұмат береді. Осы жырда ел ағаларының есімдерін атай келіп, сөз түйінінде:

... Қазынасын күтелік,  
Жаратушы Алланың.  
Тәжмағамбет, Ахмет,  
Тілегін қатты тілейік,  
Қадірлі екі ағаның,—

деп азалы Ахметтің болашағына үміт арта отырып жоқтауын аяқтайды. Төлебайға арналған бірінші жоқтау мазмұны жағынан бай, тарихи деректері де мол. Келінінің атынан айтылатын екінші жоқтау жыры қысқа да, нұсқа қимастық үлгісінде жалпылама жырланған. Төлебайдың бәйбішесінің атынан айтылатын үшінші жоқтау жыр да қорғасындай салмақты, мағыналы. Одан кейінгі екі жоқтау Есмағамбет, Ерғазы сияқты ел ағаларына арналған. Бұл жоқтауларда ел қамын ойлаған ерлердің еткен істері мен азаматтық бейнелері сипатталады. Есмағамбет Торғай еліндегі сол кезеңде білімді, ойлы адамдардың бірі болса, Ерғазы Байтұрсынның туған інісі, ол ағалары Байтұрсын, Ақтас, Сабалақтар Сібірге айдалғанда олардың жанұяларына бас-көз болып, қамқорлығына алған кісі. Ағаларының жоқтаушысы болған Ерғазы патша жандайшаптарының қолынан 41 жасында қаза табады.

Қарпық шығарды дейтін жыр-жоқтауларды оқи отыра, ақынның сөз құрау шеберлігі мен шешендік дарын, шежіре санатына таң қаласың. Бұрын Қарпық ақын туралы сирек әңгімеленетін. Ал, Қарпықтың Қазгелдісі туралы жиі айтылып жүрді. Қазгелдінің азаматтығымен қатар артында қалған шешендік шежіре, көсемдік сөздері бар. Қазгелді орысша да сауатты болған көрінеді [55].

Үмбетейден сөз ұстап, өлең қуғандар болса, осы Қарпық мектебінен шықты, осының әсері деп әбден айтуға болады [56, 31 б.].

Ахметке Торғай атырабының атақты жырауы Қарпықтың тигізген шарапаты мол. Қарпық жыраудың әуезді үні, өлең өрімдері, табанда үйлестіретін тапқыр ұйқастары, шешендік шеберлігі, халық тарихын жете білетіндігі жас Ахметтің талант көзін ашуына көмектесті. Ол бірте-бірте талант дегеннің тазалықтың, адамгершіліктің, ардың ісі екенін айқын түсіне бастады [ 6, 119 б.].

Қарпық ақынның сөз саптауы мен түбірлі төрт буынды шымыр ұйқасынан, дәл тауып қолданған теңеулері мен өткір тілінен оның осал ақын болмағанын аңғару қиын емес. Сонымен бірге, өлең құрылысынан, шұбыртпалы ұйқаспен жазылуынан оның Торғай ақындық мектебінен сусындағаны, өткір де өжет, шындықты бетке айтатындығы да байқалады [53].

\*\*\*

...Кәпірге қылыш сілтеп қарысқаным,  
Дүниеде теңін тауып жарысқаным.  
Тәніңнен дұшпан көрсең түгің шыққан,  
Лайық заманына арыстаным.  
Нашарды сырт дұшпаннан арашалап,  
Қам ойлап қарашаға болысқаным.  
Үлгімен әр орында тұра берген,  
Ақылға Аплотондай данышпаным.  
Достардан қасірет отын қалыс ойлап,  
Қайырлы сағатында қауышқаным.  
Шұбалаң, Қарақоға, Жыланшықпен,  
Дені сау түсінікті болыстарың.  
Бұл күнде сіздер үшін дұғада тұр,  
Атқарып жолдас болған орыстарың.

\*\*\*

... Байтұрсын, Ақтас түсіп жанған отқа,  
Тартылды жазаланып, ісі сотқа.  
Кәрі ояз Яковлевпен ерегесіп,  
Кигізді басын жарып, қызыл нокта.

Сібірге он бес жылға жер айдалды,  
Дүние шыркөбелек, шыр айналды.  
Айрылған қамқоршысы, ерлерінен,  
Халықтың көкірегіне дерт байланды...

\*\*\*

...Байтұрсын, Ақтас ағай сәлем бердік,  
Шүкірлік жүздеріңді аман көрдік.  
Сендердің тұқымың деп бізді соқты,  
Не қиын, қилы-қилы заман көрдік.

Аққан жас көзімізден тиылмады,  
Сібірден келдіңіздер қиырдағы.  
Жақсы ғой топырақтан тысқары боп,  
Дәм-тұздың осы жерден бұйырғаны.

Құдайға мың мәртебе шүкіршілік,  
Қалмасын көңілде енді күпіршілік.  
Алланың добы деген адам басы,  
Бәрінен артық бұл күн, бұл тіршілік...

### **Төлебай**

(Он екі жасар әйел баласының жоқтағаны)

Әуелі адам пайғамбар,  
Екінші сөзім Мұхамбет.  
Дүниеге шықсаң бар өлім,  
Мұхамбетке болса үмбет.  
Азырақ дастан айтайын,  
Дұғада болған әлеумет.  
Жыламайын десем де,  
Ішімде жалын, сыртым дерт.  
Аядағы сұңқарға,  
Дүбірлі туған тұлпарға  
Тағдыр еткен құдірет.  
Елу алты жасында  
Дүниеден қайтты арыстан –  
Аруақты туған атақтым,  
Тоят тілеп алыстан.  
Бабасынан сөйлесем,  
Белгілі бекзат данышпан.  
Еділден өтіп ер Шақшақ,  
Дұшпандармен тоғысқан.  
Шілтендер жырақ болмапты,  
Аманжол деген дабыстан.  
Онан бергі ер Қосай,  
Қалмақты қатар жарысқан.  
Сол бабамның алты ұлы  
Бос қалмапты намыстан.  
Үмбетей атам, Жәнібек,  
Бабалардың рухы  
Болар ма келіп қауышқан.  
Қатар шыққан екі ердің,  
Қариялары жоқ еді  
Билік айтып тауысқан.  
Бергі атамыз Аралбай,  
Шыға бір шапқан қамалға-ай.  
Қыдыр дарып ер болып,  
Нәсілі қалған заманға-ай.  
Өз атасын сұрасаң,  
Мырза Көбек, Танабай,  
Келмеген ешкім жолына-ай.



Байлық, бектік, жомарттық –  
Бәрі де келді қолына-ай.  
Талап еткен істерін,  
Келтірді тәңірім оңына-ай.  
Кешегі менің Әкекем,  
Жиырманың ішінде  
Атанып еді Төле бай.  
Құлағың сал, дос-жарлар,  
Бір азғана зарыма-ай.  
Заманына лайық,  
Қараның болды-ау ханындай.  
Дұшпандарын ықтатты  
Беткейден соққан дауылдай.  
Алашқа жеңсік көрінді  
Шамсаттық сары қауындай.  
Бабалардың рухы  
Қолдаған екен жаңылмай.  
Батырлығын сұрасаң,  
Бабасының қалыбы-ай.  
Мырзалығын сұрасаң,  
Көңілде нұрдың жарығы-ай.  
Дұшпандардын саспаған  
Құдайдың берген сабыры-ай!  
Баласына үш жүздің  
Кетіп еді дабылы-ай!  
Айтылса қайғы босайды  
Болған соң істің анығы-ай!  
Үш уездің қазағы  
Басықара датқаның  
Басын қосқан асында  
Болғандарын естимін  
Болмасам да қасында.  
Сұқ қылышты сонша жұрт  
Әкекем сынды асылға.  
Қыпшақтың өңкей манабы  
Кез болыпты ашуға.  
Балқожаұлы Ыбырай  
Артын жиып жөнелді  
Басын қорғап қашуға.  
Мұны көріп Әкекем,  
Аманжолдап ат қойды  
Тасыған көңілін басуға.  
Қуып жетіп соңынан  
Ағалығын білдірген,  
Көрмегенін көргізген,  
Бозбалаға айдатып,  
Қайтарып топқа кіргізген.  
Бекмұхамбет болысын,  
Инспектор орысын,  
Жұмылған көзін аштырып,  
Өкшесінен бастырып,  
«Жан сауға, батыр!» – дегізген.

Талай жерде Әкеке-ай,  
Бітіп еді арманың  
Бәрін де міндің қатарлап  
Жұрттағы сұлу жорғаның.  
Көңіліңе жақпаған  
Дұшпанның бұздың қорғанын.  
Жомарттық еттің айрықша  
Дүниенің біліп жалғанын.  
Орыс, қазақ әкімге  
Ықпалыңды жүргізіп,  
Жауатын күндей торладың.  
Менменсіп келген талайды  
Қолыңмен илеп толғадың.  
Жолд жолсыз боса да,  
Бетіңе алған ісіңнен  
Абыройсыз болмадың.  
Бәсеке өткен туғанда,  
Асылмен белің буғанда,  
Күншілдік кіріп көңіліңе  
Жауыздық жолын қуғанда,  
Аямасаң жылаттың.  
Ізгілік етсең ұнаттың.  
Жаяуына ат болып,  
Сылап, сипап жұбаттың.  
Жұртыңды жауға бермедің,  
Алысқа қолың сермедің.  
Өрге жүзген жайындай  
Ашынған сайын өрледің.  
Халық иесі хандармен  
Халықты қатар тергедің.  
Заманындағы ерлердің  
Тағында қатар көлбедің.  
Сол сықылды Әкемнен  
Қабыл болып, күн туып,  
Құрбан да болып, өлмедім.  
Осындай менің Әкекем,  
Ордалы бектің нұры еді.  
Тамам Алаш бас қосса,  
Айтулы тудың бірі еді.  
Рүстем мен Дастандай  
Заманындағы сері еді.  
Жау кеңесі құрылса,  
Жасқанбаған ер еді.  
Сасқандар ақыл сұраса,  
Жасқанба, қалқам, – дер еді.  
Қырғыздың Алатауындай  
Дұшпандар аспас бел еді.  
Іздегенің табылған  
Белгілі шалқар көл еді.  
Азғана күн дүниесін,  
Қолымен сермеп жөнеді.  
Екіталай жерлерде,

Дүние жолдас демеді.  
Сол секілді Әкемнен,  
Айналайын аталар,  
Айналсам, қалай айып етеді?!  
Заманында Әкекем,  
Хандардың жиған құралын.  
Шымшыр қанар дүниеге  
Келтіріп еді оралын.  
Атадан жалғыз туса да,  
Мал үстіне мал беріп,  
Қанат, құйрық, жал беріп,  
Жеткізген Алла мұрадын.  
Бес отауын түсіріп,  
Көркейтіп еді жанабын.  
Қатар қосқан дұшпанның,  
Тарылтушы еді танабын.  
Азамат жинап, ат байлап,  
Істетіп еді талабын.  
Еркінше жүріп ішінде,  
Аралады Әкекем,  
Тобыл, Торғай алабын.  
Келмейтін еді белсеніп,  
Естіген қазақ хабарын.  
Дұшпаныңа тірелген,  
Айналайын, Әкеке-ай,  
Аумайтын еді табаның.  
Бір күндерде Әкекем,  
Арғымақ бедеу байлаған,  
Болатын шарға қайраған,  
Наурызым, Сыпсың – екі су,  
Жағалап, көшіп жайлаған.  
Ауылдың сыртын шаңдатып,  
Торлантып бие байлаған.  
Орданың ішін қоршатып,  
Тең азамат жинаған.  
Күнде жиын, күнде той,  
Дастарханын жимаған.  
Мәжіліске мәз болып,  
Тарқатуға қимаған.  
Осындай қайран Әкекем,  
Азғана күн дүниеде,  
Маңдайыма сыймаған.  
Қалай десе жарасар,  
Әкекемдей сындарға?  
Нашар туған үш бала,  
Қайғыңды аштым тыңдарға.  
Көлеңкелі дарағым,  
Құламаса мін бар ма?  
Темір қанат балапан,  
Ұша алмай қалса, сын бар ма?  
Аяғым салып қойнына,  
Асылатын мойнына,

Әкекем келер күн бар ма?  
Жолы қиын біздерге,  
Ата менен ананың,  
Қандай болып өтеді,  
Атасыз күні баланың?  
Қазынасын күтелік,  
Жаратушы Алланың.  
Ташмұхамбет, Ахмет,  
Тілегін қатты тілейік,  
Қадірлі екі ағаның.  
Рухы қолдап, жар болғай,  
Бұрынғы өткен бабаның!  
Ерназар, Бекет, Ғабдолла,  
Бірің өңір, бірің бой,  
Алтын да сауыт жағаның.  
Береке, бірлік деген бар,  
Айналайын, ағалар,  
Болғай-ды мұнан хабарың.  
Ортаңда қалған үш анаң,  
Қайтара көрме назарың.  
Ақыл салып әжеме,  
Айналайын Әкекем,  
Сақтаушы еді ажарың.  
Басып кеткен ізіңді,  
Енді қайдан табамын?  
Бір кеткен соң хабар жоқ,  
Зарлай, зарлай барамын.  
Жаннаттан болып орының,  
Ұжмақтың ашқай шарабың.  
Қысқартайың, қош енді,  
Мұқтасар айлап тамамың.  
Азырақ сабыр етсеңіз,  
Үлкен-кіші ағалар!  
Көңіліміз ойран, көзде жас,  
Қайғылы қасірет сана бар.  
Мұндай жолдың хабарың,  
Ақылды бектер шамалар.  
Алладан тағдыр, ажалды оқ,  
Біздерде мұндай жара бар.  
Жақсылар көңіл жұбатса,  
Қайғыны дәру жағалар.  
Жылады деп сөкпеңіз,  
Жұрт иесі ағалар!  
Арыстан туған Әкекем,  
Салтанатын асырып,  
Достарын қашан аралар?  
Елестейді көзіме,  
Қалың топқа кіргендей.  
Сағынамын достарың,  
Мәжілісінде жүргендей.  
Өрбігеді көңілім,  
Сіздермен еріп келгендей.

Қатарланған жорғадан,  
Сүйгенін таңдап, мінгендей.  
Алтын қынап ақ алмас,  
Беліне байлап ілгендей.  
Арқауы таза ақ жібек,  
Жағадан ұстап кигендей.  
Біздерге туар күн қайда,  
Арыстан туған Әкекем,  
Маңдайымнан сүйгендей?  
Қанатын тосып қақпалап,  
Шырағым деп күлгендей.  
Мезгілің болды-ау, Әкекем,  
Қайрылып хабар білгендей.  
Күн болар ма біздерге,  
Көздің жасын игендей?  
Клмес те болсаң, Әкеке,  
Өзегім отқа күйгендей.  
Дауасы болмай кезеулі оқ,  
Қос өкпеден тигендей.  
Кешегі менің Әкекем,  
Айнасы еді елінің.  
Ит жүгіртіп, құс салса,  
Көркі еді екі көлінің.  
Тояты қанған сұңқардай,  
Базары еді бегінің.  
Бәрі қасірет біздерге,  
Жүріп, тұрған жеріңнің.  
Қайғыңды тастап артыңа,  
Қайрылмастай көріндің.  
Опасы жоқ дүние-ай,  
Бекер екен сенімің.  
Қарашаның ханы Әкем,  
Бұқараның бегі Әкем.  
Көлеңкесі күндік жер,  
Асқар тауға тең Әкем.  
Қол-аяғын жимаған,  
Етек-жеңі мол Әкем.  
Мұнарланған сеңгірдей,  
Дұшпандарға бел Әкем.  
Құрағы көктеп, гүлденген,  
Айдын да шалқар көл Әкем.  
Қиядан дұшпан табылса,  
Жасқанбайтын ер Әкем.  
Достарға ауыр жүк түссе,  
Қатарланған нар Әкем.  
Көрген түстей біз болдық,  
Осы ма екен ұяда,  
Былтырғы жылы бар Әкем.  
Келмесіне көз жетті,  
Жаннаттан болғай талабың.  
Ашық та болғай жауабың.  
Нұрға толғай қабірің,

Жоғары ұшқай сауабың.  
Үмбетім деп Мұхамбет,  
Шапағат еткей назарын.  
Әулиелер жар болып,  
Ұжмақтың ашқай шарабын.  
Он екі имам, шадияр,  
Артылдырғай қадамын.  
Дұғасын қабыл алғайсың,  
Артыңда ізгі баланың.  
Айта берсем, сөз көп-ті,  
Дүниеден қайтпай кім кетті?  
Дұғадан жоқтап жақсылар,  
Бағышта аят кәламын!

### **Төлебайды келінінің жоқтауы**

Рұқсат болса азырақ,  
Отырған достар, ағадан.  
Өлімге мирас жыламақ,  
Бұрынғы өткен бабадан.  
Ажал ортақ әмбаға,  
Атамыз Адам, Хауадан.  
Бағасы қымбат атекем,  
Мисалында шәйіттің  
Рақылат етті дүниеден,  
Қайрылып хабар алмады  
Ағайын, туған баладан.  
Белгілі бекзат бес асты,  
Табылмас достар шамадан.  
Ертеңді-кеш зарлатып,  
Қайғысы асты қападан.  
Ордалы куда сын бар ма,  
Басшысымен адасқан.  
Атекем келер күн бар ма,  
Талайы тауға таласқан?  
Алтын да қылыш, айбалта,  
Асынса ерге жарасқан.  
Халық иесі хандардан,  
Қаюлы сағат жол ашқан.  
Жан қуанған біз түгіл,  
Жақсылар іздеп жанасқан.  
Ай басқандай іс болып,  
Бізге түсті қара аспан.  
Айрылса кімдер қайғырмас,  
Жұрт иесі манаптан.  
Тасқа салса қайтпаған,  
Адасты жұртым болаттан.  
Қиядан ілген қыран құс,  
Қайрылды ұшар қанаттан.  
Атекемдей ер қайда,  
Аузына жұртты қаратқан?  
Сақилығын жүргізіп,

Алдынан кеңес таратқан.  
Белгілі жұрттың бектері,  
Кездесті әрбір тараптан.  
Қатарынан құдайым,  
Тұлғасын артық жаратқан.  
Көрген түстей айрылды,  
Көлеңкелі дарақтан.  
Тойған марал секілді,  
Таудан аққан бұлақтан.  
Ағасы елдің атекем,  
Бұл сапарды ұнатқан.  
Ағайын, туған әулетің  
Қайғыға қамам, жылатқан.  
Сайранға жаққан панардай,  
Айрылды халқы шырақтан.

### **Төлебайдың жамағатының жоқтауы**

Кеегі менің бегімнің,  
Бір азғана дастаны.  
Жылады деп сөкпеңіз,  
Жиылып келген достары.  
Алтын да кеудем жер болды,  
Үстімді тұман басқалы.  
Ертеңді-кеш зарлаймын,  
Көңілімді басқалы.  
Күнде қызық, күнде той,  
Мәжіліс еді басқаны.  
Құлақ естіп, көз көрген,  
Жүргізді бір нұсқаны.  
Тоғыз орда тіктіріп,  
Толтырып асыл жинаған.  
Тоқсан қонақ келсе де,  
Асып-саспай сыйлаған.  
Сапырулы қымыз, салқын үй,  
Мәжілісін тыймаған.  
Ит жүгіртіп, құс салып,  
Қияға бедеу қинаған.  
Құмай тазы, қыран құс,  
Көзінен таса қылмаған.  
Күнінде тоят алдырмай,  
Сағат көңілі тынбаған.  
Осынша дәуір үстінде,  
Күн шығарып тұрмаған.  
Бес уақыт намаздан,  
Тоқталып мойын бұрмаған.  
Шалғынсыз жерге қонбаған.  
Төрт түлік малын өргізіп,  
Күншілік жерді шарлаған.  
Тоғыз қатар орданы  
Тоқсан нарға қомдаған.  
Айыр өркеш атанға,

Аяғымды салмаған.  
Үш пәуеске тройке,  
Тоғыз атқа парлаған.  
Балапан ерткен қаздай ғып,  
Көзінен таса қылмаған.  
Миуасы піскен дарақтай,  
Құдайым артын аңдаған.  
Толықсып тұрған күнінде  
Шын сапарға жолдаған.  
Ұлы мен қызың артыңда,  
Әкекем деп зарлаған.  
Қадам басқан ізінді,  
Басқа жанға қимаған.  
Азғана күн дәуірім,  
Маңдайыма сыймаған.  
Арыстанымнан айрылып,  
Тарқады базар басымнан.  
Алланың артқан ауыр жүк,  
Орнады мұндай жасымнан.  
Алтын да тұғыр ақ сұңқар  
Ұшырдым, жұртым, қасымнан.  
Орын алған сұлтаным,  
Әр таптағы асылдан.  
Жанған да отқа күйемін,  
Құрдасын көріп бегімнің,  
Қиядан іздеп қосылған.  
Сіздермен бірге келер деп,  
Күтуші ем хабар досыңнан.  
Балалы арқар баурайды  
Мезгілсіз оққа тосылған.  
Артында қалып қайғырдым,  
Жөнеліп керуен асудан.  
Көрген түстей дәуірім,  
Жана түсіп басылған.  
Бастан жақты айырған,  
Әмірі күшті Алланың.  
Қайғысына жанғаным.  
Арыстанымның тұсында,  
Бітіп еді арманым.  
Бұл дүниенің құрметін,  
Көрсетіп еді көкжалым.  
Күннен күнге күн өтіп,  
Қызығына қанбадым.  
Қолымнан топты тарқатып,  
Адасып мұндай зарладым.  
Жаралы қудай ыңыранып,  
Артында жылай қалғаным.  
Адастырған опасыз,  
Дүние, сенің жалғаның.  
Заманында бегімнің,  
Дәуірлеп тасып-толғаным.  
Кеңесін қолдан өткіздім



Қатарланған орданың.  
Жылама деп айтады,  
Өсиеті молданың.  
Бұрын-соңды ажалдан,  
Қалары жоқ бәнденің.  
Қосқанынша құдайым,  
Қош аман бол, алғаным.  
Ризалықпен күтелік,  
Құдайдың басқа салғанын.  
Нұрға толып қабірің,  
Жолдас болсын иманың.  
Қызыр болсын мейманың.  
Қадірің өтіп күн сайын,  
Көзімнің жасын тыймадым.

### **Есмағамбеттің жоқтауы**

Бисмилла сөздің басына,  
Ағайын келді қасыма.  
Бір күнгідей болмаған,  
Дүние деген осы ма?!  
Көңілден қайғы босатсам,  
Келер ме көздің жасына?  
Жыламай нағып шыдайын,  
Кешегі өткен асылға?  
Асылым түсті қолымнан,  
Қанаттым сынды оңымнан.  
Құдай қосқан қосағым,  
Адастырды жолымнан.  
Отыз төртке келгенде  
Ұядан ұшты алғаным,  
Дүниенің білдім жалғанын.  
Мезгілсіз келді кезегің,  
Қызығыңа қанбадым.  
Кәләм шәріп хат оқып,  
Ісләм жолын аңдадың.  
Жан тәсілім болғанша,  
Ақылыңнан танбадың.  
Сонда біліп, ойладың,  
Құдайдың назар салғанын.  
Амандаспақ сол күні,  
Көңілде болды арманың.  
Амандастың жұртыңмен,  
Бұйрығы деп Алланың.  
Иманыңды құрметтеп,  
Періште келсін хабарға.  
Артыңда қалған бір нашар,  
Іздегенмен табар ма?  
Кешегі сөнген шамшырақ,  
Орнына қайтып жанар ма?  
Дәуірлеп ұшқан бала құс,  
Тұғырға қайтып қонар ма?

Дүние дәулет болса да  
Алғанымның тұсындай  
Енді дәурен болар ма?

### **Ерғазының жоқтауы**

Жылады деп қалайша,  
Сөге көрме, жамағат.  
Алты ай жүрген жолынан,  
Келіп еді саламат.  
Көрсетерін құдайдың,  
Білмеді ме ғаламат.  
Сабыр тұтып отырып,  
Таба алмады рахат.  
Сапарланып аттанды  
Ырғыз деген қалаға,  
Барып почта саларға.  
Не жақсылық, жамандық,  
Бір хабарын аларға.  
Бастап шыққан жол ма екен,  
Тура келген ажалға?  
Қайрылмастай күн бе екен,  
Қатын менен балаға?  
Қорғасындай дерт екен,  
Көңілдегі санаға.  
Жолықпаста мерт пе екен,  
Елдегі кіші, ағаға?  
Отырған жақсы, хабар ал,  
Біз ғаріптің халынан.  
Өрттей қайнап жанамын,  
Іште дерттің барынан.  
Жесір қатын, жас бала,  
Адасты құба нарынан.  
Ғаріпшілік күн болды,  
Сұңқарлар ұшқан қалыңнан.  
Ордалы құлан түйсініп,  
Болды ма хабар тағынан?  
Мен бейшара зар еткен,  
Айрылып сәулет бағынан.  
Қырық бір жаста қиылтып,  
Оздырмай алды шағынан.  
Тарқатайын шерімді,  
Рұқсат болса қауымнан.  
Сымбаты сұлу сәулеттім,  
Кезегі жетгі нәубеттің.  
Өлі менен тірінің  
Арасында меңдеттің.  
Адастырып ақылдан,  
Жас баланы сенделттің.  
Тағдыр да жазса құдайым,  
Табылмаған дауасы.  
Аты шыққан үш бектің,

Тасып еді қанасы.  
Дұшпаны сай тең болып,  
Орыс, қазақ баласы.  
Базынадан басталған,  
Нақақ еді жаласы.  
Кемшілікке шыдамай,  
Ұзады істің арасы.  
Табылмады әкімнен,  
Әділдіктің сарасы.  
Қоспады ма жақсы Алла,  
Ашылмады істің расы.  
Өткен күзден бер қарай,  
Қисайып еді жағасы.  
Үкіметпен пенде ғып,  
Облыс Торғай қаласы.  
Тасқа тиіп мұқалды,  
Арғымақтың тағасы.  
Бұлы қымбат манатым,  
Миллиондық бағасы.  
Ұстаудан шығып келген соң,  
Артықша болды қанасы.  
Белін шешіп жатпады,  
Жалғанның болмай опасы.  
Решение жасалып,  
Істің болды шатасы.  
Есінен кетпей, аһ ұрды,  
Туысқан, туған ағасы.  
Құлағандай көрінді,  
Жел жағының панасы.  
Жазуынан артылып,  
Қайда барар пәндасы?!

**ҚҰБАША ШАЛБАЙҰЛЫ**  
**(1880-1952)**

\* \* \*

Құбаша қолыңа алып қаламыңды,  
Сөйлеп көр бастан кешкен заманыңды.  
Жабырқап жамандарша күн өткізбей,  
Көрсетші замандасқа қадамыңды.

Сөйлеп көр ғибрат болсын көргеніңді,  
Қорғалап тасалама білгеніңді.  
Ақырет тіршілікпен бірдей емес,  
Мақтан қыл дүниеде жүргеніңді.

Қызды да айт, қызықты айт бәрі бекер,  
Қонған бақ, біткен дәулет желдей өтер.  
Шоқытып белден-белге сен барғанша,  
Артыңнан абайсызда ажал жетер.

Мал тәтті, дүние қызық дегенменен,  
Бір күні жер соқтырып тастап кетер.  
Баладай барлы-жоққа алданғанша,  
Бір кеңес жұрт тыңдарлық жазсаң не етер.

Секілді жайым менің жетім лақ,  
Естір ме маңырасам жарық құлақ.  
Аузыңа рыздық болып бір тамбайды,  
Тау жарып аққанменен тастан бұлақ.

Тер төкпей тегін олжа іздемеңіз,  
Түсіндің, түсінбедің айттым бірақ.  
Арамза ақиқатпен туыс емес,  
Моласы қыр басында қалар жырақ.

Сенерлік достарыңда дос бар тағы,  
Жаман дос жалғаныңды қостар бәрі.  
Арыңның ақ сәулесін кір шалмасын,  
Менікі болжап айтқан тұспал-дағы.

\* \* \*

Сөзге шықтым сертпенен,  
Лаулап жанған өртпенен.  
Жолдас болдым әр жерде,  
Асыл туған мәртпенен.  
Шам жарығы айналып,  
Саулық баста тұрғанда,  
Қалмайды адам байланып,  
Адамсып жанға пұлданба.  
Нәубаттың құсын жөнелтсең,  
Қатарыңнан қаларсың.

Саламат тәнің сауықса,  
Мал жинамақ боларсың.  
Жанға зауал туған күн,  
Кімдер жылап кетпеген.  
Қалдырып жарын, баласын.  
Ақымақ басым білмеппін,  
Осылардың арасын.  
Дүние сөзін сұлулап,  
Тіліңмен орақ орарсың.  
Елден алған сауап жоқ,  
Иманды қалай табарсың.  
Таңда маһшар күнінде,  
Сыбағаңды аларсың.  
Бас пайдасын ойлаған,  
Дүние жиса тоймаған.  
Нелер залым, пасықты  
Бұл тіршілік қоймаған.  
Дүние кәміл жолдас деп,  
Айтып жүрген қай надан?  
Аурудың дерті қай жерде  
Азаматты байлаған?  
Аурудың көңілін кім ашар?  
Хал сұраған тең ашар.  
Шерленген елдің қайғысын  
Әлдилеп сүйген бала ашар.  
Ел қайғысын кім ашар?  
Үзеңгісін тең басқан,  
Белін бермес Ер ашар.  
Ат қайғысын кім ашар?  
Сұлыменен сүт беріп,  
Күте білген қадірлеп  
Жаны дархан ел ашар.  
Тағдырдың бар ісіне  
Сабырлық еткен жарасар!

#### **А.Д.Сыровқа**

Көзімді ашып, көкірегіме нұр құйып,  
Жансарайда әрбір сөзің тұрды ұйып.  
Сен Қазанда оқып, білім алыпсың,  
Ойың терең, зейінің алғыр тұңғыық.

Талан болып, бағым болып жолықтың,  
Сен арқылы мен өмірді мол ұқтым.  
Ескіше оқып есейсем де, еңсемді,  
Көтере алмай, шалқи алмай торықтым.

Сен арқылы мен орысты таныдым,

Дүниеге өзгерді шын танымым.  
Жаныңменен жаным сырды бөлісті,  
Бірге туған болып кеттік аға-іні.

\* \* \*

Бұл дүние жеткізбейді,  
Тыным көрмей қуғанмен.  
Адам жаны жанға қонақ,  
Бір анадан туғанмен.

Көңіл кірі кету қиын,  
Шүберекше жуғанмен.  
Гүл қауызы жетілмейді,  
Жұлынған соң тұрғанмен.

### **А.Байтұрсынұлына**

Ахмет ақыл-ойы түпсіз терең,  
Құрыш болат, майыспас нағыз емен.  
Сауабы сан қажыға тұрарлықтай,  
Батырым пақыр елдің қамын жеген.

Жан аға, ойың зерек қатарыңнан,  
Жан едің шын ғұлама аталынған.  
Барымды қолымдағы аямайын,  
Аман-сау оралғанша сапарыңнан.

Дүние, кімге керек жиған мүлік,  
Бермейді дүние-жалған имандылық.  
«Көз тоймас жұмылғанша» деген сөзге,  
Болмайсың кей пасықты иландырып.

### **Әбіқай ақынға**

Әбеке өлең-толқын тоқтамасын,  
Өзің ғой үлгі тұтар нөқта ағасым.  
Жазайық жаңа өмірді жарқыратып,  
Кей пысық өткен күнін жоқтамасын.

Нұрханның бағыт бердің қадамына,  
Үшкірдің желден жүйрік қаламына.  
Шығады ол күні ертең ақын болып,  
Бұлбұлдай жыршы болып заманыңа.

Кейіндеп қалып қойды елу деген,  
Алпысқа аяқ бастым желеуменен.  
Жазғаным жарық көріп жатпаса да,  
Келемін келер күнге сенуменен.

### **Жәнібек тархан (дастаннан үзінді)**

...Бақ орнап, әруақ қонған әулетіне,

бір Алла нұрын құйған дәулетіне.  
Жәнібек Қошқарұлы туған атам,  
Өмірі келе алмаған жау бетіне.

Қысы-жазы ер түспей тұлпарынан,  
Алғыс пен батиха алған ұрпағынан.  
Өтіпті қылыш асты, найза ұшынан,  
Қорықпай өмір-толқын бұрқағынан.

Тісімен абжыланның басын бөлген,  
Осы ерлік абыройын асырды елден.  
Бар қазақ Абылайға бата тілеп,  
.....

Жырламай оны қалай жата алармын,  
Шет болып аруағына аталардың.  
Толғасам ту көтерген ата ерлігін,  
Тіріден, өліден де бата алармын.

Жалтақтап, бұлтаратын жерім де жоқ,  
Тереңнен сөз айта алмас тегімде жоқ.  
Жылтырап салындының астын қуып,  
Тірнектеп күн көруге ебім де жоқ.

Іріден жаратылдым ірі болып,  
Ел деген азаматтың бірі болып.  
Арман жоқ Ахметке туыс болып,  
Шыға алсам Әбіқайға іні болып.

Адассам соларменен адасармын,  
Өлеңнің бірге уығын қадасармын.  
Демесе болды маған Ыбырай жиен,  
Нағашы, ұсақтадың, аласардың.

Шақшақтың өр даңқына дақ түсірмей,  
Толғайын топан жырды көк мүсіндей.  
Жәнібек Ғазіреті Ғали дерсің,  
Кетпеген күшін оның жат түсінбей.

Ажалдан, оттан, судан қорықпаған,  
Пәле жоқ бір басына жолықпаған.  
Өтіпті ол Үшбурылдың өзеніне,  
Алуға кегін қанды жорықтардан.

Мерейі тайталаста үстем болып,  
Талай жау ала алмаған күшпен торып.  
Бұлт жүрген төбесінде Жәнібектің,  
Аруақ боп жаратылған іштен қонып.

«Санама сәуле болып құйылатын,  
Атам!»—деп Ахмет те сыйынатын.  
Қарашал қара аруағы қолда десе,

Жан-жақтан періште күш жиылатын.

– Деген Ахаң атасын шын дәріптеген,  
Үлгі алған пайғамбарлық әліппеден.  
Оқушым өзі біліп түсінер-ақ,  
Мен мақтап қызыл сөзбен әдіптемен.

Бір жолы оралғанда көп жорықтан,  
Алдынан айдын, мөлдір көл жолыққан.  
Жортқанда үш күн, үш түн сүездеспей,  
Асуда арқар аспас қол торыққан.

Сол көлге келе сала басты қойып,  
Түбінен жас жігіттер тартты борық.  
Асылып мосыағашы, ошақтары,  
Ішпекші болып жатыр асты тойып.

Шоқ қурай көлеңкесін тың ұстаған,  
Түбіне батыр келіп тыныстаған.  
Қашықтау қалың қолдан әу дейтін жер,  
Жетпейді дабыра шу дыбыстаған.

Бел шешіп айға жуық дем алмаған,  
Жансая таппай дүние кең арнадан.  
Жоңғардың Алатауын көктей өтіп,  
Аспаған асу, жота, бел қалмаған.

Шебінен жауды кейін қайырғанда,  
Көп жерді қан шеңгелден айырғанда.  
Жәнібек Шақшақұлы деген есім,  
Атырау, жетісуға жайылғанда.

Сол беттен оралғаны осы болып,  
Шалқар көл жағалауға қосы қонып.  
Жәнібек жаны рахат тапқаны осы,  
Еркелеп ұйқы деген досы келіп.

Абжылан мекен еткен бұл араны,  
Адамды көріп он қат бұралады.  
Қан сорып қапияда тісін алмай,  
Қалайша шыдап енді тұра алады.

Ысқырды, күшін жинап қатуланып,  
Орнында тапылжымай жату қалып.  
Айыр тіл сала құлаш шықты аузынан,  
Қып-қызыл тәтті қанға батуға анық.

Лебімен бір-екі рет тартты дағы,  
Көз тігіп, жонын жырып шаптығады.  
Көтеріп кеуде жағын көтере ұстап,  
Құйрығын бұлаңдатып қаққылады.



Зу етіп ә дегенше атылды да,  
Адамға жетпей қапты тақырды да.  
Жәнібек көзін ашып қарап алып,  
–Абжылан, ажал,–деді –шақырды ма?

Түймесін жейдесінің ағытты да,  
–Қалдың сен қаһарланбай не ғып тына?  
Ауызын ат дорбадай аша берді,  
–Тап өзің өзің түсер табытты да!

Деді де қозғалмастан жата берді,  
Хас батыр дүрліктірген атағы елді.  
Мұп-мұздай бауырымен жоғары өрлеп,  
Абжылан ін-ауызға бата берді.

Желкеден тісті салды батыр қатты,  
Азу тіс бас сүйекті батырлатты.  
Құйрығын шошандатып сұр абжылан,  
Қып-қызыл өз қанына өзі батты.

Дабырлап, жұрт жиылып жүгірісті,  
–көрдік,–деп–шын керемет бүгін істі.  
Ей, Алла, абырой бер әрқашанда,  
Батырдың алдына кеп жүгіністі.

–Батыр-ай уы дарып кетпеді ме?  
Еш әсер тіліңізге етпеді ме?  
–Мені қой абжыланды айт екі құлаш,  
дәл бүгін ажалының жеткеніне.

Күн тұрды күле қарап төбесінен,  
Көз алмай шын батырлық төресінен.  
–Жау түгіл абжылан да аса алмады,  
Жәнібек көкеміздің өресінен.

Деп қол да дабырласып мақтанысты,  
Түн қонып, ертесіне аттанысты.  
Мен бүгін жырға қосып дастан еттім,  
Арада екі жүз жыл жатқан істі.

Ірінің айта алмасаң ірілігін,  
Құбаша кімге керек тірілігің.  
Аға боп Жәнібекше бой көрсетпей,  
Інінің көру қиын інілігін...

**ФАЙЗОЛЛА САТЫБАЛДЫҰЛЫ**  
**(1883-1959)**

Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы туған Торғай төңірегінде олардың идеясын қуаттап, қолдаған Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Ахметсапа Юсупов т.б сияқты жерлестерінің арасында ақындар – Файзолла Сатыбалдыұлы мен Әлмұхаммед Оспанұлы да "Алаш" ісіне белсене араласты. "Халық жауы" ретінде сотталып, жер аударылған бұл ақындардың шығармашылығы алаш идеясын үндейді.

Қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған 20-жылдардың өзінде:

Ей, қазағым, жан бауырым туғаным,  
Сенің қамың бала жастан қуғаным.  
Сен бақытты, сен өркенді ел болсаң,  
Болмас еді менің дағы арманым.

Ей, қазағым, кештің тағдыр күрделі,  
Сендей болсын – болса бір ұлт зерделі.  
Құрбандығың болар едім жолыңда,  
Ел болсаң сен өз алдыңа іргелі! [43, 10 б.] –

деп жырлаған қари, ақын, Файзолла Сатыбалдыұлы 1883 жылы Торғай өңіріндегі белгілі дінбасы Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлының отбасында дүниеге келген. Файзолла Троицкідегі Ахон қазірет медресесінде, одан соң Бұхарадағы "Көкілташ" медресесінде діни білімді меңгеріп, он алты жасында құранқарилық атақ алған. Медресені тамамдағаннан кейін 1901-1928 жылдар аралығында Торғай төңірегінде әртүрлі діни қызметтер атқарған.

1928 жылы желтоқсан айында "алашордашыл", "ұлтшыл ұйым мүшесі" деген кінә тағылып, Қостанайдың атақты ақ түрмесіне қамалып, 1929 жылы сәуір айында Алматыға айдалып, 14 жылға сотталады. 1929-1935 жылдар аралығында Қазақстандағы Іле, Ақтеңіздегі Беломорканал, Мәскеу каналдарында, Новосибирде айдауда болады. 1935 жылы 14 жылдық жаза жер аударумен ауыстырылып, Татарстан, Башқұртстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Ақмола аймақтарында болып, туған жеріне 1946 жылы 63 жасында оралады. Өмірінің соңына дейін Алланың ақ жолынан таймаған Файзолла қари Сатыбалдыұлы 1959 жылы көз жұмды.

Азаттық жолындағы күреске бел буған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахметсапа Юсупов, Ахмет, Ғазымбек Бірімжановтар, Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар сияқты Торғайдан шыққан Алаш азаматтарының үркердей тобында Файзолланың да болғандығы ақиқат. Айта кету керек, Файзолланың анасы – Әйін Міржақып Дулатұлының апасы, яғни Файзолла Міржақыпқа жиен болып келеді. Жоғарыдағы пікірімізге бұл бір дәлел болса, Файзолланың "Алашордаға қатысы бар", "Ұлтшыл ұйым мүшесі" деген кінәмен қуғын-сүргін көруі – екінші дәлел. Сонымен бірге, Файзолла шығармалары идея, тақырып жағынан Алаш қайраткерлерімен мақсаттас, мүдделес, үндес.

Файзолла Алаш азаматтарымен айдауда болған жеті жыл ішінде де таныс-біліс болған. Мәселен, Мағжан Жұмабайұлымен түрмеде бірге отырған.

Файзолла Сатыбалдыұлы "Алаш" партиясының толық мүшесі болмаса да, оған тілектес, ниеттес болғандығын, оның шығармашылығында ұстанған азаматтық позициясынан айқын аңғарамыз. Мысалы, Ахметсапа Юсуповқа жазған хатында:

Сәлем де достарыңа бірге жатқан,  
Қамығып, қапаланып шерге батқан.  
Қолыңа тисе хатым бәріне де,  
Айтарсың тілектестік ағаң жақтан.

Отырмын қайран таппай ойға қалып,  
Шеше алмай әр нәрсенің басын шалып.  
Айтарсың дұғай сәлем мына менен,  
Ахмет пен Міржақыпқа қолын алып.

Және де Аймауытов Жүсіпбекке,  
Жас өрен Бірімжанов Ғазымбекке.  
Бәріңді аман-есен сақтай көр деп,  
Тапсырдық мінәжат қып құдіретке [43, 30 б.], –

деп қамауда жатқан Алаш азаматтарының тілеуін тілейді. Файзолла Алаш партиясының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлымен Ақтеңіздегі "Беломорканалда" айдауда бірге болған. Екеуінің арасындағы жерлестік қатынас, рухтас достық қатынасқа ұласқан. Ақын "Ахмет қайтыс болды дегенде" атты өлеңінде:

...Айрықша артық көрген ғазиз досым,  
Жоқ еді қысқада кек, ұзында өшің.  
Алаштың қамын жеген азамат ең,  
Сүйреген алға қарай қазақ көшін.

Біраз жыл тізе қосып болдық дәмдес,  
Тағдырдың жазғанына кім бар көнбес.  
"Ақынның хаты өлмейді" деген бар ғой,  
Шырағың жағып кеткен жанар, сөнбес.

Ғафу ет, жерлер болса, тілім тиген,  
Шаһбаз дос, құрмет тұтып, жаным сүйген.  
Тілеймін көрмесін деп кейінгі жас,  
Қамытты қиын күнде біздер киген [43, 48 б.], –

деп өз бастарындағы қиындық қамытын кейінгі ұрпақ кимесін деген тілек тілей отырып, Ахмет шырағының жанатынына, өздері бастаған істің аяқталатынына, өздері аңсап, соның жолында күрескен азаттық күнінің туарына сенім білдіреді. Осы өлеңдегі:

...Ақиқат ақ сөйлейтін туар заман,  
Боларын ондай күннің білмес надан, –

деген жолдар да бұл ойымызды дәлелдей түседі.

Жалпылай алғанда ақын шығармашылығы өз заманының қайғы-қасіретіне толы болса да, онда ертеңге деген сенім, қазақ азат ел болады, азаттық жолында күрескен ерлердің еңбегі ақталып, тарихтан өз орнын алады, әділетті заман орнайды деген оптимистік көзқарас басым. Мәселен "Міржақыпты жоқтау" деген өлеңінде:

Уақыт өтсе оңар бөз,  
Талқан болып тозар жез.  
Дүниеде өлмейді,  
Ғибратты асыл сөз.  
Міржақып пен Ахмет,  
Нақақтан нақақ болды шет.  
Бір уақыттар болғанда,  
Ақталар орнап әділет.

Немесе:

Дүние деген тегеріш,  
Ұмыт болмас келелі іс.  
Замана қазір өзгеріп,  
Тарылып тұр ғой кең өріс.

Қиянат кетпес тоқтаусыз,  
Әділ сөз қалмас құптаусыз.  
Күндердің күні болғанда,  
Міржақып кетпес тоқтаусыз! [43, 49 б.] –

дей отырып, бүгінгі күнді, яғни кейінгі ұрпақтың жазықсыз қуғын көріп, әділетсіздіктің құрбаны болған алаш азаматтарын ақтап алатынын аса сезімталдықпен болжағандай. Осы жерде бір қызықты деректі айта кеткен орынды. Айтыскер ақын Дәулеткерей Кәпұлы Файзолланың "Міржақыпты жоқтау" өлеңін Монғолияда 4-5 сыныптарда жатқа айтқанын айтады. Бұл өлеңнің Монғолия жеріне бару тарихы беймәлім.

Файзолла ақын өз өлеңдерінде кеңес өкіметінің сұрқия саясатының бет пердесін ашып, ұлттық қалпын, салт пен дінін, тілін сақтап қалу үшін қазақ өз алдына дербес ел болу керек деп ұлтына ой салғысы келеді. Кеңес заманында Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс деп аталып келген 1916 жылғы Торғайдағы Әбдіғапар хан Жанбосынұлы көтерілісінде көтерілісшілерге дем беріп, Әбдіғапар ханның кеңесшісі болған Файзолла ақынның көксеген мақсаты – қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігі болатын. "Туған елмен қоштасу" өлеңінде ақын былайша толғанады:

... Ай, заман-ай, заман-ай,  
Замананың зауалы-ай.  
Құбылып соққан құйындай,  
Айласы мен амалы-ай.

Бір қазақтың баласын,  
Екіге бөліп арасын.  
Қырқыстырып қойғаны-ай,  
Ағызып көзден сорасын.

Ел арасын ашқаны –  
Ескі әдетке басқаны.  
Осылай қылған ежелден,  
Қазақтың барлық дұшпаны.

Бірікпесе ел басы –  
Құрғамайды көз жасы.  
Болмаса екен бір күні,  
Әлдекімнің олжасы.

Ата дәстүр, салт пен дін,  
Осы күні болды мін.  
Мұның бәрі жоғалса,  
Елдігіңде бар ма құн?

Зиялыңды қудалап,

Қараңғынды бұйдалап,  
Берекеңді кетіретер,  
Қырықпышақ қып қидалап [43, 11 б.].

Осы өлеңде қазақ жерінің талауға түскенін, бұл отаршыл орыс патшасынан басталған саясат екендігін айта отырып, ата-бабадан қалған мұра – жерімізді:

...Қорғай алмай сорладық,  
Бәтуәсыз зарладық.  
Ата-баба рухын,  
Аяқ асты етіп қорладық.

Қорлағанның белгісі –  
Әр жаққа тартып әр кісі.  
Аз қазақтың шықты ғой,  
Әңкісі мен тәңкісі –

деп азаттық жолындағы күреске қазақтың дәрменсіздігін, ел ішіндегі алауыздықты, ынтымақ-бірліктің жоқтығын сынайды.

Файзолла жаңадан орнаған кеңес өкіметінің аңысын аңдап, түпкі мақсатының астарына үңіле қарап, сұрқия саясаттың сырын ұғып, оны халқына түсіндіруге тырысады.

Бай, кулак деп бөлгені –  
Зауал күннің келгені.  
Көп үміттің сөнгені,  
Бір сұмдықтың төнгені.

Таланып жайлау, өрісің,  
Тапталып ар мен намысың.  
Аруақ қонып, нар шөккен,  
Ежелгі ата қонысың –

Күннен күнге тарылып,  
Етек-жеңі түріліп,  
Аузымыздан жырылып,  
Келімсектерге телініп –

Ту-галапай болар-ау,  
Түрлі ұлтқа толар-ау,  
Бұқар жырау айтқандай,  
Айламен бәрін алар-ау...

"Ата-баба қонысының тарылып, келімсектерге беріліп, түрлі ұлтқа толатынын" ақын көрегендікпен болжай отырып:

Мөңке биден қалған сөз,  
Кейінгіге болса кез,  
Білер еді шындықты,  
Зерделеп оқып, салса көз [43, 13 б.], –

деп өзінен бұрынғы Мөңке бидің, Бұқар жыраудың нақыл-өсиеттерін жырына дәйек етеді. Файзолла ақын шығармаларынан бізге жеткен көптеген шығармалары бар. Атап айтқанда

"Заман-ай", "Қалимаға жазған хаттар", "Шағыну", "Бұқар жырау сиынған менің пірім", "Абай романын оқығанда", "Мінажат", "Әлмұхаммед молдаға", "Ахмет қайтыс болды дегенде", "Міржақыпты жоқтау", "Ақтеңізден сәлем", "Өменді жоқтау", "Ахметсапа Юсуповқа хат", "Кәріліктің келуі", "Бұл күнде қария болдық күркілдеген", "Жатыпатар", "Қайдасың жаны жайсаң ақылдылар", "Қорқамын адамдардан алақұйын" т.б. өлеңдерімен бірге 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс туралы жазған "Әбдіғапар хан", "Дауылда ұшқан жас қыран" поэмалары, "Өмірбаян" автобиографиялық поэмасы, өзінің айдаудағы өмірі туралы "Ұзақ жол" поэмасы, "Тоқымбет – Гүләйім" ғашықтық дастаны, 1921-22 жылғы аштықтағы халықтың жағдайы туралы "Тасмешін" поэмасы, "Адамзат шежіресі" атты шежіре-дастаны бар.

Ақын шығармаларының жариялануына келсек, ақынның "Тоқымбет – Гүләйім" атты кітапшасы Аманкелді ауданында, "Ай, заман-ай, заман-ай!" атты кітапшасы Арқалық қаласында басылып шықты. Ал республикалық деңгейде 1992 жылы "Жалын" баспасынан жарық көрген "Қапаста жазылған хаттар" атты жинақта, әр жылдары "Егемен Қазақстан", "Халық кеңесі", "Қазақ әдебиеті", "Қазақстан мұғалімі" газеттерінде, "Жұлдыз", "Парасат" журналдарында шығармалары жарияланды [45].

Файзолла Сатыбалдыұлы араб, тәжік, өзбек, татар, башқұрт, орыс тілдерін жетік білген. Шығыс және орыс әдебиетімен жақсы таныс болған. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, шешендік сөздерді, өзінен бұрынғы және өзімен тұстас ақындардың ақыл-өсиеттерін, нақыл сөздерін жинастырған фольклорист те еді [43, 6 б.].

Төсінде талай тарихтың таңбасы сайрап жатқан Торғай жерінде, бүгіндей арқа өңірінде Файзолла Сатыбалдыұлының есімі жақсы таныс. Өз дәуірінің озық ойлысы, замана кұбылысына көзқарасын тайға таңба басқандай етіп білдіріп отыратын Файзекеннің жыр-дастандары ел ішінде жатқа айтылады [46, 107 б.].

Ақылдылар, тілегім қарғай көрме,  
Алдамшының сөзіне ыңғай берме.  
Түйгенімді өмірден өлең қылдым,  
Айырарсың бір күні, жез бе, зер ме?

Болса да көкірегім алтын көмбе,  
Мен де бір бағы жанбай кеткен пенде.  
Асығыс ғайбаттама не істеген деп,  
Боларсың қысым көрсең мендей сен де.

Дүниеге ойлап тұрсаң адам қонақ,  
Болғанда біреу ұста, біреу олақ.  
Менің де өлеңдерім зармен жазған,  
Күндердің күндерінде болар сабақ, –

деп өсиет қалдырған алаш тілекті, абзал жүректі ақын Файзолла Сатыбалдыұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихының жарқын беттерінің біріне айналарына сеніміміз мол.

### ***Халқыма***

Ей, қазағым, жан бауырым, туғаным.  
Сенің қамың бала жастан қуғаным.  
Сен бақытты, сен өркеніңді ел болсаң,  
Болмас еді менің дағы арманым.

Ей қазағым, кештің тағдыр күрделі,

Сендей болсын-болса бір ұлт зерделі!  
Құрбандығың болар едім жолыңа,  
Ел болсаң сен-өз алдына іргелі!

1920 жыл.

**Заман-ай**  
(әні бар)

Тастан салған ақ түрме керегесін,  
Қарай-қарай тоздырдым терезесін.  
Қызғылықты өмірдің кезеңінде,  
Көре алмадым шіркіннің мерекесін, заман-ай.

Қайырмасы:

Заман біздің өзгерді,  
Жаңаланып түр берді.  
Ойламаған жерлерден,  
Ауыр бейнет кез келді.

Көңіл көтер, жабықпа, бозбалалар,  
Заман-айдың сарыны мұң менен зар.  
Қайғы кетіп, көңілден-бейнет қашсын,  
Көтеріңкі дауыспен осы әнге сал, заман-ай.

Қайырмасы.

Қорек еттік қара нан күн көруге,  
Ермек болды қандала түн бөлуге.  
Бауыры суық қара жер жалпақ жатқан,  
Зар болдық қой сені де бір көруге, заман-ай.

Қайырмасы.

Түс бозарып, қан кетті тас үй сорып,  
Қайғыртады жүректі бейнет қонып.  
Бейнет бітер, өмірге болса сабыр,  
Уақыт жетсе кетерміз ойнап-күліп, заман-ай.

Қайырмасы.

Екі мезгіл күніне саналамыз,  
Малдай болып айдалып қамаламыз.  
Бір көруге зар болып жарық дүние,  
Тарылып тұр бұл күнде заманымыз, заман-ай.

Қайырмасы.

Рахаттан жатырмыз күдер үзіп,  
Толқытады жүректі қайғы езіп.  
Ыстық жүрек айрылып бірге соққан,

Сүйген жарлар жүр екен қалай төзіп? Заман-ай.

Қайырмасы.

Көңілімнің жемісі сәбилер-ай,  
Сағынамын ынтығып жылай-жылай.  
Маңдайыңнан иіскейтін күн болар ма,  
Тас түйінін босатып шебер құдай, заман-ай.

Қайырмасы.

Біз жатырмыз бейнеттен «бақыт» қонып,  
Бас байланып, жүрекке қайғы толып.  
Дәм жазғанда оралып қосылармыз,  
Кеткен жан жоқ мәңгілік тұтқын болып, заман-ай.

Қайырмасы.

Кіндік қаным төгілген туған жерім,  
Қоныстанған мекендеп тау мен белім.  
Айырып тұр тұз-нәсіп Сіз бен бізді,  
Қош аман бол, көргенше қайран елім, заман-ай.

Қайырмасы.

Сарқыраған күмістей бұлақтарым,  
Сыбырласқан жағалай құрақтарым.  
Қош аман бол, көргенше қайта айналып,  
Сауық-сайран етіскен қарақтарым, заман-ай.

Қайырмасы.

Қоныс етіп жайлаған сай мен сала,  
Жұпар исің аңқыған еркін дала.  
Саған айтпай сәлемді кімге айтайын,  
Көшіп-қонып шалқыған кең сахара, заман-ай.

Қайырмасы.

Жаңалыққа бет бұрдық ескі қалып,  
Ынтық болып ой алла-ай, арып-талып.  
Орта жолдан кез болып бейнет құрғыр,  
Мұрындықтан ұстап тұр бұрып алып.

Қайырмасы.

Бейнет келіп ұстады нақ білектеп,  
Орын алды зарлатып қақ жүректен.  
Түсіп кетті шыбын жан көкпарыға,  
Рахым, шафғат болмаса құдіреттен, заман-ай.

Қайырмасы:



Торығасың таң атса, күнің батпай,  
Күн өтуін тілейміз дамыл таппай.  
Асыққанмен тағдырдан аса алмайпыз,  
Бұйырған ырыздықтың дәмін татпай, заман-ай.

Қайырмасы.

Басқа-бюейнет, көңілге-қайғы дарып,  
Пендеге-пенде болған біз бір ғарып.  
Ерте салған құлыптан кешке шейін,  
Отырасың сығалай көзің талып, заман-ай.

Қайырмасы.

Кім тыңдайды мұныңды зарлағанмен,  
Кім ермейді ағымға арланғанмен.  
Тағдыр ісі осылай болмақшы екен,  
Бұл қалай деп бас шайқап таңданғанмен, заман-ай.

### **Ай, ағайын, ағайын...**

Ай, ағайын, ағайын,  
Жайыңды қалай ұғайын.  
Көңіліңді қалай жығайын,  
Бабыңды қалай табайын.  
Бәріңе қалай жағайын,  
Қарекетің жоқ тағайын.  
Бетіммен неге лағайын.  
Алды-артымды бағайын.

Бірлікте тыныш жүрмейсің,  
Жақсыңа және ермейсің.  
Гибрат сөзді термейсің,  
Жоққа қылыш сермейсің.  
Нұсқалы жолы көрмейсің,  
Еркіңмен тізгін бермейсің.  
Өзгені көзге ілмейсің,  
Өз мініңді білмейсің.

Тазартпайсың ішінді,  
Жақыннан алып өшінді-  
Суытасың түсінді,  
Жөн демейін ісінді,  
Таразылап күшінді,  
Түзейсің қашан көшінді?  
Ой-пиғылық ұшынды,  
Жаным содан шошынды.  
Пиғылықтан табарсың,

Жаманатқа қаларсың,  
Елге құлкі боларсың,  
Оны кімге жабарсың,  
Түбі желден ығарсың,  
Көзіңнің жасын сығарсың.  
Бір күні гүлдей соларсың.  
Мініңді сонда ұғарсың.

### **Бұхар жырау сыйынған менің пірім**

Бұхар жырау сыйынған менің пірім,  
Өлең жазсам кетеді көңіл кірім.  
Науқастанып жатып ем көпетн бері,  
Отырғаны сондықтан келмей түрім.

Бұл тірлікте басымнан не кешпедім,  
Ақымақпен айтысып тіріспедім.  
Ар-ұятты ойына алмайтұғын.  
Белсендімен бел шешіп күреспедім.

Күреспейін дегем жоқ келмеді әлім,  
Біздің көрген күніміз елге мәлім.  
Қайрап өттім тісімді құр ішімнен,  
Біле алмадым өзім де кімге обалым?

Ақылдылар тілегім қарғай көрме,  
Алдамшының сөзіне ыңғай берме.  
Түйгенімді өмірден өлең қылдым,  
Айырарсың бір күні жез бе, зер ме?

Өз Әлімше тірлікте тарттым өрге,  
Сырымды сөз ұғатын айттым ерге.  
Азамат, кейіп туған кемел ойлы,  
Есті болсаң жырымды талдан, терге.

Болсада көкірегім-алтын көмбе,  
Менде бір бағы жанбай кеткен пенде.  
Асығыс ғайбаттама не істеген деп,  
Боларсың қысым көрсең мендей сен де!!!

Дүниеге ойлап тұрсаң адам қонақ,  
Болғанда біреу-ұста, біреу-олақ.  
Менің де өлеңдерім зармен жазған,  
Күндердің бір күнінде болар сабақ.

### **«Абай» романын оқығанда Мұхтар Әуезовке**

Жазылған Абай жайлы бұл роман,  
Себеп боп бір досымнан тиді маған.

Кітапты көрген жоқ ем көптен бері,  
Дәл мұндай жүрегіме сөзі ұнаған.

Ден қойып оқи бердім ілтифатпен,  
Жазыпты қаз-қалпында заманда өткен.  
Ахмет, Міржақыптың сөздеріндей,  
Орамды, орнықты еді тілі неткен!

Баяндап боямасыз Абай жайын,  
Көсілте тамызыпты тілдің майын.  
Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін,  
Лайықтап көрсетіпті бек пен байын.

Көрінген қандай ғажап билер сөзі,  
Оқыса құмарланар ескі көзі.  
Қазақтың көшіп-қонған сахарада,  
Тұр сайрап бұл кітапта бар мінезі!

Па шіркін, қазағымның ата салты,  
Тамаша емес пе еді-әдет, қалпы!  
Бұл кезде көзден бұлбұл ұшып тұр ғой,  
Соқтырар неге апарып мұның арты?

Жүргенде жан жетім боп, көңіл жұтап,  
Кеткенде жақсы сөзді заман өтіп.  
Бойымды бір серпілтті-ау, уа, дариға-ай  
Жазылыпты Абай жайлы мынау кітап.

Туады – адам қарап заманына,  
Заман да-жол көрсетер адамына.  
Әдемі кітап жазған жазушының,  
Тәңірім бақыт берсін таланына.

1943 жыл.

### **Қайдасың жаны жайсаң ақылдылар**

Пайымдап, парасатпен ақынды ұғар,  
Қайдасың, жаны жайсаң ақылдылар.  
Басшысы бүгінгінің қарап тұрсам,  
Ақынды таяқтауға болған құмар.

Байынан баяғының кем болып тұр,  
Сөйлейді көп алдында ер болып құр.  
Жөн сөзге тоқтамайды, ұяты жоқ,  
Қараймын істеріне таңғалып бір.

Өмірдің көрдім-ащы-тұщысынан да ,  
Жігітің көрдім-қосшы, басшысын да.  
Ол кезбен бүгінгіні салыстырсақ,  
Тұрақ жоқ қазіргінің «жақсысында».

Кәсібі-көзді бояп, алдап-арбау,  
Момынды жазығы жоқ, қинап-қорлау.  
Бұл күнгі басшылардың әрекеті,  
Ішіп-жеу мемлекеттік дәстүр болды-ау

Қазақта жоқ-ты бұрын мұндай кәсіп,  
Бұл күнде өнер болды арам нәсіп.  
Еңбексіз, маңдай терсіз талай қулар,  
Елді жеп, бай болып тұр жұрттан асып.

### **Әбдіғапар хан. (поэма)**

#### **1**

Бұл заман – байқасаңыз жұмбақ сапар,  
Айламен жақсыларды болды матар.  
Ел ұстап, тұлпар мініп, ту көтерген,  
Есімнен шықпай қойды Әбдіғапар.

Патшаға екі ғасыр болдық отар,  
Дәміміз осы болар әлі татар.  
Хан болған он үш болыс, үш Торғайға,  
Жігіттің сұлтаны еді-ау Әбдіғапар.

Еске алсам елжіреді жүрек-бауыр,  
Дүниеге сирек келер ондай тәуір.  
Сабырлы, ақыл иесі білімге бай,  
Ерекше бір белгісі мінезі ауыр.

Кісі еді тұратұғын ішін бермей,  
Жұпыны жүретұғын кеуде кермей.  
Жан еді хан болса да қарапайым,  
Күй кешкен ұсақ-түйек, жел сөзге ермей.

Кетсе де абыройы биікке өрлей,  
Саспайтын көнтерлі еді қара жердей.  
Өлген соң кей есуас кіналайды,  
Қапардың кім екенін көзі көрмей.

Жазамын көзімменен көргенімді,  
Тексеріп анық сөзін, білгенімді.  
Ғазал ғып қалдырайын ақ қағазға,  
Біреулер қарар бір күн еңбегімді.

Қоспаймын өтірік сөз арасына,  
Әр сөздің көшкен дұрыс расына.  
Тарихтың тегеріші айналмалы,  
Қарасын кім де болса шамасына.

Ағайын, ешкімді де қаралама,

Өзінді көп ішінен даралама.  
Өмірден өтіп кеткен ерлер үшін,  
Жаныңды бір-біріңнің жаралама.

Тексермей бұрынғыны кіналама,  
Жалған сөз, ойдан пішіп, сыналама.  
Бәріміз бір қазақтың баласымыз,  
Руға, жүзге бөліп алалама.

Атаның бұрынғы өткен сөзін ұқсақ,  
Әр істің қайыры бар артын бақсақ.  
Мен үшін Хан мен Сардар бірдей еді,  
Туыспыз атамыз бір – Ұзын Қыпшақ...

...Туыс деп мен бұларға бұра алмаймын,  
Ақиқатты және айтпай тұра алмаймын.  
Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам,  
Дәлелсіз жалған сөзге сене алмаймын.

Құлықпен келген байлық білсең арзан,  
Ал шындық су түбінде жатқан маржан.  
Көрсетті көп тарихты боямалап,  
Қарамай обалына Ыбырай, Әлжан.

Кешер ме қос арыстың аруағы,  
Білінер о дүниеде кімнің ағы.  
Үндемей өтірік сөзді қостап кетті,  
Жанкүйер туысыңыз Әли-дағы.

Мың шүкір жаратқан хақ бергеніңе,  
Дүниені жақсы-жаман көргеніме.  
Тұрлаусыз тайғақ кешу, тар жолдардан,  
Аман-сау тірі қалып жүргеніме.

Демеңдер өтірік айтсам кім көреді,  
Бір Алла бәрін көріп үлгереді.  
Хаққа аян құмырсқаның тастағы ізі,  
О дүниеде әр ісің тергеледі.

Айтылмас сөз болмайды адамзатта,  
Біледі мұны түгел жамиғат та.  
«Жалған сөзге кепілдік берме» деген,  
Ғибратты нұсқа бар шарифатта.

Жігіттер бұл сөзімді деме бекер,  
Бақ пен тақта баян жоқ тастап кетер.  
Алып жесең харамнан елді сорып,  
Сол қиянат түбіңе бір күн жетер.

Ұрпағың сонда елге қарай алмас,  
Жұрт бетіне шіркеу ғып, жолы болмас.  
Қара күйе секілді кетпейтұғын,

Соңынан өле-өлгенше оның қалмас.

Артқы жас кетпес үшін тегінде азып,  
Бірліксіз, берекесіз шілдей тозып.  
Көзбен көрген жайларды білгенімше,  
Ақ қағазға белгі ғып кеттім жазып.

## 2

Жыл еді он алтыншы аты шулы,  
Белгілі бесенеден дулы, булы.  
19 бен 31 әскер болсын,  
Тарады «Июнь жарлық» патша қаулы.

Талай ел түк түсінбей аңтарылды,  
Белдеуде назбедеулер қаңтарылды.  
Қайдан келген пәле? – деп аң-таң болып,  
Әр ауылда болыс пен бай тарылды.

Сол кезде Ақташыда Бүркіт аулы,  
Жинады Арғындарды жеті баулы.  
Осылай қылушы еді ертеден-ақ,  
Біреумен бітіспейтін болса даулы.

Бәйтәжі, Ақташы мен Тағышы, Таз,  
Қараман, Қырықмылтық, Төлек біраз.  
Жетеуі басын қосып Жалдамада,  
Патшаның жарлығына іздеді лаж.

Бастады сөзін Бекіш, Мұхамеджан,  
Қостады жеті рудан қалмай бір жан.  
– Бермейміз антын бұзған патшаға әскер,  
Садақа, – деп – жастардан малменен жан.

Жинайық он үш болыс жалпақ елді,  
Жөн болар тізе қосып, бусақ белді.  
Хан Нияз бен нәсілі Иман ердің,  
Келсін деді Қапар мен Амангелді.

Жан-жаққа хабарлауға жаушы кетті,  
Арада барыс-келіс екі апта өтті.  
Хабарды алғаннан соң әр болыстан,  
Белгілі азаматтар келіп жетті.  
Деменіз кез болады пәле қайдан,  
Асынған елдің көбі қару-сайман.  
Арғындардың бұл жолғы жиынына,  
Риза болды тегіс Қыпшақ, Найман.

Бастады сонда сөзді Мұхамеджан,  
– Хан тұқымы Қапар бек болсын деп хан.  
Сардарлыққа ұйғардық Аман ерді,  
Жолдрыңа құрбандық жан менен тән.

Осылай Мұхамеджан жол бастады,  
Дұрыс сөз деп жиналған ел қостады.  
Арғын, Найман тұрғанда бата беріп,  
Біздің Қыпшақ ұрандап «Ойбастады».

Кетті ме қуаныштан босап жүйе,  
Мақтаньш қып өзіне болмады ие.  
Хан мен Сардар жолына құрбандық деп,  
Сойды сонда Бегімбет ала бие.

Бұл сөзімде жоқ жалған яки қата,  
Досай қажы екі ерге берді бата.  
Он күннен соң қайтадан жиналуға,  
Аттанды ерлер асығыс дәмнен тата.

Жақсы, жайсаң әр іске берген баға,  
Бірі қаптал, бірі етек, бірі жаға.  
Хан Сығайдың нәсілі әрі қажы,  
Шымбергенді сайлады хан атаға.

Кез болдық па деп тегі қазған орға,  
Я болмаса айламен құрған торға.  
Жиналған ел жөнелтті қаржы жиып,  
Смағұлын Төкенің Петерборға.

Айтты халық: – Смағұл барып қайт! – деп,  
Не іс екенін көзіңмен көріп қайт, – деп.  
Жолың болса жолығып ақ патшаға,  
Кесімді бір жауабын алып қайт! – деп.

Бұл сапар қатері көп болса да ауыр,  
Өтініп сұраған соң туыс-бауыр.  
Жолдасы Плеваконы қуат көріп,  
Жолға шықты сөз айтпай ер Смағұл.

Әр нәрсені, жігіттер, ішіңе түй,  
Сүйсеңдағы, күйсең де жүрекке жый.  
Он үш болыс бас қосқан бұл жиында,  
Жоқ еді дуалы ауыз Дүйсеке би.

Сапарланып кеткен-ді Қызылжарға,  
Өрдегі Арғын-Қарауыл туыстарға.  
Үш ай жүріп аралап, жиын өтіп,  
Кеткеннен соң қалжырап жеткен зорға.

Бекіш айтты: - жиналды ел керемет, - деп,  
Қонды елдің басына берекет деп.  
Дүйсеке айтты: - сойғаны ала бие,  
Арты ала болмаса жарар ед, - деп.

Он күннен соң уәдені ішке түйіп,  
Келді сарбаз қамданып, сауыт киіп.

Әбдіғапар, Аман ер күн-күн сайын,  
Әскер ісін үйретті бәрін жиып.

Сарғаскері Әбіші Ырысбайдың,  
Мыңбасылар Кейкісі Көкембайдың.  
Өмені қажы ағамыз Мұсабайдың,  
Және бірі Қосжаны манабайдың.

Ожаннан Әлжаны бар Қарабайдың,  
Елбегісі Әбжаны Құндызбайдың.  
Шыға келді ұлдары басшы болып,  
Мыңды айдаған шұбар төс ылғи байдың.

Бір күні болады деп үлкен сиез,  
Торғайдың қаласына шақырды үйез.  
Губернатор сөзіне қарсы шығып,  
Әбдіғапар көрсетті бөлек мінез.

Бермейміз! – деді, – әскерге бірде-бір жас,  
Іс қылып отыр патша ойға қонбас.  
Қазақтан әскер алмау заң болатын,  
Анттан тайған деген бар патша оңбас.

Алмайсың бізден жігіт, – деді – өлмей,  
Бұл жарлыққа халық тұр тегіс сенбей.  
Губернатор қылса да түлкібұлаң,  
Сөзіне Әбдіғапар қойды көнбей.

«Есіреді япырмай мынау қайдан,  
Қорықпайтын кім еді Николайдан»  
Деді ішінен сол сәтте губернатор,  
«Орнатармын басыңа бір зор майдан»

Бейнет деген бұйырар әрбір жайдан,  
Шуақ кетер бұлт басса күн мен айдан.  
Губернатор жіберді 700 қол,  
Жазалауға бұларды Қостанайдан.

Аяғы еді бұл уақыт ғинуардың,  
Немесе басы ма екен февральдың.  
Растығын білген соң шыққан әскер,  
Әбдіғапар жол тосты орап алдын.

Қыстың суық күні еді тұрған қақап,  
Үскірік қызыл аяз қарып, тұтап.  
Хан мен Сардар шақырды жүз мергенді,  
Бөлектеп көп ішінен атын атап.

Жүз жігіт жетіп келді Қапар ханға,  
Мен мұңдалап аттары аталғанда.  
Кейкі менен Өменді басшы қылып,  
50-ден аттандырды «Тышқантамға».



Қалған әскер Күйіктің қопасында,  
Бой тасалап тұр қамыс арасында.  
Бір кезде ұбап-шұбап қол көрінді,  
Болжаммен ұлы бесін шамасында.

Алдында 700 қол шұбар атты,  
Жол бастап оқшауланып келе жатты.  
Мінгендей екі иығына екі кісі,  
Бір жайсаң жігіт екен алапатты.

Мергендер там ішінде біраз күтті,  
Тілектерін жаратқан қабыл етті.  
Оқ жетерге келгенде Кейкі, Өменнің,  
Жігіттері әскерді көздеп атты.

Шұбар атты бірден-ақ құлап түсті,  
Оны көріп атты әскер кейін қашты.  
Тығылып атқан тасадан оқ қойсын ба,  
Аң-таң боп үрпиісіп қатты састы.

Кез еді күн батуға қалған таяу,  
Мергендерде болмады дұшпанды аяу.  
Өлгені-өліп немесе оққа ұшып,  
Біразы солдаттардың қашты жаяу.

Сол кезде тамнан шығып Кейкі, Өмен,  
Қыр басынан жосылтып түсті төмен.  
Тұп-тура оққа ұшыпты екі солдат,  
Санап еді есепші қара Көбен.

Шұбар ат шұбар байтал болып шықты,  
Иесі оның шамасы нағыз мықты.  
Орыс емес қалмақ па, татар ма әлде,  
Не қыласың ер Кейкі атып жықты.

Сарбаздар қайтты кейін Қапар бекке,  
Хан болған қарадан шығып асыл текке.  
Бәрін көріп тұрыпты хан да байқап,  
Қайтайық елге қарай деді көпке.

Тоңған ерлер заматта қонды атқа,  
Түсіп алып зулады жол-торапқа.  
Түн ортасы болғанда тас түйін боп,  
Тышқантамнан құлады Баймұратқа.

Арадан он шақты күн тағы да өтті,  
«Әскер келе жатыр» – деп хабар жетті.  
Дайын болып тұрсын деп барлық сарбаз,  
Әбдіғапар Аманға әмір етті.

Торғай менен Татырда болды соғыс,

Қатысты бұл соғысқа ерлер тегіс.  
Қаша ұрсып Қапар менен әбдіғапар,  
Жасады осы жолы бір қулық іс.

Құмкешуде бір тосып жар сап тұрып,  
Кетті әскерін патшаның бөлшек қылып.  
Қамысбайға келген соң оймен қашып,  
Тайып тұрды әп сәтте сан соқтырып.

Патша әскері сонда да көп қарысты,  
Осы жолы қазақпен текке алысты.  
Жазықсыздан жазықсыз Қамысбайда,  
Он шақты адам нақақтан оққа ұшты.

Осылай бір зор майдан болып қалды,  
Мынау іс Айтқұл аулын еске салды.  
Жұмабайдай қажымен ақылдасып,  
Солдаттарды айтекең күтіп алды.

Патша берген медалін тағып алып,  
Амандасты әскерге өзі барып.  
Мал сойып қонақ қылды келесі күн,  
Алып жүрді солдатты жолға салып.

Шара бар ма не істерсің мұндай күйге,  
Айла қылған не етпексің Айтқұл биге.  
700 қол тал түсте келіп жетті,  
Батпаққарада отырған бидің үйге.

Келгеннен-ақ ақырып берді қысым,  
Бір сұмдықтың боларын білді ішім.  
Алып жүр деп Қапардың сарбазына,  
Армансыз-ақ біздерден алды өшін.

Шегімізден жазалап қойды иіріп,  
Түрлі-түрлі береді һәм бұйрық.  
Әр жүздікке бір басшы жолсерікке,  
Таңдап, екшеп тәртіппен алды айырып.

Бір басшысы жалма-жан беріп ақпар,  
Іріктелді жүздікке бар солдаттар.  
Ең алғашқы жүздікті жолға түсіп,  
Алып жүрді жол бастап Әлиакбар.

Мақсұтына армансыз кім бар жеткен,  
Өкіндіріп талайды өмір өткен.  
Бұл жүздіктің басшысын аңдып жатып,  
Кейкі батыр көздемей атып кеткен.

Құлатқан соң тағы да басшы дөйін,  
Жүздік дереу бұрылып қайтты кейін.  
Басқа жолмен қайтқанда бұлар қашып,

Екінші топ жүруге болды дайын.

Бұл жүздікті басшы ғып Ідірісті,  
Жылдамдатып тастүйін жолға түсті.  
Манағы өлген солдатқа келген кезде,  
Бұл екінші жүздіктің зәресі ұшты.

Сірә қорлық болар ма мұнан өткен,  
Бір сорақы іс болды емес күткен.  
Кейкі батыр солдаттың шүметейін,  
Кесіп алып аузына тығып кеткен.

Мұны көріп солдаттар қалды қатып,  
Қасіреттің өшпейтін уын татып.  
Көп ойланбай сол жерде Ідірісті,  
Сөзге келмей бір ауыз кетті атып.

Солдаттар бұдан әрі шыдамады,  
Жан сақтауды жалтақтап ойламады.  
Тура тартып Доғалға, Торғайды өрлеп,  
Қолға түскен қазақты аямады.

### 3

жағалап Доғал бойын әскер келді,  
бұларды көрді Қапар, Амангелді.  
Қапар айтты: – Қайтайық жар астымен,  
Алармыз босқа қырып тамам елді.

Бұл сөзге мыңбасылар жарайды,-деп,  
Жар астымен тізіліп, тарады көп.  
Осы сәтте орыстар зеңбірекпен.  
Гүрсілдетіп он рет түсірді дөп.

Көңінде Сандыбайдың барлаушылар,  
Тұр еді бір айқасқа болып құмар.  
Басшысы осы топтың Өмен менен,  
Інісі Қапар ханның ер Жағыпар.

– Кетейік, жүр, Жағыпар, –деді Өмен,  
түсейік жар астына біз де төмен.  
–Жоқ, –деді ер Жағыпар, - соғысамыз,  
Сияқты жігіт еді бұл бір Өмен.

Үш келді хабаршылар қайтындар, - деп,  
Біріңе-бірің жылдам айтындар, – деп.  
Бұл сөзді тыңдамады үш қайырған,  
Жаужүрек , бірбет, қайсар Жағыпар бек.

Сол кезде 22-ге келіп еді,  
Жасынан ерлік құрып жүріп еді.  
Өмен де кете алмады оны тастап,  
Боларын бір сұмдықтың біліп еді...

...Жағыпарды кете алмай тұрды тастап,  
Бір көрейік деп үнсіз қолын ұстап.  
Кетіп қалса жар бойлап түк те жоқ-тын,  
Тұрғаннан соң не шара ажал бастап.

Жалма-жан жүгіріп кеп, үйге кіріп,  
Екеуі сыртқы есікте қатар тұрып.  
Қалғаны терезенің көздерінен,  
Оқ зулатты атойлап майдан құрып.

Бұларды ала алмады қаптаған жау,  
Талайы ажал құшып, қалмады сау.  
Айла іздеп орыстар осы кезде,  
Басталды ұрыс-керіс, қып-қызыл дау.

Біреуі айтты: – Ұстайық бәрін тірі,  
Емес шығар бұлардың жаны сірі.  
Жоқ, өртейік бұл жерді жермай шашып,  
Әйтпесе жанбайды деді бірі.

Ақыры дұшпан үйге өрт қойды,  
Қара жер айтшы қашан қанға тойды.  
Шығармай үй ішінен оқпен атып,  
Ақыры он бірінің көзін жойды.

Далаға шықты Өмен жалғыз өзі,  
Бос тұрған бір тұлпарды көрді көзі.  
Жетіп барып мінбек боп жатқанында,  
Көріп қалды басшы Иван байқап өзі.

Табанда көздеп тұрып атып қалды,  
Ух деп Өмен сабаз құшты жалды.  
Қызыл қан атты шапшып ауызынан,  
Қара жер қойынына оны да алды.

Кеш түсті күн де батты ұясына,  
Соғыс бітті, түсті ел сабасына.  
Әскер қайтты жинап ап өліктерін,  
Белгілі Батпаққара қаласына.

Доғалға кірді Қапар жігіттері,  
Қалған-ды осы жерде серіктері.  
Санады орыстардың қырылғанын,  
22 шана екен өліктері.

Жинады бұлар да енді шаһидтерді,  
Қалдырмай бәрін санап өліктерді.  
72 жан екен не барлығы,  
жетеуі екен өрт шалған күйіктері.

Таң атты, Әбдіғапар қонды атқа,  
Салауат айтты ішінен ғазауатқа.  
Бермеді қазақ іші сол сүйеніш,  
Өзінің туып-өскен жерін жатқа.

Соғыстың бұл өлкеде қалды ізі,  
Өліпті орыстардың екі жүзі.  
25-і кетіпті су астына,  
Жарылғанда Торғайдың қалың мұзы.

Зеңбірек добы екен мұзды жарған,  
Өзені де қазақтың жауын қырған.  
Еске алып сарбаздарды шәйіт болған,  
Қапар хан дейді халық әрең тұрған.

Жағыпар інісі ғой бірге туған,  
Қапар хан екі бетін жаспен жуған.  
Мұнан соң енді орыспен бітіспеске,  
Сабазың қылыш ұстап белін буған...

...Қапардың арманы еді жеке ел болу,  
орыстан қанап келген ірге бөлу.  
Сөзіне қазақ ермей ақырында,  
Дертіне таппай өтті ол да дәру.

Елім деп еңіреген қайран Қапар,  
Әруағы бір қозғалмай қалай жатар.  
Өтті ғой өле-өлгенше зар еңіреп,  
Орысқа боласың деп мәңгі отар.

Шынында отар болып қалып қойдық,  
Өтірік бос сөзіне әбден тойдық.  
Алданып арбауына ел бола алмай,  
Қапардай асылдардың көзін жойдық.

Бұл жырым келешекке жетер ме екен,  
Жоқ әлде бір оқылмай кетер ме екен.  
Қазағым үн шығармай бодан болып,  
Бір күні әбден құрып бітер ме екен.

Саясат тұрса осылай болады бұл,  
Қазақтың аты, заты қалады тұл.  
Жеріңді алып содан соң тіліңді алып,  
Бір заманда бұл қызыл қылады құл.

Кәпірге қатын болып кетер қызы,  
Жігітін әтек қылар келер кезі.  
Енді орыстың қалғаның табанында,  
Жарылқар күн тумаса құдай өзі.

Ел болмай жеке дара мемлекет,  
Еш ұлтқа келмек емес хәм берекет.

Орыстың еш елде жоқ зымияндығы,  
Ісінде толып жатыр не бәлекет.

Қалайша тұра аламын жазбай мұны,  
Еске ұста үлкен аға, кіші іні.  
Ел болмай жеке, дара бодан болған,  
Еш ұлттың болған емес әммә құны.

Арманы Қапар ханның еді теңдік,  
Сол үшін өлгенін де көзбен көрдік.  
Қазағым айтқаныма көнбеп едің,  
Көргенің болмақ енді ылғи кемдік.

Атқызған Қапар ханды Әліби-тің,  
Кетпейді көз алдымнан менің сол түн.  
Қапар хан шәйіт болды бостандық деп,  
Теңдікке жеткізем деп қазақ халқын.

Сондықтан халқым оны жау демендер,  
Әруағын қорлап текке, тілдемендер.  
Соғысты дербес мемлекет болу үшін,  
Жан еді ақылды, ойшыл, шын кемеңгер.

**ӘЛМҰХАММЕД (ӘЛМАҒАМБЕТ) ОСПАҢҰЛЫ**  
**(1886-1966)**

Алаш арыстарымен тілектес, ниеттес Торғай ақындарының бірі – Әлмұхаммед Оспанұлы. Файзолла Сатыбалдыұлы сияқты бұл кісі де "Алашордашыл ұйым мүшесі" деген айыппен сотталып, жер аударылып, сталиндік репрессияның құрбаны болған.

Әлмұхаммед Оспанұлы ғылыми ортаға белгісіз есім болғандықтан оның өмірбаянына қысқаша тоқталып өтелік. Әлмұхаммед ақын 1886 жылы Торғай уезі, Тосын болысының 4-ауылына қарасты Бестау өңіріндегі "Сасықсор" деген жерде дүниеге келген. 12 жасына дейін ауыл молдасынан хат танып, сауатын ашқан ол 13 жасында Торғай қаласындағы 4 кластық орыс қолөнер мектебіне түсіп "ағаш ұстасы" деген мамандық алып шығады. 17 жасында Торғай қаласындағы 6 жылдық орыс мектебінің 4-ші класына қабылданып, оны 1905 жылы бітіріп шығады. 1911 жылы Троицк қаласындағы Зейнолла ишанның "Расулия" медресесіне түсіп оны 1916 жылы аяқтайды. Оқуын тамамдағаннан кейін туған жеріне оралып "Бостандық" атты мешіт-мектеп ашып халықтың орысша-қазақша сауатын аша бастайды. Бұл мешіт-мектеп туралы Орынборда шығатын "Қазақ" газетінде "Игілікті істің бастамасы" атты мақала жарияланған [47, 6 б.].

1920 жылы Орынбордағы ағарту бөлімі мешітті қазақ тіліндегі бастауыш мектеп етіп ашып, осында үш айлық курс ұйымдастырылып, осы мектептен Торғай уезі бойынша 75 адам мұғалімдік куәлік алып шығады. Осы курста Әлмұхаммед Оспанұлы А. Байтұрсынов құрастырған емлемен бірінші рет сабақ береді. 1923 жылы Ақтөбе қаласында ашылған мұғалімдер курсына білімін жетілдірген Ә. Оспанұлы "Бостандық" мектебінің меңгерушісі болып тағайындалады.

1926 жылы Уфа муфтиінің жарлығымен Торғай уезіне мұхтасиф болып тағайындалып, бұл қызметті 1929 жылға дейін атқарады. 1929 жылы "ұлтшыл ұйым мүшесі", "Алашордашыл" деген айыппен 10 жылға сотталады. 1931 жылы бұл жаза жер аударылумен ауыстырылып, 1931-1934 жылдары Ырғызға жер аударылады. 1935 жылы елге оралып әртүрлі қызметтер атқарады. 1937 жылы зобалаңның алдын алып Троицкіге көшіп кетеді. 1939 жылы Қостанайға келіп ұстаздық қызмет атқарады. 1940 жылы "халық жауы" деген жала жабылып Қостанай түрмесінде екі жарым жыл отырып, 1943 жылы 8 жылға үкім

шығарылып Маринскіге айдалады. Сонда жүріп арызданып 1944 жылы босанып шығады. 1944-1948 жылдары Қостанай төңірегінде әртүрлі жұмыстар істеп 62 жасқа келген Әлмұхаммед ақын елге оралады. 1956 жылы Қазақстан қазиының жарлығымен Семиозердегі мешітке имам болып бекітіледі. Біраз жыл имамдық қызмет атқарған ақын туған жеріне келіп 1966 жылы қайтыс болады [48].

XX ғасырдың басындағы әдебиетіміз негізінен екі бағытта: діни-ағартушылық және ағартушы-демократтық бағытта дамыды. Әлмұхаммед ақынның шығармашылығын қарастыра отырып біз оның осы екі бағытты қатар ұстанғанын байқаймыз. Діни-ағартушылық бағыттағы өлеңдерінде ақын имандылық, шариғат мәселелерін сөз ете отырып сол кезеңде қазақ арасына тарай бастаған маскүнемдікті сынайды. Мұндай өлеңдердің қатарында "Кел қолым, қалам ұста қылып ермек", "Ішкіліктің олжасы" сияқты өлеңдері бар. "Кел қолым, қалам ұста қылып ермек" өлеңінде ақын арақтың қазақ арасына тарай бастағанына нали отырып, оның қазақ сияқты көзі жаңа ғана ашылып келе жатқан ұлт үшін өте қауіпті дерт екенін айта отырып жастарды ондай әдеттен аулақ болуға үндейді. Шариғат, имандылық мәселелерін алға тарта отырып:

... "Айтады дос жылатып" деген де бар,  
Кей сөзім, кейімендер, болса кермек.  
Шын мақсат тіршілікте шырақтарым,  
Үйреніп өнер-білім, өрге жүзбек.

Түзетіп мінез-құлық, тұрмысыңды,  
Бір уақыт шын дос-жармен ойнап-күлмек,  
Халық үшін болсын қылған қызметің,  
Ұлтыңа, ұлысыңа көмек бермек [47, 34 б.] ,–

деп жастардың халық пен ұлт алдындағы негізгі міндетін айқындап береді.

Ал, "Ішкіліктің олжасы" атты өлеңінде ішімдіктің зардаптары туралы айта келіп, арақтың ұлттың санасын улайтын, мұсылманды иманнан айыратын аса қауіпті нәрсе екенін тілге тиек етеді:

... "Кел, қатын, төсек салшы", – деген бір шал  
Бойжеткен өзінің қыз баласына.  
Соны айтқан келініне және бір шал,  
Сірә да, көз көрмесе нанасың ба?

Аз емес әзіл айтқан азамат та,  
Өзінің "әйелім" деп анасына.  
Осының бәрі арақтың әрекеті,  
Кел, қарттар, құмарлықты қоясың ба? [47,39 б.].

Діни-ағартушылық бағыттағы ақын өлеңдерінің бір парасы түрмеде жазылған. "Жазушыдан соңғы сөз", "Туған жерге сәлем хат", "Тұтқындардың бірінші мүнәжаты", "Тұтқындардың екінші мүнәжаты", "Қоштасу", "Жол үстіндегі мүнәжат" өлеңдерінде ақын өз туысқандарына, өзінің тілектес, ниеттес дос-жарандарына, тұтқында бірге отырған тағдырластарына жұбату айтып, сабырға шақырады. Бұл өлеңдердің әсіресе тар қапаста жазықсыз жапа шеккендердің қайрат-жігерін шыңдауда таптырмас құрал болғаны сөзсіз. Ақын:

... Болыңыз болған іске болаттай-ақ,  
Бостықты бойға жуық жолатпай-ақ.  
Қайғы ойлап, қасірет шегіп қажымандар,

Шіріген шырғай құсап құлатпай-ақ.

Күн санап көндігіңіз гүл-гүл жайнап,  
Пірлерден болған жәрдем қуаттай-ақ.  
Шыдаңыз шын жібектей ширатылып,  
Бұйыға мінген байлап құр аттай-ақ.

Немесе:

... Ар-ұят, әдеп әркез азаматқа,  
Жарасар жаңа таққан манаттай-ақ.  
Бүгін бар, ертең жоқ боп туған заман,  
Сыйлаңыз бір-бірінді қонақтай-ақ.

Алдағы жақсылардың жол жобасы,  
Көрініп жатқан жоқ па сораптай-ақ.  
Досқа күлкі, дұшпанға таба болмай,  
Уайым ойламандар, олақтай-ақ [47, 33 б.], –

деп тағдырластарының жігерін жанып, дұшпанға сыр алдырмауға шақырып оптимизмге тәрбиелейді.

Әлмұхаммед Оспанұлының ағартушы-демократтық бағыттағы өлеңдерінде қазақ халқының өткен заманындағы қараңғылық пен надандық сынға алына отырып, халықтың болашағы өнер мен білімде екендігі, сол себепті қазақ жұртының білімге, өнерге ұмтылуы керектігі баса айтылады. Ақын өзінің қоғамдағы орнын дәл аңғарып ұлтты білім мен өнерге шақырып, үгіт-насихат жүргізуге белін бекем буады:

Ғазал жаз, Әлмұхаммед, қалам ұштап,  
Доғарма зехинінді қараңғы ұстап.  
Паш айла пікіріңді баян етіп,  
Шықсын аз іштегі шер сыртқа тастап.  
Артыңа аз да болса бір сөз қалдыр,  
Көргендей кейінгі жас қолына ұстап...

...Не түрлі танымсың заманыңды,  
Өлшеп піш заманыңа ғамалыңды.  
"Айқаптың" журналына көмек көрсет,  
Қостырып шашуға арнап шамалыңды.  
Ғасырдың сөз өлшеген сыншылары,  
Байқасын жүйрік яки шабаныңды...[47, 12 б.].

Жалпы Файзолла Сатыбалдыұлы мен Әлмұхаммед Оспанұлының ағартушы-демократтық бағытқа түсуіне сол кезеңдегі шығып тұрған "Айқап", "Қазақ" сияқты мерзімді басылымдардың ықпалы зор болды. Ү. Субханбердина құрастырған "Қазақ халқының атамұралары" деп аталатын мазмұндалған библиографиялық көрсеткіште осы екі ақынның аты да аталады. Мәселен "Айқап" журналының белді авторларының бірі ретінде Файзолла Сатыбалдыұлы туралы мынадай түсіндірме берілген:

Сатыбалдин Файзолла (1883-1959) – ақын-ағартушы. Торғай облысы, Батпаққара өңірінде дүниеге келген. "Айқап" бетінде жарияланған мақала-хабарларында оқу-ағарту, шаруашылық мәселелерін көтерген. Қуғын-сүргінді көп көрген [49, 85 б.].

Сонымен бірге ақынның фотосуреті де берілген.



Кеңес заманында жазылған көптеген зерттеулерде ХХ ғасыр басындағы әдебиетті сөз еткенде діни-ағартушылық бағыт пен ағартушы-демократтық бағытты бір-біріне қарама-қарсы қою басым болып келеді. Сонымен бірге діни-ағартушылық бағытты регрессивті бағыт, ал ағартушы-демократтық бағытты прогрессивті етіп көрсету де ғылымда орын алып келгендігі жасырын емес. Қалай десек те ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының дамуында аталған екі бағыттың да маңызы зор екендігі ақиқат. Файзолла Сатыбалдыұлы да, Әлмұхаммед Оспанұлы да дін адамы болғандықтарына қарамастан, оларға ағартушы-демократтық бағыт жат емес. Керісінше бұл ақындар аталған екі бағытты бір-бірімен ұштастыра білген.

Әлмұхаммед Оспанұлы "Қазағыма" атты өлеңінде сол кезеңдегі әртүрлі тарихи оқиғаларға, қоғамдық-саяси жағдайларға халықтың назарын аударып, оны былайша суреттейді:

Қарашы, мынау халқым, неткен заман,  
Көндіріп өз дегенін өткен заман.  
Көл жайлап, бие байлап, толықсыған,  
Дәуірі көшпелінің біткен заман.

Қармалап қараңғыда қазақ жатыр,  
Басқалар бар мақсатқа жеткен заман.  
Ішіп-жеп, басып-жаншып, пайдаланып,  
Теңдіксіз ұрып-соғып кеткен заман.

Құмары азаматтың ала қағаз,  
Сауы жоқ және ішімдік дерттен аман.  
Қараңғы надан елдің күні құрсын,  
Бұралқы қадірі жоқ иттен жаман [47,13 б.].

"Көл жайлап, бие байлап, толықсыған" көшпелі заманды аңсап "қараңғыда қармаланып" жатқан қазақтың, "басқалар ішіп-жеп, басып-жаншып, пайдаланып, теңдіксіз ұрып-соғып кеткен" қазақтың санасын оятып, отаршыл Ресейдің сұрқия саясатына үнілдіре отырып, көшпелі дәуірдің өткенін, қазақ жұртына өркениетке ілесіп, өнер-білімге ұмтылу қажеттігін насихаттайды:

Кел, қазақ, надандықпен қоштасалық,  
Қайрылмас қанша айтқанмен кеткен заман.  
Қатардан қалыспасқа қам етелік,  
Қалмасын кейінгі жас тіпті надан.

Жастарды жасөспірім, жаңа талап,  
Сақталық бұл адасқан беттен аман.  
Үйреніп өнер-білім өрге жүзіп,  
Сау қалсын, саналы жас дерттен аман [47, 14 б.].

Ақын өлеңдерінде сол замандағы өз құлқынының қамынан әрі аса алмағын би-болыстар, қожа-ишан, молдалар да ащы сынға алынады. "Қатар-құрбы қазақ жастарына" атты өлеңде паракор би-болыстардың іс-әрекеттері әшкереленіп, сол заманның қоғамдық картинасы суреттеледі. Ақын:

...Жас сері, енді сенің сенерің кім,  
Бар болса айтшы маған түсі барын.  
Байларға малы бар деп сенемісің,

Отырған үнем қылып іші-қарын.

Басшы қып біздің халық бас иіп тұр,  
Қасқырдай қарыс азу тісі барын.  
Пара алып би-болыстар бөліп жатыр,  
Бұрмалап бұзықтардың дау мен шарын.

Халық үшін қаны қызып қайғыра ма,  
Таласқан дауға түсіп сатып арын.  
Ерік бер ескілерге жата берсін,  
Қожа, ишан қолына алып молдаларын, –

дей келіп, қазақ жастарын қазақ қоғамындағы паракор би-болыстар мен кертартпа, ескішіл қожа-молдалар сияқты "бітеу жараны" сылып тастауға шақырып, қазақ жастарының біріге қимылдап, халықтың халін, жұрттың қамын ойлауға насихаттайды:

...Тақырып халықтың халін, жұрттың қамын,  
Талапты ойла өткір туғандарың.  
Халық үшін ойдағы мен бойдағыны,  
Жұмсалық құрастырып қолда барын, –

дей келіп, жастарды:

...Сералин, Байтұрсынов, Дулатовтың,  
Жаны ашып, жазған әуел жұмбағын шеш [47, 15 б.], –

деп, Мұхамеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов сияқты Алаш арыстарының соңынан еріп, олар бастаған ұлы істерге көмек көрсетуге, жалғастыруға үндейді. Бір қарағанда жоғарыдағы мысал-үзінділерге қарап отырып, бұл өлең кеңестік идеологияның ықпалымен жазылған өлең деп ойлап қалуға болады. Себебі бұл өлеңде де сол кезеңдегі көптеген шығармалардағы сияқты жағымсыз кейіпкерлер – байлар, би-болыстар, қожа-молдалар. Бірақ олай емес. Автор бұл жерде кейбір құлқын қамын ойлаған байлар мен паракор би-болыстарды, кертартпа қожа-молдаларды айтып отыр. Әйтпесе Әлмұхаммед ақын өзі де дәулетті десе дәулетті, әрі діни білімді нағыз пірадар молда кісі болған.

### Сөз басы. Өзіме І тақырып

Ғазал жаз, Әлмұхамбет, қалам ұштап,  
Доғарма зехиніңді қараңғы ұстап.  
Паш айла пікіріңді баян етіп,  
Шықсын аш іштегі шер сыртқа тастап.

Үндемей отыруыңды өнер көрмей,  
Өзіңді тұтқын қылып өзің ұстап.  
Артыңы аз да болса бір сөз қалдыр,  
Көргендей кейінгі жас қолына ұстап.

Білемін талап етсең сөз табасың,  
Алыстан тартпасаң да терең нұсқап.  
Жоқ болса сауатыңда сөз самалы,  
Мен сені ұстар ма едім, сонша қыстап.

## II тақырып

Не түрлі танымсың, заманыңды,  
Өлшеп піш заманыңа ғаламыңды.  
Сыр ашпай, жасырынып бұққанменен,  
Білмей ме халық сенің жаманыңды.

“Айқаптың” журналына көмек көрсет,  
Қыстырып шашуға арнап шамалыңды,  
Ғасырдың сөз өлшеген сыншылары  
Байқасын жүйрік, яки шабаныңды.

## Қазағыма

### III тақырып

Қарашы, мынау хылқым, неткен заман,  
Көндіріп өз дегенін өткен заман.  
Көл жайлап, бие байлап, толықсыған,  
Дәуірі көшпендінің біткен заман.

Қармалып қараңғыда қазақ жатыр,  
Басқалар бар мақсатқа жеткен заман.  
Ішіп-жеп, басып-жаншып, пайдаланып,  
Теңдіксіз ұрып-соғып, кеткен заман.

Бір тиын пайдаға аспай бара жатыр,  
Ұрлықты зорлықпенен сөткен заман.  
Берілген басты адамдар партияға,  
Көрмесін еш біреуін серттен аман.

Құмары азаматтың ала қағаз.  
Сауы жоқ және ішімдік дерттен аман.  
Қараңғы надан елдің күні құрсын,  
Бұралқы қадірі жоқ иттен жаман.

Кел, қазақ, надандықтан қоштасалық,  
Қайырылмас қанша айтқанмен кеткен заман.  
Қатардан қалыспасқа қам етелік,  
Қалмасын кейінгі жас тіпті надан.

Жастарды жас өспірім, жаңа талап,  
Сақталық, бұл адасқан беттен аман.  
Үйреніп өнер-білім өрге жүзіп,  
Сау қалсын, саналы жас шеттен аман.

## Қатар-құрбы қазақ жастарына

### IV тақырып

Тындашы, Сіз де азамат, құрбыларым,  
Ұнаса мынау шаққан сізге зарым.  
Көшке ермес көп құрбыма қыстамаймын,  
Биті жоқ талағында туған жарым.

Тақырып халықтың халін, жұрттың қамын,  
Талапты өткір туғандарың.  
Халық үшін ойдағы мен бойдағыны,  
Жұмсалық құрастырып қолда барын.

Жас сері, енді сенің сенерің кім,  
Бар болса айтшы маған, түсі барын.  
Байларға малы бар деп сенемісің,  
Отырған үнем қылып іші-қарын.

Басшы ғып біздің халық бас иіп тұр,  
Қасқырдай қарыс азу тісі барын.  
Пара алып, би болыстар бөліп жатыр,  
Бұрмалап бұзықтардың дау мен шарын.

Халық үшін қаны қызып қайғыра ма,  
Таласқан шарға түсіп сатып арын.  
Ерік бер, ескілерге жата берсін,  
Қожа, ишан қолына ала молдаларын.

“Тоныңды битке өкпелеп отқа жақпа”,  
Деген сөз бар емес пе, туғандарым.

### **Өзіме айтқан тоқтау сөзім V тақырып**

Токта, сен Әлмұхамбет, тыңда кеңес,  
Не үшін? деп құр қарысып қылма егес.  
Асықпа, аса сөйлеп, әліңді біл,  
Осы сөз сенің сөйлер теңің емес.

Ойлашы, кім аяқтан қанағаттар,  
Тұрғанда қара саба, сырлы тегеш.  
Бұғалық, қайың құрық ілікпей тұр,  
Оларға қарағанда сен білтегіш.

Сералин, Байтұрсынов, Дулатовтың,  
Жаны ашып, жазған әуел жұмбағын шеш.  
Сөйлесек, солардан соң суырылып,  
Қалмассың болса өнерің сонда да кеш.

Тіліңді шалдар-шүлдір оқуыңмен,  
Білдім деп оны халыққа қылма сен пеш.  
Соқтықпай жүр бай менен би болысқа,  
Япыр-мау бар ма, сірә сенде ақыл-ес.

Сенікі ілім де емес, ғылым да емес,

Жігіттік желіктірген жиырма бес.  
Тоқта-тоқта!

### Жазушыдан соңғы сөз

Жазушы Әлмұхаммед Ғосманұлы,  
Тағдырға бойсынбақшы хақтың құлы.  
Қашаннан хақ жолында құрбан болмақ,  
Бұрынғы факилардың салған жолы.

Факилар жұмласынан болмасақ та,  
Наубетпен көріп тұрмын мен де мұны.  
Мухтасиф үш ауданға болдым рас,  
Жасқанып жасыра алман сірә да оны.

Ғылымның азды-көпті арқасында,  
Халқымнан қадір-құрмет көрдім шыны.  
Күңіренген көп тілегі арқасында,  
Он үш жыл өз жолыммен келдім соны.

Ырзамын әуелі алла һәм халқыма,  
Еншалла ұмытпасам керек мұны.  
Жалпыға жалпақ келген бұл бір нәубат,  
Демей-ақ жақсы-жаман, ұсақ-ірі.

Амал жоқ, әрине болса күтіп алдым,  
Ішінде осы көптің мен де бірі.  
Тауфиққа қайтып тауба ету үшін,  
Жіберген қинап хақтың бұл бір сыры.

Көрерміз, нәтижесін көппен бірге,  
Тысқары топырақтан болсақ тірі.  
Орынсыз кеттім-ау деп ойламаймын,  
Факирдің толығымен толған құны.

1911 жыл.

### Туған жер мен елге сәлем хат

Ассаламағалайкум, халық-қарындас!  
Қарт ата, қарт ана мен жеткіншек жас!  
Ат атап ешбіріңді айырмаймын,  
Сәлемім дін қарындас бәріне хас.

Ардақты амансыз ба, үлкен аға!  
Дұғакөй тілектес, шал, кемпір, ана.  
Барсыз ба бәріңіз де сау-саламат  
Кейінгі келін-кепшік, бала-шаға.

Ардақты аманбысың, асыл Отан!  
Түгел ме тегіс кәрі-жасың Отан.  
Мәз болып құр денеңе отырмысың,

Кеуденде бар ма бүтін басың, Отан.

Ардақты аманбысың, туған жерім!  
Жастықта сауық-сайран құрған жерім.  
Бесқопа, Торғай, Тосын сала бойы,  
Кірімді кіндік кесіп, жуған жерім.

Ардақты аманбысың, қайран елім!  
Сауығым, сала бойы сайран елім.  
Бір күнде әркім білген Бестау едің,  
Бұл күнде болып тұрсың, ойран елім.

Ардақты аманбысың, Алалы тау!  
Өлкейек бойындағы салалы тау.  
Анадай төсін ашып аймалаған,  
Алдыңда есігімнің Молалы тау.

Ардақты аманбысың, Жалғыз тауым!  
Секілді жеке өсіп-піскен қауын.  
Басына анда-санда бір шыққанда,  
Қандырып қайтушы едің көздің жауын.

Ардақты аманбысың, қыстау-сорлар!  
Айналған алабыңа мың сан қойлар.  
Қыр елі Сыр елімен қатар жайлап,  
Ас беріп, неше дүркін болған тойлар.

Ардақты аманбысың, құм-көлдерім!  
Жайлаған жаз жадырап көп елдерім..  
Ауданы алтыншы ауыл асыл Отан,  
Егінжай еркін жатқан сары белдерім.

Ардақты аманбысың, Үшқарасу!  
Көпшілік бар ма жиын бұрынғы ну?  
Медресе, мешіт және мектеп ашып,  
Орнатқан ордам едің, басына ту.

Шырақшы сайлап едік құту үшін,  
Мешітті тәрбиелеп тұту үшін.  
Жастарға тағылым беріп тәрбиелеп,  
Құлшылық бір аллаға ету үшін..

Жегіздің жемісінді дін оқылып,  
Күңіреніп жеті сайын жұма оқылып.  
Екі гайт тәулігіне меллаттойы,  
Тілекпен тараушы еді дұға қылып.

Басыңда бақыт құсың болған күнде,  
Төрт жағың құбыла боп тұрған күнде.  
Ырзалықпен шүкір-ана той етпеп пе едік,  
Он жылға камил жасың толған күнде.

Алып едік халықтың дұға-ихласын,  
Қожа-ишан ғалымдардың фатихасын.  
Илаһи ұзағынан сүйіндір деп,  
Төгіп ед көп халайық көздің жасын.

Бұл күнде бар ма, азаншы молдаларың,  
Жайнамаз, мінбар, таяқ, шалмаларың.  
Алдағы әрне болса аманатсып,  
Өзіңе-өзі қожа болсын жарық.

1929 жыл.

### Тұтқындардың I мұнажаты

Жаратқан жан бар күдірет,  
Жанабына бұл рет.  
Иәиллаһа, иллалло  
Кәлима айттым бір рет.

Пайғамбарым Мұхаммед.  
Күндіз-түні көп айттым  
Шафағат тілеп сан рет,  
Зікір, тәшфит жана да  
Гәллил айттым мың рет.

Біздің қазақ баласы,  
Жалпы қоғам данасы,  
Құдайға құл қашаннан,  
Хақ расулге шын үммет.

Шахит болсақ біздерге,  
Жақсылықты кәміл іздерге.  
Кәләм шарипте бер еді,  
Фарыз көп міндет.

Қадірін білмей дәулеттің,  
Бастағы бақыт, сәулеттің.  
Біздің қазақ білмеймін,  
Болдық па ғаси әлде шет.

Қалыңға түсіп қамалып,  
Қотырға шикан жамалып.  
Кездесіп тұр бұл кезде,  
Басымызға бір індет.

Емдейтін мұны табиб жоқ,  
Дұғасы қабыл хабиб жоқ.  
Шипасы мұның табылып,  
Шығар ма екен бұл індет.

Оңай қылсаң қиынды,  
Шешсең темір түйінді.

Қиын емес өзіңе,  
Шын шипа қыл зкүдірет.  
Шын көңілмен жылаймыз,  
Көздің жасын бұлаймыз.  
Болашақ қауіп-қатерден,  
Біз құлыңды халас ет. (Әмин).

### Тұтқындардың II мұнажаты

Ия, раббым, қабыл айла көздің жасын,  
Қалдырма қасіретте мүмін басын,  
Панданның гуна сұмдық фиғылынан  
Шулатып шұбыртқанын, кәрі-жасын.  
Тауфихқа қайтып енді тәубә еттік,  
Танисың бұл құлыңның ихласын.  
Сифатың қаламыңа ғафу раихт  
Еркінде бәрі өзіңнің не қыласың.  
Болған іс бізге мүшкіл өзіңе аян,  
Тау-тасты әмір етсең, құм қыласың.  
Қараңғы, қалың тұман қаптаса да,  
Нұр беріп, түнді раушан күн қыласың.  
Тамызсаң рахымыңның бір тамшысын,  
Дария шұқыр, шөлді көл қыласың.  
Тарыққан таппай тамшы біз бір құлың,  
Мархабат қашан енді бір қыласың.  
Бұйрықты уақыт сағат бар шығар деп,  
Күтеміз біз де хақтың рәдасын.

1929 жыл.

### Қоштасу

Хош Торғай, тоқсан сала туған жерім,  
Кірімді кіндік кесіп, жуған жерім.  
Сарыторғай, Сары Тосын сала бойы,  
Ардақты асыл отан, асқар белім.

Алысып балалықта асық ойнап,  
Жастықта сауық-сайран құрған жерім.  
Келгенше қырық жасқа жүз түрленіп,  
Аллаға белді мықтап бұған жерім.

Көз қимай, көңіл бармай, тілім келмей,  
Тұрса да қоштасамын, қайран елім.  
Сөз жазып ашық хатқа екі-үш ауыз,  
Шығардым жол үстінде іштің шерін.

Баршаңа дұғай сәлем артқы халық,  
Хастаймын дін-қарфындас жалпы халық.  
Керуен жол үстінде біз барамыз,  
Көзде – жас, ойда – уайым, көңіл – ғарып.



Болжаусыз бастағы бұл түскен тұман,  
Аяқтап ашылады қайда барып?  
Рахманның рахматынан үміт үзу,  
Пәндаға басы жұмыр емес лайық.

Ағытса әдіо өкімет ақтан шешіп,  
Қуаныш кірер кернеп, жүрек жарып.  
“Белгі жоқ өткен күнде” дегендей боп,  
Жетілер жем жегендей жетім, арық.  
Күңіренген еөп тілегі қабыл болсып,  
Илләһи алды-артымыз болсын жарық.

Науырызым, Батпаққара, Торғайменен,  
Қарсақпай қашығырақ қалдың менен.  
Ежелден Ырғыз елі ата көршім,  
Шегініп кейін тұрсын, сен де менен.  
Бұл нешік, тілек қабыл болмады ма,  
Махрұм болдың халқым, мұнша неден?

Мен бұған жәбірленіп, жатырқаман,  
Бұл мирас бұрын көрген бабам Шеген.  
Оралған олар-дағы ордасына,  
Байтұрсын Сібір кетіп Астаспенен.

Үміт көп әуелі алла өкіметтен,  
Нақақтан күйдірмес деп тіпті неден.  
Хайыр хош, тілектес боп тұрыңыздар,  
Тар соқпақ, тайғақ кешу бқл бір кезең.

Майқарау, Шұбалаң мен ескі Тосын,  
Науырызым екішекті мекен, қосым.  
Қарсақпай ауданынан бес махалла,  
Нақия қолдан ашқан нағыз досым.

Елу төрт дін ұясы мешіттерім,  
Күңіренген азанменен көңіл хошым.  
Мухаззин – мұнарада, мінберде – имам,  
Әрқашан сіздерменен ақыл, күшім.  
Мұнажат мұнды мақам мұң-зарларын,  
Илләһи ғаршыға асып махбұл болсын.

\* \* \*

Өкімет қамқор ата, халық баласы,  
Еңбекші, кедей, батрақ нақ баласы.  
Бай, кулак, атқа мінер, құйыршық деп,  
Ат қою саясаттың тап қарасы.  
Қыран көз қырын салып қарағанда,  
Табылар олардың да тап-тазасы.  
Үміт көп, өкіметтен шешер деген,  
Ашылып алдағы істің ақ-қарасы.

## Жол үстіндегі мүнәжат

Я, раббым, қабыл айла көздің жасын,  
Қалдырма қасіретте мұһмүн басын.  
Пәнданың..... пиғылынан  
Шулатып шұбыртқаның кәрі-жасын.  
Тәупыққа қайтып енді тәуба еттік,  
Танысын біз құлының ықыласын.  
Сифатын қаламында зафурахам  
Еркінде бәрі өзіңнің неғыласың.

Болған іс бізге мүшкіл өзіңе аян,  
Тау-тасты әмір етсең күл қыласың.  
Қараңғы қалың тұман қаптасаң да,  
Нұр беріп түнді раушан күн қыласың.  
Тамызсаң рахымыңнан бір тамшы су,  
Дария шұқыр шөлді көл қыласың.  
Тарыққан таппай тамшы біз бір ғаріп,  
Мархаббат қашан енді бір қыласың.  
Бұйрықты уақыт сағат бар шығар деп,  
Күтеміз біз де хақтың радасын.

Қаптаған қара бұлт аспандағы,  
Түнеріп қабағыңды жапсаңдағы,  
Сен-дағы биік тауға бір шөгерсің,  
Мағрип пен марихқа ассаңдағы.  
Сабаңа сен де қайтып бір құярсың,  
Тау-тасты талқан етіп тассаңдағы.

Бәйтерек жапандағы зәулім биік,  
Бағынған орман, ағаш басын иіп.  
Сен-дағы бір күн жанып күл боларсың,  
Кетсе егер бір шырпың басы тиіп.

Асқар тау тайталасқан аспанменен,  
Оранған кеудеңе асыл тастарменен.  
Сен дағы бір күн шөгіп жер боларсың,  
Басқаны салмағыңмен басқанменен.

## Сұм дүние

Сұм дүние, сырғақтаған сынаптайсың,  
Секілді сұлу тазы бұлғақтайсың.  
Талайды тасқа соғып, жарға жығып,  
Енді сен қайда барып тұрақтайсың.

Сұм дүния, сырғақтаған сен бір сынап,  
Аз уақыт мен де сені көрдім сынап.  
Еліріп есі кетіп жүогендердің,  
Жұртында қалғаны көп улап-шулап.

Сұм дүния, сен бір сынап сырғақтаған,

Секілді сұлу тазы сылақтаған.  
Әр көштің артына еріп бір кетесің,  
Опалы ісің бар ма тұрақтаған.

Сұм дүния, мұнша опасыз болдың неге?  
Басына тақыр таздың қондың неге?  
Бәлеге құлақ естіп, көз көрмеген,  
Айтқандай Асан ата болдың неге?

Сұм дүния, болдың неге мұнша жалған,  
Жүргіздің жұмысыңды ойына алған.  
Қанішер, қаныпезер, қанағатсыз,  
Жауыздық бар ма, сірә сенен қалған?

1930 ж.

### Өлеңшілерге өлшеу сын

Азамат домбыра алып бастаса той,  
Жадырап жаз болғандай жасылсын ой.  
Тыңдауға түсінікті, тәтті келіп,  
Шымырлап жүрек жылып, балқысын бой.

Өлең-жыр, ән мен күй ел сауығы,  
Қазақтан ата мирас, ен сауығы.  
Домбыра екі шекті, бір тиекті,  
Құралы өлең-жырдың күй сауығы.

Оң қолың ор текедей тұрсын ойнап,  
Бес саусақ пернесінде басын бойлап.  
Нақышы түрлі күйдің түрлендіріп,  
Келісіп келгендей-ақ кеннен ойлап.

Қаралдың қарап тұрсын қалыбында,  
Сайраған сауығындай сауығында.  
.....  
Көмекей тіл оралып жаныбында.

Қисаңдап дене орнынан қозғалмасын,  
Қызыл жүз қалыбынан ло жанбасын.  
Жалтақтап жан-жағына жәудіреп көз,  
Қыңырайып бас бір жақта ол қалмасын.

Өлшеусіз ұран-айқай – ол ұят қой,  
Жұлыну жын қаққандай, мол ұят қой.  
Азамат әнге салсаң, әдеппен сал,  
Ұрыну оң мен солға ол ұят қой.  
Азамат, домбыра алсаң “айт дегізбе”,  
Құлағын бұрай бермей, “тарт” дегізбе.  
Тарихын әр сөзіңнің айтып отыр,  
Бұл бізге кімнің “жат” дегізбе.

Азамат, өлең айтсаң, әннен аттап,  
Тыңдаушы қалсын десең, қанағаттап.  
Мазмұнын, кімнің сөзі не туралы,  
Баян ет, бастан мұны ұқсын жаттап.

Өндерің атын ата, айтпай тұрып,  
Күйлердің тегін сөйле, тартпай тұрып.  
Тыңдаса, сонда айтыңдар халық сүйініп,  
Ұғынса ықыласы қайтпай тұрып.

Салғанмен ұран айтқан құр сабалап,  
Болмай ма тілін жауыр, ернің жалақ.  
Айтушы тыңдаушы мен надан келсе,  
Дағдысы “пәлі” демек ежелден-ақ.

Болмайды өлең айтқан оныменен,  
Өзінің өлшегенде жолыменен.  
Айтқанмен құр айқайдың бәрі ән болмас,  
Шықпаса шығанақтап тоныменен.

Өлең-жыр, мұң-мүнәжат, ән менен күй,  
Бұларды сүйсең жан һәм тәнменен сүй.  
Қазақтың әдебиет, тіл байлығын,  
Тарихтан жоғалтпасқа қанменен сүй.

### **Қостанай түрмесінде отырған қазақ жастарының өлеңі**

Дариға, еркін жүрген елдер қайда?  
Біз мұнда, жан-жолдастар, ерлер қайда?  
Сарғайып, сар даланы сағынамыз,  
Хат келмей, тым болмаса екі-үш айда.

Ел қайда дегендерге ел орнында,  
Елді ойлау лайық емес бұл орнында.  
Болаттай болған іске болу керек,  
Көз көріп, тұр ғой істің не зорын да.

Ел қайда, дегендерге, ел қоныста,  
Барамыз біз де бір күн ол қонысқа.  
Салалық сауық әнге сыңғырлатып,  
Ұнатып отырған көп бірін ұста.

Салалық сал Мұхиттың “Айдайына”,  
Көсем ат Көкшетаудың айдауына.  
Әніне Ақан Сері, Біржан Салдың,  
Қапаста “Қараторғай” сайрауына.

Салалық Зілғараның “Жиырма бесін”,  
Уа, пәлі, тыңдаушылар кәні десін.  
Көкшетау, Сібір, Семей, Қыр мен Сырдың,  
Сауықсың салатұғын желдірмесін.

Салалық Орта жүздің айқайына,  
Ажарлы болмаса да байқауына.  
Ұраның ұлтымыздың ұрлаймыз ба?  
Басқаның бәсеке бас шайқауына.

Айталық әуелі арғын әнін бастап,  
Ат қойып, айдар тағып, атыластап.  
Сыналық сыр-сымбатын сынға салып,  
Кетпелік керексіз деп кейін тастап.

Екінші шөмекейдің шұбыртпасын,  
Ыңыранған ырғағы мен құбылтпасын.  
Сұлу ән, мұнды дыбыс, жүрек жылтып,  
Тартатын табиғаттың жыр-ынтасын.

Әр елдің ән-күйі бар өзі салған,  
Табылған табиғаттың тұрмысынан.  
Пернесі домбыраның бір түр емес,  
Белгілі басқалығы мінеу сыннан.

Айырсын ән құмарлар әділдікпен,  
Аңдамас алаңғасар әңгілікпен.  
Ән мен күй шығар сауық шат көңілден,  
Жыр толғау, мұң-мүнәжат қасіреттен.

Қай түрін бұл әндердің айт дейсіздер,  
Көп күйдің қайсыбірін тарт дейсіздер.  
Әлеумет бәрімен де базар етсек,  
Қалайша жоқты бізге тап дейсіздер.

1931 жыл.

### **Ақ түрмеде бірге отырған азаматтарға жұбату**

Болыңыз болған іске болаттай-ақ,  
Бостықты бойға жуық жолатпай-ақ.  
Қайғы ойлап, қасірет шегіп, қажымандар,  
Шіріген шырғай құсап құлатпай-ақ.  
Күн санап көндігіңіз, гүл-гүл жайнап,  
Пірлерден болған жәрдем қуаттай-ақ.  
Шыдаңыз, шын жібектей ширатылып,  
Бұйыға мінген байлап құр аттай-ақ.  
Сыр бермей, сергелдеңді сайран етіп,  
Өтіңіз, сар өткелден сынатпай-ақ.  
Болыңыз, әрқашанда ауызға ие,  
Қылышқа қидырмаған қынаптай-ақ.  
Артылып ацысарлық болса ақыл,  
Беріңіз бір-біріңе сұратпай-ақ.  
Жолдасты жақсы сөзбен жұбатыңыз,  
Көпке ортақ қолдан ойған суаттай-ақ.  
Жылы жүз, жұмсақ сөзді болыңыздар,

Түндіктен түскен жазғы шуақтай-ақ.  
Жөн сөйлеп, жолдастарға жол сілтеңіз,  
Қандырған шөл мейірін жол сілтеңіз,  
Жүрмеңіз жамандыққа үйір болып,  
Өткізіңіз ол мінезді ұнатпай-ақ.  
Борышы ақсақалдың адамшылық,  
Құлпырып көңіл бөлу жанаттай-ақ.  
Ар-ұят, әдеп-әр кез азаматқа,  
Жарасар жаңа таққан манаттай-ақ.  
Жастарға жарасатын жақсы мінез,  
Өтімді өткір болу сынаптай-ақ.  
Бүгін бар, ертең жоқ боп туған заман,  
Сыйлаңыз бір-біріңді қонақтай-ақ.  
Біреу кеш, біреу ерте, біреу түсте,  
Ширеттен өтіп жатыр санатпай-ақ.  
Алдағы жақсылардың жол жобасы,  
Көрініп тұрған жоқ па сораптай-ақ.  
Досқа – күлкі, дұшпанға – таба болып,  
Уайым ойламаңыз, олақтай-ақ.

1931 ж.

## **Кел қолым, қалам ұста, қылып ермек**

### **I тарау**

Кел, қолым, қалам ұста, қылып ермек,  
Пұрсатың бар тұрғанда, сынбай шөлмек.  
Қалаулы халық ақыны болмасаң да,  
Қалсайшы қаламыңды сен де сермеп.  
Маржан тақ мәдениет майданына,  
Мазмұнды мысалдардан салып өрнек.  
Білгендер маржан, білместер арзан десіп,  
Қиыннан қиыстырып қияға өрлеп.  
Елудің шығып тұрсың екісіне,  
Елу жыл енді саған жоқ қой жүрмек.  
Із қалдыр аз да болса арт жағыңа,  
Тумақ хақ және де рас, туған өлмек.  
Заңы жоқ табиғатың, оны да ойла,  
Қалды деп артымда арман қайтып келмек.  
Ғафылдық соның үшін ұнамайды,  
Болған соң, шам-шырағың бір күн сөнбек.  
Алдыңда тоқсан төртте Жамбыл атаң,  
Өлеңмен беріп отыр әлемге өрнек.  
Көргенде Сталиндей көсем ерді,  
Көңіліңе шаттық еніп, кеткен кернеп.  
Қажымас қайран ерге тең таба алмай,  
Әлемнен тапса кейін болған бермек.  
Тоқтатқан сөз аяғын соныменен,

Кетіліп, кемімейтін, кемеңгер деп.  
Үлгі алып, сол Жәкеңнен өлең жазсақ,  
Кім айтар дейсің саған кейін тұр деп.  
Азамат, сөз тыңдаған арттағы іні,  
Сіздерге бір ермегім мынау бермек.  
“Жақсы сөз – жан азығы” деген нақыл,  
Ұнаса, аларсындар, аздап өрнек.  
Жобасыз құр өлеңнің жөні осы деп,  
Талабым, жоқты-барды емес термек.  
“Айтады дос жылатып” дегенде бар,  
кей сөзім, кейімеңдер, болса кермек.  
Шын мақсат, тіршілікте, шырақтарым,  
Үйреніп өнер-білім, өрге жүзбек.  
Түзетіп мінез-құлық, тұрмысыңды,  
Бір уақыт шын дос – жармен ойнап күлмек.  
Халық үшін болсын қылған қызметің,  
Іңкәрің, еңбекші елге көмек бермек.  
Мансапқор, жалақорлық жолменен,  
Жігітке өнер емес, өсек термек.  
Құрбыңның сайла жолдас қымбатынан,  
Басына не күн туса, бірге көрмек.  
Құрбыңның алсаң жолдас арзанынан,  
Басыңды бір пәлеге байлап бермек.  
Жұпардың жақпасаңғ да исі жақсы,  
Қарамай, жуып кетсең ол бүлдірмек.  
Мысалы, жақсы-жаман сол секілді,  
Олар да өз кәдесін тез білдірмек.  
Жақсы кім?-Ол аяулы, әдепті адам,  
Айырып мұның парқын білмек керек.  
Жаман кім?-Тәрбиесіз ол бір надан.  
Секілді қисық-қыңыр, өскен терек.  
Алды-артын ой жіберіп, абайламас,  
Белгісі надандықтың көппен дүрмек.  
Ақылмен қорытынды айтатұғын,  
Өрқашан, абыроймен жүрмек керек.  
Ары бар, ұяты бар азаматтың,  
Жолында жолдас болып өлмек керек.

## II тарау

Жастарға, жаңа талап екіні ермек,  
Талабым болды менің тағы бермек.  
Беретін бұл ермегім менің мынау,  
Борышы, білімпаздық-сынап көрмек.  
Бұл күнде жолдастықтың жолы арзан,  
Бар шарты-шақырысып арақ бермек.  
Бермесең, мас болғанша, өкпелейді,  
Қонаққа көңілі жоқ деп тамақ бермек.  
Мас қылсаң тура өзінді тепкілейді,  
Алғыс айту орнына азап бермек.  
Қонағың құрметтеген қас болады,  
Шақырып нендей мақсат шарап бермек.

Бір бастап ішкеннен соң қоюға жоқ,  
Кәдесі ішкіліктің құя бермек.  
Біріннің аузынан бірі сүйіп,  
Қосылып екеу-екеу жырлап бермек.  
Арт жағы – айқай-ұйқай, ал төбелес,  
Алған соң, ақылын ішіп, әбден жерлеп.  
Қайталап, қайдағы мен жайдағыны,  
Шығарар іштегісін, жүрген шерлеп.  
Қиратып шәй әбзелі, кесе-аяғын,  
Шығады терезеге одан да өрлеп.  
Шулатып қатын-бала, кемпір-шалын,  
Кетеді көрместей боп досын жерлеп.  
Белгілі азғындықтың бұл белгісі,  
Шын білім, емес бұған еш жол бермек.  
Біреулер күліп тыңдар, біреу-жылап,  
Ұялып, өз-өзінен, маңдай терлеп.  
Кеудесін кей мырзаның кім біледі,  
Отыр ма, осы кезде ашу кернеп.  
Аз емес, осы арақтың олжасы да,  
Жамандап, жібермелік онша жерлеп.  
Олжасын, ортаңызға, мен салайын,  
Азамат, араққұмар, ал бір-бірлеп:

### **Ішкіліктің олжасы**

Бірінші – ішкен соң бір пайдасы, бай қылады,  
Көңілді хошландырып жай қылады,  
Және де сөйлер сөзге сүрінбейтін,  
Ерлікке, билікке де сай қылады.  
Екінші – ерегеске екіленіп,  
Бетіне жан қарамастай қылады.  
Үшінші - өзін асқар тауға теңеп,  
Өзгені жырақана сай қылады.  
Төртінші – төбелеске төсін ашып,  
Таяқ жеп, басын-көзін қан қылады.  
Бесінші – бересіге белшесінен,  
Батырап, өмірде оңбастай қылады.  
Алтыншы - әлін алып әлсіретіп,  
Үйіңе әрең барғандай қылады.  
Жетінші – жетелесең, жөнге жүрмей,  
Орнына құсып-тышып, лай қылады.  
Сегізінші – сексендегі шал болса да,  
Ішкен соң жас бозбаладай қылады.  
Тоғызыншы – тоқсан келіп тұрса-дағы,  
Терлетіп тіпті, тоңбастай қылады.  
Оныншы – олжасының өнімі көп,  
Сан жетіп, санап болмастай қылады.  
Дос бола жүріп, алдап, арақ беріп,  
Орнынан досын тұрмастай қылады.  
Орындап ойына алған жамандығын,  
Артына бір қарамастай қылады.



Сондықтан ақылыңды ішпе десең,  
Азамат, араққұмар шам қылады.  
Отырып ат басында өлмелі шал,  
Осының бәрін көріп қайғырады.  
Дегенмен ол дауасыз дерт болған соң,  
Қайғырып шал бишара не қылады?

### III тарау

Жайылды арақ ауыл арасында,  
Қазақтың ішпейтін аз баласында.  
Маскүнем, бірлі-жарлы пьяншікті,  
Көруші-ек бұрын орыс қаласында,  
Бұл күнде, ішіп-құсып есіргенді,  
Көресің әр ауылдың қорасында.  
Жатқаны от басында ойран салып,  
Шулатып, қатыны мен баласын да.  
Бара алмай маскүнемнің маңайына,  
Көз көріп, қайран қалып тұрасың да.  
Алған соң ақылын ішіп, ақымақ болып,  
Сыйламас атасы мен анасын да.  
Қалаға қай жердегі қазақ барса,  
Сылдырап шыны жүред шанасында.  
Жатқаны жанжалдасып, жағаласып,  
Көшеде, пивнойдың даласында.  
Жанына жаның ашып, жақын барсаң,  
Бәлеге құтылмастай қаласың да.  
Кетуге және тастап, жаның қимай,  
Шанаң салып басып, аласың да.  
Алысып, арпалысып, түсе қашып,  
Жол үсті, кең сахара даласында.  
У жеген, қара басып, қасқырдай ғып,  
Сұлатып, үйіңе әкеп саласың да.  
Азамат ұйықтап тұрып, есін жиып,  
Базардан алып келген базарлық деп.  
Сыйлайды үйдегі ата-анасына,  
Ұнатпай кемпір мен шал отырса да.  
Айта алмас, “әрі кет”- деп баласына,  
“Қоймаған ескі салтын, діншіл” деген,  
қорқады қалам ба деп жаласына.  
Кейбір шал ар-ұяттан әбден безген,  
Жастардың кіріп кеткен арасына.  
“Алалық, ал ақсақал, көтер!” десе,  
Демейді: “Обалыма қаласың ба?”.  
Балалрға өзі бастап бергеннен соң,  
Сілтейді сиғанынша қанасына.  
Алған соң ақылын ішіп ақсақалың,  
Не қылсын ар-ұятын, санасын да.  
“Кел, қатын, төсек салшы”, - деген бір шал,  
Бойжеткен, өзінің қыз баласына.  
Соны айтқан келініне және бір шал,  
Сірәдә, көз көрмесе, нанасың ба?

Аз емес, әзіл айтқан азамат та,  
Өзінің “әйелім”- деп анасына.  
Осының бәрі арақтың әрекеті,  
Кел, қарттар, құмарлықты қоясың ба?  
Әлеумет, менің ат-тон айыбым бар,  
Осының болса өтірік арасында.

1938 ж.

***НҰРХАН АХМЕТБЕКОВ***  
***(1903-1964)***

Торғай ақындарының ішінде шығармаларының жарық көруі жағынан да, зерттелуі жағынан да басқаларына қарағанда "айы оңынан туған" ақын – Нұрхан Ахметбеков. Оның жырлары кезінде одақтық көлемде тарайтын басылымдарда да жарияланған. 1958 жылы желтоқсан айында Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан республика мәдениет қайраткерлерінің арасында ерекше көзге түскен Нұрханның "Бастаушымыз партия" өлеңі Павел Дружининнің аударуымен "Известия" газетінің 1958 жылғы 12 желтоқсанындағы санында жарияланды. Осы жылдың 14 желтоқсан күнгі санында Кеңестер Одағының бас газеті "Правда": "Мәскеу жұртшылығы Қазақстанның халық ақыны Н. Ахметбековті жылы қабылдады," – деп жазды. Ал, "Литературная газета" 18 желтоқсанындағы санында Нұрханның қазақы бешпент пен дөңгелек бөрік киіп, домбыра

тартып, жыр толғап тұрған шабытты шағында түскен суретін басып, суреттің тұсына былай деп түсініктеме берген: "Қазақстанда ақын Нұрхан Ахметбековтің әнін естімеген, дастандарын оқымаған адам жоқ шығар..."

Шығармаларының зерттелуі жағынан да Нұрхан ақынның "жұлдызы жанды". "Қазақ әдебиетінің тарихы" атты еңбектің I томының 2-кітабында қазақ халық поэзиясы алыптары Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақовтармен қатар Нұрхан өмірі мен шығармашылығына жеке тарау арналған. Осы еңбектің "Қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихы", "Қазақ совет фольклорының даму жолдары", "Фольклор және әдебиет", "Ақын, жырау, жыршылар", "Жанрлар" бөлімінің "Айтыс", "Халықтық дастандар", "Ақындық толғаулар" атты тарауларында Нұрханның кеңес дәуірінде қазақ халық поэзиясын дамытуға қосқан үлесі жоғары бағаланып, оның шығармашылығы туралы құнды пікірлер айтылған [70, 93 б.].

Ақынның шығармашылығынан Сапабек Әсіпов кандидаттық диссертация қорғап, "Топжарған" атты монография жазды. Ардақ Абдуллина "Нұрхан Ахметбековтің әдеби мұрасы" атты зерттеу еңбегін арнады. Бұлардан басқа да толып жатқан зерттеу мақалалары мен очерктер мерзімді жазылып, баспасөз беттерінде жарияланды.

"Қазақ әдебиетінің тарихы" атты еңбектің II томының 2- кітабындағы "1916 жыл туралы поэзия" атты бөлімде 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісті тақырып еткен халықтық поэзияда Нұрхан шығармашылығы көрнекті орын алатындығы айтылады. Ақынның "Амангелді дастаны" поэмасы осы тақырып төңірегінде туған шығармалардың ішіндегі ең тәуірі деп бағаланады. Ақын осы поэмасы арқылы халық ауыз әдебиетінің жақсы дәстүрлерін творчестволықпен дамыта отырып, жазба әдебиетке тән кейбір сипаттарды игере білгендігін танытты [70, 95 б.].

Нұрхан Ахметбеков 1936 жылы "Үрпек соғысы" дастанын жазады. Бұл дастанда Ұлт-азаттық қозғалыс, оның көсемі Амангелді жырланады. Арада шамалы уақыт өткенде "Июнь жарлығы" дастаны дүниеге келеді. Кейіннен екі дастанның басын қосып автор "Амангелді дастаны" атты көлемді поэмаға айналдырған. Поэманың бірінші кітабы 1951 жылы басылып шықты. Редакторы – Қасым Аманжолов. Екінші кітабы 1962 жылы "Амангелді" деген атпен жарияланды.

Бұл дастанның алғашқы бөлімі сюжеті жағынан Омар Шипиннің дастанымен желілес. Мұнда да дастан Амангелдінің Таутабай байдың жалшысы болған бала кезіндегі жайттар – кедейлік, жалшылық өмірі, байдан көрген қорлықтары, қорлыққа шыдамаған байдың жалшылары Амантай (Амангелді), Қанатбай, Әлжан, Қияқбай, Бекеттердің Таутабайдан кек қайыруы секілді оқиғалардан бастау алады. Амангелді қасына қырық жігіт ертіп Таутабайдың ауылын шабады. Осыдан кейін Таутабай әртүрлі жала жауып Амангелдіні ұстатып, түрмеге жаптырады. Оқиға одан әрі Амангелдінің түрмеде орыс досы Токаревпен кездесуі, оларды Сібірге айдалып бара жатқанда Нарымбет жігіттерінің босатып алуы, Амангелдінің достары – Әкімбек, Омар, Бекеттердің істі болып, сотталуы, оларды құтқару үшін Амангелдінің Петерборға баруы, онда Таранмен кездесіп, Ресейде болғалы жатқан төңкерістен хабардар болуы сияқты сюжеттермен өрбіп отырады.

Дастанның келесі бөлімінде патша жарлығының шығуы, елдің наразылығы, Амангелдінің қол жинап, оларды әскери тәртіпке үйретіп, жүзбасы, мыңбасыларды жасақтауы туралы айтылады. Амангелді сарбаздарының көтеріліске шығып Торғай қаласын басып алуымен бірінші бөлім аяқталады. Дастанда батырдың азаттық жолындағы сенімді серіктері Қияқбай, Нарымбет, Қанатбай, Әкімбек, Алдаш сынды ерлердің ерлік істері де оқиға барысында шебер суреттеліп отырады.

Поэманы осы тақырыпта жазылған Омар Шипин, Сәт Есенбаев дастандарынан ерекшелейтін эпизодтар – Амангелдінің Әліби Жангелдинмен кездесуі, Амангелді мен Балымның арасындағы махаббат хикаялары, Амангелді, Әбдіғапар, Қанапиялардың Орынбордағы Алаш съездіне қатынасуы, онда Әлихан Бөкейхановтың басшылыққа сайлануы сияқты сюжеттер. Дастан Торғайдағы Уақытша өкіметті құлату үшін болған ұрыста Амангелдінің мерт болуымен аяқталады.

Поэмада Әбдіғапар, Кейкілердің бейнесі солғын көрсетіледі. Дей тұрсақ та, оқиғаларының шебер өрілуімен, тілі мен көркемдігі жағынан Нұрхан Ахметбековтің бұл поэмасы осы тақырыптағы көп шығармалардан оқ бойы озық тұрған туынды.

Нұрхан соңғы поэмасында күшті ақындық талантымен Амангелді образын түйіндеп беруге батыл қадам жасаған. Нұрхан жазба ақындарға тән сипатпен дастанды Амангелді бейнесін уақиғаны дамытып айту жағынан да, ішкі сезімді, сыртқы өмір, табиғат көрінісін суреттеу жағынан да шебер жырлаған [1, 263 б.].

Қалайда "Амангелді дастаны" халықтық поэзияның асқақ артықшылықтарын кеңінен пайдала отырып, көркем жазылған желілі арнасы бар, бейнелері шебер сомдалған туынды [72, 43 б.].

## ӨЛЕҢДЕР

### ТОРҒАЙДАН СӘЛЕМ

Алқалы топқа келгенде  
Ақын әр кез толғайды,  
Топтан озған өрендер  
Кұттықтап сізді жырлайды.  
Алдарыңа келгенде  
Айтпасам бір сөз болмайды,  
Махаббатты бір қиял  
Көкірегімді қорғайды.  
Бүрлеуі жоқ сары алтын  
Сапырып судай шашсаң да  
Бағасы кетіп тозбайды.  
Әділетті заманда  
Ай төбеден орнайды.  
Бақыт деген бір менмен  
Еңбексізге еңкейіп  
Сірә де мойын бұрмайды.  
Құрметі үшін халқымның  
Мадақтайын азырақ  
Сонау бір жатқан Торғайды,  
Торғайда жатқан туғандар,  
Сіздерге сәлем жолдайды.

Торғайдың тұнық балынан  
Талайлар сусын қандырған,  
Алтынды сұлу беліне  
Әркімдер атын шалдырған.  
Бұл заманның шағында,  
Сандуғаш сайрап бағында  
Бақыттың шамын жандырған,  
Көркін айтсам мадақтап  
Көргендей жұртты таң қылған,  
Алпыс сала сағалап  
Жағалай мекен салдырған.  
Жарында жалбыз аңқыған,  
Суында балдай балдырған.

Қошалақ пенен Тосынның

Қоңыр бұйрат құмы бар,  
Жапырағынан бал тамған  
Мұнар тартқан нұры бар,  
Көдесі мақпал түгіндей,  
Көсіліп жатқан белі бар,  
Бел астында кені бар  
Шортаны атан түйедей,  
Ақ балығы биедей,  
Айдында шалқар көлі бар.  
Еңсесін созған аспанға  
Арқасын күнге төсеген  
Ақиректің шыңы бар.  
Теріс аққан Тегене  
Құзды айналып бұрылар  
Қаракұмның бойында  
Айрықша суы, желі бар.  
Күздікүні болғанда  
Отарлап малым жайылар.  
Қаңтарда көлге қаз қонып,  
Отынсыз бетің жылынар,  
Аққұм менен Жыланшық  
Жер шұрайы соны бар,  
Күнде көшіп күздікке  
Қонған сайын тынығар.  
Таңы қулап тайлақтың  
Мойны түлеп бойдақтың,  
Арқандаулы арданың  
Құндыздай түгі құбылар,  
Албарбөгет бөгеті  
Асқар таудың орындай,  
Қазыбай мен Шәкіртам  
Арыстанбайдың желіндей.  
Адам айтса нанғысыз,  
Табиғаттың тегіндей,  
Ат шаптырым бөгетті,  
Азамат соққан өрінбей.  
Көк долы жойқын асау су  
Қайтсін мұнан шегінбей?  
Алас ұрған тасқын сел,  
Айналып келіп бас иді,  
Ұялшақ бір жас келіндей

Тегін суды жетектеп,  
Суарды сансыз егісті,  
Қыс қыстаулық, жаз жайлау  
Кеңейтіп кетті өрісті.  
Бестамақтың бойында,  
Белден бал төгіп шықтаған,  
Ондағы біткен өрім тал  
Оралға да шықпаған.  
Майғарау менен Шұбалаң  
Нуында малым ықтаған,

Сужарғаның қамысын  
Сүйкеніп сиыр жықпаған,

Қоңыраулы менен Сарықопа  
Сарқырай өзен аққан жер.  
Қызбелдің сұлу белінен  
Дәннен моншақ таққан жер,  
Текенің бойын бөгдерлеп,  
Үйірлі құлан жортқан жер.  
Адамға жаннат, малға жай  
Іздегенін тапқан жер.

Өлкейек пенен Қабырға  
Өндірістің анасы,  
Малға толды ыңырсып,  
Бестаудың мамық даласы  
Сарқырап аққан салаға,  
Төсінде бұлақ мамасы.  
Мекендеген колхоздың  
Қырықтан артық шамасы.

Мал суарды колхозым  
Қаянды менен Милыдан.  
Облыста колхоз озбайды,  
Аманкелді, Шиліден.  
Шұбалаң мен Тамқамыс,  
Өткізді бастан сан жарыс  
Түйемойнақ, Тосыннан,  
Шығарды жұртқа зор дабыс,  
Атағы шыққан «Шөмішкөл»,  
Айналы суы жеміс көл,  
Кешегі соғыс кезінде  
Атанып еді жеңіс көл.

Біраз ғана элеумет  
Мадақтадым жерлерді,  
Жер иесі елдерді,  
Ел бастаған ерлерді,  
Көк алалы көп жылқы  
Күмпілдетіп көлдерді,  
Ақтылы қой алқапта,  
Қайырусыз желге өрді,  
Ен даласы егістің  
Кемімейтін кен болды,  
Москваға жазған хат,  
Жанға медеу дем берді.  
Бір топ қолдың жұмысын,  
Бір-бір кісі меңгерді,  
Сәлем айтып сіздерге  
Уағдасына қол берді.  
Социалды жарыста,  
Жетуге үлкен табысқа,

Сәлем айтып жалынды  
Шақырады сендерді.

## АБАЙ

Терең сөздің ұстасы, тілдің кені,  
Ақылымен кең шолған дүниені.  
Ақындардың ақыны - асқақ Абай.  
Бұл қазақта болған жоқ оның теңі.

Ақын мініп кең ойдың кемесіне.  
Жырды ескек қып толқынның дөңесіне,  
Шығарам деп шындыққа сүйреді елін,  
Өмірдің бір шұғылалы белесіне.

Оның сөзі жүректің кілтін шешпек,  
Алғандай-ақ күміс пен алтынды екшеп.  
Абай құлаш сермеді асқар шынға,  
Ұлағатты орыстың салтын көксеп.

Аңсады әділдікті арман етті.  
Зар илеп залымдықты қарғап өтті.  
Сермеді асыл сөздің ақ семсерін,  
Жібермей тайталаста жауға кекті.

Көкседі ердің ғылым меңгергенін,  
Біліммен елдің жұртпен тең келгенін.  
Зорлық пен зомбылыққа балта шауып,  
Түйреді санасыздың сенделгенін.

Ол айтты: шаттық тұрмыс - еңбекте деп,  
Жаңбырмен жер, еңбекпен ер көгермек.  
Емірене ел үшін еңбек етсең,  
Ердің бақыт еншісі ерте келмек.

Күңіренді айтып мұңын армандының,  
Тың сөзді тыңдата алмай талғандығын.  
Қолында ұрлықшы мен зорлықшының  
Қамалып қараңғы елдің қалғандығын.

Рас, ақын Абайдың өзі өлгені.  
Өткенмен оның заман кезеңдері,  
Ол көксеген арманға елі жетіп,  
Жаршылық жан сүйсінер сөзі өлмеді.

## ҚЫС ҚЫРАНДАРЫ

Қыс келді қысамын деп ызғарымен,  
Халықты састырам деп мұз-қарымен.

Ұлиды ұқыптыға ой түсіре,  
Келдім деп шаруанды бұзғалы мен.

Сау кетпей сұр бұлттың түшкірігі,  
Үрледі оттай шарпып үскірігі.  
Көз көрген көп жылдардан биыл қыстың  
Байқалды райының күштілігі.

Қақырды қар жапалақ баспалатып,  
Түсірмей түкірігін аспанға атып.  
Арсылдап алақаншық соқты боран,  
Бурадай бұр-сарқ етіп шегін тартып.

«Ақ байтал» кесе тұрып жапты күртік,  
Асығыс жүре алмайсың атпен жортып.  
Ақ шатыр асуларға отау тігіп,  
Беткейдің бетегесін кетті желпіп.

Бұталар бурыл сақал шалдай болып,  
Шалғыны шәлі ораған салдай болып,  
Жүгірген қар бетімен қарсақ, күзен  
Көрінді көз ұшында нардай болып.

Сілкінтіп мал сауырын кептірмеске,  
Қасарын қара орынға шөктірмеске,  
Жел айдап, желкесінен суық өтіп,  
Тепсінді жерден шөпті тептірмеске.

Шаңғытып шаң борайды Жайық жақтан,  
Қауыста қар тұсамас болды қақпан.  
Қаңтарды қайрап салып қатулана,  
Алқынып аузын аша жетті ақпан...

Қыс келді аламын деп малдан үлес,  
Болсайшы мылқау қыста тіпті бір ес.  
Колхоздың қаһарманды батырлары  
Қыспенен тапжылмастан ашты күрес.

Фатхолла жылқы салды Майқұмаққа,  
Өлкенің күнгей беті шығыс жақта.  
Жаз мінген жайлауіштің жалы берік,  
Бестаудың айналасы берік тақта.

Кетпендей қарға сілтеп тұяқтарды,  
Аударып ақ селеу мен қияқтарды,  
Күніне көрінім жерді жайғастырып,  
Баспайды соныға өрлеп ескі шарды.

Өзімдей үздік туған ерлерім деп,  
Мақтаушы ем Жылкелді мен Жұмаштарды  
Олар да баққан малын аман сақтап,  
Бәкеңнің өсиеті расталды.



Жексембай, Едірес, Әбжан, Хамза қарттар,  
Оларда тәжірибелі талай салт бар.  
Орнаған ой түбіне о басынан,  
Көсемге шын жүректен жазған хаттар.

Ертемен өргізеді айдап желге,  
Қаптатып қарақұрлық қаулы жерге.  
Тосынның төрт бұрышын кертте түріп,  
Жеткен жоқ Ақөзек пен Саркемерге.

Сөткеде сүт пісірім дамылдайды,  
Қопсауға қойды бөліп шағындайды.  
Лақ ойнап, тоқты қашып, қошқар жанып,  
Қойлары семіздіктен мамырлайды.

Жел жусан, жекен, құрақ, шағырлы еркек,  
Сар тақта, Шилікемер бөлшек-бөлшек.  
Аттанып тал, құрақпен қарды сызып,  
Күніне жиған шөптей жегізді өлшеп.

Шұрыққа дүлейленген салады ойнақ,  
Ойтанда ығы-жығы құрттай қайнап,  
Боранда буы шығып жатыр теуіп,  
Былқылдап арқалары бырт-бырт шайнап.

Тер шығар шамырқанса шабандоздан,  
Жүйріктей жалғыз қара мыңнан озған.  
Қашаннан топтан торай бермей жүрген  
Шықты өнер ылғи саңлақ тарлан боздан.

Жүрсе де өз алдына малын бағып,  
Жатыр деп жаны төзбей босқа нағып,  
Қамқорлық халық ішіне үлгі шашып,  
Жарысқа шақырады дабыл қағып.

Дейді олар: жел мықты емес жанған оттан,  
Болмайды боран өткір жауған оқтан.  
Қан төккіш қара жүрек фашист емес,  
Қыс мейман бұрын-соңды келе жатқан.  
Бет бермей бес жыл ұдай сокқан боран,  
Салған жоқ ұлы өмірге ол да тоқтам.

Мұндай қыс көп көргенбіз бала жастан,  
Жалғыз-ақ жалқауға жау қара басқан.

Жатқанға жарты тілім нан бұйырмас,  
Ауқымға алар үлес араласқан.  
Баяғы патша билеп тұрған кезде  
Жалпақ жұрт жаппай жұртқа душарласқан.

Ол заман қойды бізден жырақ қалып,

Көрген көз, көп естіген құлаққа анық,  
Жерге ие, табиғатқа қожа болып,  
Жайлады ел колхоздаса тұрақтанып.

Ізденсең бақыт қолда ырыс пенен,  
Жаны қас жармойынның жұмыспенен.  
Безіндер бейқұттардан бетін ашып,  
Жұмылып жұртшылыққа кіріспенен.

Жалқаулар жатып жұртқа шалдықтырар,  
Қорқақтар қостан шықпай, малды ықтырар.  
Арықты алты ай баққан бір күн соғар  
Қас-дұшпан қысылшаңда аңдып тұрар.

Отарға қой мен жылқы қосын тартқан,  
Қарақұм, Торғай бойын алып жатқан,  
Жарысқа ар-намыспен, ал, түсейік,  
Кім озып, жетер екен қуып арттан.

Жылқының жонын ашып, жалын құртпа,  
Түйенің қоңын ашып, қомын жықпа.  
Қой, сиыр жоспарынан он есе асын,  
Озып шық берекелі бес жылдықта.

Ерлерім осылайша берді нұсқа,  
Дабылы кетті Батыс, Күншығысқа.  
Соңынан ере шапты талай батыр,  
Бермеске жетім қозы мылқау қысқа.

Мырзекен Тоқанай мен Қайралапта,  
Үштоғай қойын жайып кең алапқа,  
Алты қыс асырайтын шөбім дайын,  
Бере алмай жалғыз түсік қыс қараққа.

Болжекең аттан түспес ұзақ күнде,  
Он бір жыл қойшы болып жайған үлгі.  
Қаңтардың қаһарына қарсы тұрды,  
Сауыс боп сақалына қатқан сүңгі.

Қалекен жатыр қыста Қарақұмда,  
Малы бар екі жүз мың қарауылда.  
Жылқысы Жылой менен Көкайдарда,  
Қойының бір мұздақ жоқ балағында.

Қалған соң Қарақұмдай қонысында,  
Қырық өзек қойын жайды қобысына.  
Үдеріп он күн сайын бір көшеді  
Шүйгітіп малды жердің сонысына.

Жүсекең баққан малын жұтқа бермес,  
Қыстекең қыдыр дерсің құртқа бермес.  
Арықты алты ай мінсе, семіртеді,

Бұлардың алдарынан бір мал өлмес.

Мейрамның күркірейді буралары,  
Ақ жампоз, қызыл киік бұйралары.  
Желіндеп інгендері ыңырсып тұр,  
Желкілдеп жер сызады шудалары.

Ерлер көп айта берсем елге тіреу,  
Көңіл шат, ойында жоқ кіршік, іреу.  
Айтылған аз ғанасы мысал етіп,  
Секілді көрсетілген жүзден біреу.

Колхоздың қадірменді өрендері,  
Ақынның ермек емес өлеңдері.  
Сақтасаң колхоз малын қамқорлықпен,  
Боласың елдің досы, ердің ері.

Қайырдан келіп бір ой тәтті балдай,  
Шығарған ойдың сырын тіл мен таңдай.  
Жиһанды шұғыласымен қарық қылған,  
Замана осынау бір туған айдай.

Жаннаттың сарайының бағындағы  
Саңқылдап сандуғаштай келдім сайрай.  
Төртінші Қазақстан съезіне  
Шашуға табысымды тарттым арнай.

**«Большевиктік жол». № 47. 6 март. 1949 жыл.**

## **ҚЫЗБЕЛДІҢ ҚЫЗЫЛ ГҮЛДЕРІ**

Қызбелге әркім аңсап жетем деген.  
Қызбелді кімдер жырлап көтермеген.  
Хан мен бек, бай, манаптар баса қонып  
Осы ара бізге лайық екен деген.  
Жалшы ауыл жатақ елді жарға қамап,  
Өріне орда тігіп мекендеген.  
Кедей мен қарашының қанын сорып,  
Осылай дәурен сүріп өтем деген.

Арқасын Әлімбай мен Қаржас алған,  
Ағытай Балақарттан мекен салған.  
Бай бақшыл, күшті күншіл заманында  
Тарылды талайларға «дүние жалған».  
Ақ тақыр ат тұяғы дығыр қылып,  
Көз тұнды күн кезіне ұшқан шаңнан.  
Қара құс Қантауында жемтік шұқып,  
Құладан құлай ұшты биік саңнан.  
Бозторғай қонарына бұта таппай

Жапалақ жұмыртқасын күнде жарған.  
Шырылдап шалшық таппай қызғыш қашып,  
Қарлығаш ұя салды сусыз жардан.  
Қызғанып қызғалдағын Қызбел тауы  
Күрсініп көз тамбады бұлақтардан.  
Аунатып арқасынан тастаймын деп,  
Жендеттен жиіркеніп жер шайқалған.  
Ойнаған осы жерім баладайдан,  
Жыр беріп, ән үйреткен әлә-ләйдан.  
Жалшы ауыл жатақ елге қоныс болып.  
Мимылжып мөлдір бұлақ аққан сайдан.

Қызбелдің барып қайтсаң шетін көріп,  
Жәннәттай жайлауына біткен көрік.  
Басында биік заңғар Шарабас тұр.  
Күн шалып Ұлы тауға бетін беріп.  
Бейне бір алтын айдар, күміс тарақ,  
Талдаған маңдайына кекіл өріп.  
Төсінде «Қыземшектің» қос шоқысы,  
Төңкерген алтын кесе секілденіп.  
Сарыбел сағым сүйген сұлу жота,  
Арудай аялдайды мың түрленіп.  
Маңқиған Мырзабектің қара тауы  
Сарылған сақшылықта кепілденіп.

Қызбелді көруге көз ерінбеген.  
Колхозшы осы мекен жерім деген.  
Түп-тұнық төскейінен қайнар шапшып  
Мамырлап мая нардай желіндеген,  
Қаңтардың қызылында айдап салсаң,  
Қырында қырық мың жылқы тебіндеген.  
Қырдағы қызыл бидай арасынан  
Қара үзе қашқан құлан көрінбеген.

Қызбелдің қызыл гүлдей қыр арқасы,  
Арқаның ақ төсінде тұмаршасы.  
Арал мен Ақсуаттың колхозының  
Мекені мынау тұрған Діннің<sup>1</sup> басы.

Дүкеннің төрт бұрышты текшесіндей,  
Ұзыны керуеннің бес көшіндей.  
Айырып арқасына салған егін,  
Шатыраштың шар тігетін кестесіндей.

Жылқы өсті қара ағаштай жонды қаптап,  
Асуға ақтылы қой жайды баптап.  
Аққайнар төс бұлаққа ауыл қонды  
Шатырдай қатар тіккен үйлер аппақ.

Қызбелдің қызыл гүлі міне осылар.

Жүз емес жылда мыңға мың қосылар.  
Мадақтап жер сипатын тауыса алман,  
Тағы да талай сұлу жыр қосылар.

### БАЛА ҚЫЗБЕЛ

«Құлақтал» «Төңкеріс»<sup>2</sup> пен бір қосылып,  
Той жиын орталықта бірге ашылып  
Сөйлеуге шаруашылық мүдделерін,  
Біреуі бірінен соң тұрды асығып.

Мандай қарт сақалдарын біраз тарап,  
Сөйледі күлімдене көпке қарап.  
- Ортаға механизм күші кепті,  
Бір өзін сексен атқа тұрған балап.

Сегіз шал сергелдең боп елді бастап,  
Арқалап ала қаппен топырақ тастап,  
Ертеде екі өзенмен сан алысып,  
Тоздырдық түйтелентіп талай аспап.

Баяғы атамыздың аталары,  
Кезінде жер сусырап қаталады.  
Тасқынға тоған салып тоқты сойған,  
Болмаған сірә қабыл баталары.

Бала қарт басын қосып құла қақтан  
Шұбырып сансыз сала «Шұбар аттан»  
Қыдырып қыңыр тауды шыр айналып,  
Ылдиға ылай «Теке» құлай аққан.

Сай басы қосылып ап сан бұлақтан  
Жартастан жарыс салып қарғи аққан.  
Тас қалап, талай тосқын салынса да,  
Сақпандай аспанға атып жар құлатқан.

Ағады ол, жардан аспай ойға жылжып,  
Тартады обырлана құрдым қылғып.  
Үзіліп ұзын сала төрт аптада,  
Шүңейтте балықтары қалар мүлгіп.

Таусылған тоқтата алмай жұрт айласы,  
Тимеді тіршілікке бір пайдасы,  
Атпа атып, кездей атыз суға салып,  
Қырық тостақ тары алушы ек қырман басы.

Ертеден арман еткен ел осыны,  
Халыққа тимей судың себесіні.  
Текені-тегін су қып бөгеп алсақ,

Қырық жылғы өтер еді ол бересіні.

Көп өтті басымыздан мұндай қалып,  
Қалса егер сүбеліне бір байланып.  
Құрдымға жалғыз қасық су бермесек,  
Ақтеңіз жатар еді шыр айналып.

Жайлаған біздің колхоз бұл Текені  
Толтырып көлге айнала «Әлдекені»,  
Оралып «Үркімбайды» жатыр еді,  
Бұл ара қырық мың қойлық жер мекені.

«Бес тамақ», Қазалы мен Бестарауға,  
Шалқар көл орнатылса Майқарауға.  
Құт орнап Құлақталдан егін салып,  
Басқадан сұрамас ек судан сауға.

Текенің жайлау ашып саласынан,  
Қаратал қайың егіп жағасынан,  
Отарлап отыз мыңдай жылқы ішкенде  
Ортаймас алты ай жазға сабасынан.

Ертеде ел ынтыға еткен арман,  
Кезі жоқ көп тілегі жерде қалған.

### ТАҢАТҚАН БАЛУАН

Аңсаған аттар таңды сан ғасырда,  
Қаптаған қайғы бұлты ел басында.  
Ат қойды ел Таңатқан деп туған ұлға,  
Ғасырдың жиырмасыншы жыл басында.

Қойған ат үмітпенен Таңатқанға,  
Бақытты ұл болсын деп таң атқанда.  
Арқалап ақ бесікті аунайды екен,  
Анасын емшек сұрай оятқанда.

Бес жаста ағаш атқа жіпті байлап,  
Он жаста бесті асауға мініп жайдақ.  
Талдырып кетеді екен талайларды,  
Таңатқан бармағымен шерткенде ойнап.

Келгенде он алтыға оның жасы,  
Көрінді саңылақтанып ер тұлғасы.  
Түрініп ақ балтырын топқа түсіп,  
Атанды Арқа еліне «Палуан басы».

Отты көз, ер көкірек, жар қабақты,  
Бүйрек бет, ер мұрынды, ұзын жақты.  
Қайратын Таңатқанның аңыз қылып,  
Әртүрлі мақтаулармен қойған атты.

Таңатқан - дейді халқы сүйікті адам,  
Талайлар күш сынасып иықтаған.  
Төрт кісі төсек салып жата қалса,  
Кең сиып, кеудесіне ұйықтаған.

Жайлаулай жауырыны кең көкіректі.  
Ойнатқан ортекедей бұлшық етті.  
Топ көрсе екі иінінен демін алған,  
Жоталы жолбарыстай сом білекті.

Ас пен той бола қалса әлде қандай,  
Ол тойдың қызығы жоқ Тәкең бармай.  
Майданда шарт жүгініп отырғанда  
Көрінер дулығалы шөккен нардай.

Келгенде түйе палуан қойнын ашып,  
Бурадай буырқанып, көбік шашып,  
Теңселіп төсін керіп, қолын созып,  
Барады ол ұстасқалы маң-маң басып,

Қаратқан қайратына барлық жанды,  
Бұлшық ет, бүлкілдетіп бура санды.  
Ақырып арыстандай «әуп» дегенде  
Көресің бұрқ-бұрқ етіп шыққан шаңды.

Айқайға көтеріліп арқаланып,  
Қалма деп берік ұста қамтамалық.  
Қаңбақтай мұзға түскен домалатып,  
Төңкеріп тастаушы еді төстеп барып.

Айтулы Ақанбайды аспанға атты,  
Сібір мен Сыр палуанын жығып қайтты.  
Оралдан іздеп келген өгіз палуан,  
Мертігіп бие сауым талып жатты.

Айқындап алысқанды жығып үнем,  
Жан шықпай күресуге қалды мүлдем.  
Алған ол бас бәйгеге талай тойда  
Ат-шапан, қара нар мен қалы кілем.

Атағы Таңатқанның ұшып жүрген.  
Аңыз ғып елден-елге түсіндірген.  
Өңгеріп атан өгіз ат үстінен  
Қозыдай қолтығына қысып жүрген.

Дейді ел - Таңатқанның қолы қатты,  
Тоқтатты білекке орап жеккен атты,  
Атанды өркешінен бір сіліккенде  
Бақырып шөңкеріліп, жүре жатты.

Қайтқан жоқ қайраты оның күні бүгін.  
Әлі де көрсетіп жүр палуандығын

Мейлің арт арқасына, мейлің тартқыз  
«Көтерген күндік жерге нардың жүгін».

Жарты асам жайшылықта етке тойған,  
Сынауға алдына әкеп болсаң қойған  
Сорпаны ішіп, сүйегін таза мүжіп,  
Түк қоймай жеп кетеді құнан қойдан.

Атағы Таңатқанның шетке кеткен.  
Өңірін Ұлытаудың дүбірлеткен.  
Күшіне қорғасындай мінезі сай.  
Табанды, тайынбайтын алған беттен.

Колхозда қазір жұмыс атқарып жүр.  
Ер деген ұлы еңбекте атты алып жүр.  
Ел үшін жұмсаған күш-қайратына  
Барлық жұрт аңыз қылып мақтанып жүр.

1947 жыл.

### Сәт пен Нұрхан

#### Омар Шипиннің айтысты ашқаны:

Бұл айтыс атамыздың ата салты,  
Айтысты әдет еткен қазақ халқы,  
Шортанбай, Шөже, Орынбай, Базар жырау  
Ақындық ел ішіне шыққан даңқы.

Ақын қыз Дәме, Ырысты - Қызылқұмнан,  
Кеншімбай, екі Жүсіп шыққан Сырдан.  
Айтысқан Жарылқасын, Айымторы,  
Өлеңі Әсеттің де бұлтты ысырған.

Тобылдан - Өскеменен туған Нұржан,  
Айтысқа Сапарғали белін буған.  
Жұмбақты Сапар айтып, Нұржан шешіп,  
Өлеңмен Наушабаев жауын ұрған.

Сара мен Біржан салдың айтысқаны,  
Көрсеткен атпағанын әйел таңы.  
Ол кезде аяқ асты жүрген ақын,  
Жалғыздай үн, жаяудай шықпай шаңы.

Халыққа қырық бір жыл таң атқалы,  
Ғасырдан артық минут сағаттары.  
Жапырып жан таласқан талай жауды,  
Жер жүзі Октябрьді мадақтады.

Ақындар, айтысқаның, - амандасқан,  
Қарасып бір-біріңе хал сұрасқан.  
Ағаңның айтар осы беташары,  
Болмасын ешбір ақын сыннан қашқан!



**Сәт:**

Көркем ән көкке өрлеп шалқығандай,  
Аймалап Айдың бетін шарпығандай.  
Самсаған сұлу әнді құлақ сүйіп,  
Естіген есі кетіп балқығандай.  
Көңілін тыңдаушының, құмартатын,  
Жүрекке барғанында тиіп балдай.  
Сөзіммен көп көзіне көрінейін,  
Жорғадай дөңгелеген аяқ шалмай.  
Ауданның Аманкелді ақынымын,  
Сан топта сайрайтұғын бұлбұл таңдай.

Қиялым қияға өрлеп шалқып-тасып,  
Арнасын ақындықтың сөзбен ашып,  
Өткізіп ой електен өлеңімді,  
Қайраткер қаламыммен ақылдасып.  
Бұл күнде сөз базары көтеріңкі,  
Жүлде де жүйріктермен тақымдасып,  
Жасаған қырық жылдың жеңістерін,  
Аймаққа жырдан маржан шашу шашып.  
Облыс ақындары айтысына,  
Арнаулы келіп тұрмын қадам басып.

Сайысып сынасуға бірі-бірін  
Тереңнен сөз асылын теретұғын.  
Шешендер ойы алымды, сөзі шырын,  
Домбыра қызықты етіп айтыс күнін.  
Ақыны Жанкелдиннің інім Нұрхан,  
Сөйлеші ауданыңның шаруашылығын.

**Нұрхан:**

Топ көрсем тоты құстай таранамын,  
Қырандай қиқу шықса қаранамын.  
Желдетіп жыр нөсерін төге салсам,  
Көлдетіп толтырамын жер алабын.  
Самсаған қиялыммен көкті шарлап,  
Басында бұлғыр шыңның дем аламын  
Сайраған сан бақшада мен бір тоты,  
Жайлаған гүл райхан, көк алаңын.

Сәтеке, маған бір сөз арнап едін,  
Жарыста жаннан кейін қалмап едің.  
Ұлы шу, той-томада топтан озып,  
Желіспен жер таныған тарлан едің.

Кешегі кер заманның, ақындары,  
Жағынып жауыздарды мақұлдады.  
Мадақтап маңғазсынған манаптарды,  
Сұранып сұр таңдайлар тақылдады.  
Бір есер бір сом ақша тастай берсе,  
Зар-жағы жалыққанша қақылдады.

Жамандап жарым теңге бермегенге,  
Қазбалап көп алдында тақымдады.

Айтысып талай ақын ерегісті,  
Егесті жөндейміз деп жөн еместі.  
Ежіктеп елді екіге бөліп алып,  
Бергісіз айтыстары төбелеске.  
Ақыны біздің заман жүзі жарқын,  
Өзінің мадақтайды туған халқын.  
Сауыққой, салтанатты, көңіл ашар,  
Қостайды қазағымның сүйген салтын.

Елімнің бұлттан асты бел өркеші,  
Секілді алтын қанат көк еркесі.  
Әлемге нұрын шаша соқты самал,  
Секілді жер жаннаты көлеңкесі.

Өсті елім шұғла жайнап шырайланып,  
Жау шіркін, қалды білем бір ойланып.  
Жасанды жер серігі жұлдызша ағып,  
Шыққанда жердің шарын шыр айналып.

Суайттар соғыс құмар судай тынды,  
Аузына өсекшінің құйды құмды.  
Жаһанға жаңа ғылым жарық еткенде,  
Селк етіп, зәресі ұшып көзін жұмды...

Қарасам таңғажайып жастарыма,  
Ғылымның шыққан биік асқарына,  
Талпынып таң нұрына қанат сермеп,  
Жетті еркін ғұламаның аспанына.

Нұр жанған ауылымның түні күндей  
Қарайды түндігімнен Күн күлімдей.  
Тұтқасы алты әлемнің Совет елі,  
Айналған жер шарының кіндігіндей.

Жиналды облысымның ақындары,  
Сыр ашып сынасуды мақұлдады.  
Торғайдың топтан озған жорғасымын,  
Жанкелдин Әлібидің атындағы.

Ауданым Алатаудың алқабындай,  
Көлдердің аумағы мол шалқарындай,  
Келеміз табиғатты бағындырып,  
Өмірде қонған бағым шайқалынбай.

Алатау Талғарының тұлғасындай,  
Ауданым облысымның құбыласындай,  
Бәрінен дулығасы асқақ тұрған  
Үдетіп екпініміз бір басылмай.  
Қар суы - қатық болып құт орнаған,

Ырыстың, алтын қазық шынғасындай.

Бұл өзі қилы заман көрген Торғай,  
Жайратып жау жазасын берген Торғай.  
Өткізіп бір басынан талай тартыс,  
Қария жүз он беске келген Торғай.

Болды оның нелер жүйрік шешендері,  
Тербелген тал-қайыңдай көшемдегі.  
Торғайдың күнгейіне көлендетіп,  
Ту тіккен революция жаса ерлері!

Ақыным, біздің жаққа қарасаңыз,  
Сөйлеп бақ, теңдесуге жарасаңыз.  
Табысым таудан биік болса-дағы,  
Таспаймыз, кішіпейіл - аласамыз.

Мәдениет сән-салтанат сауық құрған,  
Біздің көп таңғажайып тамашамыз.  
Келсе де Қазақстан қай түкпірі,  
Тайқымай табан тіреп таласамыз.

Көрдіңіз ел аралап талайларды,  
Тағы да сіз көрмеген талай қалды.  
Нақыштап, әшекейлеп зәулім биік,  
Салдырдым сауық үйі сарайларды.

Жайнаттық гүлдендіріп көк алаңды,  
Айнала колхоз елі қалаланды.  
Радио үй басына саңқылдайды,  
Жеп-жеңіл жер бетінен хабар алды.

Көріп пе ең «Партсъездің» зор қаласын,  
Көркіне көзің тоймай таң қаласын,  
Жалықпай «Жаңа тұрмыс», Шұбалаңға,  
Жеті күн тамашалап айналасың.

Біреуі Жанкелдиннің жаңа ауылы,  
Толтырған байлықпенен ел қанбасын.  
Атақты алтын кентті Албарбөгет,  
Дер едім көрмей жүрсің, құр қаласың

Барып қайт, тілімді алсаң тағы аралап,  
Осыдан таңғажайып үлгі аласың.  
Ғажайып төрт түлікті мекен жайы.  
Салдырттым салтанатты мал қорасын

Менде бар толықсыған тоғыз қала,  
Өтінем, тілімді алсаң, бір барарсың.  
Бар десем кей ісіңде кемшілігің,  
Несіне мойындамай арланасың?  
Салақсың, кем-кетікті санамайсың,

Радио колхозыңның көбінде жоқ.  
Жым-жылас құлаққа ұрған танадайсың.

Бар екен колхозыңда қамыс қора,  
Халыққа аты мәлім таныс қора.  
Әйтеуір әлеуметтің көзін алдап,  
Салыпсың ауданыңда он үш қора.

Таң қалдым сіздің елдің қорасына,  
Келмепті жаңа құрылыс жобасына.  
Жарбиып жар басында жантайып тұр,  
Ұқсайды Қожанасыр моласына.

Жарылып бүйірінен дал-дал болған,  
Тәсілін таба алмапсың о басында.  
Кеткендей қасқыр талап қабырғасы,  
Жазылмас май жақса да жарасына.

**Сәт:**

Көп сурет беріп өзің ауданыңа,  
Биік шың, теңеп құздың аңғарына.  
Байлықты, берекені, көркемдікті,  
Алыпсың бәрін жиып албарыңа.

Қала ма барлық аудан артта сонда.  
Кеткенде бәрі саған аударыла.  
Кетіпсің шығыңқырап шеңберінен  
Көлеңке келем беріп аумағыңа.

Жалғыз-ақ өзің ғана араласып,  
Қырық жыл табыспенен толғанына,  
Тілде сөз, қаламда із көп деген рас,  
Сенің бұл айтқаныңнан аңғарыла.

Мәдениет баспалдағын басып көшіп.  
Көрсеткіш артық үлес табыс қосып.  
Ғылымның салмақты көп саласына,  
Мәдениет баспалдағын басып көшіп.

Ақыным, құлағың сал, қара маған,  
Түрлерін жұмысымның салалаған.  
Келісті көңілі зерек, қолы шебер,  
Меңгерді техниканы үш жүз адам.

Ешкім жоқ сырттан келген осыларда,  
Өзімізден оқып шыққан кадр - маман  
Ойы алымды, өнерпаз жетік ұста,  
Тудырған осыларды жаңа заман.

Қостамдағы Молдаштың қойыменен,  
Кіріп шық, жатқан шұқыр қазбасына,  
Сауысқандар тұғыр ғып күлісіп жүр,

Қотыр қойдың мініп ап таз басына,  
Сұлулап салдым дейсің сәнді сарай,  
Сөз бен шаруаң арасы алшақ қалай?

**Нұрхан:**

Ақын сейлер халыққа пайдалыны,  
Таппаса талғап-талғап ойдағыны.  
Сөйлессе әдеппенен бір ғанибет,  
Соқпаса қайдағы мен жайдағыны.

Көріп пе ең «Аққұм», «Тосын», «Қарақұмды»,  
Сыртында қоңыр бұйрат «Балақұмды».  
Жерінің жемісінен шық тамшылап,  
Май қылған кебісім мен балағымды.

Көріп пе ең Сары тосын дүлейімді,  
Жаз көшіп, қыс қыстайтын тың ойымды.  
Ішіне тал, көк теректі, көк ырғайы,  
Бұтадан аттың басы бұрылмайды.  
Салбырап мәуелері тәжім етіп,  
Сыбдырлап жас арудай сыбырлайды.

Гүл майса шырмауықты талға бөлеп,  
Қайтады қарашада қаз бен үйрек.  
Білгендей ел келерін ертең-бүгін,  
Батысқа аң жосиды тау жебелеп.  
Түскенше боқыраудың бозқұрауы,  
Тұрады мұнарланып алқара көк.

Жаз жайлап Қарасайды, Майқараны,  
Ерте өргізіп, кеш қойын қайтарады.  
Болғанша күзгі мезгіл күзем айы,  
Теңелді ақауызға марқалары.  
Шел басып тұла бойын туырлықтай,  
Мамықтай ырғалады арқалары.  
Ерқаттың етке берген бағландары  
Кір тартып алты пұттан шалқалады.  
Ғажайып сиырымның сүті артты,  
Бұзауым құлан-өгіз гiрiн тартты.  
Түйедей ту сыртына қом арқалап,  
Шыға алмай өрге басып жүре жатты.  
Жылқым бар сәйгүлікті қазан аттан,  
Жығылмас шабуылда қазақ аттан.  
Тай қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз,  
Тең-теңдеп қара нарға сабаны артқан.

Қарттарым жиналысып ертеменен,  
Шаттықта жүрегінде жел кернеген.  
Тегештей тай жүзгендей қымыз құйып,  
Алыңыз, алыңыздар, кел-кел деген.  
Әңгіме-думан қызып қызғылықты,  
Жатқаны ажуаласып тең-теңімен.

Түндігі ақбоз үйдің желпілдеген,  
Осындай салтанатың бар ма сірә?  
Озбасаң бүгін қалып, ертең менен.

**Сәт:**

Аралап барып қайттым Сіздің елге,  
Екеулеп зер салайық осы жерге.  
Үйінде Алпысбайдың алты бұзау,  
Бірге отыр адамымен бұ да жөн бе.  
Тұтасқан қотыр барлық денелері,  
Әлі жоқ алдындағы шөбін жеуге.  
Сыпыртып осы сөзді Қайырбегің  
Жұмсамай мал дәрігерін емде деуге.  
Қораның қидан қалап қабырғасын,  
Дедің де суық соғып дамылдасын.  
Ақ боран, үскірікте қора салып,  
Сақтайсың қалай аман малдың басын?!  
Қыс күндер қора салу, айғағы ғой  
Өрісі шаруашылықтың тарылғасын.  
Шырағым, ал мойныңа кемшілікті,  
Айтылған анық факт, сөз расын,  
Еске сап ескертемін достықпенен,  
Түзет деп кеміс-кетік шаруасын.  
Жөні жоқ жаурап өлген сегіз жүз бас,  
Бұл қойлар мойындайсың, шындық рас.  
Күзетпей түнде қойын жалқаулықпен,  
Қасқырдан көп шығынды көрді Молдаш.

**Нұрхан:**

Тұра ма сөз қуған соң бадаладай,  
Сыпайы сөйле, ақыным, қараламай.  
«Хан сыртынан жұдырық» соқпа, Сәке,  
Аймағын ауданымның араламай.

Осы ма өтірікпен мықтағаның,  
Аға деп көңіліңді жықпағанмын.  
Жағалап өтірікке жамбастадың,  
Білмеп пе ең қортынды әлі шықпағанын.

Бұл сөзің халыққа шын көрінген жоқ,  
Дәл бүгін еңбекке ақша бөлінген жоқ.  
Сен өзің жасадың ба бұл есепті,  
Отырсың сырттан соғып мақтаған боп.

Сенің де қойларыңда күй қалмапты,  
Күй түгіл, бойда қуат, жәй қалмапты.  
Жылы су, жем жегізіп байқайды екен,  
Малға жай жанын күтіп үйге алмапты.

Менің бір құмартатын аңсағаным,  
Соларды көрсем сүйіп, тамсанғамын.  
Колхоздың шаруасын басқаруда,

Менің бар жүз қаралы комсомолым.

Мақтасам артық емес Қоныспайды,  
Ай сайын шүйгін жайып қоныстайды,  
Жұтқызып Қошалақтың құдық суын.  
Жас жігіт көріп пе едің Шортанбайды.

Ол өзі тірі жаннан қорқа алмайды.  
Жарылып қошқарлары құйрығынан,  
Таяқтап қуаласаң жорта алмайды.  
Сарагүл оның сүйген келіншегі,

Майысып сынғалы тұр шеміршегі  
Жарыста одан озған ешбіреу жоқ,  
Бордақтап баққан малын семіртеді.  
Қалаңда қыз-келіншек көп-ақ екен,  
Бозбала, жастың жалқау еріншегі.

Бозбала Бұзауғали бұзау бақты,  
Әкесі алпыс сиыр бұзаулатты.  
Болған соң малы семіз көңілі жай,  
Өзіне бір жан жолдас қыз аулапты.  
Қалайша қызымды айтпай жай қалайын,  
Көргенде балаларымды аймалаймын.  
Кой бақты орта мектеп бітірген соң,  
Қарағым, Күнжамалым, айналайын.

Оңай ма жеті жүз қой жас балаға,  
Ер жүрек туған бала жасқана ма?  
Бәрі де сыйлық алып қырық жылдықта,  
Атағы мәлім болған астанама.

Қарасаң жас сәбидің қабағына,  
Күн сүйіп, ай қонғандай тамағына.  
Ойланып осы жылы кіргізіпті,  
Малшылық мамандықты сабағына.

Ата мен мұғалімдер анасындай,  
Бәрі де мәпелейді баласындай.  
Ғылымның кең бұлағын ағытты олар,  
Сан өлке, тоқсан судың саласындай.

Менің көп таңғажайып мектептерім,  
Көп әлі бізге қуып жетпекке елің.  
Сен-дағы жеңілместің қамын істеп,  
Бір талай омыраулап текпектедің.

Сәтеке, нағыз заржақ шешен едің  
Мен сендей көшеге гүл төсемедім.  
Ескі үйде есігі тар әлі отырсың,  
Қалаңның қоқыс басқан көшелерін.

Қатты айтам, құлағың сал, естідің бе,  
Кірсейші бір шатырлы есікті үйге.  
Аралай клубыңды барып едім,  
Ишанның әлі отырсың мешітінде.

Сөйлесе жиып-теріп сөз қала ма?  
Сен-дағы құрғақ даумен созбалама,  
Қойсайшы, егіз қозы секілді едік.  
Мен қойдым, сен де енді қазбалама.

**Сәт:**

Отырған Аманкелді ауданы елдің,  
Ерекше бір байлығы тағы жердің.  
Бәрі де дүнияға шығып жатыр,  
Тығылып жер астында жатқан кеннің.  
Пайдасы мемлекеттік қаншама көп,  
Бокситтен жасалатын алюминің.  
Қызылқозы және де Қызылталдың,  
Байлығын іздеп тапқан өзің көрдің.  
Алюминнен жасалған самолетпен,  
Қалаға екі сағат ұшып келдің.  
Завод үшін керекті көп материал,  
Күнде алып жатқаны инженердің.

Нұрқаным, елу сегіз осы жылда,  
Табыспен тасқындаймыз өрлеп шыңға.  
Ынтаның, ынтымақтың салтыменен,  
Ерекше қой өсірмек болдым тыңға.  
Көбейтіп көлдің түрін, малдың санын,  
Береміз сонда саған тура сынға.  
Белгісі байлығымның осы емес пе,  
Жаңа жылда ие болдым Қызыл туға.  
Қызыл ту қызықтырып бар әлемді,  
Бөленді менің халқым асыл нұрға.

Партия съезінің тапсырғанын,  
Орындау осы жылы түгел бәрін.  
Табыстың тасқындайтын кілтін бұрап,  
Жасаймыз қаһарман күш, жігер жалын.

**Нұрхан:**

Елге бір жаңа хабар сөз келіпті,  
Зор бақыт ырысыма кез келіпті.  
Бестаудан жаңа совхоз ашылмақ боп,  
Бұл хабар қуанышты тез келіпті.  
Кеудесін мақтаншылық жел керіпті,  
Болады табыспенен ел көріпті.  
Келеді енді қашан деп тұрғанда,  
Біз көрдік жалғыз келген Қарбеновты.

Бір сыр бар ел көңілінде көтермелі,  
Сансыз күш сар даланы күңіrentіп,



Жиналды жаңа қоныс мекенге елі.  
Халыққа келді тосын бір сын қатты,  
Деп сызды қала орнайды бір сымбатты,  
Ақорқаш алпыс көлдің айналасы,  
Ай болмай айқай-сүрең, гүрсіл қақты.

Таң қалдым өнерпаздың келбетіне,  
Қор төкті таң-тамаша жер бетіне.  
Ғалымдар қазық қағып, сымдар керді.  
Ақбелес, Арал көлдің жел бетіне.  
Қолданып жеңіл тәсіл - амалдарды,  
Орнатты айналаға қамалдарды.  
Қаратас, асыл болат тау-тау болып,  
Сырғытты қолдан-қолға самандарды.

Бұралап фундаментті жатты төсеп,  
Қаланды қабырғаға тас пен кесек,  
Бір күнде үшкүндікті орындады,  
Еңбегін ешбіреуі етпейді есеп.

Сайыстың сан алуан батырлары,  
Жалықпай жанын салып жатыр бәрі.  
Сырылдап нәскүріктер, балта шауып,  
Басында балға, қашау шақылдады.

Арқасын күнге төсеп шағаладай.  
Жарқырап жабылуда шатырлары,  
Аз уақыт ауқаттанып алғаннан соң  
Түкіріп асыққаннан қақырмады.

Мынау күш таңқалдырды тамам елді,  
Толтырды тамашаға Алакөлді.  
Түскендей ел басына көк жүзінен,  
Ғажайып бір сәулетті қала келді.

Гүрілдеп тракторлар тыңды айырды,  
Ел бетін ауыр істің бір қайырды.  
Теңіздей тербетіліп егіні өсті,  
Шұбыртып жүргізді көп комбайнды.

Ел жұмсап қолға түсіп табылғанын,  
Еңбекке көрдім елдің, жабылғанын.  
Үйілді тау-тау мая баз басына,  
Білмеймін қалай жиып шабылғанын.

Күркіреп көкке атылды күш борасын,  
Зырқырап «Победа» мен шыр айналып,  
Қар түспей көріп қайттым үш қаласын.  
Жайлады Қайыңды мен Мүлкіләнді,  
Қосқыз бен Бөбекейге жылқы барды.  
Ақшақұм, Қарасайдың арасында,  
Қой қаптап, майға пісіп былқыған-ды.

Сиырлар Базылбек пен Жалау барды,  
Ендікті майға пісіп танаулары.  
Қарқынның қаһармандық арқасында  
Еңбектің жанған оты алаулады.

Жырластық елдің күшін біраз сермеп,  
Ортайды ойдағы сөз жүрген кернеп.  
Сәтеке, аяқтайық осы айтысты,  
Айқаймен ауыз кеуіп, кеттік терлеп.

1957 жыл.

## ДАСТАНДАР

### ҚАРҒА ҰРЫ

Ертегі естімеген елден шығар,  
Асыл тас айдын шалқар көлден шығар.  
Тарихты тәтті сөзбен таңырқату  
Көзі ашық, тілі орамды ерден шығар.

Біреуге ажал - судан, біреуге - оттан,  
Кейбіреу майып болған бір апаттан,  
Дүние кейбіреуге кең жай беріп,  
Кейісін тар қапаста зар жылатқан.

Сонымен заман озып бара берген,  
Бірінің біреуі орнын ала берген.  
Тамаша талайлардың еткен ісі  
Аңыз боп ел аузында қала берген.

Ертеден шығармаған ел есінен,  
Әр түрлі әңгіменің келесінен,  
Батырдың, бай, жарлының уақиғасын  
Қарттардың көп есіттім кеңесінен.

Қарт Мұрат шарт жүгініп бір тізесін,  
Келтіріп кестесімен сөз жүйесін.  
Бір топта тамсандырып айтып өтті,  
Қарғаның бір ғажайып әңгімесін.

Атағы ер жігіттің өнерінде,  
Өмірге кім араша сөнерінде,  
Айтыпты бір әңгіме Қарға дейді,  
Халыққа сырын шешіп өлерінде.

Қарғаның бәйбішесі қасында отыр,  
Мәпелеп, сусын беріп басында отыр,  
Ақсақал, игі жақсы жиналысып,  
Қарғаның көңілін сұрай осында отыр.

Бәйбіше айдын көлдің қоғасындай,  
Алтынды асыл тонның жағасындай,  
Халықты қайрымымен қандырушы ед  
Ортаймас отыз бие сабасындай.

Ұлықтап үлкен келсе сыйлаушы еді,  
Кішінің көрінуші ед анасындай.  
Алдына бәрі келіп еркелеуші ед,  
Өзінің бір жансүйер баласындай.

Жөн-жүйе әлеуметке үлгі берді,  
Ұстаздың ұлы ғалым данасындай.  
Қылығы қартайса да қыздан артық  
Он бес пен жиырманың арасындай.

Қарға мен Гүлсін аты қатар шықты,  
Әйел деп төмен етек қорашсынбай.  
Сұқтанып ерлі-зайып арасына  
Сүйсең жар деуші еді жұрт бол осындай.

\* \* \*

Көтеріп төсегінен Қарға басын,  
Бір шолып қарап алып айналасын,  
Халыққа өсиетін айта келіп,  
Сөйледі көзіне алып Қарға жасын.

- Ей, жұртым, пенде бар ма өлмейтұғын,  
Алланың аманатын бермейтұғын,  
Жаралып бұл дүниеге келгеннен соң  
Жан бар ма көресісін көрмейтұғын?

Көп еді қателікпен еткен ісім,  
Бұл күнде сырқаулықтан кетті күшім,  
Аяқты шалыс басқан ғарып пенде  
Ақырда еттім демек соның үшін.

Армансыз өткен кім бар жалғаныңнан,  
Бақ қонып, құтың аумаи албарыңнан,  
Дүниенің домбырасын бұрай-бұрай,  
Жанталас, таптым жарық жанжалымнан.

Бермеді жаста тәңірім несібіме,  
Кедергі тұсау салды кәсібіме,  
Пендеге пенде болмай өтейін деп  
Байлардың жалданбадым есігіне.

Он беске жетімдікпен жетті жасым,  
Жоқтықтан жүдеушілік көрді басым,  
Халықтың қазынасынан не пайда бар,  
Бермейді бейнеттенбей бай дағы асын.

Қолыма он жетімде жүген алдым,  
Жоқтықтан жұрт малына құрық салдым,  
Бүтіндеп бой-басымды жанталасып  
Жексұрын малдыларға ұры атандым.

Сараң бай деді мені ұры Қарға,  
Жүргенде қара таппай ұрынарға,  
Құтты бай құрығымнан сескенген соң,  
Деген жоқ жаман атақ мұны Қарға.

Мен кеттім бір заманда елден жырақ,  
Құла түз, күз бен шыңды қылдым тұрақ,  
Бірдікін бірге әкеп матастырып,  
Соқтықпай момындарға жүрдім бірақ.

Қараөткел, Қызылжар мен Қыр дуаннан,  
Орынбор, Омбы, Сібір, Сыр, Қуаңнан,  
Келемін жылқы тартып топтап айдап,  
Алғандай қалың малға бір құдамнан.

Түн қатып, түсім қашып ел ақтадым,  
Орман, тау, сай-саланы қонақтадым,  
Кісіге көңіл еткен бөліп беріп,  
Көбісін өз бойыма жаратпадым.

Қуғыншы болушы еді құмарларым,  
Талайын тізеге сап нығарладым,  
Болса да қандай алып асқан балуан  
Қос қолдап бір ұрғаннан шығармадым.

Аударып ала алмаушы ед ешкім аттан,  
Болған жоқ жолға бөгет, қанды қақпан,  
Талайы қараңғыда қарсыласып,  
Боп жүрді бір салғаннан қаза тапқан.

Осындай көп жүрістің біреуінде  
Жерім бар өлмей кеткен бір ұяттан.  
Кетейін жан барында сіздерге айтып  
**Кейінгі кеңес қылсын біздің баптан.**

Бір жылы Ұлытауда жылқы тартып,  
Келемін топтап айдап күн-түн қатып,  
Үстіне қалың елдің келіп қаппын.  
Қарасам түн түріліп, таң да атып.

Ағарып күн шығуға қалды таң да,  
Көрінді оны-мұны жақын маңда,  
Болған соң көзге түсіп қалатындай  
Мен келдім паналауға бір көп тамға<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup>/ Бұл жерде там — мола мағынасында.

Күн шығып, сәске қызды быж-быж қайнап,  
Қойшылар өрістетті қойын айдап,  
Ұңғыны өрлей қонған қалың ауыл  
Шаңдатып жылқы қуды, бие байлап.

Бір кезде ақ киімді, ақ боз атты,  
Ақсақал қыр мұрынды, ұзын жақты,  
Боз атты қамшысымен сипай түсіп,  
Ырғалып аяңдатып келе жатты.

Жақындап келіп қалды тамға таман,  
Қашуға келмей қалды менің шамам,  
Белгілі «ұры қуыс, бөрі жалтақ»  
Қысылып мен барамын онан жаман.

Сыртымен көп моланың жағалады,  
Жан-жаққа мойнын бұрып қарамады,  
Қаңтарып ақ боз атқа шідер салып,  
Қорымды жаяу кезіп аралады.

Отырып бір молаға шарт жүгініп,  
Бір тұрып, аяқ жақтан тағы отырып,  
Оқыды ұзын сүре соза тартып,  
Көп уақыт отырарын алдым біліп.

Ойладым осы тамға келеді-ау деп,  
Тығылып жатқан мені көреді-ау деп.  
Қалың ел хабарланып ұстап алса,  
Сазамды ұмытпастай береді-ау деп.

Отырып әрбір түрлі ойға қалдым,  
Бір айла тапқаныма мен қуандым,  
Еңбектеп молалардың арасымен  
Бір көрге үңірейген кіріп алдым.

Бұрын да талай қулық баққан едім,  
Молаға ақ киініп жатқан едім,  
Көрқап боп көрден шығып, елді үркітіп  
Көп олжа қорқақтардан тапқан едім.

**Соны істеп тыр жалаңаш көрде жаттым,  
Ысқырып көрдің ішін ызыңдаттым,  
Аузымды қисандатып, тісім қайрап  
Көтеріп көрден басым жылмаңдаттым.**

Бір бейітке жаңа қойған тұрып барып,  
Оқыды қирағаттап кәлам шәріп,  
Көр ішін күңірендіріп бір көрінсем,  
Қарайды, сескенбейді көзін салып.

Құранды үш қайырып әлгі батыр,  
Қауіпсіз еш нәрседен болмай ғапыл,  
Қағынып етек-жеңін түрегеліп  
Аяңдап маған таман келе жатыр.

Қысылдым өнерімді енді сарқып,  
Құтылам бұл қу шалдан енді қайтып,  
Еңкейіп тесіктен кеп қолын сұғып,  
Шап беріп сирағымнан алды тартып.

Тартып алған бетімен кетті үйіріп,  
Саусағы сирағыма кетті кіріп,  
Ақырып бір қолымен айналдырып,  
Қамшымен шыпылдатып қояды ұрып,

- Я, шайтан, лағынет, ит, малғұн!- деді,  
- Төңірден не деп қарғыс алдың?- деді.  
Бауыздап сен залымды жоқ қылайын,  
Жан беріп жаһаннамға барғын-деді.

Үйіріп әрлі-берлі қамшылады,  
Қамшыдан оңай қайтіп жан шығады,  
Тұла бойым көк ала қойдай болып,  
Қан шұбап қабырғамнан тамшылады.

- Тақсыр-ай,- дедім сонда,- адам едім,  
Іс қылған бос қулықты надан едім,  
Әл білмей ақымақтықпен түстім қолға,  
Мал ұрлап, елге қайтып барам- дедім.

Адаммын, шайтан емен, атым Қарға,  
Құдайым кездестірді мұндай зарға,  
Шыбындай бір жанымды құтқара көр,  
Жылқымның жетектегі бәрін ал да.

- Ә, бәсе, солай ма екен!- деді,- балам,  
Егер де көрқап болсаң, басыңды алам,  
Екінші мұндай іске үйір болма,  
Өзіңнен зорлар шықса, келмес шамаң.

Нәнталап сен дағы бір ер екенсің,  
Әркімнен айлаң асып жүр екенсің,  
Талабың тай жегендей, тауға өрлеген,  
Тауаның қайтпай жүрген неме екенсің.

Кетейін бір сапарға арың төкпей,  
Жастықтың кім жүреді қосын жекпей,  
Әр істі аңғарына өлшеп істе,  
Арасы әр адамның жер мен көктей.

Дедің бе бір жан үшін жалынайын,

Байқадың қарт ағаңның мәні-жайын,  
Еңбек қып алғаныңды шығындатып,  
Сен иттің малыңды алып не қылайын!

Көрдім деп мен айтпаспын мұны біл!- деп,  
Шал сонда атқа мініп болды жүрмек,  
Мен сонда қол қусырып сөз сұрадым:  
- Көрдім деп қалар екем сізді кім?- деп.

Шал айтты:- Пайда бермес ұсақ айла,  
Ғибрат бұл ісіңнен таптың пайда,  
Сұрасаң, менің атым Төлек Жәуке,  
Мерт болдың арыстандай шапқан айға!-

Мұны айтып өз жайына кете барды,  
Ешкімге білдірмедім бұл хабарды,  
Ұяттан өлмейді екен адам ғапыл,  
Қайтейін, әттегене-ай, ұрдым санды!

Бір ісім осы менің айтпай кеткен,  
Бұған да әжептәуір мезгіл өткен,  
Тағы да бір сырым бар Гүлсін жайлы,  
Айтылмай жүрегімде жүрген көптен,  
Кетейін тіл барында сіздерге айтып,  
Кейінгі кеңес қылсын біздің кептен.

\* \* \*

Арқада ардагермін арқыраған,  
Ақырсам айдай әлем қалтыраған,  
Жасым бар сол уақытта отыз бесте,  
Өзімнен кетпейтін кез артып адам.

Айбастың бір атасы Сіргелі еді,  
Қашаннан қара тамыр іргелі еді,  
Қан тамып қылышынан қылшылдаған  
Қарғаның қағындырған күндері еді.

Мен болдым Алатаудың бойын өрлеп,  
Сыйғызбай ыстық қайрат бойды кернеп,  
Ішінде қалың ағаш паналаймын,  
Ауылдан жылқы алуға шыққан желдеп.

Ағаштың біраз жатып арасында,  
Тасалап жас қарағай панасында,  
Аттанып шөлдегенсіп елге келдім,  
Аяңдап намаздыгер шамасында.

Аңқиған бір ақ орда шетке таман,  
Баруға соған тура ұрдым қадам,  
Осы үйден сусын ішіп шығайын деп,  
Атымды байлап тастап, кірдім соған.

Есіктен сәлем бердім кіріп барып,  
Бір кемпір қарсы шықты құман алып,  
Қайрылмай өте шықты әлгі кемпір  
Келіп ед есендескім тұра қалып.

Оң жақта бір қыз отыр белі қындай,  
Ақ білек, ақ саусағы тартқан сымдай,  
Аққудың көгілдірі секілденіп  
Жан-жаққа көзін салып мойнын бұрмай.

Көргенде бұл сұлуды болдым дертті,  
Жүрегім төмен тартып, бойым елтті,  
Түймесін мақпал пешпент қадап отыр,  
Сүп-сүйір саусақтары инеге епті.

Мен қалдым қызды көріп тамашаға,  
Жат қызға жат жолаушы жанаса ма!  
Біреуі босағада, бірі төрде  
Лықып тұр сырлы піспек қара саба.

- Құдаша, аманбысың?- дедім қарап,  
Жолаушы ем, жоқ қараған бір нән талап,  
Күн ыссы шөлдеген соң жолым жырақ,  
Келіп ем жұтайын деп сусын шалап...-

Бұл сөзге құлақ салып қыз бақпады,  
Ол түгіл елең етіп міз бақпады,  
Өзінің ісіменен бола берді,  
Назарлап қарау түгіл, тіл қатпады.

Орнымнан сол уақытта тұрдым ұшып,  
Шараға қымыз құйдым пісіп-пісіп,  
Қыз сонда маған қарап езу тартты,  
Жатқанда тегешімен қымызды ішіп.

Есіктен бір жігіт кеп жылмаң етіп,  
Ол қызға көзін қысып ыржаң етіп,  
Түймесіп қадап қойған шапанды алып  
Киді де, үйден шығып қалды кетіп.

Сонан соң атқа мініп мен де кеттім,  
Баяғы өзім көрген жөнге кеттім,  
Кешкілік жылқы өрісін бетіме алып,  
Ағаштың арасында тағы күттім.

Күн батып, ымырттанып, көз байланды,  
Қараңғы жарық айсыз түнге айналды,  
Пысқырып қалың жылқы желдегелі  
Ағашқа бетін бұрып ыңғайланды.

Жылқышы бұра салып кетті қайтып,



Әндетіп, жортақайлап, өлең айтып,  
Үстімді басып жылқы өтіп жатыр  
Қараймын бір тасада мен де жатып.

Ел жатып ұйықтаған кез жұрттың бәрі  
Күзетсіз, иесіз жатқан елдің малы,  
Ызындап құлағыма естіледі  
Біреудің баяулатып салған әні.

Тыңдадым сыбырымды білдірместен,  
Келеді қаннан-қапер дым білместен,  
Бір жігіт қосарында бір аты бар  
Жанымнан өте шықты кідірместен.

Ағашқа кіргеннен-ақ жүрді баяу,  
Жағалап мен де жүрдім оған таяу,  
Екі атты бір ағашқа байлап тастап,  
Жүгіріп жігіт кетті елге жаяу.

Ауылға әлгі жігіт қалды кетіп,  
Келмеді, кетті біраз уақыт өтіп,  
Аттары бір ағашқа байлаулы тұр,  
Келер деп мен ойладым әлде нетіп.

Ел жатып ұйықтаған кез бәрі тыныш,  
Тыңдасаң, білінбейді ояу дыбыс,  
Байтөбет анда-санда бір маңқ етіп  
Қара мал түн ортасы тартқан күйіс.

Аяңдап аттарына келіп жақын,  
Қарадым назар салып көріп атын,  
Ат-тұрман, әшекейлі алтын жабдық,  
Жігіттің тамаша еттім салтанатын.

Ойладым, бұл да мендей ұры ма деп,  
Ел кезген қарақшының бірі ме деп.  
Болмаса бір сүйгені мұның болып,  
Қыз алып қаша жүрген түрі ме деп.

Көрмедім өмірімде мұндай малды,  
Салпы ерін, салқы төсті, бөкен санды,  
Оқтаудай бауырынан жарап қалған  
Қыл сағақ, қамыс құлақ, майда жалды.

Бірі көк, көрінеді бірі күрең,  
Сұп-сұлық тұр байлаулы қылмай елең,  
Ығысып, құлақ тігіп, шошайысып  
Көрген соң ысырылды келген менен.

Ойладым: осы ат маған жарамай ма,  
Біреуін он жылқыға баламай ма,  
Екеуін ұрлап кетіп, елге барсам,

Біріне бір қыз беріп қаламай ма?

Ендігі малдан тумас мұндай құлын,  
Келмеген дүниеге мұнан бұрын,  
Бір-біреуі жесірлік малдар екен,  
Бара ма күйіп кетіп берген бұлым?-

Дедім де аттарды кеп алдым шешіп,  
Жетекке тартынбайды желдей есіп,  
Екі атты бір тасаға байлап тастап  
Болар деп артын күттім тағы нешік.

Бір-екеу келе жатты ауыл жақтан,  
Күлісіп, әзілдесіп, күбірлесіп.  
Жалтақтап көрінгеннен үрейленіп  
Бірі алда, бірі артында жүр-жүрлесіп.

Шегініп, кейінірек тұрдым тайып,  
Бір жігіт, бір қыз бейне ерлі-зайып,  
Манағы қойған атын таба алмай жүр,  
Жым-жылас орынынан болған ғайып.

Дағдарып жігіт сонда тұра қалып,  
Тыңдады жан-жағына құлақ салып,  
Шайтан ба, жын көтеріп әкетті ме,  
Байлаған осы еді ғой жерім анық.

Қызға айтты осы арада отыр күтіп,  
Ол екі ит кетіп қалды қайда зытып,  
Деді де жолға түсіп жігіт кетті,  
Қыз қалды, орынында үні бітіп.

Мен дағы тұрмын тыңдап салып құлақ,  
Сырлары мағлұм болды оның бірақ,  
Өкшесі тық-тық етіп ол жігіттің  
Алыстап бірталай жер кетті жырақ.

Ойладым қыздан бір сөз сұрайын деп,  
Кез қылған оңашада құдайым деп,  
Қапыда қараңғыны пайдаланып,  
Бұйырса қызды да олжа қылайын деп.

Үстіне көк домбайдың мініп алдым,  
Шылбырын қос бедеудің іліп алдым,  
Манағы жігіт кеткен дабыл жолмен -  
Қайдасың, жүр деп қызға жетіп бардым.

Қыз сонда арам қатқыр мұнша зар қып,  
Жүрген деп бағанадан қайда қаңғып?,-  
Көтеріп қол боқшасын маған беріп,  
Үстіне қыз күреңнің мінді қарғып.

Көргенде қызды бойым кетті балқып,  
Бұрыла алға түсе кеттім тартып,  
Қыз мені қараңғыда аңғармады,  
Тілдесіп сөз айтпадым «жүрден» артық.

Құдайым бір сұлу қыз берді қолға,  
Қарғаға кез болмаған мұндай олжа,  
Қыз мінген күрең атқа көзім түссе,  
Шалмайтын бір көк айыл шаңқан жорға.

Тас жүген, алтын алқа алқылдаған,  
Қолында алтын қамшы жарқылдаған,  
Қайшылап қос құлағын арындайды,  
Қара жер дүбірінен солқылдаған.

Келеді қыз қайқая кере тартып,  
Сүзгілеп пысқырады жерді тарпып,  
Ойқастап бір бүйірлеп бұлаң қағып,  
Оралып қыз келеді қайта шалқып.

Көк домбай шоқытады елбең-елбең,  
Жұқпайды мысықтай боп жарлау жерден,  
Оқ бойы қыз алдында кетіп барам  
Бір жан жоқ түн ішіпде бізді көрген.

Кім білсін, ішіндегі қыздың дертін,  
Қыз атқа ие болды емін-еркін,  
«Басыма мына құрғыр тұрмады» деп,  
Қолға алып қыз ұсынды кәмшат бөркін.

Атымның басын тартып шегіншектеп,  
Артыма қолым созып кейіншектеп,  
Қойныма қыздың бөркін тыға салып,  
Жөнелдім «ілесе жүр, келіншек» деп.

Келемін ауыздыққа сүйей шауып,  
Кейде бір тілдескім кеп кеулім ауып,  
Қан күрең дөңгеленіп келе жатыр,  
Ақ көбік омырауын кеткен жауып.

Қоңыр жел таң сазының самалы есіп,  
Жымыңдап көк жұлдызы күлімдесіп,  
Күлдірлеп күміс әбзел қоңыраулатып  
Бейне бір жөнелгендей шайтан көшіп.

Сыбанып ақ білегі оқа жеңнен,  
Сүйеді таң шапағы бидай өңнен,  
Еліктей шыңнан қашқан елең-алаң  
Кезінде асып түстік қоңыр дөңнен.

Сол кезде таң сарғайды құланиек,  
Тартқандай берен тонға оқа жиек,

Оқ бойы қыз алдында домбай көкпен  
Ағызып ауыздыққа келем сүйеп.

Ақбоз ат қосарымда ойнай басып,  
Күлдірлеп күмбездері көңіл ашып,  
Тәңірінің бергеніне шүкірлік деп  
Келемін шаттық кернеп судай тасып.

Күндік жер қысқа таңда кеттім жүріп,  
Түнімен тоқтамадым бір кідіріп,  
- Сұлуым, танимысың жарыңды?- деп,  
Оралып аттың басын келдім бұрып.

Сонда қыз ұрылғанын білді бір-ақ,  
Жас тамды көздерінен мөлдір бұлақ,  
- Япыр-ай, не жазығым бар еді?- деп  
Қыз сонда аттан талып түсті құлап.

Көз жасы омырауына кетті көлкіп,  
Жығылды ғапылдықтың уына елтіп,  
Секіріп түсе қалып, қыз қасына  
Отырдым, орамалмен бетін желпіп.

Шаң жұққан ақша жүзін, қалам қасын,  
Отырдым сипап қыздың маңдай шашын,  
Түймесін ағытқанда демін алып  
Көтеріп алды «уһ» деп жерден басын.

Еңкейіп тізесіне сүйеп басын,  
Ағызды мөлдіретіп көзден жасын,  
- Бар еді не жазығым айырғандай  
Зарлатып сүйгенімнен, замандасым?

Менің жоқ, сірә, саған бағынбағым,  
Жар етіп, жақсы көріп жағынбағым,  
Айырып алғанымнан зар жылатып  
Мұншама қор еткенің не қылғаның?

Ер болсаң елден сұлу таппадың ба,  
Қыздарға қылығыңмен жақпадың ба,  
Кім едің елге сыймай шығып жүрген  
Барыңды маған бола сақтадың ба?

Сен мені мал дедің бе ұрлайтұғын,  
Бұл дәурен қолда үнемі тұрмайтұғын,  
Қан ішкен, қара жүрек залымбысың,  
Жазықсыз жанға рақым қылмайтұғын?

Отырды осыны айтып қайғыланып,  
Дидарын таң атқан соң көрсем анық,  
Кешегі менменсінген кербез сұлу  
Қарасам көз тоқтатып, назар салып.

- Жасаған, көп-ақ екен көрмегенім,  
Жазғандай жаратқаным мен не дедім,  
Жас балғын жазығы жоқ бейшараңа  
Жазғырып жарық сәуле бермегенің...

Болмады бұл сөзді естіп менде төзім,  
Бар еді ашушаңдық бір мінезім,  
Қыз сөзі шымбайыма батып кетіп  
Мінеки сонда қызға айтқан сөзім:

- Аружан, сөзіңді айтшы маған жөндеп,  
Емеспін сүйген жарың жүрген кел деп,  
Аулыңа кеше кешке барып түстім,  
Жолаушы жан едім деп жүрген желдеп.

Адам деп маған жауап қайырмадың,  
Шапаның тамырыңның қылып ермек,  
Көсілген аяғыңды бір жимадың  
Көргенсіз кісілердей жаттың көлбеп.

Жақсының жөн білетін міндеті еді,  
Жағымды жат мейманға жауап бермек,  
Мас болып махаббаттың сырасына  
Кепиет кеудеңізді кеткен кернеп.

Ақымақ бір жігітке мас болғаның,  
Бойды алып тәкаппарлық тас болмағың,  
Айламды сол жігіттен асыруға  
Менің сол сеніменен қас болғаным.

Жақсы қыз жақсы сөзбен жауап берер,  
Сынатпай сыпайы боп түзу келер,  
Басына заманақыр түскен кезде  
Сен болдың ардақты қыз сөзге шебер.

Қу сайқал, тастайын ба басыңды алып,  
Көрер ме ед жүрегінді сенің жарып,  
Өзіңнің еткенінді өзің білмей  
Сөйлейсің әр неменің басын шалып.

Қанағат еттің бе, қыз, амалыма,  
Мен сенің қызықпаймын жамалыңа,  
Алдырған аңғалдықпен бір ақылсыз,  
Атқа мін, апарайын жаманыңа.

Мен дағы өз елімнің Қарғасы едім,  
Ерлердің елеп сүйген жолдасы едім,  
Тәңірі айдап сені маған кездестірді,  
Болмаса ат саурына салмас едім.

Жүруші ем жортуылда жиһан кезіп,

Тұрмаушы ед ерегiссем жаным төзіп,  
Қыздардың осындай бiр опасыздық  
Мiнезiнен жүрушi ем мен де безiп.

Басымның қуанбаушы ем аманына,  
Кiрушi ем қорықпай жаудың қамалына,  
Мен саған, сiрә, құмар емес едiм,  
Атқа мiн, апарайын жаманыңа.

Шыныңды айт махаббаттың отын жақсаң,  
Сөндiрiп тек қалмайын обалыңа.  
Болмаса сөзiңдi қой ер өзiме  
Тап қылған төңiрiм шығар талайыма.

\* \* \*

Сонда қыз адақтады мәні-жайын: -  
Жаратқан қызды сорлы бiр құдайым,  
Қарғажан, айтқан сөзiң кеттi батып,  
Тыңдаңыз, мен жайымды баяндайын.

Әкеттiң менi айырып айлаң асып,  
Амал не, тәйiрiм сiзге қылса нәсiп,  
Қапастан қашып жүрген мен бiр тоты  
Ол жiгiт жарым емес болған ғашық.

Бұл елде бiр ру бар Абақ, Тарақ,  
Оларға дәулет берген құдай қалап,  
Бар екен Қожакелдi деген байы  
Бықсыған өзi сараң, өзi салақ.

Елдерi «Байқожекем» дейтiн оны,  
Жүредi көше жайлап ылғи соны.  
Үстiнен ала жаздай түспеушi едi  
Көн шалбар, терi тымақ, сеңсең тоны.

Жамбасы бiр жатпаған жерге тиiп,  
Жаз шiлде, қыс аязда, күнге күйiп,  
Қорек қып өлген малдың өлексесiн  
Жемеген бiр семiзiн ернi жiбiп.

Бар екен соның саңырау бiр баласы,  
Бұл күнде жиырма алтыға келген жасы,  
Кәсiбi қауға тартып, қой бағады,  
Өсiрген осылай қып ата-анасы.

Сөзiңдi айқайлаған естiр зорға,  
Ас, тойда мiнедi екен жайдақ нарға,  
Ет салып құрбан айтта алатұғын  
Белiнде жүредi екен шекпен дорба.

Үстiне бiр боз шекпен киедi екен,

Аяққа көн шабата іледі екен,  
«Па, шіркін, Қожекеңнің мырзасы» деп  
Көрінген мазақ қылып күледі екен.

Әкемнің өз көзінің тірісінде,  
Жақтырмай елдің жақсы бір ісін де,  
Мал беріп Қожагелді құда түсті,  
Әкемнің жұрт күйінді бұл ісіне.

Сол жылы дүниеден қайтып кетті,  
Мал үшін жалғыз қызын сатып кетті,  
«Ей, кемпір, ақ батамды бұзбаңдар!»- деп  
Өлерде өсиет қып айтып кетті.

Бір бай бар Ошақтыда, аты Ботпай,  
Бар екен жалғыз ұлы жанған оттай,  
Ешкімге құда түспей жүрген кезде  
Келуші ед әкемізге ат құрғатпай.

Айтқанын оның қабыл көрмеген-ді,  
Қызым жас, қоя тұр деп бермеген-ді.  
Өкпелеп тең көрмедің бойыңа деп,  
Өлгенде әкеме олар келмеген-ді.

Былғайғы бір жаман ат рулы елді,  
Болар ма дәурен сүріп жүруге енді,  
Қасына бір жас жігіт жолдас алып,  
Бір күні саңырау күйеу ұрын келді.

Шешеміз қонақ асы сойып қойын,  
Елеулі есік ашар етті тойын,  
Жеңгелер желпілдеп жүр алым сұрап,  
Түңілді көргеннен-ақ менің бойым.

Сыбырлап күйеу келмес сырласуға,  
Болмады көңілдегі сырды ашуға,  
Отырдым тәуекелге белді буып,  
Болар ма амал таппай құр жасуға.

Дастарқан бізге жайды тамақ жайлап,  
Ыңырсып сары самаурын келді қайнап,  
Алдына жеміс қосып төккен нанды.  
Жем жеген мәстек аттай былш-былш шайнап.

Егер де болсаң барып сынағандай,  
Болар ең көрсең түрін жылағандай,  
Сөйлегенде өгізше мөңірейді  
Ұр да жық сөзі жардан құлағандай...

Жалындым бір жеңгеме қайтайын деп,  
Әжеме бар мұнымды айтайын деп,  
Жаны ашып, жақын жеңгем алып келді:

«Тіл алса мен дағы айтып байқайын» деп.

Жыладым мен анама үйге келіп:  
Қойыпсың бір құзғынға жемге беріп,  
Жанында оның дәурен сүргенімше  
Қалармын ебін тауып бір күн өліп!

Шешеміз естіп, біліп күйеу жайын,  
Өзі де отыр екен етіп уайым.  
Жата ғой төсегіңе ренжімей,  
Көрерсің күнің туса, қалқатайым!

Сонан соң күйеулерге берді хабар:  
«Бұл жолы қалыңдығын көрді, жарар,  
Тағы да мұнан кейін жасырын кеп,  
Сүйсініп сүйгенімен мейірі қанар.

Аттансын әзірінше, айыптамай  
Қазақтың қағидасы солай болар.  
Емес қой ат жетпейтін ауыл алыс  
Берермін келсін десем өзім хабар».

Аттанып күйеу кетті кінә қоймай,  
Етіне бір бағланның қалды тоймай,  
Дариға, күнім қашан туады деп  
Жыладым әбден жүдеп ойлай-ойлай.

Күн бар ма малға сатқан қыз бейбаққа,  
Барады көнбей тулап қыз қай жаққа.  
Бар еді қыз ұзатқан тартыс ойын,  
Мен бардым бой көтерер қыз ойнаққа.

Ортада біреу отыр тойды бастап,  
Қосады домбыраға әнді жастап,  
Аяғын Гүлсін-ай деп қайырады  
Салмағын сөздерінің маған тастап.

«Аулым көшті Ақсудың аңғарына,  
Сөз айтамын сұлудың заңғарына.  
Құба жонда құланның кодығындай  
Аршалының жем болдың аңдарына.  
Ойпырым-ай, ойпырым-ай, Гүлсін-ай,  
Көрген де күнің құрсын-ай.

Мейман болды-ау, меңіреу сал албарыңа,  
Күйінемін қамалып қалғаныңа,  
Жарық көрмей жалғаннан өткеніңше  
Иман сұра құдайдан жалбарына.  
Ойпырым-ай, ойпырым-ай, Гүлсін-ай,  
Көрген де күнің құрсын-ай!»

Дегенде жұрт шу етіп деді, пәлі,



Дұрыс айтады деп күліп елдің бәрі,  
Сондағысы осы қыз ба екен деген  
Кісідей қарай қапты жас пен кәрі.

Мұны естіп үйге жылап қайтып келдім,  
Жігіттің айтқан жырын айтып келдім,  
Алдына қамқор ана жасым төгіп  
Дедім мен жан күйігін тартып келдім.

Анамның жүрегіне түсті жалын,  
Жалғыздың көтердім-ау деп обалын,  
Ән салған сал жігітті сұрастырса,  
Ботпайдың жалғызы екен, аты Ғалым.

Шақыртты бір жеңгемнен түн ішінде,  
Анамның ризамын бұл ісіне.  
Жігітті жеңгем байғұс алып келді,  
Домбыра етегінің жүр ішінде.

- Шырағым, шақырдың деп қылма өкпе,  
Шешеннің тілі ортақ деген көпке,  
Барып тыңдап қайтатын уақытым жоқ,  
Ән салсаң ұнатар ем тым әлбетте.

Дегенде домбырасын Ғалым алып,  
Жіберді толғай шертіп әнге салып,  
Жұмбақтап бір-екі ауыз өлең айтты,  
Басқаға түсініксіз, біздерге анық.

- Сөзімнің әуелгісі айым-қайым,  
Біреудің біреу білмес мәні-жайын,  
Бұлт басқан бір бейбақтың күн мен айын  
Басқаны айтып, ана, не қылайын.

Абайсыз бір ақ сұңқар түсті-ау торға,  
Аяусыз, айуанға жем, болған олжа,  
Бұғаудан босанарға жәрдем таппай  
Жем болған жапалақ пеп құзғындарға...

Деді де домбырасын сүйей салды,  
Еш адам білмей қалды бұл хабарды,  
Ғалымға қымыз құйып, анам сонда  
Азырақ бір күрсініп ойға қалды.

- Шырағым, өкінгенмен құр не пайда,  
Қол созған талапкер көп аспанда айға,  
Қапаста тұтқын болған ақ сұңқарды  
Бұғаудан босататын ерлер қайда?

Бұл бейбақ қалып еді жастай жетім,  
Тартып тұр қасіреттің зор бейнетін,  
Әншейін аяқ асты қылман деуші ем,

Кешегі әкесінің өсиетін.

Қайтейін надандықпен айтқан сөзін,  
Болар ма мұны көріп менде төзім,  
Қайратың жетсе сен ал Гүлсінімді,  
Ақтарсың ақ сүтімді келсе кезің.

Күн-түні қайғыда отыр көзін ілмей,  
Жас жаны жазылар ма дәурен сүрмей,  
Бұл қызға қайын да жау, төркін де жау  
Уақиға бұл ісіңді қалсын білмей.

Ботпай жүр өкпелеумен үйге келмей,  
Ақыры алыс қалды бізді көрмей,  
Тағында тәңірі саған жазған шығар  
Шын сүйсең не қыламын сізге бермей.

Орнынан жігіт сонда түрегелді,  
Кемпірден бата тілеп сұрады енді,  
«Өмірлі, бақытты бол, балларым» деп  
Риясыз анам байғұс бата берді.

Сол-ақ ед бұл жігітпен кездескенім,  
Асығыс аттанғанша тілдеспедім,  
Сертім жоқ өз аузымнан менің берген  
Анамның сөзін бұзып тіл кеспедім.

Қатені сізге істеген мойынға алам,  
Құдірет жазса солай бар ма шарам,  
Қолына қарақшының түсіп барып  
Мен қалай ақтығыма сендіре алам.

Бұрыннан мағлұм емес оған сырым,  
Солған жоқ әлі жас ем қызыл гүлім,  
Нахақтан мені жігіт бос күйдірер  
Ер жеткен ер біле ме қыздың сынын.

Басыма барсам қайғы салмаймын ба,  
Құтылмас қу жалаға қалмаймын ба,  
Бәрібір қайда кетсем хақ бұйрығы  
«Ат сауыры» деген атақ алмаймын ба?

Кездескен болды бір іс таланыма,  
Жеткізсін тәңірі сені талабыңа,  
Екі елді жауықтырып кеттім бірақ  
Анамның қалдым тағы обалына! -

Мұны айтып орнынан қыз түрегелді,  
Мінеки алыңыз, деп қолын берді,  
Ақ жүзін аймаладым қалқи жүзіп,  
Аққудай мекендеген айдын көлді.

Сонан соң атқа мініп жүріп кеттік,  
Арада ай жарымдай сапар шектік,  
Арқада жайлап жатқан қалың Жаппас  
Ауылға сәске түсте келіп жеттік.

Күн шыжып, шілде түсті, аспан қайнап,  
Ылдида отырған ел жаздай жайлап,  
Шалқыған шаңқай түсте шағаладай  
Көрінді ақ боз үйлер андағайлап.

Айтпағам өз жайымнан бір сыр ашып,  
Қанша ойнап-күлсек тағы сыр сұрасып,  
Менде жоқ маңырамаға жетім тоқты,  
Және жоқ паналайтын жыртық лашық.

Белгілі Бұхар бай мен Сейіл байлар,  
Көп жылқы көк алалы мыңдап айдар,  
Екеуі екі көлдің бетін алып  
Қозы қос іргелес боп бірге жайлар.

Оларға менің еркім алынбаған,  
Қызығып байлығына жалынбағам,  
Арланып есігіне жалдануға  
Ешкімге күнім салып табынбағам.

Айналды сұм жүректі жаралауға,  
Болар ма жылу сұрап аралауға,  
Амалсыз тұрмыс айдап көндірмекші  
Біреудің босағасын паналауға.

Бар еді Қалша деген бір құрдасым,  
Ол менен аямаушы ед мал мен басын,  
Кісі еді кедей, жомарт, ер көңілді,  
Түсуге кетті соған ықыласым.

Қызға айттым - мынау қараша үйге түсіп,  
Демалып аттанайық сусын ішіп,  
Барамыз барар жерге кешке қарай  
Барады аспан қайнап, күн тағы ысып.

Қыз айтты - ауылыңыз болса қашық,  
Барармыз дәм бұйырып болса нәсіп,  
Өзімнің сүйіп алған жарым деңіз  
Айтпаңыз басқа жайды бір сыр ашып.

Біз түстік іздеп келіп замандасты,  
Шын достың уағдасы жоғалмас-ты,  
Үйінен жүгіре шығып Қалша байғұс  
Көрісіп бізбенен кеп амандасты.

Ақсиып анадайдап күле келді,  
Түсініп біздің жайды біле келді,

Сырт қызға сыр білдіріп қалмастай боп  
Ішіне бір сұмдықты түйе келді.

- Қарғажан, құтты болсын алғаныңыз,  
Осы еді біздің дағы арманымыз,  
Алдыңда көп әлеумет күтіп отыр  
Ас ішіп аздап үйге алданыңыз!

Шешініп біз отырдық үйге жайлап,  
Жиналып келіп қалды ауыл-аймақ,  
Тетелес тең құрбыға хабарлауға  
Бір атқа Қалша кетті мініп жайдақ.

Біреу келіп, біреулер қайтып жатыр,  
«Алғаның құтты болсын!» айтып жатыр,  
«Япырым-ай, мұндай сұлу көрмедік!» деп,  
Кейбіреу келіп шегін тартып жатыр.

Шашуға бала-шаға тойып жатыр,  
Самаурын қатар-қатар қойып жатыр.  
Бір жігіт бір бағланды алып ұрып,  
Шиге сап домалантып сойып жатыр.

Бесінде Қалша үйінен атқа міндік,  
Шеттегі бір ауылға тура жүрдік,  
Келеді аттанған соң Қалша бастап  
Ауылға бір бүйірлеу жақын келдік.

Келеді аттанған соң Қалша бастап,  
Қу Қалша сөз айтпайды бір сыр тастап,  
Оңаша оқшау қонған бір ауылға  
Қалшекең келе жатыр бір жамбастап.

Күмбездей тұр ақ отау тіккен сайлап,  
Желілеп жағалауға бие байлап,  
Қыз-қатын шағаладай дөң басында  
Келеді алдымыздан андағайлап.

Түсірді ойпаң жерге Гүлсінді аттан,  
Шешініп, асыл киім алды жайлап.  
Қалша да қыз қасында бірге қалды,  
Артыңнан барармын деп жеңгетайлап.

Іс еткен секілді бір алдын ойлап,  
Қайғысыз жүрген бір жан күліп-ойнап,  
- Бар дағы ақ отауды иеленіп,  
Түсе бер,- деді Қалша атты байлап...

Ақ отау алтын оқа дөдегелі,  
Күмістен күмбез қаққан керегелі,  
Сом темір босағасы дауыл жықпас  
Болыскей шекетулі шегелері.

Тастаған асыл кілем, айнала ұстап,  
Жинаған көрпе-жастық шаймен тыстап,  
Не керек бұйымдарын дайын еткен  
Ауызбен бітіре алмас бәрін нұсқап.

Боп қалды келін түсіп той-тамаша,  
Жыршылар, жырлай келді бетін аша,  
Біреу ат, біреу шапан алып жатыр,  
Әлеумет жиналып кеп дабырласа.

Ән шырқап ақ боз үйден айқай салып,  
Сырттағы сыймаған жұрт түрді жабық,  
Бір жүзік, бір орамал алмаған жоқ,  
Балалар омырауына теңге тағып.

Бұл дәулет бұған сая болды нағып,  
Мерейі болған үстем отын жағып,  
Тыңдаушы, таң-тамаша отырсыңдар,  
Ақыннан әлі күтіп артын бағып.

Мәнісі бұл жұмыстың былай болған:  
Көз жасын төгіп Қалша жылай барған.  
Жиналған бозбаланың ортасына  
Сүйінші мана Қалша сұрай барған.

Қасында бір сұлу бар Қарға келді!  
Ат соғып шаршағаннан зорға келді.  
Сұлудың әзіліне ортақ болып  
Ер Қарға жығылатын орға келді.

Қызы екен Ұлы жүздің аты Гүлсін,  
Жалғанда өлмей Гүлсін тірі жүрсін,  
Дүниеде мұндай сұлу болады екен,  
Қарғаның арманы жоқ, ойбай құрсын!

Кешегі Ләйлі сұлу, Баяннан да,  
Сымбаты артық Бәдіғұл-Жамалдан да,  
Қыз Құртқа, сұлу Жібек пар келе алмас,  
Теңі жоқ тірі жүрген адамдарда.

Құрбылар, бекер емес мұным анық,  
Көргенде болар емес көзің қанып,  
Егер де осы айтқаным жалған болса  
Мойныма өлтіріңдер шылбыр салып.

Қарғаның қорғалайтын панасы жоқ.  
Буылған бұлқынарға шамасы жоқ,  
Біреудің босағасын паналай ма?  
Қайтеді онан басқа шарасы жоқ.

Қалшекең айтар сөзге қандай епті,

Отырған тамсандырды мына көпті, -  
Қор болған кедейліктен, сабаз-ай!- деп,  
Солқылдап Қалша жылап, жасын төкті.

Бұл сөздің анығына олар жеткен,  
Ер үшін тартынар ма ел көмектен,  
Етелік деді бұған ағайындық  
Қарғадай бірің бар ма, ерлік еткен.

Бізге де алыс емес осы Қарға,  
Қарғаның бізден артық досы бар ма?  
Елдессең, белдессең де, бәйгелессең  
Жарайды қай ісіңе қосыларға.

Бұл Қарға қызды әкелді елім бар деп,  
Дейтұғын алтын Арқа жерім бар деп,  
Бір қызға сөзге бай боп айтқан шығар  
Тең құрбы, талай дос-жар ерім бар деп.

Ел кезген есерлікпен ер едім деп,  
Елеулі елде екiнiң бiрi едiм деп,  
Ол қызға сөзге бай боп айтқан шығар,  
Қыз таңдап бiр жаратпай жүр едiм деп.

Жиналған кiшi iнiлер, үлкен аға,  
Қарғаның ерлігіне етсең баға,  
Қыз қызылшыл әзілге ортақ етер  
Бұл қызға етеміз бе мұны таба?!

Жігіттер осы сөзді көпке салған,  
Бәрі де бұл тілекті қабыл алған.  
Қырық жылқы, жүз елу қой жинап алып  
Қазына он бес нарға жүгін таңған.

Ерлердің жомарттығын елі көрген,  
Бәрі де сөзге келмей соңына ерген.  
Кіргізіп жас келінін оң жағына.  
Отауын кiшi ұлының бiрi берген.

Мал қосып бiреуi бес, бiреуi оннан,  
Қарғаның туған екен жұлдызы оңнан,  
Болғанша қожа бесін бәрін байлап  
Қарғаның аулы екен жаңа қонған.

Бiлмейдi бұл сырымды мынау Гүлсiн,  
Ешбiр жан айтпаған соң қайдан бiлсiн,  
Гүлсiндi қалай алып келгенiмдi,  
Әлеумет, әлi күнге бiлмей жүрсiң.

Бұл кемпір сүйтiп алған Гүлсiн едi.  
Алаңсыз менi дәйiм бұл сүйедi.  
Үш тәулік өтiп едi арасында,

Бір күні Гүлсін қатты күрсінеді.

Бұрынғы қалыбынан айрылып жүр,  
Қабағы түсіп, қатты қайғырып жүр.  
Тұнжырап түсі қашып түтіккендей  
Қайғыға тұла бойын алдырып жүр.

Сұрадым:- Гүлсін, саған не қылды?,- деп,  
Көз жасың мұнша неге төгілді?- деп,  
Сарғайып сар сүзектей кеттің жүдеп,  
Гүлсінжан, кімнен тауың шағылды көп.

Орынсыз біреу тілін тидірді ме,  
Жаманат, өсек тонын кидірді ме,  
Болмаса сүйген жарың еске түсіп  
Дауасыз жүрегінді күйдірді ме?

Сөйледі сонда былай маған Гүлсін: -  
Жарамды жаны басқа қайдан білсін,  
Ойлаймын шарға түскен сорлы анамды  
Сен жетіп арманыңа мәз боп жүрсін.

Сорлы анам ақылы ауып кеткен шығар,  
Алжуға әлі бітіп жеткен шығар,  
Барымта, дау жанжалмен әркім тонап  
Атаның аз дәулеті біткен шығар.

Жолыңнан қорықпасаң қауіп қылып,  
Барып кел, сорлы анамды сауықтырып,  
Есінде бар ма, сірә, жаным Қарға,  
Кеткенің барлық елді жауықтырып.-

Мұны естіп атқа мініп жүріп кеттім,  
Біріне сездірмедім жүрген көптің,  
Ай жүріп, арасында сапар шегіп,  
Аулына қайын-енемнің келіп жеттім.

Үйіне өзім көрген танып кірдім,  
Есіктен сәлем беріп барып тұрдым.  
- Шырағым, жоғары шық,- деді анам,  
Қорғалап төменірек жерге отырдым.

Мен үйге кіргеннен-ақ ашып есік,  
Кемпірдің кеткен мені көзі тесіп.  
- Отырған босағада себебің не?  
Шықпайсың төрге, балам?- деді,- нешік?

- Мен келдім, қамқор ана, алыс жақтан,  
Хабарым бар жігітпін әр тараптан.  
Отырған босағада себебім сол,  
Қорқамын төр аттауға аруақтан...

Кемпір айтты: - Берірек келші жуық,  
Жақсы болсаң жібермес аруақ қуып,  
Гүлсінім жоқ болған күн келдің-ау, сен,  
Көзіме көрініп ед түсің суық.

Білсең айт, Гүлсінімді, қайда кетті?  
Айрылып жалғызымнан болдым дертті,  
Қақбас ит, қатынымды тауып бер деп  
Тап берген Тарақтының азары өтті.

Бүлінді өрде жатқан барлық халық,  
Нақақтан Ошақтылар жатыр жанып,  
Ботпайға қызыңды алып қашырдың! - деп  
Ол жатыр Сіргеліден барымта алып.

Сіргелі тартпақ болды қалыңмалын,  
Ошақты қызды өлтірген «болды залым»,  
Қалыңмал адам құнын қоса даулап,  
Екі рет тартқызбағы болды мәлім.

Сол күні сен осы үйге келіп едің,  
Жүзіңді шала-шарпы көріп едім,  
Келді-ау деп сол шіркіннен сорлы Гүлсін  
Өзімше жорамалдап біліп едім.

Шырағым, жөніңді айтшы, неткен жансың,  
Сүйіндір, аңсаған бір мейрім қансын.  
Мен сені текке келген жан демеймін  
Талабың тәңірі алдында жарылғасын! -

Орнымнан түрегелдім қол қусырып,  
Анаға тағзым еттім басымды ұрып,  
Ұлықтан рұқсат алып кішілікпен  
Сөйледім босағада тіке тұрып.

- Ей, ана, бұл күнамды ғафу еткін,  
Ғафулық сұрайын деп сізге жеттім.  
«Махфузда» тәңірім солай жазған болар,  
Өзіммен Гүлсініңді жұптіленттім.

Өлген жоқ, Гүлсін тірі осы күнде,  
Оның жоқ менен бөтен досы мүлде.  
Келгенде сонша жерден тілегім сол,  
Жүрейін құлшылықта есігіңде.

Руым Алшын, Ұлы жүз үлкен ағам,  
Бергелі аруағына келдім сәлем,  
Үш жүздің баласына мәлім болған  
Жон кезген, жолым сұйық едім жаман.  
Ғафулық алдыңыздан сұрай келген  
Ғайыбынан тәңірі берген Қарға балаң.-



Сонда ана саулы інгендей боздады иіп,  
Өзінің омырауына жасын құйып,  
Орнынан тұрып келіп мейірі түсіп,  
Үш рет маңдайымнан алды сүйіп.

- Қарағым, Қарға десем Қарғам екен,  
Қарғаның жаманаты жалған екен.  
Өлсем де енді менің арманым жоқ,  
Гүлсінжан өз теңіне барған екен.

Қарғажан, өрт екенсің жанып тұрған,  
Бетіңнен ерлік сесі тамып тұрған.  
Құдай-ай, тіл-аузым тасқа тисін  
Қабыл ет көз жасымды ағып тұрған!-

Мұны айтып тәтті тағам дайындады,  
Жүрегім енді орнығып байымдады,  
Кемпірге арқа сүйеп алғаннан соң,  
Қаймығып Қарға жаудан тайынбады.

Бұл үйден тамактанып жүріп кеттім,  
Жиынға жылдам жүріп келіп жеттім,  
Төбеге топ жиналып жатыр екен,  
Шетінен келіп тұрдым қалың көптің.

Жақындап келдім жуық сәлем беріп,  
Бәрі де таңырқады мені көріп,  
Қырмызы қызыл шапан, жібек белбеу,  
Басымда мақпал тысты сусар бөрік.

Алыстан жүріп келген атым жарау,  
Көрінді әлеуметке салтым бөлек.  
Бәрі де елең қылып амандасты  
Жан-ау деп жүзі басқа жүрген келіп.

Сұрады билер сонда атым-жөнім,  
Жүрсің деп не жұмыспен, қай жерде елің?..  
Сұраған сұлтан, төре, билеріне  
Жауабым сонда мынау берген менің:

- Бір аққу ұшқан екен айдын көлден,  
Дәмелі бір қаршыға соңына өрген,  
Қалыңға қаңғалақтап адасқанда  
Аққуға кез келіпті бір сұр мерген.

Бір атып топшысынан түсіріпті,  
Өлмесін аққу маңғаз түсініпті,  
Аққуды алып кетіп емдеп жазып  
Ойнатып бақшасында ұшырыпты.

Өтіпті сонан бері талай заман,

Көңілі шат, бақшада ойнар болмай алаң,  
Хабарын иесіне айта келдім,  
Құсынды өзің ал деп тұрғанда аман.

Руым Алшын, сұрасаң атым Қарға,  
Арқада сайран салып өстім арда,  
Болған соң кісі хақы иеленіп,  
Кететін шынымды айтпай жыным бар ма?

Бұл елге бұзылғанды жөңдей келдім,  
Жарасын, жаралысын емдей келдім.  
Ақ ниетке қаралық ойлағанның  
Артыма өлексесін теңдей келдім.-

Сөйледім сонша топты таңырқатып,  
Шөлдетіп кеңселерді шаңырқатып,  
Шешуін бұл жұмбақтың бірі таппай  
Шулады әр нәрсенің басын шатып.

«Осы итің не деп кетті?» деді халық,  
Қамалап тұра қалды ортаға алып,  
Сен жынды кімді теңдеп кетесің деп  
Ұмтылды кеппелері ашуланып.

Сөйледі бір жас жігіт сонда шеттен,  
Халыққа тұра тұр деп айқай салып,  
Атына қамшы басып омыраулап  
Ортаға келді жігіт топты жарып.

- Ол жынды емес ақымақ, сендер жынды,  
Ит деп сөгіп, қамайтын, ол не қылды!  
Түйінін осы даудың осы шешер,  
Сонан соң мейлің кімнен алсаң құнды!

Аққуы көлден ұшқан Гүлсін екен,  
Адасқан қаршығасы мен сұм екем,  
Тап келген бір сұр мерген өзі болды,  
Ерлікпен айла асырған бір қу екен.-

Жұрт тұрды мына сөзге аң-таң қалып,  
Қайтадан қамаласты ортаға алып,  
Жоқ қылып қарақшыны кетелік деп,  
Жіберді қамшыменен бір-бір салып.

Тұрғам жоқ онша олардан мен де сасып.  
Жібердім көк домбайға қамшы басып.  
Қамшымен бір-бір салып кеткенімде  
Жығылды бірталайы омақасып.

Тоқтатты әлгі жігіт арашалап,  
Көп халық келіп тұрды тамашалап,  
Баяғы қызды ұрлатқан Ғалым екен,

Билерге келді жақын жанасалап.

- Ей, жұртым, қыздың көрдің өлмегенін,  
Мен сорға бекер болды-ау сенбегенің,  
Билігін осы даудың мен айтайын,  
Тұрындар әділдігім көр де менің.

Қыз үшін Тарақтылар қайғырмасын,  
Бұрынғы абыройынан айрылмасын.  
Көрсеттің көзімізге ерлігіңді  
Жарайсың, бәрекелде, жан құрдасым.

Айтпаймын мен де алам деп сүйгенімді,  
Мен дағы сөндіремін күйгенімді.  
Бұл жігіт осы ауылға күйеу болсын,  
Тоқтаңдар, Тарақтың да, Сіргелің де.

Гүлсіннің көкірегінде зар болмасын,  
Айырма сүйіп қосқан жан жолдасын,  
Бұғаудан босатылған бір көгілдір  
Шарықтап шалқар көлде сайрандасын.

Ер-тоқым, екі атымның көзін берсін,  
Әлеумет әділдікті көзің көрсін.  
Әуелде ақ батаны бұзған өзім,  
Сондықтан бұл қалыңмал менен өнсін.

Қайрылып ынтымаққа ары болса  
Тарақты көп сөйлемей енді келсін,  
Шешілді дау түйіні, шер тарады,  
Ағайын ендігісін өзі білсін.-

Шу етті Сіргелі мен Ошақтылар,  
Тарақты жеке қалып нені қылар.  
Билер де бұл билікке қанағаттап,  
Тоқтатты даудың артын ұмар-жұмар.

Баяғы даукес салақ Қожагелден  
- Билерім, билік тыңда енді менен,  
Даушылар өз билігін өздері айтып  
Тыныссыз, тындырмай ма әділ төрем.

Қарғаның батырлығы болды мәлім,  
Жомарттық жұрт алдына етті Ғалым,  
Сүйгенін бір біріне қиысқанды,  
Қисық қой бұл билікке тынбағаным.

Гүлсіннің менің балам теңі де емес,  
Қайтейін кем жаралған қор жаманын,  
Ғалымның мен алмаймын жалғыз тайын  
Бейқұттан бір жұтаған болсын малым...-

Орнынан жұрт қуанып түрегелді,  
Мінеки, билік-ақ деп бәрекелді,  
Жездем деп Ұлы жүздің жігіттері  
Кемпірге той жаса деп үйге келді.

Гүлсінді мен сыйладым жолдасым деп,  
Дұшпанға Гүлсін таба болмасын деп,  
Бұл сырды айтпай кеттім әлеуметке  
«Ат сауыры» деген атақ алмасын деп.

Талпындым шыдай алмай азар кекке,  
Сондықтан ұры атағым кетті шетке.  
Кедейге кесірімді тигізбедім,  
Жүргіздім құрығымды бай мен бекке.

Жасымнан түзулікті ұнатамын,  
Жақсыға жан сырымды сынаатамын,  
Жігіттер, тіршілікте түзулік бақ,  
Алмандар маған ұсап ұры атағын.

Үйленіп отыз бесте аттан түстім,  
Ақтан тілеп несіпті адал іштім,  
Сырымның айтылмаған бірі осы еді,  
Бір саласы жастықта еткен істің.

Аты екен атамыздың Құлмағамбет,  
Білмеймін арғы жағын мен де жөндеп,  
Келімсек деген жан жоқ осы елде,

Таныды Қарға бізбен теңбе-тең деп...-

Айтыпты әңгімелеп мұны Қарға,  
Қарғаның мұнан өзге шыны бар ма?  
Аяқтап өсиетін, көзін жұмып,  
**Кіріпті жер қойнына тынығарға.**

#### **КҮЛӘНДАМ**

Он алты жаста Күләндам,  
Бипаздап бойын сыланған.  
Орта бойлы, бота көз,  
Жанынан жазып шыға алман.  
Бұрымы жұмыр жұлындай,  
Тұлғалы телі құлындай.  
Оралып қасы қиылған  
Саржаның ала сырындай.  
Берендей жүзі құбылған,  
Әліптей мұрны сызылған.  
Кейде жабық, кейде ашық,  
Мейірімі қатты туылған.  
Маржандай тісі тізілген,  
Лебізі нәзік үзілген.  
Құрбандық болған құрбы көп:

«Жылы рай бер, деп, жүзіңнен».

Дәлелге жетік ерікті,  
Қатардан үздік көрікті.  
Тіл қата алмай бір ауыз  
Талайлар мас боп елікті.  
Тұрамын қарап артынан.  
Айнымдайды әсем қалпынан.  
Құр қалам, деп, қорғансам,  
Дамылсыз мен де талпынам,  
Тілдесе алмай бір барып,  
Тыраш боп жүрем тырбанып.  
Уайым опық ойысар,  
Шынжырлы жолмен шырмалып.  
Байлаған басын нокталап,  
Амалын жүрдім көп қарап.  
Алқынып жүрек тоқталат:  
Ауылда ғой, деп, тоқ санап.

Сонымен біраз күн өтті,  
Күн емес бірер жыл өтті.  
Кездесіп бір тар жерде,  
Күлімдеп қарап бір өтті.  
Бергендей уағда қол ұстап,  
Тағдыр да болса болыспақ.  
Арты ашылмай жұмбақтың  
Қоныстан кеттім алыстап.  
Алыста жүріп аңсадым,  
Амалын таппай шаршадым.  
Тілектен теріп хат жазып;  
Жандырғай, дедім, жар шамын.

**Ардақты аруға:**

Аспаннан ашылғанда айдың жүзі,  
Нұр сеуіп ерігенде жүрек мұзы.  
Ұжмақтың төріндегі хор қызының  
Күлімдеп ашылмайды неге көзі?

Жәннаттың кілті қолмен ашылғанда,  
Сұлулар көз салар ма бас ұрғанға.  
Иман-бақ, байлық-ырыс - бәрі жетпес,  
Сенімен бір күн ойнап қосылғанға.

**Жауап:**

Ұжмақ емес тамықтың отындамын,  
Шыға алмастай шырмалып шатылғанмын.  
Атқан таң, шыққан күннің нұрын көрмей,  
Ағызып көзден жасым аһ ұрғанмын.

Басқалар күн нұрына бөленгенде,  
Тәңіріден есіркесіп еленгенде,  
Шарапатың тигізіп мені құтқар,

Күлейін, күн көрейін көлеңкеде.

\* \* \*

Уһілеймін күрсініп,  
Білдірмей жүрем тыңсынып.  
Ел сағынып, жер көксеп,  
Жете алмай сағым жүр сынып.  
Аңсап та жүрмін асығып,  
Тоқтамай жүрек басылып.  
Сапарға шықтым төзе алмай  
Сылтауға сылтау қосылып.  
Бір күні елге аттандым,  
Ашылмай көңіл шаттандым.  
Ел хабары қолайсыз -  
Екі жыл сыртта жатқанмын.

Ауылдан шықтым елді ойлап,  
Мейірман ана жерді ойлап.  
Иесіз жонмен жөн тарттым,  
Төтелеп тауып жол тарттым,  
Желігіп жүйрік керді айдап.  
Жалғыз қара жонда жоқ,  
Адасып жүрер жол да жоқ,  
Ентелеп басып ынтығып,  
Әндетіп келем айқайлап.  
«Қара ой», «Басат», «Бозша көл»  
Қоныстанып қалың ел,  
Тосынның құмын бөгдерлеп  
Отырушы еді аз жайлап.  
Кеш қарайып күн батты,  
Боз торғай тынып, құр жатты.  
Жолдың бір оң жақ бетіне,  
Көгалдау жазық шетіне,  
Атымнан түсіп отырдым,  
Сыпайы мейман сыпатты.  
Жал, жая жеп тойғандай,  
Масаты кілем жайғандай,  
Жердің сыйы қымбатты.

Иісі жұпар аңқыған,  
Шымырлап денең балқыған.  
Бетіңнен жарық сүйгендей,  
Сонда бір ішің күйгендей.  
Жүрегің лоблып талпынған.  
Қабырғанның астынан,  
Мақпалдай тиген қара жер.  
Көңілдің кірін ашырған,  
Жиналып жұлдыз көз қаққан,  
Өсекі қыздай сөз баққан,  
Қызықтыра қылмыңдап  
Махаббат оты шалқыған.  
Таң білінді бұлдырап,

Менде жоқ бойды тындырмақ.  
Көлде бақа шақырып,  
Суда шыбын сылдырап.  
Бір боз торғай сап етгі  
Баялышқа қонды да  
Күйлерге салды сыңғырлап.  
Күле қағып таңдайын  
Құлпыра сөйлеп былдырлап.  
Пыр етіп ұшты аспанға,  
Әлде менен қашқан ба...  
Қанатын қағып қалықтап  
Көрінбей көкке құлдырап.  
Қызғалдақ орай көк өскен,  
Бір-бірімен егескен.  
Белден шық түсіп шалғынға  
Көрсетпей қара жерді ұрлап.

\* \* \*

Атыма болдым мінгендей,  
Қош айтысып жүргендей.  
Жалтырап жарқын күн шықты,  
Әлемнен түрлі үн шықты.  
Алтыннан шолпы тағынып,  
Жасылдан перде жамылып,  
Еркелеп еркеш келгендей.  
Жүгіртіп астым белеспен,  
Қалғандай олжа-үлестен.  
Ә, дегенше аңғарға  
Боп қалыппын келгендей...

\* \* \*

Зеңгірдің шығып басына,  
Қарасам аяқ астына:  
Үңірейген орталық  
Қақырап иесіз тұр екен,  
Бұрынғы көркем түрге енбей.  
Жарқырап айдын көл жатыр,  
Жел тартып жеміс жер жатыр.  
Сарқырап ағып сай жатыр,  
Ел қонған балқаш жай жатыр.  
Шағырлы бұйрат құм жатыр,  
Мал шары жоқ тың жатыр.  
Самсаған сары қалың тал  
Мәуесін төгіп бұл да тұр.  
Жарқырап айна сор жатыр.  
Көлбеген дала жон жатыр.  
Бауырында лақ ойнаған,  
Күнеген қонып сайраған,  
Аңқиған қасау шың жатыр.  
Қалың орман ну да тұр,  
Балта тимей ту жатыр.  
Қақырап иесіз жер қалған,

Күмістей сұлу су жатыр.

\* \* \*

Жалғыздап қадақ ел қалған  
Есіктері ашылып,  
Ағаш тасы шашылып,  
Қара қоныс көң қалған.  
Түндіктері түріліп,  
Уықтары бүгіліп,  
Туырлығып құм басып,  
Тігулі орда үй қалған.  
Кәлі кілем ұстаулы,  
Түкті кілем төсеулі,  
Үй жиһазы шашылып,  
Есіктері шырмаулы  
Иесі жоқ бұл қалған.  
Шалғын жетіп белдеуге  
Сағанаққа - шырмауық,  
Құрақ шығып шырмалған.  
Айқайласаң үн бермей  
Меңіреу мылқау қу дала  
Ит те кеткен күн көрмей,  
Не болғаны бұл жалған?  
Ат үстінде ойланып,  
Әрлі-берлі толғанып.  
Ұзын күнге кете алмай  
Ауылды жүрдім айналып.  
Ақшамның тарап қызылы  
Көз барады байланып.  
Жортып кеттім жолменен  
Жүрегіммен зарланып.  
Үш күн жүрдім дәм татпай.  
Қоя ма бауыр қан тартпай.  
Жағдайын сұрап, сырласып  
Сөйлесуге жан таппай.

Көрінбей көзге жан адам,  
Болды ма мұндай жаладан?  
Неден болды, кім қылды?  
Қайғымен сағын сындырды.  
Салыстырып қарасам,  
Басқа елдердің бәрі аман.  
Торғайда қазақ шалқыған,  
Ойын-сауық аңқыған  
Еділді орап, өрге өрлеп  
Жайықта жалпы шалқыған.  
Сырдан шығып шұбырып,  
Сібірге жалын шарпыған.  
Төңкеріліп Тобылдан  
Есілге жүзіп қалқыған.  
Атбасардан айналып  
Қарағанды, Қарсақпай,



Балқашқа батып малтыған.  
Үш қазақтың баласын  
Ұшан теңіз қамтыған.  
Береке қашқан кез екен  
Ордалы думан халқынан.

\* \* \*

Жалғыздап адам көрінген,  
Өзінен құлқы бөлінген,  
Қасына келсең қарамайт,  
Қарауға кеулі жарамайт.  
Кеулі баяу кіл жетім  
Қара жерге телінген.  
Жалаң етке тері тон,  
Теріс киіп жалбағай,  
Көсік тартып, көл қуып,  
Жуа шайнап желдегей,  
Көзге түскен жәндікті,  
Қуып ұстап, қуанып,  
Жеп барады делбегей.  
Не қылдырмас адамға  
Аранын ашқан сұм көмей.  
Адал, арам демейді,  
Енді нені жемейді,  
Жұта берсе тергемей.  
Бат-бахыт дала мекені,  
Қамыстан соққан кепені.  
Танымақ түгіл ол мені  
Ойынан кеткен ол күні  
Өзінің кім екені.  
Көзінің үсті қолдырап,  
Ұрт терісі салбырап,  
Бас сүйегі зорайып,  
Өндіршегі сорайып,  
Құлақтарын қалқайтып,  
Желкесін кейін қайқайтып,  
Шалбарланып шау тартып,  
Жасы жетпей қартайып,  
Аузы-басын түк басып,  
Сақалын, шашын күс басып,  
Көзінің алды іріңдеп,  
Буындары дірілдеп,  
Көз шеңбері құдықтай,  
Мұрыны жалғыз сызықтай,  
Сирағы сидам сырықтай,  
Білегі күйген шыбықтай,  
Саусағы салған сүліктей,  
Табаны қара сүріктей,  
Тырнағы темір күректей,  
Кірлері ағып сүмектей,  
Жылай алмай ыржаңдап,  
Жүре алмай жүр бұлғаңдап,

Мас болғандай маужырап,  
Сүйектері саудырап,  
Сөйлей алмай күрмеліп,  
Ыңырсып жүр күңіреніп.  
Көрінгенге сүрініп,  
Сүйретіліп жүр келіп.  
Шерден тауып, жеп тоймай,  
Өлмеші жан күн көріп.  
Қыбырлаған неткен жан,  
Дүниеден безіп кеткен жан  
Таусылмайтын күнде өліп.

\* \* \*

Күләндамды іздеймін,  
Әр-жерден қарап көздеймін.  
Азып-тозған адам көп,  
Бұрынғы таныс бенденің  
Біреуін таныс сезбеймін.  
Бір күні бір ауылда,  
Ауылдың күні ауырда,  
Жарға тіккен жапаның  
Жатыр біреу жанында.  
Көзінің нұры ұқсайды,  
Қарасам ішім босайды,  
Құмарттым сұрап қануға:  
Әуезе болып сөзге ерген  
Күләндам ғой деп көз көрген.  
Болатын емес тануға:  
Шырайлы жүзін шаң басқан,  
Мөлдір көзін қан басқан,  
Қасына келіп қадалып,  
Қарадым көзім алмастан.  
Ақ бұғақтан айырылып  
Ақша жүзі қарайған.  
Алмадай мойны сорайған.  
Ақ бетіне қақ тұрған,  
Әжімсіз бетке дақ тұрған.  
Қырқылып шашы ұйысқан,  
Ақ сірке қаптап сиысқан.  
Шидемнен көйлек, жыртық жең,  
Бейнебір күнге күйген көн.  
Жұлынып жұрдай болыпты,  
Шықпаған жаны қалыпты,  
Тұрармын шыдап неғып мен...  
Уһлейді күрсініп,  
Білдірмейді тыңсынып.  
Жалаңаш, жайдақ жүргенге,  
Қорғалап отыр қымсынып.  
Үндемеді сынменен  
«Күләндамбысың» дегенде.  
Жылау ма, әлде, өлең бе,  
Шегін тартып шырқады

Дірілдеп зарлы үнменен.  
Құлақ естір жердегі,  
Қалғандар тірі елдегі  
Сайраған бұлбұл жанына  
Қалмады бір жан келмеген.  
Бір баяулап, бір қатты  
Ақырында тіл қатты.  
Былқылдатып бипаздап  
Сөйледі келіп жырменен.

\* \* \*

Сұрасаң сырды сен менен:  
- Қорлығым бар ма көрмеген.  
Жалғыз мен жапа көргем жоқ  
Күйзелдім бірдей елменен.  
Өзің көрген көркім жоқ,  
Көркім түгіл жәйтін жоқ.  
Біздің жәйді білмейсің  
Тәуліктен бері келмеген.  
Жылағанмен өнер ме,  
Қолыңнан түзеу келер ме.  
Көңілің түсіп келіп ең  
Жез қанат құсап желдеген.  
Жүрміз ғой тірі күн көріп,  
Көңірсіп шыбын күңіреніп.  
Қайғылы күн қаралы,  
Жазықсыз еткен жаралы,  
Отырған кім осындай  
Қансыз қырғын күн беріп.  
Торғайдың тас бастығы,  
Халыққа тиген қастығы.  
Аранын ашқан күнәкәр  
Замананың қасқыры.  
Сұрап алған дерт емес,  
Солардың берген аштығы.  
Бізде ақсақал Бурабай,  
Көбігін шашты бурадай.  
Аштан өлген моласыз,  
Сүйегі қайтет курамай.  
Аяғын буған маралдай,  
Арманда өлдік тұра алмай.  
Бізде басшы Талтаңбай,  
Ұнтады елді талқандай.  
Буындырып сағақтан,  
Бауыздады тамақтан.  
Аштық деген бұғауды  
Аяққа салды арқандап.  
Бізде басшы Әжібай,  
Сөз сөйлейді қажымай.  
Қанға құмар қара ауыз  
Қасқыр алғыр тазыдай.  
Осы салды өктені

Дауылдан қатты екпіні.  
Күн шалған көндей тырысқан  
Бетінің қожыр секпілі.  
Құтырған қасқыр көзденген,  
Диуана-шайқы сөзденген.  
Мұрыны қырдай қуарып,  
Шықшыты солып суалып.  
Қаны қашқан қара сұр  
Ашуы тығыз тез келген.  
Ессіздер шапты бетімен,  
Қалмады бір жан лепінен.  
Күздің күні болғанда,  
Ел қыстауға қонғанда,  
Ду кірді елдің шетінен.  
Ай-шайына қарамай,  
Ешкімді жанға санамай,  
Ауылға келді ақырып,  
Шапқылаған бетімен.  
Бірді жүзге өсіріп,  
Екпіндей сөйлеп есіріп,  
Тепкілесе су шығар  
Өкшесінен тесіліп.  
Шаш ал десе, бас кесіп,  
Орыны жоққа бәстесіп,  
Үкімет заңын сылтау ғып  
Ел қанасты ептесіп.  
Қараңғы халық қазағы  
Тұра ала ма беттесіп.  
Келе сала кекендеп,  
Сөйледі келіп дікендеп,  
Көбігін шашты күркілдеп:  
Аша тұяқ қалмасын!  
Асыра сілтеу болмасын!  
Қаптың түбі қағылсын,  
Қайдан да болса табылсын!  
Айыр тұяқ түліктің  
Түгін қоймай берсін деп  
Ақыл білген адамдар  
Беріп жатыр елпілдеп.  
Сауындық малым қалмат деп,  
Бергенім көмек болмат деп,  
Сонымен мөлшер толат деп  
Ойлады өзін еркім деп.  
Күнде бір заң шығарып,  
Екі көзі қызарып,  
Жоқты «тап», деп зіркілдеп.  
Өнбейді десең: «Оңшыл» деп,  
Бермейді десең «Солшыл» деп,  
Қоғамдап қолын селкілдеп.  
Кедейді жоспар қылғанға,  
Баласын аштан қырғанға,  
Таптың жауын таптым, - деп

Көп күледі кеңкілдеп.  
Таба алмаған байғұсты,  
Шығарып қаулы қарғысты  
Конбойымен айдап жіберіп,  
Қирата соттап берсін деп.  
Мен де соның оғына  
Ажалды қаздай деп келдім.  
Ауырлық бастан өткердім,  
Көрмегенім жоқ болды,  
Ажардан зиян көп көрдім.  
Сатылғанша жан үшін  
Жасамайын деп көрдім.  
Аңсаған ажал келмеді,  
Сұрасам өлім бермеді.  
Осы күнге жалбызым  
Бейнеттің шоғын жеп көрдім.  
Шиедей қылды бетімді,  
Аямай өңшең жетімді.  
Жалғыз тайды сойып ем  
Міндетті қаулы деп енді,  
Қалдырмай тінтіп етімді  
Шанасына бастырып,  
Тойғанша жеді астырып.  
Мандайы тершіп кекірді.  
Әкем мен шешем жалынды,  
«Таста, деп, шолақ санымды».  
Ақырып оған жекірді.

«Жазықты жан» деп тағы алды  
Ұсақ-түйек малымды,  
«Азық қылам» деп алды  
Көже қатық майымды.  
«Сәудегерсің» деп алды  
Қантым менен шайымды.  
«Тұқым қор» деп тек алды  
Ақтаған сөк пен нанымды,  
«Қаражат» деп және алды  
Қалтадағы тиінді.  
«Штрабың» деп алды  
Үйдегі мүлік-бұйымды,  
«Жетпейді» деп тағы алды  
Үстімдегі киімді.  
«Тағы тап» деп қамады  
«Абақты» етіп өзімнің  
Тостағандай үйімді.  
Пешке салам, сұмырай,  
Жалындатып жандырып,  
Ысқа салып түлкідей  
Сырттан тықты тығынды.  
Тұрмастай ғып ұрған соң,  
Сыпырып сыптай қылған соң,  
Көрейін қайтіп күнімді.

Сотқа тартып қаралайт,  
Өтірікпен жалалайт  
Шығармақ болсаң үнінді.  
Елсізде тонап еңіретті,  
Аш бұзаудай мәңіретті,  
Зар қылып тоқтық күнімді.  
Ұлыққа барар күшім жоқ,  
Арыз айтар кісім жоқ,  
Шағайын кімге мұңымды.  
Жасырып сойған лақтай,  
Арызымды басып, жолатпай,  
Шығармай, құртты үнімді.  
Сонан соң, баурым, тарықтым,  
Әбден шаршап зарықтым.  
Шыбын жанда тыным жоқ,  
Отырғаным, үнем жоқ,  
Ортасында халықтың.  
Халық сияғы болар ма  
Қажыған аш-арықтың  
Ойлаған жерге бара алмай,  
Бір жұтым ас таба алмай,  
Тентіреумен торықтым.  
Нух пайғамбар топаны  
Игірек-ті мұнан да  
Ашықпай болған ғарықтың.  
Бәрі болған қазақта,  
Алқакөлден ел босқан  
Жұрнағы жатыр шарықтың.  
Онан да артық бұл сұмдық  
Төрінде қалар тарихтың.

\* \* \*

Тап қылды басқа бұл күнді,  
Сағындым сауық күлкімді.  
Аштықтан төзіп тұра алмай,  
Артыма мойным бұра алмай,  
Тастадым безіп жұртымды.  
Үйлі жан аштан қырылып,  
Көме алмай кеттім бұрылып,  
Ағайын, туған жұртымды.  
Осындай нақақ күн болды,  
Естір елге мін болды.  
Ардақты адам әулеті,  
Аштықтың келіп нәубеті  
Аюаннан бетер күнде өлді.  
Межелі жерге бара алмай,  
Шайнауға бір дәм таба алмай,  
Жұтаған малдай жолда өлді.  
Кіш-кіштеп малын айдаған.  
Бұйырған нанын шайнаған,  
Сары қымыз сапырып  
Төскейге бие байлаған

Ахаулап өскен арда өлді.  
Еңбегінен тілеген,  
Ерлігінен үдеген,  
Ен дәулетке молығып,  
Еркелеп құстай түлеген  
Қайратты туған ер де өлді.  
Сақылықпен қамы жоқ,  
Сақтықпен жиған наны жоқ,  
Сайрандап жүрген сер де өлді.  
Тапқанына бір тойған,  
Таппаса тілеп құдайдан  
Таңды күткен тамсанып  
Кедей-кепшік демде өлді.  
Көптігіне мақтанған,  
Атадан алтау атанған,  
Дәулетіне мастанған  
Қайратты туған дәу де өлді.  
Туғанына қуанған,  
Қайғысы кетіп уанған,  
Әлпештеп сүйіп жұбанған,  
Ат шаптырып той қылған  
Ардақты жалғыз ұл да өлді.  
Өзілдесіп күліскен,  
Қол ұстасып жүріскен,  
Ғашықтықпен қосылып,  
Тіл тартысып сүйіскен  
Таңдап алған жар да өлді.  
Елге бүлік салғандар,  
Елді тонап алғандар,  
Ала тасыр асырда  
Қызыл тұмсық болғандар,  
Өкілдерге ергендер,  
Екпіндей шауып келгендер,  
Өзі тойып, өзгесін  
Қалаға артып бергендер  
Әр нәрсеге сап болды.  
Еркімді алып өңкей қар  
Ай шұғыланды көруге  
Арманда едім көңілім зар.  
Енді өлсем арман жоқ,  
Арманда жерім қалған жоқ  
Маған өмір не қадыр. -  
Осыны айтып Күләндам  
Алдыма келіп қойды бас,  
Жылайын десе қамығып,  
Шықпайды тамшы көзден жас.  
Қаязып ерні қалжырап,  
Қол-аяғы мұздай тас.  
Кірпігі қатып қайқайып,  
Қағылмай қалды қиғаш қас.  
Аузына сүт тамызып,  
Ерніне май жағызып

Дегенде: «Қалқам, көзіңді аш»  
Есін жиып азырақ:  
«Жүрегімді, деді, бас.  
Қош, сәулем-ай», деді де  
Қуқыл тартты өңі аш.  
Ақша жүзі құбылып,  
Жұлдызбенен аралас  
Жан тәсілім етті пәс...

**1932 жыл.**





## *СӘТ ЕСЕНБАЕВ (1893-1975)*

Сәт Есенбаев 1893 жылы Торғай облысы, Аманкелді ауданында туған. Өленді жас кезінен бастап айтып және өз жанынан да шығарған. 1916 жылы Торғайдағы Аманкелді батыр бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан сарбаз. Осы көтеріліске арнаған көптеген өлең, жырлары, толғаулары бар. оның ел ішіндегі ең көлемділері «Аманкелді» (1914) жыры мен дастандары. Ұлы Отан соғысы кезінде ақын елді қорғауға шақырып, көптеген өлең, толғаулар шығарды. Бұлар Аманкелді аудандық «Социалистік шаруа», Қостанай облысының «Большевиктік жол» газеттеріне жарияланған.

Сәт Есенбаев көп жылдар бойы қазақ халқының ауыз әдебиетінің өлеңдері, жырлары, мақал-мәтел, аңыз, әңгімелер және басқа жанрлардың нұсқаларын жинап, оны Қазақ ССР Ғылым Академиясының қолжазба қорына тапсырған. Өзінің де көптеген өлеңдері қолжазба күйінде осында сақтаулы (№1019, 1920).

Ақын қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, ауылды советтендіру жұмыстарын да атқарған. 1944-1950 жылдары Аманкелді ауданындағы Сартал ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған.

Сәт белгілі айтыскер ақын. Ол аудандық, облыстық ақындар айтыстарында бірнеше мәрте жеңістерге ие болған. Атақты ақын Нұрханмен айтысқан. Ақынның жеке жинақтары жарық көрмесе де есімі Қазақ әдебиетінің тарихына (1 том, 2 кітап, 1964), «Қазақ совет энциклопедиясына» (10 том, 84 бет, 1977) енді.

1916 жылы көтеріліске қатысқаны үшін дербес пенсия тағайындалған. Ақынның ұрпақтары бұрынғы Торғай облысының Аманкелді ауданында тұрады.

1975 жылы ақын туған жерінде дүние салды.

Сәт Есенбаевтің өлеңдері мен айтыстары енген жинақтары: «Қостанай ақындарының айтысы», Қостанай -1958 жыл. «Пернедегі термелер», Алматы -1965 жыл. «Айтыс», Алматы -1966 жыл.

Екі дәуірді бастан өткізіп, Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің куәсі болған есімі елге белгілі болған адамдардың бірі ақын, жырау, Сәт Есенбаев. Ел ішінде ауыз әдебиеті нәрімен қанаттанып, оны жазба әдебиетке жалғастырған Сәт ақынның шығармашылық өнері ел аузында да, жазба әдебиетте де сирек болса да ұшырасып жүр. Бұл ақынның өнер әлеміндегі кемшілігі емес, зерттеушілер мен әдебиетшілер еңбегінің әлі де болса кешеуілдеуінен деуге болады.

Сәттің ақындық атағын да, шабытын да көтерген кез 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы көтерілген Торғайдағы халық қозғалысы. Әліби, Амангелді, Әбдіғар, Кейкі бастаған осы азаттық күреске қаламмен де, қарумен де үлкен еңбек жасаған адамдардың бірі Сәт Есенбайұлы. Ақын мұнда жалғыз болған жоқ, оның алдында Күдері, Омар, Орынбай, Ақмолда, Досмұқан сияқты халық ақындарымен бірге жыр төкті. Осы шайқаста Сәт ақын "Ер Амангелді", "Июнь жарлығы", "Құмкешу соғысы" атты толғау дастандар шығарды. Бұл дастандар тек 1916 жылғы ғана емес, одан бұрынғы Махамбет, Исатай, Сырым, Жанғожа, Кенесары бастаған азаттық қозғалыстардағы ерлік жырларының қатарынан орын алатын сүбелі шығармалардың бірі деп есептеледі [74].

Қазақ халқының батыр ұлы Амангелді Имановтың өмір жолы мен ерлік күрестерін суреттей отырып, желілі жырлар циклін, батырлық эпостық дәстүрін сақтады, жаңаша кестелер тапқан Сәт ақын Амангелдінің жауынгер сарбаздарының бірі болған. Сондықтан оның көптеген шығармалары ұлт-азаттық тақырыбында жазылған. Аталған шығармалардың ішіндегі ең көлемдісі – 1944 жазылған "Ер Амангелді" атты поэмасы. Бұл шығармасында ақын Амангелді өмірін тұтас алып қамтымайды, мәні зор деген оқиғаларды қарастырады. Амангелдінің туысы, ата тегі, бабасы Иман батыр жайлы сипаттайды. Сонымен бірге Амангелдінің бала шағы, жігіттік шағы баяндалады. Оның жасынан мерген болғанын, бай-болыстардың, патша өкіметінің қарапайым халыққа істеген зорлықтарына қарсы аяусыз күрес жүргізе білгендігін суреттейді.

Сәт ақын Амангелдінің батырлық бейнесін даралап көрсетуде халық аузындағы, халық ұғымындағы шындыққа негізделген аңыз-әңгімелерді де суреттеу әдісі етіп алады. Сәт дастандарының өзіндік ерекшелігі ерлер тұлғасын және оның жауынгерлік ерлік ісін бейнелеудегі шеберлік суреттері. Өйткені, ақын осы оқиғалардың басы-қасында болған, қанды ұрыстарды басынан өткерген адам:

...Жендеттердің алдынан,  
Жолын бөгеп қол шықты.  
Азғана емес мол шықты.  
Құдайдан жау сұраған,  
Жау көрмесе жылаған,  
Мыңды бірге санаған,  
Ер Әкімбек сұрмерген,  
Қол ішінен сол шықты.  
Әлжан, Кәрібоз, Дәуренбек,  
Мыңбасылар мол шықты.  
Алысатын ажалмен,  
Айқасатын залыммен,  
Қолымен оқты қағатын,  
Қамалға жалғыз шабатын  
Амангелді ер шықты...

Сәт дастанының сюжет құрылысы, композициясы, кейіпкерлері, оқиға, өмір көрінісінің жеке кезеңдерін нақты суреттеуі жөнінде өзіндік стиль, көркемдік ерекшеліктері бар. Ақын дастанын бұрынғы батырлар жырындағы кейбір қонымды мотив, көркемдік әдістерді қолдана отырып жазады, сонымен бірге жазба поэзиядағы нақты суретшілік, сезімді берушілік, оқиғаны түйінді жерден бастап кетушілік, тілдегі жаңалық іздеушілік ерекшеліктерді де қолданып отырған.

Автор Амангелдінің басындағы сүйініш-күйініштерді, шиеленіскен оқиға түйіндерін нақты суреттегенде түйдектеу, еселеу, әдістерін, жағымсыз образдарды сипаттағанда өткір әжуалау, сықақтау әдістерін орынды пайдаланған. Осы әдістерді қолдану арқылы идеясын айқын жеткізе алған. Тұспалдау, мысалдау тәсілдерін сол дәуірдің жалпы шындығын көрсетуде өте шебер қолданған. Мысалы, 1916 жылдағы патша қысымы күшейе түскен кезеңді ақын былайша суреттейді:

...Қаһарын төкті қара бұлт,  
Қатулана қарманды.  
Қар артынан қар жауды,  
Шатырлады аспан, көк.  
Түскендей боп жерге кеп,  
Ай дірілдеп, жұлдыздар  
Жылағандай еңіреп,  
Дүние тулап теңселіп,  
Теңіздер суын шайқасты.  
Бұлт ішінде айдаһар,  
Улы тілін шығарды.  
Құйрығы кейін ұзарып,  
Кеудесі неше бұралды.  
Жанның бәрін жалмауға,  
Жанның бәрін қарманды...

Мұнда жазба поэзия дәстүрі мен фольклор дәстүрі аралас келіп тұр. Ақын шығармаларындағы көркемдік ерекшеліктер мен көркемдеу құралдарын шебер қолдануы, стилі Сәт Есенбайұлының ақындық қуатын таныта отырып, оның ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет дәстүрлерін ұштастыра білген дарын иесі екендігін танытады.

### **Торғай көктемi**

Бұлғыр тау биік асқардан,  
Торғай өзен басталған.  
Тауды тесіп бұлағы,  
Қақ айырып тас жарған.  
Тепкілі бұлақ телегей,  
Ағады сол тау-тастардан.  
Өзеннің байтақ бойында,  
Сай-саланың нешесі.  
Торғайға жете тартылған,  
Барлығының көшесі.  
Қуат алып күштенер,  
Торғайдың бұлар мүшесі.  
Сәлемге жылда бір келер,  
Секілді Торғай шешесі.  
Келерінде үн беріп,  
Келеміз деп тіл беріп.  
Бір емес ылғи жыл келіп.  
Торғай өзен – анасы  
Келгенде барлық баласы  
Баласы – сай-саласы  
Толықсыр Торғай түрленіп,  
Қанадан шығып іріленіп.  
Шалқар шалқып бой керіп,  
Күрпілдеп сөйлер күңіреніп.  
Көшкен елдей шуылдап,  
Семіре түсіп суылдап.  
Екпіні дауыл зуылдап,  
Құлашын жаза шалқалап,  
Барлық жүгін арқалап  
Суды сүзіп сүйрелеп,  
Көкпар ілер шартарап.  
Жөңкіле сеңдер шұбырып,  
Тіркеген тізбек вагондай.  
Жарыса қатар жүгіріп,  
Алдыңғы жағы төмендей.  
Тоқтар болса кідіріп,  
Арт жағы жүр, жүр дегендей.  
Бұлтарма бұраң иіннен,  
Қамалса қойдай иірген.  
Кейінгі сеңдер соққылап,  
Ұрып жатар бүйірден.  
Сеңменен сең сіресіп,  
Бірімен-бірі тіресіп.  
Арпалысып, алысып,

Төбелесіп, күресіп,  
Бірін-бірі батырып,  
Біреуінен бірі өсіп.  
Сең соғысып сатырлап,  
Мұз жарылып шатырлап.  
Қабырға сынып қабысып,  
Бөлектеніп бытырлап.  
Өлсіздері ойнақтап,  
Жоғары-төмен тыпырлап.  
Бірін-бірі соққанда  
Шыдай алмай сықырлап.  
Бірін-бірі көтеріп,  
Көбік құсып жөтеліп,  
Бір кезде бұлар келісіп,  
Жүріңдер десіп, кетелік,  
Семірген тау жал толқынмен,  
Толқындар тулап қарқынмен.  
Жайлы отырып жадырап,  
Тағы да тулап тартар сең.  
Толқыннан толқын семіз боп,  
Түбектер толып теңіз боп.  
Өзен туып өзеннен  
Қатарласар егіз боп.  
Өлкесін қаптап өзеннің,  
Жайылған сулар жалтырап.  
Торғайдың төбе шашағы,  
Дір-дір етіп қалтырап.  
Толқынға мінген сең мөңкіп,  
Жазыққа қарай су жөңкіп,  
Жүрістен жүріс артылар,  
Өріс алар ой іздеп,  
Жан-жаққа су шарқ ұрар.  
Тасқынына Торғайдың,  
Таңданып қарап қаншама ел.  
Шақырады алдынан  
Сағынып тұрған қанша жер.  
Көлемді өлке, кең алап,  
Бөлек-бөлек сансыз көл,  
Күлімдейді қарсы алып,  
Құттықтайды кел деп кел.  
Сенсіз бізде тірлік жоқ,  
Түрлендір, тойдыр, сәулет бер.  
Деп жатқан қанша жерлерді  
Қанасынан шығарып,  
Айналдырып шалқарға,  
Көлдерді жатқан қуарып.  
Тоқымдай құрғақ қалдырмай,  
Түгел қамтып суарып.  
Жойқын күшпен жөнеліп  
Жұлқына тартқан Торғайға  
Інісі келіп қосылар  
Айғайды қосып айғайға.

Белінен келе құшақтап,  
Мен жүрер деп жер қайда?  
Бұл інісі Жалдама,  
Үш өзен бастық жүз сайға.  
Қалдың дейді кідіріп,  
Келуге ерте болмай ма?  
Деседағы разы боп,  
Бір сүйіп сипап маңдайға.  
Өзі білер енді алдан  
Қанша ұзақ барад қай жайға?  
Жан жолатпай маңына  
Шұқанақ, жыра, шұңқырлар  
Тұңғиық тереңге айналып,  
Суға толып лақылдар.  
Тоң боп қатқан қара жер,  
Тұла бойы дымқылдар.  
Еміреніп қарт ана  
Бар денесі былқылдар.  
Асығып шығып бәйшешек,  
Көрініп басы қылтылдар.  
Күн күйеуі аймалап,  
Құшқанда жер балқиды.  
Сүйісе сұлу екі жар,  
Енді бір уақыт кезеңде  
Қарасаң Торғай өзенге.  
Суы тұнып құбылып,  
Тәртіпке түскен бұрылып.  
Ақ көбігі бұрқылдап,  
Су жиегі жуылып.  
Күміс киген балығы,  
Айдаған қойдай шұбырып.  
Қорқа ма, үркіп қаша ма,  
Зымырап, зулап жүгіріп,  
Тығылып сүңгіп тереңге,  
Сасқалақтап сығылып.  
Су мықтысы шортандар,  
Әлсізге қожа талтандар.  
Қомағай қауып қармаққа,  
Жүре алмай жүзіп жан-жаққа.  
Аузынан тұрар ілініп  
Секіріп, шоршып ақ балық,  
Сумандап, сырғып, сақтанып.  
Жан-жағына жалтандар.  
Бір өзінен басқаның  
Бәрі жау бұған өзен тар.  
Тағы бір кезең күндерде,  
Белгілі бұл әркімдерге.  
Жағасында Торғайдың  
Жасыл құрақ судырап.  
Маржан құмды күміс су,  
Сырғанап ағып сылдырап.  
Тастарды сүйіп аймалап,

Сылқ-сылқ күліп сыңғырлап.  
Кей жерлерде шымырлап,  
Кей жерлері жалпайып,  
Кей жерлері шалқайып,  
Кей жерлері қайқайып,  
Кей жерлері бұлдырап,  
Кей жерлері иреңдеп,  
Кей жерлерде сүйреңдеп,  
Кей жерлерде күйбеңдеп,  
Кей жерлерде тұнжырап.  
Құм төсекті күміс су,  
Батпақ жоқ жатқан былжырап.  
Өлкесі түгел түрленіп,  
Алуан түсті түрге еніп.  
Өсімдік біткен ұзарып  
Жағынып жұпар гүлденіп.  
Аялап сипап аймалап,  
Жібектей жұмсақ жел келіп.  
Құшағы кең қарт ана,  
Бұрқырап буы еміреніп.  
Шын тері шып-шып шыққанда  
Бұлқыды дене бой еріп.  
Желбіреп желек жамылып,  
Тоғайлар алқа тағынып  
Өн бойына өрмелеп,  
Күміс жапырақ жамылып.  
Қарасаң Торғай көркіне  
Көз таңданып сүйінген.  
Мақпал, мауыт, беренмен  
Сұлу қыздай киінген.  
Інжу-маржан моншақты  
Орманды сәңдей жиі ілген.  
Ойы-қырын Торғайдың  
Мәнерлеп мінсіз түрменен.  
Бүлдірген, шие, қызғалдақ,  
Безендіріп гүлменен.  
Қызыл-жасыл, сары ала  
Оюменен түрленген.  
Шытырма шашақ, күміс шок  
Әшекейлеп зерменен.  
Хош иісті тән сүйер  
Көкірекке еніп кернеген.  
Қия алмайсың кетуге,  
Белінен басып көлденең.  
Бұралған әнге артистей.  
Үкілері желкілдеп,  
Желпіндіре жел келсе,  
Қосылып билер селкілдеп.  
Майысып төмен бұралып,  
Бір кезде бойын шығарып,  
Еркелер Торғайға еркелеп.  
Дүние сарайы жер жиһан,

Барлығы түгел нұрланып,  
Көк бұйра орман көркімен,  
Артықша Торғай ырғалып.  
Балауса майса шөбімен,  
Майы шығып, бал тамып.  
Таулар құрып шымылдық,  
Тастар да сәнмен сырланып.  
Алты ай қыс бойы сағынған,  
Құстар да лек-лек ағылған.  
Келдік деп шулап ән салып,  
Бойынан Торғай табылған.  
Ақ марал, бөкен, құралай,  
Ақ ниетті сүйікті аң.  
Баласын ертіп баурайда,  
Қайтып жатқан мың-мың сан.  
Тал төбесінде ұялап,  
Жағы тынбай шағала,  
Күн бойы күліп шаңқылдап.  
Көк еркесі қоңыр қаз,  
Айнала ұшып қаңқылдап.  
Көркем аққу аспанда,  
Қанаттары жарқылдап.  
Суында торғай таранып,  
Жан-жағына қаранып,  
Самалында салқындап.  
Мен де құс деп қанатты,  
Жапалақ жүр жалпылдап.  
Қырғидан қорқып көп торғай,  
Жалтаңдап қарап шұқынып,  
Дүркірей қашып барлығы,  
Жауынан келген жұтынып.  
Өлерін білед жауыздан.  
Қолында қалса тұтылып,  
Жазықсыз әлсіз жан сақтар,  
Тоғайға кірсе құтылып.  
Қалың жыныс қара орман,  
Мекені жатар күтініп.

### **Ескерткішің міне тұр**

Аманкелді айбатты,  
Жау жүрек қайтпас ер еді.  
Қаһарманым қайратты,  
Халықтың асқар белі еді.  
Екпіні күшті еді зорланып,  
Қырандай қанат қаққанда.  
Көк сүңгіні қолға алып,  
Айғайлап жауға шапқанда.  
Жауына өлім, досқа өмір,  
Жарағы ел мұның асынған.  
Адал жүрек, ақ көңіл,  
Тірегі еді елдің асылған.



Құрыш шеңгел ақ иық,  
Қағалмай қанат талды ғой.  
Кездесіп жерге тұңғық,  
Қапыда қолда қалды ғой.  
Балдағы алтын ақ алмас,  
Өзі жоқ қалды қынабы.  
Артында қалған көп жолдас,  
Қайғырмай қалай тұрады.

\* \* \*

Алдық жаудан кегінді,  
Сен үшін жасап қан майдан.  
Достарың қалған сенімді,  
Талқандап салды жауға ойран.  
Аманкелді тірісің,  
Өлді деуге болмайды бұл.  
Айнымаған тұр, мүсін,  
Ескерткішің мынау тұр.

### **Нұрхан Ахметбековке**

Құрметті, ардақты інім, Нұрханым-ай,  
Өн түрін неше алуан шырқадың-ай.  
Бәйге алған ұлы жиын, айтыстарда,  
Суырылып топтан озған тұлпарым-ай.

Алтындай айтқан асыл сөзің мәнді,  
Таңдатып таңырқаттың барлық жанды.  
Халқымның Қазақстан ақын ұлы,  
Артында өлмейтіндей сөзің қалды.

Ақынның болдың озық маңдайалды,  
Қия алмай қайғыңа ортақ халқың қалды.  
Сенімен енді ақырғы қоштасайын,  
Жарық нұр болсын жатар, жерің мәңгі.

Асқар тау биігіндей өрлеп артта,  
Болмаған абыройдан алдың орта.  
Алымды, терең ойлы, көркем сөзді,  
Қош, Нұрхан, топырағың болсын торқа!

### **Жайлау**

«Талдысай», «Тасоба» мен «Тайлақатқан»,  
Өн бойын суы үзілмей бойлап аққан.  
«Тереңсай», «Дәрмен сайы», «Мөшен сайы»,  
Көк шалғын кең алқапты шөбі жапқан.

Көңілді көтереді «Дәкен» сайы,  
Қызғалдақ көз сүйініп жапырақтан.  
Емес пе жер шұрайы шөп асылы,

Береке байлық алған табиғаттан.

Биігі «Жанқасқаның» бұлтқа жетіп,  
Алыстан көк мұнар боп көзді тартқан.  
Кен бар деп ең астында, беренінде,  
Инженер қалған сөз бар Тәжі қарттан.

«Ақ құдықтың» қара оты май емес пе,  
Баянды қылатұғын мұны мақтан.  
«Үш отаудың» маңайын үш ай жеген,  
Май шайлап қалатұғын малы баққан.

Қыстауы қабақта тұр Шойынбайдың,  
Бұлағы суы күміс сыңғыр қаққан.  
Қой қалай семірмейді жағы болса,  
Шөбін жеп, сол жерлердің суын татқан.

Өрлесен одан әрі Қарашоқы,  
Қалың ну, қайың тоғай көк мұнартқан.  
Көп күшпен «Қылқалы» елі қылған қоныс,  
Аямай бәрін беріп, ас пен аттан.

Хан Нияз тартып алып жайлаймын деп,  
Айқаста екі жағы қанға батқан.  
Айкісі, Көлдей, Құты, Тасемен де,  
Сойылын оңды-солды жарқылдатқан.

Бәрінің қортынды аты «Қарынсалды»,  
Қарынға қаймақ-майдың қорын салды.  
Үлкендер ол кездегі дұрыс айтқан,  
Майға орап өсіреді жеген малды.

«Тамаша», «Бодақ», «Құрсай», «Ақмолалы»,  
«Тастыға» қараған бет жақ болады.  
«Шеңберге» ағып жатқан жоғарыдан,  
Керемет мұртты балық көп болады.

Болғанда жыл аяғы жиналыста,  
Тексеретін Соцжарыс шақ болады.  
Сол кезде абырой атақ еңбегінен,  
Омырауға Орден, өзіңе бақ қонады.

### **АХМЕТҚАН ӘБІҚАЙҰЛЫ (1904-1986)**

Ахметқан Әбіқайұлы 1904 жылы бұрынғы Торғай облысы, Жангелдин ауданындағы «Шилі» ауылында туған. Әкесі Әбіқай ақын Торғай ақындық мектебінің ұстаздарының бірі. Жасынан Нұрқанмен қатар өскен Ахметқан да өлең шығарумен ерте айналысқанымен оның көп шағармалары сақталмаған. Ахметқан ақын, жырау, сері, әнші, күйші, шежіреші, атпаз, аңшы, шешен, актер, ойынпаз кісі болған.

Әдебиетте Ахметқан айтыс ақыны ретінде көріне білді. Ол аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға бірнеше рет қатысып жүлде алды. Нұрқанмен, Сәтпен, Әлимен т.б. айтысқа түсті. Ахметқанның айтыстары мектеп оқулығына, «Айтыс» (1965), «Ақындар шықты айтысқа» (1960) жинақтарында жарық көрді.

#### **Өлеңдер Арнау**

Арнадым бұл дәптерді аз сөзіме,  
Ұнай ма, ұнамай ма мас көзіне,  
Қарны тоқ, қаса надан қажет етпес,  
Көрінер кей біреудің аш көзіне.  
Әйтеуір жыр ма, өлең бе, жазайыншы,  
Қарамай ұйқас, маңыз, бас-көзіне.  
Әбіқай жыр дүлейі болғанменен,  
Қарным аш, сөз құраудан тап өзіме.  
Өзіне тірі жанның бәрі ырза,  
Біткендей тұрпат, тіл-жақ нақ өзіне.  
Жазайын бір азғантай шағын шумақ,  
Енші алып, тәннен жан да кетер зулап.  
Өр толқын өршеленіп өрге ұрғандай,  
Сенде жоқ дүлей дарын жатқан тулап.  
Ақылды шешен білгір сөз өлмейді,  
Қабырда қалғанда да сүйек курап,  
Топ жарған топтан озған тұлпарлардың,  
Шалқыған шаңың жатыр будақ будақ.

#### **Амангелді ауданындағы ақындардың колхоз аралық айтысы Ахметхан мен Құтжанның айтысы**

**Әбдіқаев Ахметхан**  
(«Жаңа тұрмыс» колхозының ақыны)  
Тыңдасын дауысымды мың сан құлақ,

Тәтті әуез тамылжыған кетсін жырақ,  
Айғайы айға ұласып, аймақты орап,  
Тамылжым жерге жетсін көнбей құлап.  
Әнімнің әлеуметке айнасы,  
Жырымның жұртқа жеміс пайдасы бар,  
Халқымның қаһармандық күшін қозғап  
Жүрекке жылы тиіп майда шығар.

Күш керек, өнер керек, білім керек,  
Білерсің мұны ақыным болсаң зерек,  
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,  
Не себеп білінбейді сізден дерек?  
Көктемде бір күн кетіп қоя салдың,  
Көрсеттің көпшілікке қандай көмек?  
- «Жау қашты, жер тазарды жұмыс бітті»,  
Жарамас жай жаталық бізде демек.

Қас дұшпан зар болып тұр бір күніне,  
Жолықты қанды қашқын сүргініне,  
Суырдай судан қашқан жан таласып,  
Өзінің қайта барып кірді ініне.

Бұл күнде құты қашты дұшпан азып,  
Тұртпесең тыныстамақ бойын жазып,  
Алпыс екі айлалы түлкіні де,  
Оңай ма ұстай алмақ іннен қазып.  
Қарлығаш қанытымен су сепкендей,  
Майданға әлі керек көмек азық.

Жатырсың не себептен ұйқыңды ашпай,  
Жан тыныш жай жүрмісің ұйқың қашпай.  
Осындай игі жақсы бас қосқанда,  
Тек тарау лайық па сөз тыңдаспай.

### **Қанжығалин Құтжан**

*(Чапаев атындағы колхоздың ақыны)*

Домбыра қолға алалық осындайда,  
Ән шырқап, шертсем күйге қосылмай ма?  
Бақшада бұлбұл сайрап, таңдай қақса,  
Қызыл гүл шешек қағып ашылмай ма?  
Айғайлап алабұртып мені көрсен,  
Мақсатың салғаласпақ осындайда,  
Ең дәулет байлығымды баяндасам,  
Асыққан ақын көңілің басылмай ма?!

Сен маған жай жатасың неме күліп,  
Жатырсыз хал біліспей неге күліп,  
Өрбітіп өндірістің қазынасын  
Жатырмын жауды дәлдеп, төбеге ұрып.

Сен қалай білмей жүрсің дерегімді,  
Беремін сөзден қолқа керегіңді,

Үлгі алсаң мысал етіп Қарлығаштан  
Майданға көп беріпсің көмегіңді?!

Табысым Днепрдей тасқындайтын,  
Менімен ешбір колхоз бәс қылмағын.  
Чанайдың шандырмайтын шандыаяғы ем  
Өзімнен оздырып жан бастырмайтын.

Тағы да болдың сан қаяғымнан,  
Жармасып жаздай тарттың балағымнан  
Әуелі өз жайымнан айту міндет  
... келіп аяғыңнан.

### **Ахметхан**

Сен неге сөйлер сөзге араласасың  
Адамға әзілмен сын жан-жарасын,  
Айып па хал сұрасып, сын сынасқан  
Тидің деп аяғыңмен шамданысың

Жайыңды жалпақ жатқан жұрт біледі  
Айтпақ болып ақын неңді қамданысың?  
Ақтарсам хазинамның абдырасын  
Ақыным аузыңды ашып таңданысың.

Қыстауым батпақ қара жағасында,  
Жер еді атамекен о басында,  
Күзегім құла айғырдың қумағында  
Бұйра құм қоңыр бұйра арасында

Ақсуды айнала жұрт жайнайтуғын  
Жазылып жазда бие байлайтуғын,  
Жарылып жылқы жоннан, қой құйсықтан  
Жүре алмай семіздіктен шайлайтуғын.

Жарқалдап ойда орақ, қырда кетпек,  
Ежелден елім менің еңбек етпек,  
Жер еді құт құйылып ырыс қонған  
Арты жүз, алды шұбан мыңға жеткен.  
Қарасаң колхозшымның бәрі малды,  
Көрмейсіз малға мұқтаж жлғыз эжарлы,  
Тұрмысқа төңіректен озып блып  
Атандым, «Жаңа тұрмыс» аудан алды  
Жұмысқа қара дүрсін киінеді  
Көрген жан қайратына сүйінеді  
Қызыулы қыз – келіншек жігіттерім,  
Қаңтарды қарсы білек түрінеді  
Орындап айлық істі аптасына  
Көздері күн тәулікте ілінеді.

Күн сайын моншаға жуынады,  
Қыздары белді қынай буынады,  
Киініп атылас, торғын жұпар сеуіп,

Кешкілік сауық кешке жиылады  
Әндед добырамен күйлер шертіп  
Бір –бірін қошаметпен жүрер желпіп,  
Шаттанып «ой,пәле»деп бой көтеріп,  
Колхозшы шал-кемпірлер тыңдйды елітіп.  
Силайды кіші үлкенді кесіп өтпей  
Біледі бастаушысын қасиеттей,  
Екі етпей тапсырманы орындайды  
Баспайды өтірікке басы кетпей.  
Құрметтеп алдындағы ата-анасын  
Жемейді бір-бірінің сыбағасын,  
Барсаң да қай үйіме қадір тұтып  
Береді тәрбиелеп қонақ асын.

### **Құтжан**

Сыр шығар талайлардан сынасқанда  
Тексеріп бірін-бірі сұрасқандай,  
Ақыным алды-артыңа қарап сөйле  
Көтермей өзінді-өзінді тым аспанға.

Мекенім Шақпақ көлдің алабында  
Жайлауым Жыланшықтың қабағында  
Салдырып күзек үйді көл құдықтан  
Мал жайдым қабырғаның тарауында.

Жыланшық жаз жайлайтын жерім еді,  
Ағын су дертке шипа беріп еді  
Ішінде балық ойнап, бақа шулап  
Түбінде жалғыз ине көрінеді.

- Атымды бір қандырып шомылдырам – деп  
Жер үсті жыланшыққа жерік еді.

Қоныстың ие болдым берігіне  
Бір ауыз малдың тыныш көлігіне  
Қырғауыл құр шақырып, ойнақ салған  
Қоянмен көз сүрінер елігіне.  
Көп жылқым көлге түсіп шұбырады,  
Шойрылып семіздіктен жылығады,  
Жылтырап малдың түгі жауһарланып,  
Құндыздай көзге тұрмай құбылады.  
Жабағым, бойы биік енесінен  
Азбанның тоқтым қарар төбесінен  
Бұғыдай бұзауларын бұзаулайды  
Қалмайды малым қысыр келесінен  
Сенің де кейбір сөзің емес жалған  
Мен едім барлығына үлгі салған  
Аптада бір айлықты орындамақ  
Сендерге мирас болып менен қалған.  
Ауылым астананың қаласындай  
Біреуі ата, біреуі анасындай,  
Секілді бір туысқан бауырымшыл  
Бірінің бірі туған баласындай.

Біреуі аға болғанда, бірі жеңге,  
Білместігін білері салар жөнге,  
Мәдени сән-салтанат, үлгі-өнеге  
Сыйласу қадірмендік бәрімен де.

Не өшіп, не киейін дейтін жан жоқ  
Көргем жоқ дүниеге зар болып пенде  
Қонаққа қошеметпен бәрің келсең,  
Ішкізіп, тойғызамын бір үйден де.  
Салмағым өле жатсам сенен артық,  
Менімен не қыласың түсіп теңге.

### **Ахметхан**

Ендеше мен де жатпай ойланайын,  
Балаша қалжыңдасып ойнамайын,  
Шешіліп шындық пенен байлығымды,  
Мадақтап, бастан аяқ баяндайынұ

Сиырым сыймай жатқан сегіз табын,  
Мен көрдім түкті туылып, майдың қабын  
Ісінен Нұрғожаның таң қаларсың  
Біледі мың бір түрлі малдың бабын.

Малымның салмағы ауыр қорғасындай,  
Кескіні Нілдің...сындай,  
Бордақта бұзауларын семіріп тұр,  
Арқардың арша мүйіз құлжасындай.

### **Жасқандым**

Жасқандым, жалтаңдадым, жаза алмадым,  
Қорғалап, қолға қалам ала алмадым,  
Болмашы болғандай еді жыр бұлағы  
Кезінде кезеп көзін аша алмадым.

Жетеді енді, қорғалама сілте қалам,  
Жөн болмас жөн ашықта қамалғаның  
Сілте сен қорғаламай қаламыңды  
Шығарар шыңға жеттің талабыңды.  
Төрт жағың түске енбеген құтың болып,  
Туғызды ұлы өктәбір заманыңды.  
Тарланды алпыс бесте қосып көрші  
Ел көрсін аяғы алыс қадамыңды  
Ардақты, әділетті елің барда,  
Кім білер, ашар алда дталантыңды  
Бар ма осы сірә сенде қалған белгі  
Болғанмен сырлы жылға әкең белді,  
Жырыңды ұната ма, ұнатпай ма?  
Құрап көр, жатпа қарап сенде енді  
Қап таулы партиядай қамалың барп  
Жау суық, ыстық алмай жарағың бар,  
Жер жүзін адамзаттың аңсаттырған,

Алтын тақ өктәбірдей заманың бар.

### Асыл адам

Біліп тұрып білдім деп тасымаған  
Атын естіп көруге асық адам,  
Ауызбенен суреттеп, тілің жетпес,  
Кішіпейіл мкімге де ашық адам.

Ақыл менен ойыңа сыймайтұғын,  
Жаннан өзге жаралған басым адам,  
Жүздескенде жүрегі дұшпанның да,  
Бола алмаған қарсы келіп қашық адам.  
Санасымен салмағы салған жолы,  
Болат қайнар отқа да жасымаған  
Қалдырған із артына өшпей-тұғын  
Ойға алғаны орындалған асыл адам.  
Айнала кеп ажал тор қамағанда,  
Сескенбеген сезініп батыр адам,  
Қараңғылық пердесі басқан күнде  
Жарық еткен сол ғана ашып адам.

Бір өзіне сияқты орналасып,  
Туа бермес мұнан еш асып адам,  
Кім екені көрініп тұрған жоқ па?  
Тек қана Ленин ғой асыл адам.

### Тұманды түнде кім туды?

Түнекті тұман басқанда,  
Шалдығып, шаршап қамығып,  
Жөн таба алмай зарығып,  
Әлсіреп тәннен әл кетіп,  
Өмірден тірлік сән кетіп,  
Тұрғанда сорлап, тарығып  
Не істерін білмей сасқанда,  
Жеті басты жалмауыз,  
Жиіркенішті қандыауыз,  
Ысқырып зәрін шашқанда  
Тұтқасы аспан тіреген  
Шеңберін жердің шіреген  
Маңайыма келші деп,  
Қылышын тасқа білеген.  
Кернеген үнмен нұр шықты  
Ауызға бұрын тимеген,  
Ешбір жан сезіп білмеген,  
Үлгілі кеңес жыр туды  
Түшіркенген түсінікті,  
Ерекше өрен тіл туды.

Жасыған көңіл жадырап,  
Жай тауып жаны маужырап,  
Албыртып алға ұмтылды,  
Таудан, қырдан жоғары,  
Еңсесі биік құз тауды,



Жадырап жайсаң жаз болған,  
Қуанышқа бөленіп,  
Масайрап адам мәз болған,  
Қаңқылдап күні жаз болған,  
Қайырлы күні жаз болған,  
Қайырлы қамсыз жыл туды,  
Әділеттен шапағат,  
Етерліктей қанағат,  
Жүректі жара қуантып,  
Өксіген жанды жұбантып,  
Егіз болып бір туды.

Ғасырлар бұрын жасаған,  
Дажалдай жалмап асаған,  
Темір тор да қырқылды,  
Бұл жағдайға келтірген,  
Өлшеусіз біткен санасы,  
Адам шыққан данасы,  
Ақыл-ой ділмар шешендік,  
Бірге біткен өзімен,  
Еңбекші елдің жүрегі,  
Бір ғасырдың арасы,  
Келешек күннің бабасы,  
Ленин деген ұл туды.

### Өмірден көргенім

Қырық жылдың ар жағында едім бала,  
Елестеп тұрғандай-ақ алда жаңа,  
Көз көрген көлеңкесі қалды есімде,  
Білген кез бөтен емес, есті шала.  
Сақал мен шашы ағарып, жетпіс асып  
Кәдімгі шал болыппын мына қара.  
Көрініп көзге қуә тұрсадағы,  
Қарттықты мойындағым келмейт жәна.  
Не көрдің өміріңде айтшы қане,  
Өткіздің өз басыңнан қандай сәнә.

Әр кімдер айтар кеңес, көрген кепті,  
Шындыққа басын шұлғыр, қағып иекті,  
Жымитып, жымдастырып тастайтындар,  
Табылар сөзге шебер, тілге епті.  
Меңіреу қара тұман бір кездерде  
Деуге болды қара тұман басып кетті.  
Халықтың қамыққаны қалды есімде,  
Бірталай оғандағы күндер өтті.  
Тіледі, жұрт жылады шыныменен,  
Һәм көңіл, һәм ықлас тіліменен.  
Жарқ етіп рауан шашты күн жадырай,  
Шеңберден шыққан дабыл үніменен.  
Ат қойып, жыл басына айдар тағып,  
Айтуға тілім жетпес түріменен.

Мәз-майрам шаттықта жұрт маужыраған,  
Өктем іс өзімшілдік қаңыраған,  
Құшақтасып, қуанышпен досын танып,  
Туғандай бір анадан жамыраған.  
Не ішеді, не киеді мұқтажы жоқ,  
Көрмейсің ешбір жанды жарымаған.

### **Төбе ақын боласыз дегенде айтылған сөз**

Сөйле деп халқым қалай сөз бергенде,  
Құлпырып жаңа дәуір өзгергенде,  
Ағылтып асыл жырды аңыратайын,  
Думанды мерекеге кез келгенде.  
Партия – жеңіс жолы ұранымыз,  
Партия – өмір тірек құралымыз,  
Арқаға Алатаудай пана етіп,  
Саясат саясында тұрамыз біз.  
Шарықтай шалқи өрлеп өскен халқым,  
Шаттықтың шадманында жүзі жарқын,  
Еске алып компартия көсемдерін  
Ескеріп, елеген-ді елдің салтын.  
Саңлақтар келіпті елден, самғайтұғын,  
Қалаулы сөз татымын талғайтұғын  
Тұлпардай томаға көз ұрандаған,  
Шапса да күн ұзаққа талмайтұғын.  
Ақынның темір қанат түлектері,  
Қобалжып жырдан қайтпас жүректері,  
Нұрхандай ұстазының жолын қуып,  
Бет алған ұлы жырды үдеткелі.  
Ақтанкер атағы бар Нұрхан өткен,  
Суырылып, топты жарып, шықты көптен.  
Елінің ұл-қызына өсиет етіп,  
Жемісті жеңіс астай жырын төккен.

Жас ақын сендердің зор келешегің,  
Борышқор тәтті жырға берешегің,  
Қалаулы халық үшінде ақындардың,  
Күн болды бүгін қадам теңесетін.

Әйгілі болып, аталып ақын даңқың,  
Үміткер күтіп отыр болып халқың  
Елеулеп ел құлағың тіккенінде,  
Беріндер сомдай соғып сөзден алтын.

Жырландар елдің еткен еңбек жырын,  
Айшықтап, әшекейлеп сөздің түрін,  
Торғайдың тарабынан ақындар көп,  
Айтыста болмағандар мұнан бұрын.

Түскенше топқа қызып, ынтығып тұр,  
Асаудай арда өскен бұлқынып тұр  
Жеңемін бұл айтыста, жеңемін деп,  
Сұлығын қаршылдатып, жұлқынып тұр.

Ел көрсін жүйріктердің шабыстарын,  
Белдесіп, балуандардың алысқанын,  
Елітіп ел мейірін қанып қалсын,  
Еңбекпен ерде қандай табыс барын.

Жарыста той томалақ келіп жүрген,  
Таңбалы тасқа сөздер беріп жүрген,  
Ел көрсін сол ақынын тыңдап бүгін,  
Орғыған ақ бөкендей желіп жүрген.

Ғаббастың жырағырақ қадамы бар,  
Тұлғалы жырға құмар қаламы бар,  
Тас түлек алғыр көзді, ұшқыр қыран,  
Жеткіншек, жеделдердің талабы бар.

Тұрғынбек және Серік, Кеңшілікті,  
Сөзінде көрмей жүрміз кемшілікті,  
Түсуге көп алдында осы айтысқа,  
Шақырып оларды да келтіріпті.

Ақынның бірі мықты Әбдіхалық,  
Мұның да атағына халқы қанық,  
Қазіргі ән мен жырды қабыт айтып,  
Құбылтып жырлайды ол топты жарып.

Жас ақын жалындаған жаңа тілек,  
Бірінен бірі асып тұрған үдеп,  
Айтайын қай бірінің атын атап,  
Құрыш қол ақындар бар болат тілек.

Көрсін ел ақындардың құдіретін,  
Қадамы қанша жерге жүгіретін,  
Албырт жас ала қашып, арындап тұр,  
Көрінбейді ұлы шаңда мүдірері.

Ал енді ағазыңдар тілдің майын,  
Туғызып сөздің жұлдыз, күн мен айын,  
Табысты тасқандаған елестетіп,  
Естісін ел еңбегін елдің жайын.

Бас қосқан осы ақынның мен ағасы,  
Қазіргі жанды архив-кен ағасы,  
Осында төбе ақындап атап отыр,  
Бірдей деп бәріне де тең ағасы.

Тірлікте дем бітпеген уақытымда,  
Алдында мен бір тұрған бел ағасы,  
Өндетіп домбырамен соза бермей,  
Кезек бер енді тоқтап, сен ағасы.

### Ахметханның өзіне

Ақыл көңіл адам едім аңқылдаған  
Ақ жарқын адам едім жарқылдаған  
Бас қосып мәжілісте отырғанда  
Қырындай желді күнге сыңқылдаған  
Өзіммен өрен барда қорғалған  
Кідіріп кібіжіктемей тартынбаған  
Ұлысқан сөткесіне нөсердей ақ  
Аңгіме айтар көптен сырқылмаған  
Айтар ау кейбіреулер мақтанғой деп  
Десем мен өзгеге күн артылмаған  
Бір жүрген үлкен кіші құрбыларға  
Жерім жоқ жүз жыртысып барқыладаған  
Көретін күнделікті етең жанға  
Жөн жұмыс істеп тападым дарқылдаған  
Солақай санамаған сезімдінің  
Ширығып шатырлаған, шартылдаған

### Неге мырза

Адамзат біріншіден жанға мырза  
Орынсыз ойға қанға мырза  
Өзі беріп сахилық еткенменнен  
Дүние мен алдындағы мырза

### Мен нені сүйемін?

Бірлескен берік іргелі елді сүйем,  
Кең дәулет, ризық берген жерді сүйем,  
Бел шешіп белдесердей еңбек еткен  
Елеулі еңбек еткен ерді сүйем.  
Адамның адыр келмей адырандаған  
Ашуын ашпайтұғын кеңге сүйеп,  
Жарымды жағдай туып немді сүйем  
сүйгіштер қайтер еді арды сүйсе  
қанағат қамындағы барды сүйсе  
сағынып сағат сайын семьясын  
баянды баласымен жарды сүйсе  
саны жоқ сапасы жоқ сансыз сүю  
ғашық болып өртеніп жану күйе  
Ләйлі Мәжнүн секілді қосылғандар  
ұзамай боп жатады ию қию  
сондай соқан сөз сүю бір бұзылмай  
қор боп кетті бүгінде қайран сүю

### Права

Үкімет дейді адамды праволы,  
Меніңше дауысқа ие праволы,  
Жергілікті үлкендер арасында,  
Олар кілт, басын гайка бұрамалы.

Мен айтым, болу керек дейді солай,

Амадлың жоқ көнетін емес  
Қалай өзіңе жөн болғанымен оған жөнсіз,  
Бастырып ісінді оңға оңай

Ауыз айтсаң не жазсаң қағазға арыз,  
Жауап бермейді түнеріп жалғыз ләбіз,  
Мазалаған кісі болып жек көрінішті  
Сүйкімсіз сенен өтпейді жөнсіз нағыз.

Ауырлайды жөнді айтып әрі барсаң,  
Үндемеуге дөп келіп кулсең жансаң  
Уа шіркіннің псықси қалғаны  
Күн көрісінді әуре етеді әуре сарсаң

Қор қылады еңбегінді шөгемін деп,  
Айыңа он күн тәбіл беремін деп,  
Себеп айтып, сырт беріп тауып көрсең,  
Сонда сенің күшінді көрейін деп

Бұл күніңді өзіңе көп қылармын деп,  
Ол жағынан өзімен сенемін деп  
Көкке ұшсаңда жерге шым батсаңдағы,  
Шұқып қойяды кеуденді женемін деп,  
Кінәнді мойныңа ал қаталық деп  
Уәденді бер, не етесің көнемін деп

## Ой

Тапқан адам бар ма екен айдың түбін  
Айсыз өткен не болмақ көрген күнің  
Ой ойланбай жол тауып жүріп көрші  
Дерек қылмас орнында, белгі жұғып.

Ой ойлауға әу баста ақыл керек  
Кәдегі аспақ ойды ақыл тұрса жебеп,  
Қорғасындай салмақпен қортындылап  
Бәрін жөнге асырады ақыл зерек.

## Нәпсі

Нәпсі тұрса көргенге ала бұрып  
Жұла қашса көргенге ынта құрып  
Жанып жаслын секілді ол күйдіреді  
Тоқтатпаса ақылың төбеге ұрып

Ақиқатта ол жауыз тірі жанға  
Тым болмаса қарамас мойынын бұра  
Алса нәпсі өзіне бағындырып  
Құтылы алмай қалғанын үзіп жұлып  
Біткенін сол түйте болып дымың құрып  
Бар ықласа өзінен өзгені ұту  
Қайда барып түзелмек мінез құлық  
Алдамшыға алданып жүргенінде  
Солар бір күн мойныға салар құрық

## Жігіттерге

Айтайын аздап жігіт әңгімесін  
Әуре боп демесеңдер жазған несін  
Болайық шақтап шама төгіскендей  
Таңдайтын барма ағаңның қолында есім

Сұңқардай сұлу сырлы сынқыладаған  
Дауылдай желді күнгі бұрқылдаған  
Мамыра жаз айындай майда шуақ  
Арқансыз асауды ұстап құр құрлаған  
Ішінде естігенің шықпай сыртқа  
Өзінен өзгеге айтып жыр қылмаған

Өнері өсек өтірік сұрқиялық  
Сынаптай жігіттер бар жылтылдаған  
Сырт беріп сылаң қағып кей бір жігіт  
Болымсыз болмашыға бұлтылдаған  
Кей жігіт абыройлы боламын деп  
Сүйкімсіз сөзге әуес сымпылдаған

Кей жігіт жағамын деп жалпаң қағып  
Майшының қалағындай жалпылдаған  
Кей жігіт адам сынып ісіп кеуіп  
Пысықсып әңгіме айтып тыңқылдаған

Кей жігіт өзін өзі дәуге санап  
Бурадай буырқанып, бұрқылдаған,  
Кей жігіт адуындай аттаймын деп,  
қадамыжетпес жерге тыртындаған.  
Кей жігіт ойын-шынды айыра алмай,  
Шишадай су тигенде шыртылдаған,  
Кей жігіт кеп-кенесті ұғатындай,  
Ұстам жоқ, құлап босқа құртандаған,  
Кей жігіт қарны өскенге мәз болып жүр,  
Торсиған торсығана ыңқылдаған.

### Туған жерім

Торғай өзен, туған сары Тосыным,  
Жалаң аяқ құмыңда ойнап жасыдым.  
Суың балдай, топырағың шүйгіндей,  
Мекендеуге Жәкең тартқан қосынын.

Көріп талай өтті өмір басымнан,  
Аймағыңда туып-өстім жасымнан,  
Тар кезеңнің талай күні серпіліп,  
Сокқан боран, сұрапылдар басылған.  
Шалшығың мен батпағыңда батпақтап,  
Сары ылайға ақ көйлекті сатпақтап,  
Қозы қуып, құрық салып, құр-құрлай,  
Құртқа шөптен нөқта өріп шатпақтап.

Көрдім күннің неше талай тарлығын,  
Айтып болмас өткен күннің зарлығын,  
Ұлы өктебір шұғыла шашты жарық қып,  
Ұмыт етті сол күндердің барлығын.

### Алматы мен Тәшкен арасында

Шаттанам елімнің зор табысына,  
Қарамай жердің жақын-алысына,  
Алады алты айлықты алты-ақ аттай,  
Тұлпардың тояттаймын шабысына.

Ертеде Тәшкен-Бұқар барады екен,  
Жыл тәулік оралғанша болады екен,  
Қазіргі жағдайменен салыстырсаң,  
Тартқаны таудан биік азап екен,

### Ақындарға

Иә, сен ақын болдың жазатұғын,  
Қырандай самғап қанат қағатұғын,  
Тұңғыық түпсіз жерден табатұғын,  
Татымды сөздің барма жазатұғын.

Тұлпардай томаға көз арындаған,  
Қадамың барма ұзаққа шабатұғын.  
Жаздың ба қызғылықты кеп-кенесті,  
Сусындай мейірімің қанатұғын.

Өлеңнің өрге жүзген өктемiмен,  
Туғызып сөз тұқымын көктемiнен,  
Мен өзiм ақын болып көрмесем де,  
Ұйқасын талай жырдың көп көрiп ем.

Болсын жыр жүректердi жiбiткендей,  
Көмiлтiп, көзге жасты iрiккендей,  
Шiлденiң жер күйдiрген аптабында,  
Аңсаған тәңiр нұрын бүрiккендей.

Ұйқасы ауызға дәм алдырғандай,  
Ынтыққан ынтығыңды қандырғандай,  
Жыр қайда жылытатын тұлға бойды,  
Маздатып мазалы отты жандырғандай.

Қайда осы ақындардың дүлей жыры,  
Есiнен естiгенде тандырғандай,  
Жыртық жең, жырым балақ сөздер құрып,  
Бесидi қымбат дүние қалдырғандай,

Тұлпар сөз шашау шықпай, шешiлмесе,  
Жарлы ұйқас екi жолдан кесiлмесе,  
Шатысып, шалап шайқап несiне әуре,  
Қиырдан қиысын тауып көсiлмесе.

Солайша жазбаған соң керегi не,  
Бұлайша айтуымның себебi не,  
Болмадым шатты-бұтты өлеңге әуре,  
Келтiрiп жазбаған соң кемелiне.  
Дәмi жоқ, татымы жоқ, тартымы жоқ,  
Мендейдiң кiм қарамақ өлеңiне.

#### **Мен ақын болсам**

Дыбысым болса күндей күркіреген,  
Жаңбырдай нөсерлетiп күркіреген,  
Сығалап қарағанда сымдай болып,  
Аларлық мiн таппаса түрпiменен.

Жан батпай арыстандай айбатыма,  
Тамсанса таңырқанып қайратыма,  
Асырып бiрер сөздi құрай салмай,  
Десе екен паһ сабаздың бойласын-ай.

#### **Нұрхан туралы толғау**

Жарысып жайдақ таймен бала жастан,  
Ол өмiр өттi қазiр қарамастан,  
Жыл сайын жылыстаймыз алға қарай,  
Сырғыған су секiлдi қара тастан,  
Iрiкпей әлiм келiп жаза алсам мен,  
Тамаша таң қалғандай қалың дастан.  
Көргеннiң көлеңкесi көңiлiмдiңгi,



Кезім жоқ ақиқаттан қиыс басқан.  
Жалаң бас, жалаң аяқ жарысамыз,  
Жақын жер, өзен-көлге барысамыз,  
Сылдырап толқындаған су басында,  
Құмға аунап, күнге күліп алысамыз.  
Жүгендеп арқан тағып, тоқым тартып,  
Үйретіп асау тайға жабысамыз.  
Іңірдің қараңғысы түскеннен соң,  
Ақ сүйек, айлы түнде табысамыз.  
Бірге өстім, бір дәуірде Нүрекеңмен,  
Көбейіп, айтарым аз, орап кеңнен,  
Ойыннан жоғары ашқан енші алмай-ақ,  
Нұрханның жетім қалып, әкесі өлген.  
Келген кез тоғыз-онға жас шамасы,  
Бар тірек сүйеніші жан анасы.  
Артынан әкесінің жедел кетті,  
Кенжебай, Қарабектей екі ағасы.  
Тілегі жас балада анасының,  
Ойлаған ойы жеткен санасының,  
Шарқ ұрып шаршы топта сайра –дейді,  
Қуаныш, кездің нұры қарашығым.  
Мектепке берді анасы он бір жаста,  
Не тілек болсын онда мұнан басқа.  
Зулатып қиссаларды болды оқитын,  
Толғанда бала Нұрхан мүшел жасқа.  
Сырғытып сырғалы жыр, домбыра алып,  
Ойласты ерсіл-қарсыл шекті шалып,  
Асқақтап шырқағанда таза дауыс,  
Кеткендей өткірлігі құлақ жарып.  
Он бесте ел аузына тарап болды,  
Әрі әнші, әрі ақын деген дақпырт.

### **Нұрхан аяқ қолдан, тілден айырылып жатқанда**

Шипалы болсын сырқауың,  
Қазақтың ұлы Нұрханы,  
Иса айтқан «топ жарған»,  
Қиырдан қиып жол салған,  
Ұлы шаңның тұлпары,  
Аспанмен ұшқан қалықтай,  
Аралас бұлтпен шарықтай,  
Ұлы шаңның тұлпары.  
Саған түскен салмақты  
Үлесіп халқың алмақшы,  
Ой, гөзелім тұр кәне.

Қолды жайып әмин деп,  
Көтереміз білек,  
Шипасын бер деп еліңнің,  
Тулай соғып жүрек,  
Келсе қолдан егерде,  
Тастар еді қардай күреп.

## Нұрхан қайтқанда қабір басында

Тірі тұрған Нұрханның мынау елі,  
Мәңгі есінде ұмытпайды, сақтайды сені,  
Ортамыздан кеттің бе ол дүниеге,  
Жыр дүлейі, елімнің асқар белі.

Шабыста шалдырмайтын ел дүлдүлі,  
Ерекше ерке туған сен бұлбұлы,  
Мейірімсіз мекеніңе аттандың ба,  
Жез таңдай, қызыл тілге кен бұлбұлы.

Торғайдың топтан озған тұлпары едің,  
Киелі өлең-жырдың бұрқаны едің ,  
Соиеттің салтанатты сарайында,  
Сайраған сен сандуғаш Нұрхан едің.

Келіп тұр қоштасқалы мынау халқың,  
Өлместей ат аталып, қалды даңқың,  
Енді сен бізбен келіп тілдеспейсің,  
Қайырлы ұрпағыңа болсын артың.

елінің ұл қызына өсиет етіп  
жемісті жеңсік астай жырын төкен  
жас ақын сендердің зор келешегің  
борышқор тәтті жырға берешегің  
қалаулы халық ішінде ақындардың  
күн болды бүгін қадам теңесетін  
әйгілі болып аталып ақындығың  
үміткер күтіп отыр болып халқым  
елеулеп ел құлағым тікеннінде  
беріңдер сондай соған сөздей алтын  
жырландар елдің еткен еңбек жырын  
айшықтап әшекейлеп сөздің түрін  
торғайдың тарабыннан ақындар көп  
айтыста болмағандар мұнан бұрын  
түскенше топқа қызып ынтығып тұр  
асаудай арда өскен бұлқынып тұр  
жеңемін бұл айтыста жеңемін деп  
суылығын қаршылдатып жұлқынып тұр  
ел көрсін жүйріктердің шабыстарын  
белдесіп бауландардың алысқанын  
елітіп ел мейірін қанып қалсын  
еңбек пен ерде қандай табыс барын  
жарыста той томалақ келіп жүрген  
ел көрсін сол ақының тыңдап бүгін  
орғыған ақ бөкендей желіп жүрген  
Ғаббастың жырағырақ қадамы бар  
тұлғалы жырға құмар қаламы бар  
тастүлек алығыр көзді ұшқыр қыран

жеткіншек жеделдердің талабы бар  
тұрғынбек және серік кеңшілікті  
сөзінде көрмей жүрміз кемшілікті  
түсуге көп алдында осы айтысқа  
шақырып оларды да келтіріпті  
ақының бірі мықты Әбдіхалық  
мұның да атағына халқы қанық  
қазірігі ән мен жырды қабат айтып  
құбылтып жырлайды ол топты жарып  
жас ақындар жалындаған жаңа тілек  
бірінен бірі асып тұрған үдеп  
айтайын қай бірінің атын атап  
құрышқол ақындар бар болат тілек  
көрсін ел ақындардың құдыретін  
қадамы қанша жерге жүгіретін  
Альберт жас ала қашып арындап тұр  
көрінбейді ұлы шаңда мүдіргері  
ал енді ағызындар тілдің майын  
туғызып жұлдыз күн мен айын  
табысты тасқындаған елестетіп  
естісін ер еңбегін елдің жайын  
бас қосақан осы ақының мен ағасы  
қазіргі жанды архив кен ағасы  
осындай төбе ақын деп атап отыр  
бірдей деп бәріне де тең ағасы  
тірлікте де бітпеген уақытымда  
алдында мен тұрған бел ағасы  
әндетіп домбыра мен соза бермей  
керек бер енді тоқтап сен ағасы.

### Нұрхан ұлы Мәлікзадаға

Еңбекшіжұртым ел халқым  
Елеулі еткен ел салтын  
Тұрғасында сақтаған  
Қағидалы ел қалпын  
Қуаныш келсе қуанған  
Шаттыққа жүзін суарған  
Ауырлық келсе адамға  
Бүгіліп белі бұралған  
Тағдырлы жұмыс кез болса  
Ақылмен шешіп жұбанған  
Айрып тұрмыз біз қазір,  
Шыңға біткен шыардан  
Жан - жақты туған жан еді  
Шын асылдан құралған  
Шеткері шықпас жан еді  
Ақындық атақ ұраннан.  
Шалқар қазір шалшық боп  
Болғандай болып тұр саулған  
Ойлаған жерге жете алмай,  
Қамалып қайда кете алмай  
Еркі кетіп елің тұр.

Мең-зоң болып мұұнардан.  
Қайғырып, халқың қамығып  
Қаралы туды жамылып  
Саулыңа тірлікте  
Тіледі тілек шағынып  
Мезгілсіз келген ажалға  
Ете алмай айла тарығып  
Өксімеген адам жоқ  
Көзінің жасын ағызып,  
Ағайын жұртың жүдеп тұр,  
Еңсесі түсіп жабығып  
Болмады қабыл тілектер  
Таусылса айтқан зарғып  
Құтылған емес ешбір жан  
Рахымсыз ажал келгенде  
Аламын деп шабынып  
Топжарғаннан туып еді  
Атаның жолын қуып еді  
Мирасқорлыққа ой бөліп  
Белсене белін буып еді  
Он бір жасқа толғанда  
Астанаға барғанды  
Келешек күннің келісті  
Атанды алытн ардағы  
Сол Мәлікті ортадан  
Өмірін қиып қолқадан  
Айырып бізден әкетті  
Ажалдың айыр қарамағы  
Он сегіз мың ғаламның  
Жаралған барлық адамның  
Қара жер - ана қойнына  
Жалғансыз анық бармағы  
Домбыра алса қолына  
Бармақтан балын тамызған  
Қалам алып сермесе  
Жыр бұлағын ағызған  
Жетелі қылыш семсердей  
Жаралған жан еді нағыздан  
Айбынды айтыс келгенде  
Қарсыласып қағысқан  
Өмірінде өзінің  
Өткізді талай жарысты  
Ән менен күйге асқындық  
Үдете түсті шабысты  
Ие болып жүлдеге  
Бермеді қолдан намысты  
Абырой -атақ Торғайға  
Келтіред сөзбен табысты  
Кәмелетке толғанда  
Ақыл қамал болғанда  
Жазылмаған жаман дерт  
Тағдыр болып жабысты

Адалдық ақтық жүректен  
Ендігі сөзсі халқының  
Топырағы, торқа боп  
Қайырын берсін артыңның

### Атасы мен анасы өсірген баласы

Жан болып туған соң  
Ата -ан өсірді  
Бөбегін атады  
Сүйікті есімді  
Олардың жандары  
Бала үшін парманы  
Тілейді, сұрайды  
Сау бол деп зарлана  
Өңінен өзгермей  
Ерте -кеш тілегі  
Емірене елжіреп  
Ата - ана жүрегі  
Бұлжымай бұл беттен  
Әрқашан қалыпта  
Айтпаса да ол айқын  
Жер шары халыққа  
Ақылды мінезі  
Ендігі арманы  
Шарықтап алқыды  
Ой ұшы самғады  
Шықтыма ойынан  
Деме еткен баласы  
Әлпештеп өсірген  
Көзінің ақ - қарасы  
Балаға бір күні  
Әке ұрсын жекірді  
Айналып артынша  
Ұзамай кешірді  
Ұмытты ата -ана  
Кек тұтты баласы  
Әдеттен бұрынғы  
Салқын көз қарасы  
Жақындық жағдай ды  
Аздырды жүдетті  
Осылайша жүргенде  
Жаз өтіп күз келді  
Береке батырып  
Болмады тым онда  
Жігерлі жетілген  
Бұқтырар үй ішін  
Айбарлы айбаты  
Кемпір шал өлмеді  
Бағуға сор болды  
Құтылмай масыладан  
Жігітте қор болды

Батырдың ашу  
Бір сәтсіз келгендей  
Ақылын сабаздың  
Дулылық жеңгендей  
Ата мен анаға  
Қаһарымен ақырды  
Жеңіске ие боп  
Тойтарды жапырды  
Қанағат етпеді  
Бұл еткен ісіне  
Өзі ырза болғандай  
Зор алып ісіне  
Қас жауға шапқандай  
Қарасаң түсіне  
Таяқпен ұрыпты ау  
Таңбаны түсіре  
Аузынан шықан сөз  
Сандалма оттама  
Аузынан шығар сөз  
Тәйт пен жоқ қана  
Балам бар деп ондай,  
Атама ата-ана  
Бүгінде қыршын жас,  
Табысқа күнде мас  
Ата-ана оған керек пе?  
Жігітім ойла ұятты,  
Істерің жөнсіз сияқты,  
Табысыңа мақтанба,  
Күпілдеме бекерге,  
Әділет, шапқат, инабат,  
Талаптан соған жетерге,  
Сөзің болса құр ыржаң,  
Тұрақсыз ісің жүр бұлғаң.  
Ауызбен айтып,  
Істеуден қайтып,  
Кеуде керіп мақтанба,  
Құр айғай, көкірек,  
Өзінді алдап шаттанба.  
Істелген ісің бір күнгі  
Қарауға болсын үлгілі.

**Нағашысы Фазылханға  
(өте аласа адам)**

Кең кеуде, алып тұлға, ұзын бойлы,  
Тұңғыық көз жеткісіз ақыл ойлы,  
Шой желке, дүлей қабақ жазық маңдай,  
Көзедей көзге түскен жұмыр мойны.

Секілді сойған қасқыр жықпыл шеке,  
Сақал-мұрт орналасқан жалпақ, жеке,  
Сүмбідей сүйегінде бір міні жоқ,  
Ұқсаған қарауылдағы бөкен теке.

Көзінің қанды шашып қарасынан,  
Қарасаң зәрең ұшар аласынан,  
Атты адам шауып өтіп кететіндей,  
Ай қабақ екі көздің арасынан.

Кісіден кездеспейтін шоңғал мұрын,  
Баяндап тілің жетпес біткен нұрын,  
Біткенін бір адамға орналасып,  
Кім көрген қияпатты мұндай бұрын.

### Төлеуханның Совхозбегі қайтқанда

Аттанған түп мекенге  
Көңілдің бұзғандай болып қорған шебін,  
Татқызып аз ғана күн шырын дәмін,  
Керек деп бұлсыз беріп, алды тегін.  
Түсірген көкірекке ауыр жара,  
Шипасын, күш иесі берсін емін.  
Аяулы, аяулы деп үлкен-кіші,  
Көз жасқа бұлады ғой аққан селін,  
Адамға қандай ауыр жүк болса да,  
Жырылып, жартылмайды бүтін терің  
Жан болса дүниеге жаралғанға,  
Белгісіз ерте-кеште бар ғой өлім.

### Ауырып келдік ауданға

Ауырып келдік ауданға,  
Үй ішінде аз қалып сау,  
Жәрдем талап еткенде,  
Емшіге тиді үлкен дау.

Қайта әкелдім ертеңге,  
Ауырып, қатын-балам да,  
Сырқат болған жандардың,  
Жақсы емес күні жарамды,  
Көшені зыр жүгіріп,  
Болдырып табан суырып,  
Өлдім-талдым дегенде,  
Балниске алып қарайды,  
Егер ауру болмаса,  
Қаратпақ түгіл дәрігерге,  
Көрсетпес едім қарамды.  
Төтелеп ажал келгенде,  
Кісінің жетпес көмегі,  
Ешқандай айла таба алмас,  
Білімге дәрігер тереңі,  
Бейнеттің бетін қайтарар,  
Ондайда себеп керегі.  
Дәрігерге адам келеді-ау,  
Ауырған жағдай, әлекпен,  
Аулақ болса артық па?

Жұғымсыз, жөнсіз әдеттен.

### Омыртқасы өскен қарындасқа

Шырағым, ыңыршақты қарындасым,  
Тынысың ашу кернеп тарылмасын,  
Керек деп мұнда бір күн жатқызбайды,  
Білемін, жібереді жазылған соң,  
Хал-жөнін, ахуалын сұрап тұрмын,  
Сәбиі емшектегі сағынған соң.  
Болатбек сегіз айлық үйде жылап,  
Сондықтан қарындасым тұрмын сұрап,  
Емшектегі оны бағу ауыр соғып,  
Қайтейін, бар ма амалым, жүрмін шыдап.  
Қарындас, ашулансаң, қорықтым, қойдым,  
Қатігез, жарасымды емес бірақ.  
Тырсылдап, тымырайып тыңқылдамай,  
Күдері жұмсақтыққа келеді шырақ.

Түсінбес қандай жансың, деп сөгесің,  
Қолыңнан келсе егер қайта құрап.  
Кездестірсең осы күні ұл мен қыздан,  
Білімге болдым деген қайнар бұлақ.

Советтен салтанатты тәрбие алып,  
Бойына сыйғыза алмай адамсымақ.  
Терең ой, текті қиял көрінбейді,  
Кісімсіп кімге кие белді қынап.

Білекке бір сағатты байлап алып,  
Бұранды шықырлатып әлсін бұрап,  
Сөзінің, не ісінің тұрағы жоқ,  
Жүгірген кесе ішінде ұқсап сынап.

### Сомтемірдің Ғалымына

Жүрсің бе сау сәлемет Ғалым жігіт,  
Сөйлесе сөзі отты, жалын жігіт,  
Әкеңе дүңкілдеген даусың ұқсас,  
Қалған екен сол ғана сарын жігіт.

Кешқұрым екеуіміз кездескенде,  
Ағыздың арақ-шалап бәрін жігіт,  
Қаңғып кеп ауызыңа қайдан түсті,  
Келместі орындауға әлің жігіт.

Сен маған ауыр сөзге барсаң дағы,  
Ақ шабдар есептеймін қанық жігіт.  
Әрқашан ризық, міндет жаратқанда,  
Сенімің болар оған кәміл жігіт.  
Жабысып айрылмайды деп ойлама,  
Ол жайым өзіңе де мәлім жігіт.  
Әкеңнің әкесін де көзім көрген,



Деуге аузым бармайды сені залым жігіт.

### **Игілік Абдуллинге (деректірге)**

Игілік сынып жатқан мен бір шалмын,  
Жоқ жерде мүгедек боп қалған жанмын,  
Тап беріп тар кезеңде ұстап алды,  
Ортасына аунатып бейнет шаңның.  
Ойда-жоқта опыр-топыр орнап қалып,  
Айта алмай еш нәрсені қалдым даң-дұң.  
Белгісіз бейнет шіркін ұстап алды,  
Бүркіттей басып қалған сыртын аңның  
Үйіме жеткізуге жағдай қара,  
Еске алып арызын Ахметханның.

### **Гүлшираға**

Гүлшира, главврач қарындасқа,  
Бейнетті адам тілеп сағынбасқа,  
Көмекке сіздер еткен алғыс айтам,  
Жаңадан кездесуге жазым басқа.

Біреуге тауқыметің түскенне соң,  
Шараң жоқ семьяңды сағынбасқа,  
Ауылға жеткізудің мүмкіндігі,  
Сіздерден ондай жағдай табылмас па?

### **Еңбек бар да, ақша жоқ**

Төрт ай өтті құрғақ еңбек,  
Қолға тиген ақша жоқ,  
Қағылды қалта, әмиян,  
Тиыннан түгел ақта боп.

Хат арқылы мұны жазсақ,  
Редакция, газетке,  
Ұят болып жүрер ме екен,  
Қазақшылық әдетке.  
Еңбек ет те алма деген,  
Жоқ шығар заң советте.

Әкелеміз банкіден деп,  
Бұғалтыр, кассир шабуда,  
Ақша тимей аңтарылып,  
Жұмыскерлер қажуда.

Әлсін-әлсін оқталады,  
Ауданға арыз жазуға,  
Бола берсе осылай қалып,

Күнде ертеңге жүрсек нанып,  
Жағдайда тұр азуға.

Елу тоғыз, алпысыңның,  
Және алпыс бір жылдары,  
Істеп жатыр ерте-кеште,  
Еңбекші қыз-ұлдары.  
Демалыстан еш хабар жоқ,  
Ол суалып құрғаны.

Қыста қарды,  
Жазда желді,  
Жұтып тамақ болар ма,  
Ауаменен қорек етіп,  
Жағдай сірә, оңар ма?

### **Арапша танымаймын, бір балаға жаздырып беріңіз дейді**

Сыпайы сызатын, жазатын бала таппадым,  
Болса да ауыр оқуға өзім болды тапқаным.  
Егделеген ағаңның порым әріп шотбағын.  
Жас алпысқа келгенше ешкімге жала жаппадым.

Халық біледі жәйімді, Ешкімді тілмен шақпадым,  
Түсіруге біреуді, құрылған емес қақпаным.  
Келгеніңе жыл толды, кімнің қалай екенін,  
Боларсың білген ақпарын.  
Көтермеймін бірақ та, төзе алмаймын шыдап та,  
Кісімсіген батпаның.

### **Жазықты тілім**

Біткенің неге маған сорға тілім,  
Болмадың майда жұмсақ, жорға тілім,  
Жылпылдап, жылмаң қағып жағымпазсып,  
Өтпейсің ел ішінде зорға тілім.

Не пайда айтқырлықтан таптың тілім,  
Дей алман ащы тілмен шақтың тілім,  
Қаралап қағаз жазып не куә болып,  
Дей алман жанға жала жаптың тілім.  
Ауылда құлқын құмар болғандарға,  
Айта алман еш уақытта жақтың тілім.

Қылыштай қынаптағы өткір тілім,  
Алмастай шыны тілер кескір тілім,  
Жөн екен мына сөзің деген бар ма,  
Ендігі қойған жерде тек тұр тілім.

### **Бір құрдасыма**

Жаратқан сені құдай құрдас етіп,  
Несіне туғызды екен жолдас етіп,  
Жылдық па, тоқсандық па, адам кем болып,  
Сондықтан есепке алған бір бас етіп.

### **Жалқау мен еңбек**

ртерек тұрып бір күні,  
Тысқа шығып жалқау,  
Ерініп аяқ басуға,  
Жүріп келеді салқау.

Көріп қалып еңбекті,  
Уа, кімсің, бері кел депті.  
Сонда айтыпты еңбек,  
Шақырасың кел деп,

Уақытым жоқ баруға,  
Жұмысымды жатырмын жөндеп,  
Жолымнан шақырма,  
Бекерге уақыт алдырма.

Оу, тілдесейік шырақ,  
Менде көп сан сұрақ,  
Айтқанға толық жауап бер,  
Ашуланба бірақ.

Білмейтін кісің мен емес,  
Ешкімнен тіпті кем емес,  
Дұрыстап тілдесейік,  
Түсінісіп, бірлесейік.

Көңіңіз айтқан ақылға,  
Бұрын да сізді көріп ем.  
Үлкен деп сәлем беріп ем,  
Мұндай емес ол кезде,

Шіреніп басар керік ең,  
Кежегең кейін тартып,  
Аузыңа түскенді танытып,  
Қолыңды бір сілтеп кетіп ең.

Танымадым расы,  
Адам сиқың кетіпті,  
Кері тартқан жалқаулық,  
Түбіңе тонап жетіпті.

### **Алдамшы өмір**

Өтіп жатқан белгісі жоқ өмірдің,  
Жайнап ұшқан күлі құсап көмірдің,  
Желді күнгі толқындағы қайықтай,  
Тұрақтайтын мекені бар ма көңілдің...

Белгісі жоқ өткен күннің бірі де,  
Өтіп жатыр талай уақыт тіріде,  
Келсе аларман жағдайыңа қарамас,  
Тұра тұршы дегеніңе кідіре.

Сонда алысқа қош айтысып кетпексің,  
Ойнап, күліп, сөз сөйлеуден өшпексің.  
Жанашырдың көз жасына қарамай,  
Жетегіне оның жүрмей не етпексің?

#### **Қайнекей ауырып қалғанда**

Айнымас ағаң әр кез тілегінде,  
Саялы сақтаулысың жүрегімде.  
Әрқашан амандықта болып әркез,  
Сәламат саулықтың бол тірегінде.  
Шығанда шегі болмас адамда арман,  
Берер деп үміткерміз тілекті алдан,  
Жаратқан жазылуға себепкер боп,  
Шаттықта кездесуге етсін дәрмен.  
Теңізге көз жеткісіз тілекті айдын,  
Телміріп тесе қарап қызыл жардан,  
Көңілдің көлеңкесі айнадағы,  
Жерім жоқ жетімсіз жол алып қалған.

#### **Қараман Әбіқаев әскерге алынғанда жазған хаты**

Сәлем айтып хат жаздым көкем саған,  
Кездесуге пұрсат жоқ уақыттарың,  
Он тоғыздан бір ата, бір анадан,  
Алды- артында мен ғана жалғыз қараң.

Амандықпен әрқашан жолығайық,  
Жел жақтағы арқамда асқар панам,  
Кешіріңіз кемістік ісім болса,  
Дақ түсірген көңіліңе болса жарам.

Өзім үшін келгем жоқ бұл дүниеге,  
Отанымды қорғауға кетіп барам,  
Көппен көрген ұлы той қандай қызық,  
Уайым етпеіңіз ешбір алаң.

#### **Қараманның хатын алғанда**

Хабар алдым хат жазған қалқам сенен,  
Өтінесің ғафулық жаным менен,  
Қанат құйрық көзімнің қарашығы,  
Бұзды асқар тау көңілді көкем деген.

Еш уақытта көңіліме сақтамаймын,  
Анау-мынау еркелік болса деген,

Абыройлы әрқашан амандықта,  
Сәламат саулықта мүше-денең.

Аманат жан ұяда аман болса,  
Тәрбие қалып келердей оған сенем.  
Екі жүзді қылышым нар кескендей,  
Қайтпайтұғын қалқашым асыл, терең.

Ақ сүтімен анасы баққандай-ақ,  
Ширатылып шынығар қыран денең.  
Жаратылыс жағдайың бар болатын,  
Еш нәрседен қорықпайтын етіп елең.

Алып қалмай алаңсыз тілекті айтып,  
Құтты болсын айтуға енді келем.  
Құтты болсын армия сапрыңыз  
Бақытты бол бәріңде қатарыңыз  
Еңбекші ел геройы атаныңыз.

## Елуге

Дәл биыл келіп тұрмын елу жасқа,  
Таппадым татыма бар өнер басқа,  
Таңдамай таңдайыңа татып дәмін,  
Тигендей тоқырадың тағаң басқа.

Жастықтың топырлаған дәулетінде,  
Өзекті бола алмапты сенде баста.  
Ермектік келсе қолдан бірер ауыз,  
Кейінгі балаларға жазып таста.

Қызықты ел ішінде елеулідей,  
Ән салдың домбыра алып он үш жаста.  
Шілделік, тартыс және той дегеннен ,  
Қалмадық маңайында болса аста.

Күмпііп көтерілдік пәлі десе,  
Па сабаз, жігіт-ақ қой әні десе,  
Жаттама өлең-жырды төпеп бердік,  
Естиік жіберші енді кәне десе.

Ісің тазы, мылтық жастай сүйген,  
Ол жағы ұзамай-ақ табылды үйден,  
Сымбатты сұлу тазы, түзу мылтық,  
Жерің қолқа қолға тимей аузың күйген.

Құлаштап жетсе тазың жұмарланып,  
Алдында алтайы жүрсе бұраң қағып.  
Көңілің де көтеріңкі күлкі сонда,  
Қызықтап қызығына құмарланып.

Па шіркін, бұл іс қолға түспей жүрген,

Ғұмырым болса алда күдер үзбен.  
Ақ иық, мұз балақты ұстарма еді,  
Аң қағып, аспанды өрлей қанат сүзген.  
Топшысын қомдай түсіп басып жатса,  
Ит алған ол қызық-ау бірі жүзден.

### Алпыс беске

Келгенді аңдамаппын алпыс беске,  
Уақыттың ауған кезін түстен кешке,  
Қайтерсің ұяты жоқ арсыз көңіл,  
Тұрғандай бал дәурен кешгі есте.

Бір кезде секілді едім жігіт-сері,  
Жоқтай еді қай жағымнан ешбір кемі.  
Жан-жақты жігіт болған екен-ау деп,  
Айтқандай осы күні кімдер мені.

Тақтайдай сырт сүйектің сын кетті,  
Киімнің секілдімін жыртық жеңі.  
Самай-мұрт қырау басып, аға жеңіп,  
Әжім бар айғыз – айғыз сызық тері.  
Шапата қайрат болды шапыр- шұпыр,  
Күресте жығып жүрдік қапыл-құпыл,  
Ән салып, мылтық атып, ит жүгіртіп,  
Ақ қарда ат тұяғы шықыр-шықыр.  
Ырзамын бергеніңе жаратқаным,  
Соларды бердің маған, еттім шүкір.

### Табылған сөздің таңбасы

Ақын мен шешен табады,  
Сөйлем сөздің мүсінін.  
Дәл кигізіп қойғандай,  
Келтіріп тонның пішінін.

Шымбайыңа шым батып,  
Қандырар айызын кісінің,  
Әділеті адамның  
Шапқаты болар ісінің.

### Ойда жоқта

Кез болып қалар кездер бар,  
Жылжыған жылмаң сөздер бар,\  
Тауары тәуір деп жүрсен,  
Бояйма шығар бөздер бар.  
Дос болып бүгін, ертеңге,  
Ажарсыз ала көздер бар,  
Сенімді кісі саналып,  
Үстіңнен өсек таратып,  
Сырғыма сырлы сөздер бар...

## Көп қараймыз

Көп қараймыз ауылда,  
Ажар менен беделге,  
Құтыламыз біз қашан,  
Осындай жігіт көп елде.

Қарамаймыз қайырылып,  
Өзіңнен өзге төменге.  
Бригадир болса да,  
Санаймыз оны еренге.

Өзгені жөндеп санамай,  
Жаратылыс көлемге,  
Өйтіп асар жерің жоқ,  
Саналар адам кезің жоқ,  
Сөйтіп жүріп бір күні,  
Дем біткен күні өлемде,  
Ауылдан шығып кете алмай,  
Арманда болып жете алмай,  
Жүргенде сөйтіп өлемде.

## Бір оправқа

Қарағым, өтірікке ұялмадың,  
Барма еді мұндай сөзден сый алғаның,  
Осынау құрғақ күлкі түпкілікті,  
Өнердейт еш уақытта тыя алмадың.

Шімірігіп өтіріктен жеркенбейсің,  
Өзіңше жұрттан артық білгендейсің,  
Түймедей көрсең – дағы біреу мінің,  
Басыңда түйедейді бір көрмейсің.

Семірме күнделікті тапқаныңа,  
Түрткісіз тұнық елде жатқаныңа,  
Осындай жағдаймен жүре берсең,  
Түсерсің бір құлқың қақпанына.

Ажарың алтайы деп көрер көзге,  
Жайдары жігіт-ақсың жаннан өзге,  
Тең түскен төрт аяғың бірдей жорға,  
Байлаусыз баяны жоқ жалған сөзге.

Керегі саған адам сағатында,  
Естесің айтқаныңа баратын да.  
Артынан он тиындық қажеті жоқ,  
Қаласа да жеті қат жер қабатында.

Сұмдық сұйықтыққа адам өтпес,  
Істеген істерің бар саған көктес.  
Көрмедім ес білгелі сендей жанды,

Түбіне өтіріктің адам жетпес.

### **Қазиханның жалғыз баласы армиядан келгенде...**

Жеңісің құтты болсын келісімен,  
Оралсын ақ жағдайға кеңісімен,  
Шартарап шаруашылық шалғай болмас,  
Биігі таудан ассын ерігіңмен.  
Жеріңнен өз ойлаған артық болып,  
Құдайдың құтыла алма берісінен.

### **Қарттыққа келер ме қайтып жас дәурен**

Болғанмен серпінді ашып, көңіл ояу,  
Қатарда қалып барады селдір-сою.  
Арынды ағын алып кетіре алмас,  
Сақал-мұрт, сақал шашта аппақ бояу.

Білмеймін бұлар бұрын қайда кеткен,  
Өткен іс елестеп тұр кешегі кеткен.  
Талайға табысты кет, ай бауырымдап  
Сағынып жүрген болар сірә көптен.

Мирастай жұмыс болып келгенде деп,  
Менің де бұған айтар жоқтай өкпем.  
Келер ме қайта айналып, жастық шіркін,  
Жеткендей жыл айналып жазға көктем.

Келдің бе мінекейін қайран қарттық,  
Етекпен ұстадың да мықтап қарпып,  
Құтылу енді сенен болмас оңай,  
Байладың желі қағып арқан тартып.

Па, шіркін, сенің біткен келбетіңе,  
Парақтай ұстадың ба жер бетінде,  
Қараша қарсы келген кім де болса,  
Қараған шал дегіздің ел бетіне.

Айтысып, шал болмасқа амал барма,  
Тіл келмейді сені даттап жамандарға.  
Жеңімпаз атағың бар ертеден-ақ,  
Күресіп күрсін асыр бар ма шама.

Жас дәурен қайта оралмас жыласаң да,  
Қиынға, қияға өрлеп бұласаң да.  
Қайтарып оны ешкім ала алған жоқ,  
Бермейді саған қанша сұрасаң да.

Хабарсыз қапылыста жау жетер,  
Кім-кімде бұл сөздерді демес бекер.  
Күлкі-ойын, сауық-сайран бәрі бітіп,  
Жарық күн жаққан шамдай сөнер- кетер.



Уақытша дем бітпеген жүрген жәй бар,  
Азықсыз өтті- кетті жылдар –ойлар.  
Қарны ашқа қанағатты өзі берсін,  
Дәулет кем алға басып ол жаққа айдар.

### «Яуза» магнитофонын алғанда

Ән салып бастайыншы аздап кеңес,  
Көргендер онша артық, бөтен демес.  
Жүйріктей өрге шапқан шамырқанып,  
Дауысын сілтеуші еді асып белес.

Бұл уақыт көзім болды тартқан тарлан,  
Таусылмас адамзатқа айтып арман.  
Өтермін дүниеден менде бір күн,  
Аларман алатұғын келсе парам.

Сол күні кетермін мен елден жырақ,  
Тірліктен тебіренген сөнер шырақ.  
Жоғалып жоқ боп жүдә құрымаса,  
Балаларым, әкең дауысы тұрар бірақ.

Әкеңнің дауысы өалар азынаған,  
Ол – бұлсыз келген дүние қазынадан,  
Апырау солай болған жан екен деп.  
Ой бөлер ой көзі бар сазына адам.

Сөйлесіп мен өлгендеүйде осы,  
Жиналар дәл осы күні дұшпан –досы.  
Қадірмен қатар құрбы, замандастың,  
Болмасын суық салқын ажар күйде.

Қабірден қайтқан жандар кіріп үйге,  
Бір кіріп, біреу шығып үйме жұмыс.  
Қайғырып қабақ жауып салбыраңқы,  
Болмасын суық салқын ажар күйде.

Күркіреп көк жарғандай үн де қалар,  
Опарып ойын күлкі мұнда қалар.  
Батырған жиын топты мерекеге,  
Атрында сондай болған күндер қалар.

Әуелде адам оттан жаралғаны,  
Пенде болып есепке алып саналғаны.  
Құранда күнфаякүн аяты бар,  
Ғалам боп он сегіз мың таралғаны.

Тоқтасын ұзатпайын мұны жалғап,  
Салалап айта берсек көп кой тармақ.  
Он саусақ өрмелеші ән мен күйге,  
Түсейін сендерге де енді аяндап.

Аз сөзі ағайынға ахметханның,  
Білмейді не боларыналда халың.  
Дұғадан еске алуын үміт етем,  
Баласы болған мүмин мұсылманның.

### Торғайым

Жырлайды ақын туған, өскен жерінен,  
Татымы бар тәрбие алған елінен.  
Болмасам да күшті ақын олардай,  
Туған ұлмын менде Торғай белінен.

Жер болып су аққалы аты Торғай,  
Салмағы, сапасы бар бейне қорғай.  
Қай кезде, қай уақытта салыстырсаң,  
Бұл Торғай қалған емес тариз болмай.

Аты Торғай болғанымен ісі қыран,  
Секілді қара ішінде жалғыз қылаң,  
Кешегі он алтыншы жыл болғанда,  
Айқайлап азаттыққа салған ұран.  
Бұғауда босануға қам жасаған.  
Құртуға ахжаһаны улы жылан.

Кез болды тілегіне совет елі,  
Ойына орындалды алған жері,  
Еңіреген еңбекшіге қосылды кеп,  
Әліби Жанкелдіұлы туған ері.

Лениннің сонда халық естіді атын,  
Елге әкеліп таныстырды жазған хатын,  
Еңбекші ұмытпайды өлгенінше,  
Өмірдің Ленин берген салтанатын.

### Азған ауылға

Бір кезде күрлеуіттей гүрілдеді,  
Өрт тиген қау көдедей дүрілдеді,  
Түшкірсе сыба йластар әмин деп,  
Ылдидан шапса өрге сүрінбеді.

Биледі ол совхозды жалғыз өзі,  
Не айтса қабыл болды басшы сөзі  
Жан болса бірлі-жарым ербеңдеген  
Қадалды қарғысымен оты көзі.

Талайды талмайсытып шарпып өтті,  
Істеді кемелді ойға азды-көпті,  
Тұзаққа көгершінді іліктіріп,  
Сып етіп сым сарайдан өтіп кетті.

## Мен

Жан емес ие болған гонорарға,  
Күш қайда ақын атақ саналарға,  
Ұлы күш дүлей дарын болмағанмен,  
Кейінгі керекке асар балаларға.  
Шатысып шапқандай-ақ айға арыстан  
Өз әлін адам біліп шамалар ма?  
Мынау шал тантырапты дей салсаңдар,  
Тұрарлық оған қарсы шама бар ма?  
Анаңа барып түссе азғана сөз,  
Белгісіз не айтылар қарағанда.

Көп жазсам балаларым, шырақтарым,  
Өлеңге жеткілікті сынақтарым.  
Менде жоқ лирикалы лебізді тіл,  
Қазақша қалпы өзімдей бір-ақ сарын.

### Шал сақа бойдақтарға

Қыз тегін, осы күнде кемпір қымбат,  
Тіпті оны тауыса алмайсың алты ай жырлап.  
Алды елу, отыз бес пен қырықтағылар,  
Әлі жүр бойдақ болып бес-он жылдап.

Бұлар жүр сақырлаған сақа бойдақ,  
Түбіне жете алмай жүр айдан ойлап,  
Табылу ел ішінен қиын боп жүр,  
Аспаса бөтен жұртқа манғұл-ойрат.

### Балалық шақ

Балалық шақ,  
Алтыннан қымбат шақ,  
Ешнәрсе ойда,  
Көңіл сондай пәк.  
Апырмау сол күндерден,  
Бір белгі қалсайшы уақ.  
Қайырылып қанша іздесем,  
Таппадым сендей бақ.  
Ол қайтып саған келмесіңді,  
Қайырылып көмек бермесіңді,  
Мейілім қаппай шап.

Есейіп өсіп, ер жеттім,  
Өмірге шықтым жел беттің,  
Уайым-қайғы болмады,  
Қанбады ойын толғағы,  
Дүниенің ұжмағы,  
Балалық дәуір солдағы,  
Шыбықты мініп шәужаулап,  
Тайпалтқаны жорғаны,  
Ойсырап жатыр орыны,  
Балалық дәуір қорғаны

### **Інім Бауыржанға**

Алпыс жас құтты болсын жан бауырым,  
Тілектес тәтті өміріңе бар қауымың,  
Тірлікте баса-көктей жаншып-жайпап,  
Кешірсін рахаттың кең сауырын.

Күрестің кек жолында ажал өтпес,  
Толассыз араласқан жермен-көкпен,  
Жеткенше мақсұдқа, ойға алған,  
Дем алып басылмады өктем өкпең.

Мамырлап майданда да майырылмадың,  
Қиындыққа қамығып, қайғырмадың,  
Улы жылан ордасын қақыратып,  
Халыққа көңіліңді жәй қылғаның.

Жасай бер, жалындай бер елдің ері,  
Келмесін екі елуден жасың бері,  
Екі жүзді нар кескен ақ балдақтай,  
Мәдениеттің болдыңыз қаламгері.

Жетпістегі қарағым, мен бір ағаң,  
Азсынбассың шырығым, осы-ақ шамам.  
Қанатымен су шашқан қарлығаштай,  
Аз ғана жол атыңа сыздым қалам.

### **Бастықтарға**

Бастықтар жұмыс істетсе тілін тауып,  
Кетпесе шамырқанып, қатты шауып,  
Қасында қара болып жүргендерге,  
Жылы рай беріп қойса ауық-ауық.  
Керегі бар халықтың, қараның да,  
Ішінде бар жақсысы, жаманы да,  
Үзенгілес жүрмесе өзіменен,  
Қармайтын жағдай бар шамалыға.

Бастықтар айтатыны әкең аузы,  
Санаспас естушіге жеңіл-ауыры,  
Праволы адамдар боқтасып деп,  
Бекітіп алдырған ба олар қаулы.

Ал сонда қайда дейміз мәдениет,  
Боқтауды жөн дейміз бе қағып иек.  
Өзім түгіл өзгеге жеткен боқтық,  
Жаныңа жара салып ауыр тиет.

### **Елу жылға**

Жарты ғасыр құтты болсын халқыма,  
Жыр бұлағы таудан асып сарқыра,  
Мерекесі ұлы Отанның октәбір,  
Жер жүзіне шұғыланды шаш, жарқыра.

Домбыраны қолға алып , ән салып  
Алатаудан аса даусын арқыра,  
Маркспенен және Энгельс, Лениннің ,  
Мәңгі өшпейтін салған жолы ортаңы .

Октябрь деп бар адамзат жырлайды,  
Ескен жел де октябрь деп тынбайды,  
Жердің жүзін әдлетке шақырып,  
Атой беріб аспанға қол бұлғайды.

### **Жүз жылға**

Ғасырдың жеттік бүгін толуына,  
Маужыраған мейрам күннің болуына.  
Ойдағы бір арманды жайғастырып,  
Тілек бар құтты қоныс қонуына.  
Жүз жылға толды бүгін көсеміміз,  
Данышпан жер жүзінде шешеніңіз,  
Келетін келешекке біз тірілер,  
Кетікке қаланатын кесегіміз.

Жасасын ұлы көсем салған жолы,  
Теңемес жер шарында ешкім оны  
Лениннің алып асқан қаратымен,  
Сөгілді еңбекшінің темір торы.

Қазіргі өмір көрмеген ұйқы-түсте,  
Арман еткен іс еді-ау бұл бір іште.  
Бұл өмірде орнатқан шексіз ақыл,  
Алғыс айттық жүректен осы күшке.

### **Байзақов Исаға**

Исаның ақындығы тасқын бұлақ,  
Жарықты жарқыратқан жырдан шырақ,  
Долданған дүлей жатқан ол Днепр,  
Алғандай анық жөнін кімдер сұрап.

Еш адам тірісінде тең келмеген,  
Басқа ақын ойламаған деңгей кемел,  
Ұрасын аспан жердің қапсырғандай,  
От шашып аузымен шеңгелдеген.

Жыр мен сыр айтқан сайын үдеп кеткен,  
Шеңберден шектен шыға шіріп кеткен,  
Шаңдатқан шабысынан байып көрмей,  
Көрсетпей тозаңын да сүмектеткен.

Кезінде келе алмаған ешкім теңдес,  
Исадай жырды төгу қолдан келмес,  
Туыптыжеке дара не деген жан,  
Меніңше таба алмаспын оған теңдес.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1956. – 340 б.
- 2 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 250 б.
- 3 Бектемісов Н. Ахмет ұшқан алтын ұя. – Астана: Елорда, 2001. – 200 б.
- 4 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 5 Байтұрсынов А. Жоқтау. – Алматы: Жазушы, 1993. – 180 б.
- 6 Мәуленов С. Сыр мен жыр. – Алматы: Жалын, 1991. – 260 б.
- 7 Оспанов С. Ахметтің өскен ортасы // Қостанай таңы. 2002, 21 маусым.
- 8 Ахметбеков Н. Жұмабай ақын // Большевиктік жол. 1947, 12 сентябрь.
- 9 Егеубаев А. Сөз жүйесі. – Алматы: Жазушы, 1985. – 272 б.
- 10 Жыр-дария. – Ақтау, 1995. – 594 б.
- 11 Нысанбай жырау Кенесары – Наурызбай // Қазақ әдебиеті, 1991, №3.
- 12 Тарихи жырлар. – Алматы: Жазушы, 1996. – 300 б.
- 13 Әлмағамбетов Б. Таңат Сейдахмет ақын // Торғай таңы. 1993, 6 наурыз.
- 14 Өтебаев Е. Жазушы папкасындағы жырлар // Лениншіл жас. 1969, 29 март.
- 15 Жұмалиев Қ. ХҮІІ – ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1958. – 360 б.
- 16 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: 1986. – 398 б.
- 17 Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 252 б.
- 18 Нұртазаұлы Ә. Тас мешін // Қазақ әдебиеті. 1990, 28 қыркүйек.
- 19 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 20 Екі мың жылдық дала жыры. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 752 б.
- 21 Оспанов С. Әбіқай ақын // Торғай таңы. 1991, 5 қаңтар.
- 22 Тұрғынбеков С. Әбіқай ақын // Қазақ әдебиеті. 1990, 28 қыркүйек.
- 23 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
- 24 Жұртбай Т. Сүресөз. – Алматы: Экономика, 2005. – 400 б.
- 25 Әдебиеттану. Құраст. М.Мырзахметов, А.Дайырова. – Алматы: Мектеп, 1972. – 175 б.
- 26 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 200 б.
- 27 Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 572 б.
- 28 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
- 29 Ысқақов Қ. Таңдамалы шығармалары. II том. – Алматы: Жазушы, 1994. – 608 б.
- 30 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 31 Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
- 32 Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 367 б.
- 33 Дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы, Ғылым, 1980. – 260 б.
- 34 Дерібсалин Ә. Дәстүр мен жалғастық дәстүр және ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 246 б.
- 35 Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1967. – 536 б.
- 36 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 366 б.
- 37 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1960. – 363 б.
- 38 Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, Дәуір, 1994. – 445 б.
- 39 Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. – Астана: Фолиант, 2003. – 208 б.
- 40 Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
- 41 Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. 3-том. – Алматы: Жазушы, 1974. – 368 б.
- 42 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 43 Сатыбалдыұлы Ф. Ай, заман-ай, заман-ай. – Арқалық, 1993. – 90 б.

- 44 Кенжеахметов С. Ежелгі Торғай тарихынан деректер // Торғай таңы. 1991, 11  
қаңтар.
- 45 Қапаста жазылған хаттар. – Алматы: Жалын, 1992. – 245 б.
- 46 Кенжалин Ж. Шындықты шырақ етіп ұстаңыз. – Алматы: Қазақстан, 1998. –  
235 б.
- 47 Оспанұлы Ә. Аманат. – Арқалық, 1993. – 100 б.
- 48 Әмірханов Ғ., Мұсабаев Х. Әлмұхаммед Оспанұлы // Торғай таңы. 1991, 26  
сәуір.
- 49 Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған  
библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ҚР ҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер  
институты, 1999. – 834 б.
- 50 Дала уалаятының газеті. Құраст. Сұбханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1994. –  
815 б.
- 51 Мұқанов С. Қазақтың ХУІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. –  
Алматы: Арыс, 2002. – 272 б.
- 52 Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 110 б.
- 53 Оспанұлы С. Ахметтің өскен ортасы // Қостанай таңы. 2002, 16 сәуір.
- 54 Боздағым. Құраст. Т. Арынов. – Алматы: Жазушы, 1990. – 250 б.
- 55 Абдуллин Ә. Қарпық ақын // Торғай таңы. 1996, 26 мамыр.
- 56 Уәлитегі И. Бабамыз – бекзат, данышпан. – Қостанай, 1998. – 180 б.
- 57 Тұрысбек Р. Сөз сарасы. – Алматы: Қазбілімжабдықтау, 1996. – 148 б.
- 58 Сұлтанбек пен Бәтима. – Арқалық, 1993. – 76 б.
- 59 Әлім Қ. Міржақыптың оралуы. – Астана: Фолиант, 2002. – 214 б.
- 60 Ергөбеков Қ. "Адасқандар" ақиқаты // Алматы ақшамы. 1990, 24 сәуір.
- 61 Мұқанов С. Мөлдір махаббат. – Алматы: Жазушы, 1959. – 380 б.
- 62 Қозыбаев М. Әмір Әбдіғапар // Торғай таңы. 1994, 11 маусым.
- 63 Бөкейханов Ә. 1916 жыл // Қазақ әдебиеті. 1990, 3 тамыз.
- 64 Кенжеахметов С. Туған жерге ту тіккен // Торғай таңы. 1991, 12 шілде.
- 65 Сүлейменов М. Әбдіғапар хан. – Арқалық, 1996. – 250 б.
- 66 Сатыбалдыұлы Ф. Әбдіғапар хан // Торғай таңы. 1992, 12 қыркүйек.
- 67 Әсіпов С. Топжарған. – Алматы: Жазушы, 1980. – 320 б.
- 68 Абдуллин Ә. Ақындардың дүлдүлі // Торғай таңы. 1994, 24 желтоқсан.
- 69 Әбікеев С. Үш дүлдүлдің алдын көрдім // Торғай таңы. 1993, 18 желтоқсан.
- 70 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 642 б.
- 71 Ахметбеков Н. Жасауыл қырғыны. – Алматы: Жазушы, 1972. – 580 б.
- 72 Абдуллина А. Нұрхан Ахметбековтің әдеби мұрасы. – Арқалық, 2003. – 80 б.
- 73 Абдуллина А. Өлеңде тоят таппас // Қостанай таңы. 1993, 5 қазан.
- 74 Кенжеахметұлы С. Асыл мұра // Торғай таңы. 1992, 30 маусым.
- 75 Кенжеахметұлы С. Ел ықыласы зор // Торғай таңы. 1991, 8 тамыз.
- 76 Байғабылов Т. Жұлдызы кешігіп туған ақын // Торғай таңы. 1992, 9 шілде.
- 77 Мәуленов С. Аты – аңызда, өлеңі – ауызда. // Жұлдыз. 1983, №12. – 28-б.
- 78 Қайырбеков Ғ. Топжарған // Халық кеңесі. 1993, 13 қараша.
- 79 Тұрғынбеков С. Нұрханның нұрлы шуағы // Қазақ әдебиеті. 1983, 24 декабрь.
- 80 Әлім Қ. Ел-жұрты еркелеткен ақын еді // Егемен Қазақстан. 2002, 11 қараша.
- 81 Әлмағамбетов Б., Таубайұлы Ғ. Ардақты ақын атамыз // Ақ жол. 1992, 1 тамыз.
- 82 Алдабергенұлы Қ. Нұрхан аманаты // Қостанай таңы. 2002, 30 шілде.
- 83 Шипин О. Амангелді батыр. – Алматы: Жалын, 1985. – 380 б.
- 84 Шипин О. Дастандар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 450 б.
- 85 Алматов Х. Ақын мұрасы – Халық мұрасы // Торғай таңы. 1983, 20 август.
- 86 Дүйсенов М. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы:  
Ғылым, 1982. – 180 б.
- 87 Жармұхаммедов М. Сарбаз поэзия. – Алматы: Қазақстан, 1981. – 168 б.

- 88 Әсіпов С. Ақын даусы. – Алматы: Жазушы, 1983. – 186 б.
- 89 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және Ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 90 Қадыров Ж. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі ақындық дәстүр жалғастығы. Фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. – Алматы: 2001. – 26 б.
- 91 Ештанаев Ғ. Доскей Әлімбайұлы және Орталық Қазақстандағы ақындық дәстүр. Фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. – Алматы: 1998. – 26 б.
- 92 Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. – Алматы: 1999. – 204 б.
- 93 Көкейкесті әдебиеттану – 1. құраст. Р.Нұрғали. – Астана: Фолиант, 2001. – 360 б.
- 94 Көкейкесті әдебиеттану – 2. құраст. Р.Нұрғали. – Астана: ЕҰУ баспаханасы, 2002. – 206 б.
- 95 Көкейкесті әдебиеттану – 3. құраст. Р.Нұрғали. – Астана: ЕҰУ баспаханасы, 2003. – 300 б.
- 96 Көкейкесті әдебиеттану – 4. құраст. Р.Нұрғали. – Астана: ЕҰУ баспаханасы, 2004. – 232 б.
- 97 Көкейкесті әдебиеттану. Бесінші кітап. Құраст. Р.Нұрғали. – Астана: ЕҰУ баспаханасы, 2005. – 336 б.